

83.3/Абай/73

2-82.

к.22.93.

МУХТАР  
ӘУЕЗОВ

АБАЙҒА  
ДӘРІСТЕРІНІҢ  
ДЕРЕК  
КӨЗДЕРІ

„Санам” баспасы

**МҰХТАР  
ӘУЕЗОВ**



**АБАЙТАНУ  
ДӘРІСТЕРІНІҢ  
ДЕРЕК  
КӨЗДЕРІ**

Құрастырған: тарих ғылымдарының  
докторы **Л. Әуезова**,  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік сыйлығының  
лауреаты, профессор **М. Мырзахметұлы**



АЛМАТЫ „САНАТ“ 1997

ББК 83 (5 каз) я73  
Ә 82

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ  
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ АГЕНТТІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ  
ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРАЛІГІ

Ә 82 Әуезов М.  
Абайтану дәрістерінің дерек көздері: Оқу құра-  
лы.— Алматы, „Санат”, 1997.—448 бет.  
ISBN 5-7090—0301-8

М. Әуезовтің Абай мұрасы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен көркем туындыла-  
ры, олардың түрлі қолжазба нұсқалары, тезистері, шашпа пікірлері, хашиялары, баяндама-  
лары мен сөйлеген сөздері, хаттары бүгінде он бес томды құрайтыны анықталып отыр. Ұлы  
жазушының абайтану саласында жарияланбаған, архив сөресінде сақталынып келген мате-  
риалдарының өзі ғана бірнеше кітап болмақ.

Абайтану саласындағы жазушының ғұмыр бойы іденістері екі салада қатар  
жүргізілді: оның ұлы ақын мұрасын ғылыми негізде тану бағытындағы зерттеулері жиырма  
хылға жуық мерзімді қамтыса, Абайдың көркем бейнесін әр түрлі жанрда сомдауға он екі  
хыл өмірін арнады. Қолдарыңыздағы кітапта абайтанудың негізін салу жолындағы  
Әуезовтің мол мұрасы оқырман қауымға жүйеленіп беріліп отыр.

Кітап студенттерге, әдебиетшілерге, көпшілік оқырманға арналған.


Ә  $\frac{4603010000 - 018}{416(05) - 97}$  21 - 97

150662

ББК 83 (5 каз) я73

ISBN 5-7090-0301-8

© М. Әуезов, 1997



**М**ұхтар Әуезовтің „Абайтану дәрістерінің дерек көздері“ деп аталатын бұл кітаптан ХХ ғасырдың ұлы туындысы „Абай жолы“ эпопеясы мен абайтанудың негізін салу жолындағы ғылыми зерттеулерін жазу үстіндегі ұзақ жылдарға созылған ой-толғаныстарының даму, қалыптасу іздері айқын байқалады. Осы кітаптың „Абайтанудың арнаулы курсы“ деп аталатын тарауындағы абайтанудан оқыған арнайы курс пен семинар сабақтарынан берілген дерек-мағлұматтар да Мұханның шәкірт болмысын тану, ой пікірін ұштап жетілдіру, оларды сөйлету, қосымша баяндамашы ретінде пікір сайысына түсіру тәсілдері анық сезіліп тұрады. М. Әуезовтің өзі де абайтану саласын қалыптастырудағы іздену жолдарының іргелі саласы—оның өмір бойы жүргізіп келген ғылыми-творчестволық ізденістері мен абайтанудан өткізген дәріс сабақтарында жатыр десек болғандай.

Абай атындағы Қазақтың педагогика институтында 1932 жылдан 1949 жылға дейін, ал Қазақ мемлекеттік университетінде 1942 жылдан өмірінің соңына дейін ұстаздық етті. Абайтанудың негізі де осы ұстаздық еткен жылдардағы еңбектерінде қалыптасты.

Жазушының өз архивінде сақталған қойын дәптерлеріне сол кезеңде оқыған шәкірттерінің толық тізімі, оларға емтиханда қойған бағалары мен өзі үміт күткен үздік шәкірттеріне қоятын арнаулы белгілері сақталып қалған.

Өзі тарапынан ендірген абайтану мен қырғыз әдебиетінен арнайы курс жүргізу, әрі арнайы семинар сабақтарын өткізу, диплом жұмыстарын жаздыру, ізденушілер мен аспиранттарға жетекшілік ету, ғылыми кеңестерге белсене қатысу — мол қажыр-қайратты, ұланғайыр білім мен жан-жақты даярлықты, шәкіртке деген қамқорлық пен төзімділікті тілейтін қызығы мен азабы көп жұмыстар болатын-ды.



Университет қабырғасында 1942 жылдан бастап абайтанудан арнаулы курс жүргізе отырып, оның негізін салып, көлемді монографиялық зор еңбек беруі — осының айғағы еді. Мұхтар Әуезов оқыған лекцияларға жаңаны сезгіш студент қауымы таласа кіріп жатса, тіпті оған басқа ғылым саласының егге өкілдері де унемі қатысып отырған.

Мұхаң тапқыр, шешен сөйлеуімен қатар өнегелі тыңдаушы да бола білген. Жазушы архивінде жатқан Ленинград университетінде тыңдаған дәрістерінің конспектісі мен 1943 жылы майданнан келген гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының Ғылым академиясында Ұлы Отан соғысы жайлы апта бойы оқыған лекциясын зор зейінмен тыңдай отырып, бір том көлемінде жазып алған қолжазбасы — осының айғағы.

Мұхаңның ерекше ықылас бөліп оқыған арнайы курс пен семинар сабағын өткізген абайтануға қатысқан шәкірттерінің дәрісті ұғыну, меңгеру жағына айрықша мән бергендігі байқалады. Жазушы архивінде сақталған көптеген жазба деректер, студенттердің емтихан тапсыру, семинарда баяндама жасау, коллоквиум өткізу жайындағы ұстаз мәліметтері көп нәрседен сыр шертеді. Абайтанудан дәріс тыңдап, семинар сабағына қатысқан шәкірт атаулының аты-жөні, алған бағасы, жасаған баяндамаларының тақырыптары түгелге жуық сақталып қалған. Бір ғажабы, осы арнайы курсты тыңдаушылардың бәрі де білімі, сөйлеуі, жазу мәнері, материалды меңгеру дәрежесі жағынан көреген ұстаздың талғампаз сыны мен әділ таразысына бір түспей өтпегені шамалы. Әрқайсысының аяқ алысынан, сөйлеуі мен қалам тартысынан бұлжытпай танып отырған. Ой жарысында оза шабар деген талаптыға үздік баға қоюмен бірге арнайы белгі де қойған. Көңілге ұялай білген шәкірт атаулының бәрі де соңыра өз саласында оза шауып, шаң тастап танымал ғалым, талғамды жазушы, талғамды журналист болмағаны жоқ. „Әке — балаға сыншы“ дегендей, аға ұрпақтың жолын қуып, ізін жалғастырар шәкірттерінің ойы төлділерін ғана таңдай білуі — көреген ұстаздың шәкіртіне сыншы болудан туатын зор қасиеті десе болғандай.

Мұхаң абайтанудан дәріс оқумен бірге ұзақ жылдар бойы арнаулы семинар да өткізген. Өмірлік идеалы болған сүйікті кейіпкері Абайдың „Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға“ деген ой түйінін өмірінің ғұмырлық ережесі ретінде ұстанып өткен. Алдында жазушылық зор міндеті тұра, ұзақ жылдар бойы әр күні жас буын, балауса

ойлы шәкірттерімен күнделікті араласып, олардың сан-асына Абай ойының терең көздерінен нәр тартып, сыр құюмен болған.

Бұларда әрбір шәкірттің ұғыну, меңгеру, өз бетімен ой толғай түсіну жағын ерекше қадағалап отырған.

Шәкірт үшін ұлан-ғайыр білімін, көл-көсір қайрат, жігерін, қайталанбас қымбат уақытын бөліп, барын аяп тартынбай гәрісіне үлкен шабытпен құлшына кірісетін көреген ұстаз бейнесін шәкірттері әлі күнге дейін жырғып айтысады. Абайтанудан өтілетін арнайы семинарға ұлы ақын шығармаларынан сан түрлі тақырыптарға баяндама жасатып, оны сағаттар бойы жалықпай тыңдау, баяндамашылар мен пікір айтушылардың сөйлеу мәнеріне, дауыс ырғағына, өлең оқу машығына, ой шалымына жіті барлау жасап, нақтылы сыны мен ұстаздық қуанышын да ортаға салып отырған. Пікірін ауызша түрде ғана айтпай, оны үнемі қағазға да түсіріп отырғанын архив деректерінен көре аламыз.

Мұхаң әсіресе абайтанудан оқыған лекцияларының тыңдаушыларына қалай жетіп жатқанына, оны ұғыну, жазып алу дәрежесіне де үнемі назар аударған. Өйткені лекция әр жылы қайта оқылған сайын оны жаңа ой, тың деректермен үстемелеп, жетілдіре беру, дамыта түсу ұстаз машығы болатын-ды.

Мұхаң қазақ әдебиетін зерттеуге, ғылыми кадрлар даярлау ісіне ерекше назар аударып, сол кездің өзінде-ақ (1951 жылға шейін) 22 адамның ғылыми атақ алуына жетекшілік, төрешілік етті.

Ғылым кадрларын даярлауда кейбір өрісі тар ғалымдар сияқты жетелеп әкелуге тырысатын дерттен бойын аулақ ұстап, әкенің ұлы болмай, Абай аңсаған — халықтың ұлы бола білуінде де ұлылықтың белгісі жатыр. Аспиранттар мен ізденушілерге ғылыми жетекші болудан бұрын оларға арнайы семинар сабақтарында баяндама жасату, диплом жұмысын жаздыру, ғылыми баяндама жазуға қатыстыру кейде, тіпті, мақала жаздырып икемін тану арқылы өз қабілетін көрсете алғандардың таңдаулыларына ғана сын елегінен өткізіп барып қабылдап отырған.

М. Әуезовтің Абай мұрасы туралы ғылыми зерттеулері мен көркем туындыларының өзі және олардың түрлі қолжазба нұсқалары, тезистері, неше түрлі шашпа пікірлері, хашиялары, жазба пікірлері мен баяндамалары, сөйлеген сөздері және басқаларының көлемі жағынан 15 томдық құрайтыны анықталып отыр. Тек қана М,

Әуезовтің абайтану саласында жарияланбаған, архив сөресінде сақталған материалдарының өзі ғана көлемі жағынан 30 баспа табақтан асып жатуы көп нәрсені аңғартса керек.

М. Әуезовтің бүкіл саналы өмірі мен ғылыми-творчестволық жолының өзекті желісіне, жазушылық стихиясына айналған саласы негізінде ұлы ақын мұрасы айналасында жатыр. Абайтану саласындағы жазушының толассыз ізденістері екі салада қатар жүргізілді. Абай мұрасын ғылыми негізде танып білу, зерттеу әрекеті жиырма жылға таяу мерзімді қамтыса, әртүрлі жанрда Абай туралы көркем туындыларын жазудың өзі он екі жылға созылды. Міне, ұлы ақын мұрасын баурап, абайтанудың негізін салу жолында М. Әуезов атқарған ғылыми-творчестволық іздену өрістерін терең бойлай біліп танытудың өзі бұл күнде мұхтартанудың актуальды да күрделі мәселесіне айналуға.

Жалпы абайтану тарихында ұлы ойшыл ақын мұрасын ғылыми негізде танып меңгеру жолында М. Әуезов атқарған қайталанбас бірегей ізденістер сырын ашып, қаныға түсудің өзі мұхтартанудың өрісін кеңейтумен қатар абайтанудың өзін де тереңдете отырып, соны қырларын ашуға жетелейтін жасампаз мұраға айнала бастаған ерекшелікті сезінеміз.

М. Әуезовтің басылым көрген жиырма томдық шығармалар жинағымен жазушының әдеби мұрасы аяқталмақ емес. Қайта жазушының келешекте даярланар академиялық толық ғылыми жинақтары қолға алынғанда, оның көлемі 50 томдық ауыр жүкті көтерер еңбектер болатындығын архив сөресінде жатқан деректер көзі де ақиқаттайды. Өйткені еліміздің сан түрлі архив қорларында, әсіресе, жазушының әдеби-мемориалды музей үйінде жазушы қолымен жазылып, жарық көру кезегін күтіп жатқан орасан зор көлемдегі архив деректерінің таусылмас қазынасы жатыр.

М. Әуезовтің архив сөресіндегі бұл сияқты мол қолжазбасының тек қана әдебиет саласындағыларын талдай отырып, ғылыми жүйемен жариялай білсек те көп іс тындырмақпыз. Сонда ғана болашақ ұрпақ қолына том-томдаған қалың кітаптар легі жетіп, ондағы тұнып жатқан ой маржандары рухани дамуымыздың іргелі тірегіне айналары сөзсіз.

Бұл рухани қазынаның тек әдебиет саласында мо-лыққан деректер көзін өз алдына даралай жүйелеп, жи-

нақатайтын болсақ, оларды қазіргің өзінде қолда бар деректерге сүйеніп: „1. Қазақ әдебиеті тарихы; 2. Қазақ және түркі, славян халықтарының фольклоры; 3. СССР халықтар әдебиетінің тарихы; 4. Көне түркі және кітаби ақындар мұрасы; 5. Шет ел әдеби байланыстары; 6. Әдебиет жайлы жазылған хаттар тобы” деп шартты атаумен берілсе де, сап түзеген ғылыми жинақтардың том-том кітаптары қазіргің өзінде-ақ уысымызға түсер асыл қазыналар көзі екеніне толық негіз бар.

Міне, біз осы архив қазынасы ішінен ең алдымен Мұхтар Әуезовтің абайтану саласында жарияланбай келген құнды қолжазба деректерін гаралап таңдап алып, тұңғыш рет оқырман қауым назарына ұсынуымыздың да өзіндік себебі бар. Бұл себептің өзекті желісі, біріншіген, қазақ елінің ғасырлар бойы бірге жасасып дамып келген көркемдік танымының іргелі саласы — ақындық дәстүрдің жаңа бағыт, соны арна тауып, шын мәніндегі, сапалық өзгеріске түскен кезеңнің ұлы ойшыл ақыны Абай мұрасында өз көрінісін табуында жатыр. Екінші жағынан алғанда, осы ұлы ақын мұрасының идеялық бағыт-бағдарын, әлеуметтік басты сарынын тудырған Қазақстанның ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы көшпенді өмір жағдайының көркем шежіресін жасауды мұрат тұтқан М. Әуезовтің алдына қойған ғылыми-творчестволық мақсатына да тікелей байланысты еді. Осындай зор мақсат қанат бітірген көреген жазушының өмір бойы сарыла ізденіп, талмай еңбектену жолында халық санасында орын тепкен тарихи шежіре шындықтар мен архив сөресінде не жазба деректер көзінде сақталған сол мұраға қатысы бар мағлұматтарды түгел сүзіп, жинастырған материалдары мен іздену, толғану үстінде туған ой-пікірлері де хатқа түсіп қорланып, молыға берген ерекшелікті аңғартады.

Міне, біз ұсынып отырған жинақ М. Әуезовтің ұлы мұра соңында ізденген ғылыми-творчестволық лабораториясының құпия сырларына енгіріп, оның бүкіл даму, қалыптасу болмысын танып-білуге бастайтын бірегей деректі қазына көздеріне айналды талассыз.

М. Әуезов музейінің архив-сөресінде абайтану саласындағы жарияланбай қалған қолжазбаларының негізгі құрамы, көбінесе, жазушының асығыс түрде қағаз бетіне түсірген ой-толғаныстарының алғашқы нобайын аңғарта әр түрлі шашпа пікірлері, тезистік ой желілері, текстологиялық талдауға алдын ала даярлық кезеңдері,

немесе жазылуға тиісті зерттеу мақаласына, оқылатын дәрісіне, жасайтын баяндамасына, жазылар рецензиясына даярлық үстіндегі алғашқы творчестволық жоспар тезистері, дерек-танымдары ретінде келіп отырады. Сондықтан әрқилы тезис, хашия, шашпа пікір, тексттік талдау, сөз сөйлем оралымдары алда айтылар ғылыми ой толғаныстарының жоспар-тезисі, соның қаңқасы ретінде асығыс түрде қағаз бетіне түскендіктен, сөз, сөйлемдер қысқартылып, тіпті кейде бас әріптер менен бас буындарын ғана қалдырып отыратын жерлері жиі ұшырасады. Әрине мұндай жағдайда жазушы ойының төркініне, айтар сөзінің тұңғасына қарай оларды шаршылы жақшаның [ ] ішінде алып, байырғы қалпына келтірілді. Кейбір беттерге қолжазбадағы текстті қысқартып, ықшамдап берген тұстарымызда ол жерлерге көп нүкте қойылды. Осымен қатар жазушы өз қолжазбасында өзі қойған көп нүктелер де ұшырасатынын ескеру керек.

Жинаққа әзірше қолда бар 97 қолжазбаның 94-ін енгірдік. Бұлардың көбі таза қазақ тілінде жазылған. Ал қазақ, орыс тілінде аралас жазған деректер де ұшырасады. Қалғандары таза орыс тілінде жазылған қолжазбалар. Оларды түпнұсқа түрінде беруді жөн көргік.

Ал ертеректе жазылып, мысалы, 1924 жылы Семейде өткен Абайдың қайтыс болғанына жиырма жыл толуына орай болған салтанатты жиналыста „Қазақ әдебиеті тарихындағы Абайдың орны“ деген баяндамасы табылмай отыруы, не Абай мұрасы жөнінде жазған хаттары, дискуссияда, диплом, диссертация қорғау жұмыстарында сөйлеген сөздерінің толық тексі архив сәресінен алынып, анықталмауы, жиналмауы себепті, оларды толық қамти алмадық.

Жинаққа енген қолжазбаларды жазылу мерзімі мен тақырыбына қарай орналастырсақ, онда оқырман көп қырлы деректер мағынасына малтығып, проблемалар жүйесін таппай, бірден түсініп меңгеріп кетуі қиынға соғарын да ескердік. Осы себепті бұл қолжазбаларды М. Әуезовтің арнайы зерттеу нысанасына алған өзекті проблемалар табиғатына қарай жүйелеп, ұлы эпопеясы мен абайтану саласындағы зерттеулерінде ұстанған ғылыми-творчестволық баяндау жолдары еске алынды. Мұндағы мақсат та М. Әуезовтің ғылыми-зерттеудегі іздену жолдарын, жазушы лабораториясының қыры мен сырын ұғынуға мейлінше қолайлы келеді деп таптық. Бұл арада абайтану жайында жарияланбай келген архив материал-

дарын салалап-саралаудағы сүйенген басты принципіміз де М. Әуезовтің өзі ұлы ақын мұрасын зерттеу нысанасына алғанда ұстанған тақырыптық-проблемалық тұрғыдан келетін жүйесіне қол арта отырып, жинақта қамтылған қолжазбаларды тоғыз бөлімге бөліп беруді жөн көргік. Дегенмен де кейбір қолжазбалардың көп проблемалы характері басым болып келуіне орай, көтерілген мәселелердің қайсысы курделі де басым жатуына қарай жіктеп орналастырылды.

Жинаққа енген қолжазбалардың белгілі мақсатқа байланысты жазылуы себебі оның стилі, сөз сөйлем құрылысы көп жағдайда бір-бірінен мүлде бөлек ерекшеліктерді де танытатын жақтары бар. Әрине, мұның кейбіреулері болмаса, көпшілігі арнайы түрде баспасөзде жариялануды мақсат тұтпағандығын айрықша ескеру керек. Бұлар негізінен автордың алға қойған келелі мақсатына орай үлкен еңбекке не зерттеу тақырыбы мен проблемасына алдын ала барлау жасау жолында ойға оралған алғашқы пікір-танымдарын, сезініп тұшынған ойлардың тезистік желісін тартып шұғыл түрде болса да, қағаз бетіне түсіріп отырған. Сондықтан да Мұхтар Әуезовтің абайтану саласында хатқа түсіп, басылым көрмей қалған бұл іспеттес қолжазба материалдары негізінен қазақ әдебиеті тарихын, әсіресе оның ең өнікті де курделі даму үстіндегі арналы саласы абайтану тарихымен тікелей шұғылданатын зерттеушілер мен ізденушілерге және де диплом, курс жұмысын жазуға, баяндамалар жасауға даярланушы студенттерге алдымен арналатыны да осы жағдайларға байланысты екені түсінікті болса керек-ті.

Кітап соңында қамтылған қолжазбалардың бәріне де арнайы түсініктемелер берілді. Олардың көлемі мен мазмұны да жинақта берілген қолжазба деректерінің алатын орнына, маңызына қарай жазылды. Кейде бірнеше қолжазбалар бір ғана проблемаға, не тақырыпқа орай берілгенімен, олардың бас-басына арнайы түсініктеме жазылмай, олар бір мақсатты көздей жазылуы себепті, бір-ақ рет түсінік жазылған тұстары да кездеседі.

Мекемтас Мырзахметұлы.





# I. АБАЙ ӨМІРБАЯНЫ

---

---

## 1. АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

**А**бай, осы күнгі Шығыс Қазақстан облысындағы Шығыс деген тауды жайлаған тобықты руының ішінде, 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскенбай, үшінші атасы Ырғызбай болсын — барлығы да ру ішіне үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Өз заманының жуан сіңір феодалды, ру басы биі, ел ішінде ата тегімен әмір иесі боп келген нағыз үстем тап өкілдері болады. Осылардың нәсілінен шыққан Абайдың қоғамдық орны, тіршілігі, өмірлік әрекеттері де, сол ата салтымен, ескі сарынмен қалыптанады. Соңдықтан болашақ ақын Абайдың өмір жәйін анық түсіну үшін, әуелі, мәлім болған дәрежеде, бұның алдындағы буындардың да жәй-күйін айта кету шарт.

Бірақ сол мағлұматтарды талдап, тізбектеп жазбастан бұрын айтып өтетін бір хал бар. Ол, Абайдың алдында өткен аталары мен Абайдың өз жәйіндегі біздің қолымызға жиылған материалдар турасындағы сөз. Абайдың өмірбаянын жазудағы қиыншылық қазіргі кезде бұрынғысынан пәлендей жеңілдеген жоқ. Оның күрделі себебі сол жаңағы айтқан материалдың түр-төркінінде, қалып-мазмұнында жатыр. Ең әуелі Абайдың, я басқа соған жанас адамдардың жәйінен біз әлі күнге жазба күйде сақталған материал таба алмадық. Мәдениетті қоғамның ортасында болып өткен адам жәйінде ілгеріңді-кейінді замандарда жазылатын тарихи сөздің бәрі сол адамның өз уағынан қалған хаттар, естегілер, неше алуан документтер сияқтыдан құралады. Бұған қосымша боп әлгі адамның өзі жазған хаттар, өзі қалдырған күнделік дневниктер жәрдем етеді. Ондай мағлұматтар болған уақытта пәлен жыл, пәлен ай, пәлен күнде істелген іс, сөйленген сөздің барлығының да жылы ізі суымайды. Көмескі, бұлдыр, екіұдай сөзге айланбай дәл қалпында сақталады. Біз бұрын Абай жәйінде дәл бұндай күйдегі, төрт аяғы

түгел, толық документтер болмаса да соған ұқсаған азды-көпті материалдар табылар деп есептеуші едік. Бұл ретте сенген қордың бірі Абай кезінен қалған Семей, Омбы архивтері еді. Онан соң Абаймен араласы болған Мехазлис, Долгополов сияқты адамдардың істері табылар, Абаймен жазысқан ерсілі-қарсылы хаттары шығып қалар деп сеніп ек.

Сол ретпен осы соңғы толық жинақты әзірлеу жолында Қазақстанның ұлт мәдениеті институтының айрықша тапсыруы бойынша ақын Өтебай Тұрманжанұлы екеуміз Семей архивін, Алматы архивін жағалай қарап шықтық. Бірақ әлі күнге Абайдың дәл өз басына байланысты болған істердің ізін таба алмадық. Бірен-сарандап тапқан Құнанбай заманының істері мен Долгополов жәйіндеағы Ғаббас мағлұматтарына қосымша белгілер ғана бар. Оны тиісті жерінде осы сөздің ішінде келтіреміз.

Міні, Абайдың өмірбаянына азды-көпті жанасы бар дерлік жаңадан табылған документ ретіндегі қиқым суыртпалықтың жәйі осындай. Бірақ, осымен қатар документ те, жазба белгі де емес, жәй ауызша айтылған ұзақ сүре сөз, үзінді естегі сияқты бір топ қосымша, тың әңгімелер жиылды. Бұны Өтебай екеуміз биылғы Семейге барған сапарда жидық. Бұрын Абайдың өмірі жәйіндеағы барлық сөздерді айтып берушілер Абайдың інісі, баласы я жолдасы болған Кәжітай, Тұраш, Көкбай сияқтылар ғана еді. Осы жолы біз Абайды көзі көрген, кәрі құлақты адамдардың ішінен, естіген-білгендерін ірікпей, бүкпей айтарлық көлденең адамның біразымен әңгімелестік. Бұлардың ішінде Құнанбай мен Абайдың өмір бойы жауласып өткен руы — жігіттектің бірі, Мәдияр Түсіпұлы деген кісі болды. Құнанбай заманындағы Ырғызбай тұқымынан көп зорлық көріп келіп, Абай өмірінің соңғы кезінде ғана бұлармен жақындасқан Торғай деген елдің адамы Тумабай Наданбайұлы болды. Және Абай аулында барынша қозышы, қойшы боп қызмет еткен, бертін келе Абай аулының жігіті боп жүрген Қатпа Қорамжанұлы да болды. Әрине бұлардың да айтатыны документ емес, ерте кездегіден бері көп ауыздан өткен, әртүрлі боп өзгерген ұзын сүре сөз сияқты мағлұматтар. Бірақ солай болса да, біз бұрынғы Абайдың ет бауырынан шыққан, шәшпау көтергіш жақындарының сөздеріне мыналар екінші тұрғыдан қарап жаңалық қосады дедік. Әрбір мәселеге көлденеңнің тың мағлұматтарын, өзгередік түйін, басқарақ шешулерін де айтар деп сеніп ек. Алдыңғылардың жасырып, бүгіп қалған

жәйларына бұлар көп жаңа сөздер; тың, соны уақиғалар қосар деп едік. Бұл күткен үмітіміз көп жерлерде ақталғандай болды. Қазірде Құнанбайдың да, Абайдың да бұрын белгісіз болған көп-көп қосымша іс мінездерін білдік. Сонымен Абайдың мынау, екінші рет, толықшалау деп жазылатын өмірбаяны енді біраз соны материалмен кеңейткіремеکشі. Міне, Абай өмірін зерттеуге соңғы жылдар қосқан жаңалықтың жалпы жәйі осындай.

Бірақ осыны атаумен қатар тағы ескертетін нәрсе: бұрынғы өткен адам жәйіндеағы, кейінгі ауызда, ел ішінде жүретін әңгіменің көбінде бір жағынан ертегі, легендаға ұқсаған үстеме, мінгесінді сөздердің қоса жүретінін де ұмытпау керек. Документ пен жазба белгілерді таба алмағандықтан, әр жерден, әр жәй, әр мезгілден аттап түсіп сөйлейтін ауызша әңгімелерді ғылыми жағынан қарағанда, өткен күннің соқыр соқпақ, ескі сорабы сияқты санаймыз. Ол белгілер кей кезде көмескі сүрлеу есепті болса, кейде желісінен айрылып үзіліп те отырады. Сондығымен ізден адастырған шиырға ұқсап зерттеушіні қиындыққа да ұшыратады.

Міне, осымен Абай жәйіндеағы материал дегеннің көбінің іргесі қолмен ұстап, көзбен көргендей айқын факт, документке сүйенбегендіктен біз әлі де Абайдың өмірбаяны ойдағыдай, төрт тарапы түгел боп шыға қояды демейміз. Бұл жолғы еңбек те ақынның келешекте жазылатын ғылыми толық өмірбаянына толықтау әзірлік есебінде болар. Сол себепті, жалпы тәртіпті өмірбаяндарында болатын машықты құрылыстардың бірталайына қайшы келетін болса да бұл жолғы еңбекте көптен көп ескеретініміз: Абай жәйінен неғұрлым көп материалдарды тізе беру болады. Әрине естігеннің көбін көпшілікке басын құрастырып, баян етіп бере отырып, орайлы жерлерінде сол ауызша әңгімелердің мазмұндары туралы өзіміздің қоғамдық-тарихи түсініктерімізді де қоса айтып отырамыз.

## 2. АБАЙ КУНАНБАЕВ

(1845—1904)

Абай Құнанбаев — великий казахский поэт-просветитель, основоположник новой казахской письменной литературы и казахского литературного языка. Родился в 1845 году в Чингизских горах Семипалатинской области в бога-

той семье старшины рода тобыкты — Кунанбая. Имя его Ибрагим мать заменила ласкательным Абай, что значит „осмотрительный, вдумчивый“. Под влиянием матери [и] особенно бабушки Зере Абай рано заинтересовался народными сказками, легендами, былинами, историческими песнями, в результате чего зародилась в нем любовь к поэзии.

Первоначальное образование Абай получил дома, восьми лет он был отдан в медресе в Семипалатинске. Схоластическое обучение в медресе не удовлетворило любознательного и вдумчивого Абая, и он с большой настойчивостью занимается самообразованием, знакомится с классической литературой Востока, в подражание которой написал ряд ранних стихотворений. Во время учебы в Семипалатинске, нарушая суровый устав медресе и без ведома жестокого, сурового отца, Абай поступает в русскую школу, изучает русский язык. Однако отец с целью подготовки его к административной деятельности как своего помощника-наследника в управлении родом прекратил учение Абая и вернул его в аул. Против своей воли участвуя в межродовых распрях, Абай не может примириться с несправедливостью и жестокостью отца, всячески старается облегчить участь обездоленных людей, вынося беспристрастные справедливые решения.

Глубокое познание тяжелой жизни народа и произвола родовой знати приводит Абая к окончательному разрыву с отцом. В 1878 году, порвав связь с отцом, Абай вернулся к поэзии, к изучению русской культуры, видя в ней тот путь, по которому должна развиваться культура его народа.

Новыми его друзьями и учителями становятся ссыльные русские революционеры Е. П. Михаэлис, Н. И. Долгополов и др[угие], с которыми он познакомился в Семипалатинске. Абай изучает Пушкина, Лермонтова, Крылова, Салтыкова-Щедрина, Льва Толстого. Их произведения Абай впервые сделал доступными и понятными для своего народа, переводя на казахский язык и создав мелодии к своим переводам отрывков из „Евгения Онегина“.

Абай очень рано начал сочинять стихи, с двенадцати лет. Не все его ранние стихи дошли до нас. До сорока лет Абай свои стихи распространял от имени своих друзей, что вызвано презрительным отношением тогдашней знати к профессии певца и поэта. И только в в 1886 году Абай раскрывает авторство, впервые поставив свою подпись под прекрасным стихотворением „Лето“, [и] становится

признанным поэтом. Стихи Абая распространяются в народе, к нему идут акыны, импровизаторы, вокруг него группируется передовая талантливая молодежь, которая по примеру Абая занимается самообразованием, изучает русский язык, литературу.

Абай всю силу разностороннего творчества направил на борьбу против устоев феодального строя, против угнетателей народа — баев, феодалов, родовых судей, царских чиновников. Поэтому деятельность Абая вызвала к нему злобу и ненависть всей тогдашней власти, в результате был сделан обыск в его ауле, организовано покушение на жизнь Абая, преследование его друзей и учеников. Но чем сильнее была вражда к нему степных феодалов и царских чиновников, тем сильнее становилась любовь народа к своему защитнику.

Абай умер в 1904 г. на шестидесятом году жизни. Великий поэт всей душой и всем своим могучим талантом служил своему народу и оставил ему бессмертное наследие.

### 3. [КУНАНБАЕВ АБАЙ (ИБРАГИМ)]

Кунанбаев Абай (Ибрагим) (1845—1904)— знаменитый казахский классик, поэт, прожил всю жизнь среди своего рода тобыкты, в степи, расположенной в пределах бывшей Семипалатинской области (теперешняя Восточно-Казахстанская область). Потомок родовитых баев (степных феодалов), Абай унаследовал от предков огромные правовые и экономические привилегии и господство над подчиненными родами. Отец Абая — самовластный, суровый, степной правитель Кунанбай, был долго несменяемым старшиной тобыктинского рода... Он участник межродовой тяжбы коренной казахской знати с ханскими потомками, один из первых казахских феодалов одержал победу над султанским родом Букея и был назначен ага-султаном (старшим султаном) каркаралинского окружного приказа.

Беспрерывная борьба за расширение своей власти, сохранение безусловного господства над своими и дальними казахскими родами нажила Кунанбаю много врагов из среды соперничающей с ним степной аристократии. Он вынужден был... готовить к участию в длительной борьбе своих детей и близких.

Так, прекратив обучение, [он] возвращает в свой аул тринадцатилетнего сына Абая, находившегося в старомедном медресе (духовной школе) семипалатинского имама Ахмет-Ризы.

Наделенный от природы недюжинными способностями, мальчик очень рано попадает в центр тяжёлых дел со сложными людскими взаимоотношениями. Постоянно вращается в кругу изощренных воротил и вдохновителей межродовой степной борьбы, где все виды казуистики, софистики получали свое выражение в отточенном красноречии, остроумии и изворотливости. Очень рано овладев всеми тонкостями этих хитроумных словесных турниров по тяжёлым делам, при которых все споры решались на основе обычного права, Абай обязан был обратиться к богатым запасам прошлого и настоящего казахской народноречевой культуры, и уже в юношеском возрасте он заслуженно стяжал славу красноречивого, остроумного степного оратора, становился многосторонним знатоком, тонким ценителем как манерно стилизованной ораторской речи, так и полновесного значения художественного-поэтического слова.

В своей огромной памяти он носил передававшиеся тогда по преимуществу изустно обильные запасы народных песен, эпоса, фольклора, сказаний, преданий минувших лет. Знал почти всех своих предшественников поэтов, акынов, жирши и участников поэтических турниров-сорязаний „айтыс“, выступающих перед народом с импровизируемыми стихами в соревновании и борьбе за поэтическое первенство.

Рано пробудившаяся в любознательном мальчике страсть к лучшим образцам доступной ему книжной восточной поэзии (арабо-персидской и чагатайской) еще в период обучения в медресе тянула его вместо нудных, схоластических догм ислама к эпосу и лирике восточной классической поэзии. А обогащение этих знаний обильными многокрасочными запасами народной литературы на своей родной почве в последующие годы сравнительно рано побудило его к самостоятельному творчеству. Под впечатлением любовной лирики представителей суфистской поэзии он пишет ряд посланий, любовных излияний еще в школьном возрасте. В этих дошедших до нас только в отрывках немногих стихах начинающий поэт еще находится под сильным влиянием книжной литературы. И словарь, и образы, и все настроение в них обнаруживают, правда, но-



вые для казахской поэзии того времени, но не оригинально самостоятельные по сути перепевы прочитанных и излюбленных им таких поэтов, как Навои, Физули, Бабур, Низами, и других. Более самостоятельными становятся его стихи юношеского периода, когда он обращается к традициям казахских народных поэтов. Здесь намечается будущий самостоятельный облик поэта, уходящего глубокими творческими корнями в здоровую, реалистическую и крепкую народную основу.

Несмотря на свидетельства многих современников Абая о том, что он начал сочинять стихи в виде экспромтов, импровизаций писем-посланий с очень раннего (12-летнего) возраста, творчество Абая этого периода не сохранилось полностью и дошло до нас только в виде немногочисленных, случайных образцов и отрывков. Этому способствовало одно необычайное обстоятельство, вытекающее из особенностей его социальной среды. Дело в том, что бии, феодалы и вся степная аристократия гнушались званием поэта-акына. Сохранились даже самодовольно-горделивые признания в той среде: „Слава богу, из нашей фамилии не выходило ни одного бахсы (шамана) и ни одного акына-поэта“.

Абай, призванный и втянутый отцом в дело правления родами, также долго не хотел, чтобы его считали поэтом. Долгое время свои стихи-импровизации [он] распространял и выдавал за стихи молодого певца и поэта Кокпая. Только в зрелом возрасте, когда ему было 40 лет, а именно летом 1886 года, после написанного им тогда... стихотворения „Лето на джайляу“ Абай впервые решается распространять... произведения от своего имени. И, начиная с этого периода, все остальные 20 лет жизни стали годами полнокровной цветущей поры его необычайно мастерской, напряженно-творческой поэтической деятельности. К этому времени Абай, разочарованный до глубины души в нравах морально и социально разлагавшейся феодально-родовой среды, всеми силами стремится оттолкнуться от нее. Пройденный жизненный путь в роли неперемennого участника бесконечных межродовых раздоров и распрей, разжигаемых воротилами родов, не удовлетворяет, мучает его. Он отчетливо осознает пагубность и невероятные тяготы всей тяжёлой борьбы для народа. Начинает понимать смысл этих искусственно разжигаемых раздоров как результат политики царизма, действующего по принципу „разделяй и властвуй“. И в его глазах все уп-

равители, старшины и бии превращаются в ставленников чиновников колонизаторской власти. Сам он уходит от власти, всеми силами старается не участвовать в прежней борьбе. [Все] больше задумывается и терзается об участи темной, угнетаемой, незащитной народной массы. Ищет выход для нее: и единственное, что находит посильным для себя,— это призывает всех к правосудию, осуждает и беспощадно обвиняет все пороки феодально-чиновничьей знати.

К этому периоду своей жизни ...приблизительно с тридцатипятилетнего возраста, Абай начинает усиленно заниматься самообразованием. Случай сводит его с ссыльным 60-х годов учеником Чернышевского Михаэлисом, ссыльными 70-х годов Долгополовым, Гроссом и другими.

Завязывается у Абая большая дружба, тесная связь с ними. Они выезжают на лето на отдых в его аул. Зимой [Абай] поддерживает постоянную переписку с ними. Они-то и руководят самообразованием Абая. В течение ряда лет упорной, усидчивой работы над книгами, по преимуществу над русскими классиками, он овладевает русским языком, обнаруживает... ценности духовной культуры русского народа.

Становится почитателем Пушкина, Лермонтова, Крылова, Салтыкова-Щедрина и Толстого. И... с памятного 1886 года, с начала своей самостоятельной продуктивной поэтической деятельности он начинает одновременно переводить Пушкина, Лермонтова, Крылова и других.

Его подлинно мастерские переводы желчных, обличительных стихов и глубоко взволнованной лирики настроения Лермонтова до сих пор остаются непревзойденными переводами не только на почве истории казахской литературы, но и на почве многих тюркских народностей Союза.

Бесподобна его передача стиля, смысловых оттенков и красок также басен Крылова. Из Пушкина Абай перевел отрывки из „Евгения Онегина“. Это были его первые опыты перевода. Имея существенные недостатки, эти переводы, однако, оказали в свое время громадную культурно-историческую услугу. Имея в виду неподготовленность казахского читателя к восприятию тонкостей и глубин пушкинской поэзии, Абай как композитор слагает специально предназначенные для письма Татьяны, для объяснения Онегина красивые, глубоко прочувствованные песни-мелодии. Таким образом, почти с первых дней перевода Абая песни Татьяны и Онегина делают нео-

быкновенно популярными имена этих героев в широких родных степях казахского поэта.

В собственном творчестве Абая этого периода также возникают глубоко пронизывающие... мотивы гражданской скорби... поэта-общественника, поэта-мыслителя, моралиста, поэта беспощадной желчи социальной сатиры, поэта-прогрессиста и также поэта — вдохновенного певца красот природы и взволнованной лирики любви и настроения.

В своей обличительной, убийственной сатире Абай дал целую галерею... типов биев, управителей-чиновников и всяких поджигателей межродовых раздоров, отвратительных сутяг, взяточников и воротил степных распрей... В написание обучающейся в школах казахской молодежи Абай упоминает имя Салтыкова-Щедрина. Говорит об их будущем и предостерегает, чтобы они не стали чиновниками, позорными пособниками родовитых мучителей народа, чтобы они не стали... взяточниками и носителями всех иных гнусностей, усугубляющих бедственное положение народа.

Абай в своей поэзии ставит вопросы о социальном зле, чинимом родовитыми насильниками над народными массами, над беднотой аула. Он же говорит о бесправии женщины, о позорных институтах калыма, многоженства и неравного брака при господствовавшем обычае выкупа невесты стариками.

Высоко одаренный мастер казахского стиха, Абай унаследовал лучшие традиции казахской, подлинно народной, богатой поэзии предыдущих поколений. В своей огромной и ярко выраженной поэтической индивидуальности он углубил и преобразил казахскую поэзию в культурную, идейно насыщенную, в несравненно обогащенную по форме поэзию, в подлинно зрелую поэзию своей эпохи.

Им введено очень много свежих и мастерских новых форм, перенятых от него и обогащенных теперь... поэтами Советского Казахстана. Абай одновременно был и композитором. Около двух десятков сложенных им мелодий песен прочно вошли в состав богатого музыкального наследия казахского народа.

Абай — один из виднейших основоположников казахского литературного языка в XIX столетии, обогатил казахскую литературу и в отношении лексических запасов и в смысле широкого применения усложненных, культурно-углубленных образов-метафор поэзии. Посвятив послед-

нюю треть своей жизни главным образом деятельности поэта-мыслителя, поэта-гражданина, поборника истины, Абай объективно отошел от своей феодально-эксплуаторской среды и в своем творчестве огромного художника, носителя прогрессивных идей своего времени, сблизился с народно-демократической струей казахской поэзии.

Только советская общественность оценила по-настоящему и определила действительную историческую роль и смысл творчества Абая. Советский народ почитает Абая, знает и любит его, широко популяризует его имя и творчество. Одним из ярких свидетельств такого отношения явился проведенный в Казахстане с огромным вниманием в 1934 году тридцатилетний юбилей со дня смерти знаменитого поэта казахского народа.

#### **4. Вставка к стр. 13.**

Таковыми „чрезвычайными съездами“, выступая на которых защищал Абай интересы народных масс, явились: 1. Съезд в урочище Кок Тума — разбиравший тяжбы между казахскими волостями Семипалатинской и Семиречинской областей. 2. Съезд на ярмарке Кара Мола. 3. Съезд на джайляуе Балкибек — последние разбирали тяжбы между казахскими волостями Семипалатинской области.

#### **Вставка к стр. 14.**

Страдавший туберкулезом еще в годы учебы в Петербурге, Абдрахман недолго прослужил в качестве поручика полевой артиллерии и скончался в городе Верном в 1895 году, 27 лет от роду. Его смерти посвящены отцом-поэтом очень много душевных, печальных строк. В них же воплощены сердечные признания об угаснувших надеждах, о сокровенных думах печальника народа, ожидавшего надежного борца за народ в лице молодого человека, воспитанного на лучших традициях русской, народной, демократической, передовой и общественной мысли.

## 5. АБАЙДЫҢ ӨМІРІ

Абай 1845 жылы бұрынғы Семей облысының, Семей уезі, Шыңғыс болысында туған. Шыққан руы тобықты. Ата тегі сол тобықты ішінде билік құрып, ықпалын жүргізіп, үстемдік етіп келген тұқым. Үлкен әкесі Өскембай тобықтының атақты биі Кеңгірбайдан бата алып өмір бойы сол өз руының биі болып өткен. Өз әкесі Құнанбай көп заман тобықты болысына старшын (ол уақыттың дәреже ретінде қарағанда болыс) боп кеп, бір уақыт Қарқаралы округіне аға сұлтан да болады.

Ол уақытта Сібір өлкесіндегі қазақ аймақтарының 1822 жылдың „Сібір қазақтары турасындағы устав“ деген заңы бойынша биленетін. Бұдан бұрын патша үкіметі бекіткен хандық-хандыққа бөлініп жүретін қазақ өлкесі мына заңнан соң, округ-округке бөлінетін болған.

Сондай округтердің бірі жоғарыда айтылған Қарқаралы округі. Округті округтік приказ билейді. Бұл бес адам. Соның бастығын аға сұлтан деген. Орынбасары кіші сұлтан. Қалғандары мүше. Құнанбайдан бұрын Қарқара округіне аға сұлтан болушылар Бөкей нәсілі төрелер екен. Құнанбай тұсында кезектесіп аға сұлтан болып жүргенде Жамантай, Құсбек дегендер болады. Аға сұлтандардың төреден сайлануы ол кездегі патша өкіметінің саясатына шарт есепті болады. Бұрын хандық құрған қазақ ұлығы төрелер арқылы билей тұру керек. Оларға аналарды әкімшіліктен шұғыл жұлып тастаса ел бүлініп өлке басы ноқтадан шығып кететіндей көрінген. Сол себепті аға сұлтандық сияқты дәрежемен әуелі осындай топтарды алдандыра тұрмақ болады. Алдандырады да.

Міне, осындай жайда Құнанбайдың аға сұлтан болуы дағдыдан тысқары іс болған. Ол аға сұлтандықты алғанда Құсбек, Жамантайдың бақталас партиясы арқылы арадан килігіп, бейнетсіз алып кеткен. Бірақ қалайда болса алғаш рет төре еместің аға сұлтан болушысы осы. Бұл оқиғаның өз тұсындағы қазақ ру басшылары „қарадан хан болған, жабыдан тұлпар“ туған деп көтеріп Құнанбай басына көп абырой даңқ бітірген.

Сондаймен округ көлемінде „жұлде алған“, „хан баласына қарамай озған“ Құнанбай өзінің тобықты руының ішінде теңі жоқ жалғыз әмірші қаліне ие болады. Дәреже, атақпен қатар мол байлық оралады. Оңды-солды көрші рулардан, әлсіз жақтарынан жер молайды, қоныс баптап алады. Жалпы тобықты қонысын бір молайтты, соның ішінде

өз атасы өз аулының қоныс қыстауларын тобықты жерінің тап ортасынан сара тіліп алып, кейінгі ұрпағының байлық сақтауына да ірге қалайды.

Заманындағы ел билеген әміршілерге үлгі қылып, діндарлықты ұстайды. Қарқаралы қаласынан мешіт салып, Меккеге тәкия<sup>1</sup> салады. Қолында молдалар, дін басылар ұстайды.

Осындайдың бәрінен атақ даңқын зорайтып, әміршілік, үстемдік салмағын нығайтып алып, тобықты руларын бір шыбықпен айдайды. Әмірші жалғыз өзі емес, бұның інісі, ағайыны болса бәрі де тобықты көпшілігінің басына қамшы үйіруде, тізе көрсетуден айықпайды.

Бірнеше үлкен руларды мекен етіп отырған қоныс қыстауларынан аударып екінші жерге әкеп сап, оның орнына тысқа сондай мол руларды тойдырып қондыру сияқты көп-көп аударыс, төңкерістер жасайды.

Сол сияқты көп мінез, көп қылықтардың салдары тобықты ішінен Құнанбайға қарсы күшті ереуіл, үлкен қимыл туғызады. Жаулық ел ішінің көлемінен асып, ұлыққа шығу, араздасу, бас кетіру (айдату-байлату) сияқты қалдерге жетеді.

Сенер туысқаны әлді болмай жалғыздық көруге айналған Құнанбай өз балаларын іске салады. Соның ішінде алдымен көмегіне алып сүйеніш алғаны Абай болады.

Қысқасы кейін ақын болатын Абай өз әкесінен үлкен күш, үлкен үстемдік билеушілікті мұраға алумен қатар сол әкесінен бері келе жатқан тобықты ішінен үлкен „араздық, жаулық, жұлқысуын да“ мұра қылып алады. Абайдың балалық, жастық шағында алдыңғы заманнан жуан атадан қалған сыбаға міндет осылайша болған.

Абай әкесінің алты баласының ішінде ертеден дәме қылғаны болады. Сол себепті оны әкесі жас күнінде Семейге апарып Ахмет Риза деген имамның медресесіне оқуға береді. Бірнеше жыл сонда мұсылманша оқып жүріп, әредікте 2—3 ай орысшада оқиды. Мұсылманша оқудан алғаны: араб, парсы ақындарымен шағатай үлгісіндегі түркі әдебиетімен танысқан. Бұның үстіне өз уақытына дін жайына жетіп, молдалығы бар бала болып қалады. Медреседегі кезде көбірек бой салып оқығаны ақындар болу керек. Бірен-саран сол уақытынан сақталып қалған „әліп би өлеңі“, „жүзі раушан“ деген сияқты бірен-саран өлеңі араб, парсы ақындарын оқып танысу ғана емес солар үлгісінде жазып байқамақ талабында көрсетеді.



Зейінді, талапты шәкірт жасының аздығына қарамай өзінше нәрлі оқу деп таңдағанда, дін схоластикасынан гөрі сол ақындарды сүйіп кеткен сияқты.

Бірақ оқуы ұзаққа бармаған, 13 жасынан ары сол шала сүрлеу оқудың да есігі жабылады. Ел тартысында жалғыздық сезе бастаған әкесі бұны оқудан алып өзге жұмысқа қосады. Ол жұмысы — ел сөзі, ел билеу жұмысы. Әуелі ат үсті „барып келіп“, „пәленге пәлен сәлем айтып келмен“ жүріп аяғы азғана жылдың ішінде жап-жас Абайдан мықты, жуан би, руласы, ел тартысының атқа мінері қалыптанып шығады.

Әкесіне көмекші ғана емес, әр уақытта ол істеп жүрген іс, биліктің, бәрін өз қолына меңгеріп алады. Құнанбаймен алысқан туысқаннан 17 кісіні Сібір айдатады. Сонымен бір тартыстың бастықтары бұлардан жеңіледі. Бірақ сол жеңудің өзі де атадан ұрпаққа кететін үзілмес жаулықтың себепшісі болады. Әкесі бастаған істі аяқтаймын деген Абай өзінің ұзын өміріне жетерлік пәле, тартыс талас бәлесін тілеп алады.

Ұлық пен ағайын ішіндегі күш салмақпен жеңіп алған Абайға тартысушы жауларының өштігі кемімейді. Күшейе береді. Бұның өзі қолданған әдісті қолданып үстінен ұлық атаулыға арыздар беріледі. Неше алуан жала жабылады. Бұл бір ғана жыл емес әрбір жыл болып отырады. Мысалы, 28 жасына келгенде бір қыс ішінде 12 түрлі зор қылмысты іспен тексерілетін болған кезі де бар. Ол істердің түрлері кісі өлтіру, ауыл шабу, қос талау, жер өртеу тағы-тағы сондайлар. Әрине, Абай бұның бәрін өз қолымен істемеуі мүмкін. Көбі сол күнгі шағым қойылып, жалақорлық арқылы беруден өтірік арыз, жалған куәлік, бос жала болуға тиіс.

Бірақ ол күндегі тартыстың тәсілі сол. Ұлық арқылы мұқату керек болса осындай жалалар жауып, соны жалған куәлік — Жан күмән, ант иманмен бекіту керек. Абайдың 17 кісі жауларын айдатқанда өзі қолданған әдісі, айласы да осы болатын.

Жаңағы 28 жасында 12 арызбен тергелуі сол өмір бойында талай рет болған, кезек жабылатын пәле-жаланың бірі ғана болса, бұл жылдары іс, арыздың саны ғана молырақ болған. Бірақ Абай бұндай тартысқа ысылып, қалыптанып алған еді. Бір қыс бойы қалада жатып, қарсы қимыл істеп қайратын да, пұлын да шашып жүріп „әні әкетті“, „міні әкетті“ десіп жаулары жүргенде, бұл ап-аман ағарып шығып бар пәледен бірақ құтылып кетеді.

Осындай тартыс даудың қалың ішіне кіріп, белшесінен батып жүрген уақытта Абай қара күш айламен қатар, тіл безеуді, шешендік, жүйрікті де үлкен құрал қылған. Ерте уақыттан ақ жауапқа жүйрік ескі жораға жетік, алғыр би қалпымен қалпына келіп алады.

Естімеген шешені, ақыны, ескі сөзі некен саяқ болады. Уақытындағы не жүйрік, не білгір ділмар болса соның еш қайсысынан кем түспейді, асып түсіп отыратын болады. Бұнысы бұрыннан ауыздан-ауызға көшіп сақталып келе жатқан қазақ ішіндегі сөз қазынасын молынан ұғынып, біліп алуына себеп болады. Көп жерде өзі де өлеңдетіп, тақпақтатып, сырлап, сымбатты сөйлейтін болады. Өлең жас күнінен білінген өнері болсада, дәл жаңағы қызу тартыс кезінде, жас шағында өріс ала алмайды. Ақындықты бойына ылайық өнер деп білмейді. Қайта би басын кішірейтетін, абүйір атағын кемітетін нәрсе деп біледі. Ол кезде ақын тіл безеген, соны кәсіп қылған әлсіздің, құнсыздың ісі сияқты бағаланатын. Абай өзі де солай қараған. Сол себепті ерте уақытының өлеңі, әлде қалай суырып салу ретінде айтылып сол айтылған жерінде қала беретін болған.

Өлеңді Абай бері келіп орта жасқа іліне беріп қана ауысады. Бұған бірнеше себептер бар. Ең әуелі ел тартысына жасы 35—40-қа келген шамада бар дегенін істеп әмір биліктің бәрін өз қолына, өз тұқымына меңгеріп барып алады. Тартыс өмір бойы үзілмейді. Бірақ кейінгі тартысушылар Абайдан үстемдікті жұлып әкетемін деушілер емес, соның қол астынан, үстемдігінен құтылып шығам деушілер болды. Өз басына жеке жуандық жүргізем деушілердің талабы. Бірақ Абай сыбағасын тартып алам деушілер емес.

Сонымен орын дәрежесі, үстемдігі өз тұқымына әбден нық орнаған соң Абай, ел сөзін, ел билігін жалғыз өзі ұстамай өз інілеріне де ұстатады. Сыртқы үлкен таразымен, үлкен дау дамайды өзі алып болыстық билікті де сол інілеріне береді.

Осындай ретте өзіне билеуші серігі есебінде өсіріп алған адам туған інілері Ысқақ, Оспан және немере інісі Шәкәрім болады.

Ел сөзін көбінесе соларға беріп 1880 жылдар шамасына келгенде өзі кітап оқып дінін толтыру сияқты істерге беріле бастайды. Бұрын оқыған аз оқуы бар, соның үстіне көп дау шардың кезінде неше алуан ұлық пен шиновникке кездесіп орыс тілін бірталай біліп қалған болатын. Және неғұрлым орыс адамдарына көп кездессе, соғұрлым орыс

тіліндегі өнер, білімді танығысы, білгісі келген құмарлық, ынтық талмай арта береді. Сонымен ел ісін тапсыратын сенімді көмекшілері жетілген соң өзі кітап оқуға беріледі.

Қалада жатсын, елде жүрсін кітапханамен байланыс жасап-ақ ұдайы іздену тімтінумен болады. Сөйтіп кітап қарастырып жүргенде Семей кітапханасында Михаэлиспен таныс болады. Бұл Семейде Петробордан айдалып келген 80-жылдың социалистерінің бірі болатын. Бұлар патша үкіметіне қарсы алысқан бұқарашыл-халықшыл социалистер деп аталған. Төңкерісшіл қауым еді. Саяси басшы санашылар Чернышевскийлер болатын. Михаэлис өзін Чернышевскийдің шәкіртімін деп санаған.

Абайдың ақылы, талабы өзге қазақтан ерекше болып бөлініп Михаэлис бұған жақындайды. Жақсы таныс болады. Кейінірек келе Абаймен қатты сыйлас дос қалпына келеді. Өзі ғана емес бірге айдалып келген дос серіктері Гросс, Долгополов сияқтыларды да таныс етеді. Жазғы уақытта әрқайсысы Абайдың аулына қонаққа кеп бірер айлап тұрып қайтатын да болады. Сол араластардың үстінде бұл адамдардың барлығы да Абайды неге құмар, не өнері бар екенін түсініп бұның оқып өсуіне жәрдем ете бастайды. Оқитын кітаптарын таңдап беріп ұдайы жетекші болады. Абай өзін осы адамдарға қатты қарыздар санайтын. „Дүниеге көзімді ашушы Михаэлис“ дегенімен қатар олармен араласу, олар берген көп кітапты оқу Абайдың ішкі дүниесін де қатты өзгерткен сияқты. „Күн шығысым күн батыс, күн батысым күн шығыс боп өзгеріп кетті“ деп тағы өзі айтқан екен.

Абайдың кейінге сақталып қалған өлеңдерінің басы 1884—1885 жылдардан басталады. Бұл сол өзгергеннен соң кіріскендегі сөздері. Жаңа оқып өрлей бастап бет түзей берген кезінің шығармалары. Содан бастап өлеңгенше кітаптан қол үзбей ғылым өнерін тереңдете өсіре берген өзі өсуімен қатар қоғам ішіндегі тіршілікке, оның бүгінгі қалпына, тарихи бағытына да бағасы, көзқарастары өзгеріп, сыны молаяды. Ортасын сынап отырып өзін де сынады. Таптық үстемдігімен дәреже мүліктен бойын алып қашып кетпейді. Бірақ жас күнінде „айлаға, ашуға да жақтым шырақ“ дегендей боп қыңыр, теріс бір-ақ бетпен келген болса, мына дәуірде ол күнгі мінез, іс, талаптың барлығын сынап, сөгіп, жиренішпен еске алады.

Міне, оқу, өсу арқылы ой тұрлысы осындай боп сыртқы орын дәрежесі, әдеті бұрынғыша боп, бір қос қыртыстық қайшылыққа ұшырайды. Жиырма жыл бойы-

на жазылған әдебиет қызметі Абай ішіндегі сол мол қайшылық, екі ұдайылықты баян етеді. Анығында бұл қайшылық Абайдың өз басының ғана қайшылығы емес. Оның қанының қайшылығы. Бұны шығарған қоғамдық таптың сол күнгі, сол 19 ғасыр аяғында шаруашылық, әлеуметтік, саяси тарихи жолындағы қайшылық, екі ұдайылығының салдары еді. Ол жайын шығармаларын тексергенде толығырақ қарастырамыз.

Әзірше айтатынымыз Абай әншейінде жас кезінде сол қайшылықты көп сезбей сыртына айқын қылып шығара алмай жүрсе, оқып ашылып алған соң, өнер арнасына түсіп алған соң, өз табының өзге адамдарының барлығынан әлде қайда ашық сөйлейтін болады. Сол қайшылықты ашық айтатын болады. Бұл табының көзі ашық алдыңғы қатар санашылдығы. Сондықтан өз табындағы тарихи өзгерістерді шын мол айлаға түсіріп көрсететін болады.

Жылдан жыл асқан сайын Абай оқи-оқи үдей береді. Оқыған сайын білімге құмарлығы артады. Семей қаласынан 250 шақырым жерде жатқан қыстауынан қалаға әдейі кісі жіберіп кітапханаға оқып бітірген кітаптарын жеткізіп, екінші тың кітаптар алғызып оқитын болған. Көп оқығаны әдебиет. Әсіресе орыстың классик әдебиетін түгел зерттеп тексеріп шыққан. Содан ары жалпы тарих, табиғат ғылымы, философия кітаптарын оқыған. Бұл оқыған кітаптарының ішінде Дарвин, Спенсер, Дреперлер бар.

Оқуы тегінде жалғыз орысша емес, мұсылман ғұлама шайырларын да (ақындары) тастамаған сияқты. Және оқу, зерттеу жалпы білім ойын тереңдетіп отырғанмен көп жерде бұның санасын, ой-жүйесін бұзып, өз қанжығасына бөктеріп әкеп берген. Сол ретте ол 80-жылдың төңкерісшілерімен жолдас болып Чернышевский, Добролюбовтарды оқығанменде төңкерісшілдік пікірлеріне, хатта патша әмірін сынау пікіріне де баспаған, бармаған. Табиғат ғылымын оқып Дарвин затшылдар қисыны сияқты жүйелерге де бермеген. Бұнысы өзінің таптық құрылысымен салт-санасын бермеймін деп әдейі нық ұстамағанын көрсетеді. Сол ретте мұсылман үлгісінде дін иесі болуынан да жазбаған. Оның да себебі әлгі.

Бірақ оқу, жазу арқылы өзінің бір бетімен күнде түлеп өсе берген. Ғылым іздеуді жалпы өз басына ғана алмай, басқаларын да оқытқан. Ең көп оқыған офицер болған ба-

ласы Әбдірахман 90-жылдарда құрт ауруынан өледі. Оның артынан сүйеніш болып жүрген мықты інісі Оспан өледі.

Абайдың таңдап алған аттары оның шығыс романтиктерінің терең оқығандығын көрсетеді (Сүлеймен, Ямшит, Ескендір). Мұнда ғашықтық жат емес, өзін кемітіп айтылады. Бұл — ғазал үлгісі, осының бәрін Абай өз өлеңінде көрсетеді. Бұл Абай еліндегі қазақ ақындарының махаббатты жазуы сияқты емес. Шығыс ақындарының шығармаларында үлкен орын алған үлгі сопылық. Мысалы „Ләйлі-Мәжнүн“. Абай жас кезінде жазған „Әлиф би“ өлеңінде әріптерді алып отырып өлең түрімен ойнатады. Жалпы өлеңінің мазмұны аспан тілегі емес, жер тілегі. Бұл — қазақтың оқыған жігітінің оқыған қызға жазған өлеңі. Құрылысы, стилі жағынан „Иузи — рәушаннан“ басқа. Бұл Абайдың алғашқы тұманданған ойынан арыла бастағанын, түр жағынан жаңа қызық түр іздегенін, реалистік ақын бола бастаған әрекетін көреміз. „Әлиф би“ мен „Иузи — рәушан“ өлеңінің айырмашылығы „Иузи — рәушанда“ жер үстінде көретін махаббат емес, сопылық сарында жазылған. „Әлиф би де“ сырт үлгісін сақтай отырып, әсірелеген бір түрді алады. Мұнда адамның сезімінің шындығы басым емес, ақыл басым сияқты, оны өлеңінің аяғында көреміз. Бұл өлеңінде бұрынғы өлең түрімен ойнайды. Медреседен кетсе де, сол қызықтан қол үзбегенін, бірақ енді реалистік түрде түсіне бастағанын көреміз. Абайдың ортасы — дау, тартыс, құн дауы, жесір дауының шиеленіскен жері. Осының бәрін көріп жүріп думанды ағымнан арылады. Оқу, тәрбиені мектеп түрінде емес, елден алады. Абай өзінің құрбы-құрдастарынан озыңқырап үлкендердің ортасына кіргендіктен, көп біліп, айылын жиып жаңғырып кетеді. Абай шығыс әдебиетінен алған әсерін текке келтірген жоқ. Қай жағынан болсын шығыс мәдениетіне қайта оралып, пайдалы нәр алып отырғанын айқын көреміз. Кейін бір қалыпқа түскенше мысқыл өлеңдер жазып жүреді. Құрдасы Абыралыны



қалжың етіп жазған өлеңі бар, бұл кез оның әлі де ақындық қалыпқа толмаған кезі еді. Әуел баста еліктеу әсерінде болып, сықақ өлеңдер жазып жүрді. Абай — сыншы Абай, әкесі біреудің дауына араластырып, билік айтқызып жүргенде, сыншы болмауға мүмкін емес. Сондықтан қалжың өлеңнің көбінде сыншылық жатыр. Бірақ бұл кездегі өлеңінде қоғам мінезінің сынын айтпайды. Осы кездегі өлеңдерінің жылы белгісіз, бірақ келелі, ойлы шығармаға кірісер шамада жазған өлеңі — "Сап-сап көңілім". Жастық кезде, жігіт ағасы бола бастағанда жазғаны. Мұнда өзіне-өзі сыншылық көзбен қараған. Тоғжанға арнап жазылған өлеңі сақталмай, жоғалған. Тағы бір әйелге жазған өлеңі ұмытылған. Сол сияқты мысқыл өлеңінің көбі жоғалған. Солардың ішінде табылғаны — "Сап-сап көңілімі". Бұл өзімен-өзі ақылдасу, ой салу ретінде айтылған. Абай бұл өлеңін түр жағынан бұрын қазақ ақындары айтып жүргеннен басқа түрмен жазған. Әр жаққа алас ұрған жастық шақты сабыр ет дегендей болады.

Осы кезде Абай өлең өрнегіне төселіп қалғандығын көрсетеді. Елін жақсы жолға, мәдениетке жеткізем деп өзі ізденіп оқи бастайды. Енді мәдениеті зор орыс поэзиясынан, батыс елінің поэзиясынан көріп Абайдың Абайлығы туады. Қалада жатып та, еліне алып кетіп те көп кітап оқиды. Орысша үйрену оңайға түспейді. Қалада дау-шардың ішінде жүріп те кітап оқып, осы кезде орысша түсіну дәрежесіне жетеді. Петербургтен айдалып келген революционерлермен танысады. „Гоголь” кітапханасында қыр қазағының Толстой шығармасын сұрағанына таң қалып, Михаэлис өзі келіп танысады. Михаэлис Чернышевскиймен қатар шыққан Шелгуновтың әйелімен бірге туған. Петербургте студент болып жүргенде, революциялық істермен айналысады. Сонда II курстан Михаэлисті ұстап жер аударады. Университетті бітірмей кеткенмен өз бетімен дайындалып, оқып көп кітап жазады. Көп өмір сүріп Өскеменде қайтыс болған. Абай Михаэлиспен достасып екеуі бір кісі болып кетеді. Кейін Абай кеш ержетіп кіріссе де өндіріп оқыған. Сондықтан Абай әдебиетті орыстың классик ақындарынан бастап оқыған, бертін келе Абайдың тұсында өмір сүрген Л. Толстой, Салтыков-Щедринді жақсы білген мысалын „Қыс” өлеңінен көреміз. Аристотель мен Сократты оқығандығын Абайдың қарасөзінен де көреміз. Енді Абай Аристотель мен Сократты әңгімелестіреді. Батыс Еуропаның есею тарихымен де,

Шығыс елінің тарихымен де танысады. Европаның есею тарихы философия тарихы „История древнего развития России“ деген кітапта Индия, Парсы, Египеттің өнері Файса тумастан 3000 жыл бұрын кезінен бастап айтылады. Будда діні — дүниежүзіне көп тараған, философиялық маңызы бар дін. Осылар жайында айтылған кітаптар Абайға үлкен әсер етті. Сондықтан Абай поэзияға ауысарда білімді кісі болып келіп ауысады. Алған білімдерінің нәтижесін тексерсек, Дарвиннің де кітаптарын оқыған. Абай мұсылман дініне ақыл сынымен қараған адам. Сондықтан Абай Дарвинді оқуға мықтап даярланбай кірісуге болмайды деп қараған. Абайдың адамгершілік жөніндегі шығармаларында Спенсердің әсері жоқ деуге болмайды. Европаның Байрон, Гете сияқты ұлы ақындары таныс болған. Бұлардан басқа Абай ел әңгімелерінен де қол үзіп кетпей жақсы білді. Александр Дюманың „Үш мушкетер“ әңгімесін оқумен бірге айналасындағыларға ол Абайдың ауызша әңгіме еткен аудармасы арқылы жеткен. Петр I жайындағы кітаптарды да оқып, осы жолмен таратты. Батыс әдебиетін оқумен бірге, шығыстан да қол үзген жоқ. Олардан да көп оқып, көп әңгіме айтатын.

Абай осы кездегі исламшылық, түрікшілдікті біліп, танысып отырды. Маржанидың еңбегін де көп оқыды. Батыс, шығысты терең білуі осындай ізденуден жиыған Абай қазынасы еді. Мұңды, кекті зар өлеңі қазақ ақындарында болса, бұларды да Абай біліп отырды. Абай өлең жазуға кіріскенде өзінен бұрынғы қазақ ақындарынан бөлек жол, кең дүниелік таным көрген даярлығы мол ақын болатын. Абайдағы шын ақындық, 1884 жылдан басталады. Ақындықты, бақсылықты кем көруші ақын ортасы бұл өнерді жақсылық деп білмейді.

Осы себепті алғаш кезде Абай өлеңдерін Көкбай атымен шығарып жүрді. Абай өлең міндеті мен бірге ақындықтың міндетін де көрсетті. Сондықтан да Абай алғаш өлеңінен-ақ қазақ ақындарының өлеңдерінен өзгеше болып көрінеді. Мұның себебі орыс ақындарының эстетикалық танымын, олардың ой-пікірін талдап меңгеруінде жатыр. Қандай нәрсені айтса да бір пайда келтіретін болсын деді. Сондықтан айтпаған тың, жаңа нәрсені айтпақ болған. Мысалы „Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы“ деген өлеңінде қыздың көркін қазақ ақындарының басқасынан өзгеше айтады. Абайдың бұл өлеңінде белгілі бір үлгі бар. Ең алдымен маңдайынан бастап тәртіппен қасын, көзін, сонан кейін тісін суреттеуінде жақсылық

көрінеді. Абай әйелді жырлағанда оның әйел жаңа сезім біткен еркекпен тең дәрежеде суреттеліп отырады. Мұның өзі Абайдың шығармасындағы қоғамдық программа болып есептеледі. „Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлыда” әйелді мүлкім демей, қасиетте дегенді айтады. „Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, — деп білімді жырлаған өлеңінде енді өз өкінішін білдіреді. Бұл кезде Абай өзін ғылымнан кеш қалдым деп өкінсе де білімсіз Абай емес еді. Біле түсейін деп өз білгенін азсынғандық еді. Абай өз өлеңдерінде халық мінезін сынауға кіріседі. Ел мінезін сынап отырып, қоғамдық көп мұңды қоса айтады. Бұл жайында, екінші өлеңі — „Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арманда” Абай өзінің ойлағанын, өзі сияқты үлкен адамдардың ортақ ойын айтады. Осы 1886 жылдан бастап халық қамы жайында жазған өлеңдері мольға береді.

„Қартайдық, қайғы ойладық” өлеңінде елдің шабандығын, еріншек-өнерсіздігін, халық мінезінің азып бара жатқанын, өмірінің сапасыз мастықта өткендей өткізіп жатқан ел адамдарына сын айтады. Осы өлеңінде белгілі бір адам тобының мінезін айтады деуге келеді. Абай өте психолог, сондықтан кей өлеңінде психологиялық портрет береді. Бұл өлеңінде ел меңгерем деп жүрген атқа мінерлерді адалдық пен арамдықты айыра білмейді, мақтан үшін болыс болып иттей қор болғаннан басқа жақсылық таппайтын адамдар, — деп көрсетеді. Бұл өлеңнің ерекшелігі — ұйқасы басынан аяғына дейін қара өлең ұйқасы болғанмен, тізбектеліп келіп белгілі күйлі, үнді бір нақысқа құрылған өлең өрнегі сиқты болып отырады. Мұнан Абайдың өлең өрнегін еркін меңгерген шебер ақын екендігін көреміз. Мағынаны ұйқасқа жеңдірмейді. Сондықтан түрі күйлі, мағынасы тың. Редиф ұйқасымен келіп отыратын „Қартайдық, қайғы ойладық” өлеңінде өзінің тіршілік, әлеуметтік күйін білдіру үшін әуелі құлақ күйін келтіргендей желдіртіп алады. Бұл өлеңінде адамдар пиғылында тіленшектік көбейіп, елдік мәдениет өспей тұрғанын мұңдана айтады.

„Би мен болыс алады күшін сатып,  
Мен қазақтан кегінді әперем” деп.  
„Жарлы алады: “қызметпен өткерем” деп,  
Елубасы „шар салып, леп берем” деп,—

бұл жұрттың бәрінен көрінетін бір мінез болғандықтан, мазмұнға лайық түр туады (аяғы „деп-пен” бітіп отырады). Қоғам тіршілігіндегі елдің неше алуан мінезін айтқанда,

Абай қазақ тарихындағы қайшылықтың өсіп келе жатқанын айтады. Сондықтан Абай ел тіршілігіне ат салысқанда, халық тіршілігіне әсер етемін деп кіреді. Абайдың осы кездегі өлең сарыны халық қайғысын күңіреніп толғағаны еді.

1886—1889 жылдағы Абай өлеңі әлеуметтік өмір сарыны тобықты арасындағы уақиғаға тіреледі. Бұл кезде тобықты ішінде жаңа адамдар шығып еді. Оның бірі — алғаш Абайға дос болып, соңынан жау болған Оразбай. Оразбай бастаған топ — ірі байлар. Екінші қатардағы Жиренше, Сүйіндіктің баласы Асылбек, Ыбралы дегендер болған. Байғұлақ, Байділда да бұлар ірі бай, сөзуар елдің күндегі дау-шарына, сайлау таласына белсене араласып жүреді. Осы топпен қатар өскен жас буын жігіттен Базаралы, Бейсембі, Әбділдә еді. Ол кезде тобықты Құнанбай заманындағыдай емес. Семей ұлығына тікелей бағынған кезі. Бұл кезге шейін Абай ел жұмысына араласып жүретін шешен, алғыр, әділ би болған. Әділдігі сонша, Абайға досынан гөрі дұшпаны көбірек билік айтқызыған.

Ірі дау болғанда, патша үкіметі өзі шеше алмай әуре болған. Осындай дау тұсында ел әділетшіл билік иесіне мұқтаж болатын. Сондай би де, елдің пана іздейтіні де Абай еді. Құнанбай балаларының әмірі ел ішінде бертінге шейін басым болып келді. Бірақ Абай бір рет би болып, сонан кейін билікті басқа жақтың дос-жарларына береді. Сонда да ел оны билік айтуынан қалдырмай келді. Оразбайлар Абайға іштей бәсеке болады. „Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да“ өлеңінде елді адамдық сипатынан айыратын адамдардың мінезін жыр етуі жоғарғы айтылғандарға байланысты. Бөжей өлгеннен кейін Құнанбай балаларына наразы болып жүрген өр талапты адамның бірі — Базаралы болады. Құнанбай балалары Базаралыны жер аудартады. Болыстыққа сайлау болған тұста Базаралы қайтып келеді. Сайлау нәтижесінде Күнту болыс болады. Арада көп дау болып, ұлық Күнтуды болыстықтан түсіреді. Осы кезде жігітек руы жапа жалғыз қалады. Осы жылы жазған өлеңінде (1886) дау-шардың пайдасыз екенін жырлады. „Қалың елім, қазағым“ өлеңінде бүкіл қазақ сахарасындағы қалың елдің қайғысын тебірене жырлады. Халықтың шын үлкен дертін, мұңын айтып осы қиыншылықтан шығаратын не дегенде — өнер-білім деп алғаш өлеңмен ашығын айтады.

1886 жыл. Абайдың ақындық өнер жолына барынша ширығып, ұyttанып кіріскен жылы. Ел ішіндегі ауырлықты,

надандықты, пәлеқорлықтың бәрін айтып тауыса алмастай ашу-ыза кернеп келеді де осыған орай өлең де осы тұста көп шығады. „Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да” дегеннен Күнту болыс болған кездегі өзінің дос деп жүрген адамдарының жау болып шыққанын айтады.

„Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да,  
Алдамаған кім қалды тірі жанда.  
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,  
Жалғыз жарым болмаса анда-санда”.

Жаз жайлауда, қыс қыстауда да өшпес дауға түскен ел сырттан сынасып, ел қамын жеп жүргендердің өзін де жаман деген атаққа ілдіріп жүргенін айтады. Абайдың сынына қарағанда, феодалдық қалдықтың құритын мерзімінің жеткенін көріп, еңбекті сүй дегенді айтады. Әмір иесі емес, орташалардың өзінің өнерсіз, кәсіпсіз жүргеніне айтқан міні „Адасқанның алды жөн, арты соқпақ” деген өлеңінде көрініс тапқан:

„Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ,  
Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ.  
Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп,  
Әсте жоқ кеселді істеп биттен қорықпақ.

.....  
Бет аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,  
Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ.  
Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ  
Бәрі де шаруаға келеді олақ.

Бұл мінез — ешбір жұмысы жоқ, жалғыз атын терлетіп ел қыдырып жүрген тіленшектер мінезі еді. Мұның өзі үлкен қылмыс болмағанмен, сол кездегі көп адамның басында бар жиіркенішті іс еді. Сөзімді ұғар деп жастар тобының ішінде болып, жігіт қандай болу керек, жігіт жар таңдағанда, келешегін ойлау керектігін „Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат”, — деген өлеңінде айтады. Бұл өлеңінде әйелдің көркіне қызықпа, ертең бірің ана, бірің ата болғандағы жайыңды ойла дейді. Абай өзінің үлкен ниетке бекінгенін, бірақ соның іске асатынына, аспайтынына күдікпен қарайтынын „Патша құдай сыйыңдым” деген өлеңінде айтады:

„Патша құдай сыйыңдым,  
Тура баста өзіңе.

.....  
Қайран сөзім қор болды,

Тобықтының езіне.  
Кеселді түйін шешілсе,  
Керден мойын кесілсе,  
Келмей кетпес кезіне".

Бұл айтқаным іске асар ма, болмаса тобықтының езіне қор бола ма деп күдіктенеді. Осы жылдардағы өлеңінде пәлеқорлықтың мінін көрсетіп, жастарға өнеге айта бастаған өзекті сарыны — халықты оқу-ағарту ісіне бастау жөнінде жастарға ақыл айтады. „Ғылым таппай мақтанба“ деген өлеңінде сөзді көпке жалпылай айтпай, жастарға „сен“ деп арнай айтады. Талапты, еңбекті, адамгершіліктің жолына түсер-ау деген жеке жас қауымға арнай айтады.

„Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой —  
Бес асыл іс көнсеңіз“, —

деп жақсылықтың негізгі түрлерін санамалап көрсетеді. Елдің бірлігін, тілегін ойлау жаңашылық сөзі болғандықтан, Абайды тыңдаушы Оразбайлар емес, сөзін ұға бастаған жас талапкерлер, оқыған қазақ жастары шығып, өз айналасында Көкбай, Абдрахман, Ақылбай, Кәкітай, Мағауия сияқты талапкер жұрт ере бастаған кез. Абай жастарға айтқан сөзді түңілмей айтады. Мейірман тілмен жан ашыр болып айтып еміренгісі келеді.

„Сөзіне қарай кісіні ал,  
Кісіне қарай сөз алма.  
Шын сөз қайсы біле алмай,  
Әрнәрседен құр қалма!  
Мұны жазған білген құл—  
Ғұламаһи Дауани  
Солай депті ол шыншыл“.

Шығыстың ғұламасы Дауаниді айтып отырып жастарға ызасыз, тек ағаның ініге айтатын ақылын айтады. „Интернатта оқып жүр“ деген өлеңінде айтып отырған мазмұнына қарай жаңаша түр енгізеді.

Прощение жазуға  
Тырысар келсе шамасы.  
Ойында жоқ бірінің  
Салтыков пен Толстой  
Я тілмаш, я адвокат  
„Болсам“ деген бәрінде ой.

Өзің пәлен болам дегенше, соларды білімді Салтыков, Толстойлар қалай сынады, соны біл деп үндейді. Салтыков — халықшыл демократ, сондықтан олардың жолын ұғын

деген сарынды білдіреді. Салтыковтен оқы деумен бірге, оязға қызмет етпе, онда жанбай жатып сөнесің. Оның арты қорлық, сондықтан білім ал деп, өз тұсындағы жастарға халық атынан үлкен программа ұсынды. Тіпті қолыңнан келмесе саудагердің қолында сауда істесең, сол жақсырақ дейді. Осындай өлеңдерді айта келіп, соңынан мұңды өлеңдер де жазады. Абай „Жаз“ өлеңінен бастап, шығармаларын өз атынан шығарады. Басынан аяғына шейін бұрын қазақ ақындарының айтпаған өлеңінің бір түрі ретінде „Жазда“ кәсіптік, табиғаттық тіршілігін айтады. Мұнда жайлауға қонып жатқан елдің көрінісін суреттейді. Табиғаттың құбылысын, малдың психологиясын, қыз-келіншектің мінезін, асау мініп теңселген жылқышыларды, мал иесі үлкендердің жүріс-тұрысын бір суретші де дәл осылайша көрсете алмас еді. Осы ғажап қайталанбас құбылыстың бәрі бір кішкентай өлеңде ғана көрініс тапқан. Осының ішінде ең сүйкімсіз болып көрсетілген нәрсе — байдың бейнесі. Байдың жалпы тоқтыққа риза болған іші бітеу мінезін көрсетеді. Бай барлығымен жұртты өзіне жалынышты етеді. Міне қазақтың тіршілігін көрсететіні жастардың эстетикалық сезімін оятқаны, Абайдың ойы-қыры кең, тынысы мол ақын екені көрінеді.

Абайдың 1886—89 жылдағы өлеңдері. Бұл жылдарда шыңдап шұғылданып кіріскені — ел мінезін сынауда әуелі қоғам тіршілігін паразиттерін мінеуден бастап еді. Абай ел ішінде жүрген болыс билерді сынаумен бірге, өзі ел ішінде үлкен тірек еді. Абай өзінің ақындық міндетін терең түсінеді. Маңындағы інілеріне, ақындарға арнап көп өлең жазады. Солардың бірі — „Өлең сөздің патшасы“. Тек қана осы өлеңнің өзі Абайдың өз заманындағы ақындардан ерекше екенін аңғартады. Абай Европа әдебиетінің, жалпы қоғам құрылысы мен алыстан келе жатқан адамдардың ісі қандай болса, ақындары да сондай өзінің міндетін білу керек дейді. „Өлең — сөздің патшасы“ деген өлеңінде ақын сөзін халықтың ардақтайтынын біледі. Сол сөз патшасы ақынды ұлылық пен құрметке бөлейді:

...Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы.

Өлеңнің белгілі мақсатты, келісімі дәл болуын мазмұн мен түрдің бірдей болып үйлесуін талап етті. Абай өлеңнің керектігін:

„Әуелі аят, хадис сөздің басы,  
Қосарлы бәйтисымал келді арасы.  
Қыйысынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы”, —

дейді.

Абай өнерлі өлең сөз биік мақсатты көздеген ірі, зор, азаматтық ақынның көкірегінен ғана шығатын құбылыс екенін айтады. Пушкин Муза мен Апполонды көп айтса, Абай тыңдаушысы мұсылман болғандықтан олардың өз намысымен дәлелдейді. Өткендегі барлық әдебиетті шарлап, тарихтың мініне терең ойлы ақынның көзімен қарайды. Ғасырлар бойы ұмытылмаған ақындардың ой саларлық үлгілі-өнегелі жерін еске алады: „Өлең — сөздің патшасында” жақсы сөз туғызу керектігін айтып, өткендегі өңезі шыққан өлең өнегесін мысқыл етеді. „Іші алтын, сырты күміс” дегенде мазмұн мен түрді алып, мазмұнға көбірек мағына береді. Мазмұн шешуші нәрсе, түр соған бағынышты дәрежедегі орында тұруы керек дейді. Соны қазақтың оқушысына бір рет мұсылманшылық тарихына ой көзімен қарай отырып айтып еді, енді ескі тарихты ойға оралтады.

„Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.  
Ақындары ақылсыз надан келіп  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап”.

Абай өз тұсындағы ақындар өз қасиетін түсіргенін, сөз басы болудан қалып, жалынышты, сатымсақ шашпау көтерер сөзге құл болғанын айтады. Ақындарды қатты соққылап келеді де, заман ақынға шарт қояды, мен де өзіме жаңаша шарт қоямын дейді:

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел  
Сендерге де келейін енді аяндап,—

сөзін, ойын жаңаша түзелген тыңдаушыға қарата айтады. Абай ермек үшін айтатын болсам, ол әшейін ертегің болып кетеді, сол себепті қызықты қысыр әңгіме емес, тынысың боларлық сөз айтам дейді. Кеудесін керіп көп білем деген талай надандарды кінәлап айтам. Сол үшін мені кінәлама дейді. Абайдың бұл өлеңі (Көкбайдан өлеңді өзі алып) қандай ойлармен келіп, қандай соны жаңғырық алып, толып келгенін, ол ойды онан басқа еш ақынның айтпағанын көреміз. Бұл өлеңі тек 1887 жылғы емес, келешекте



өлеңді не үшін жазатынын көрсететін айқын айнасына айналады.

1888 ж. өлеңінде халықтың әдетін, салт-санасын айтады. Ол өлеңнің бірі — „Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол“. Қайғы-қуаныш болса да бәрі өлеңмен келеді, өлеңсіз өмір қызық па дейді. Туғанда шаттық өлеңмен қарсы алып, өлген адамның қасиетін де өлеңмен айтып, ол дүниеге өлеңмен шығарып салудың себебін айтады.

„Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денен.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең“, —

деп сырты күміс, іші алтын өлең осындай болмақтығын меңзейді. Ақыл, нақыл сөз қонбайтындардың өлеңді ұғынуы екі талай дейді. Сөзді сатуды ақындық, өнерді қорлау деп біледі:

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,  
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.  
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,  
Түгел сөзді тындауға жоқ қой қазақ.

„Өлең — сөздің патшасынан“ кейін бұл өлеңде бұрынғы өткен қазақ ақындарымен қағысады. Мұнда Шортанбай, Дулат, Бұқар жырауларды сынайды. Әдебиеттің өсуінде белгілі бір ағым болады. Ол ағым ірілеп барғаннан кейін, сол сөзден заман, қоғамдық тіршіліктің... шындығы көрініп, өзіне дейінгілерге сын айтылады, кемшін жағы мысқыл етіледі. Мысалы ХХ ғасырдағы орыс романы Тургенев, Толстойдан бастап ең үлкен жанрға айналып („Война и мир“), кейін новелла жазуға бола ма деген ой түсіп, новеллалар туа бастады. Себебі, роман жетер шегіне жетеді. Міне, осы сияқты бір дәуір мен бір дәуірдің жаңғыруы, стильдің бірінің орнына екіншісінің келуімен жаңғырады. Енді қазақ ақындары ешуақытта Шортанбайша боздай жырлау күйінде болмау керек. Сондықтан осы үш ақынның өлең мазмұнын сынға алып отыр. Ендігі тіршілікке олардың өлеңінің пайдасы аз, өйткені кемшілік олардың сыртында да, ішінде де тұр. Сондықтан барға қанағат етпей, алға ұмтылуды айтады. Ол ғасырдың жыры бітті, енді жаңа ғасыр келді деп келешектің мақсатын көрсетеді. „Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ“ дейді. Енді өлең жаңаша тәрбие мәдениет үгітшісі болсын, жаңаны сезгіш қайраткері болсын дейді. „Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ“, ойлы жастар осы ойдан үлгі алсын

дейді. Менің сөзім думан-сауық сөзі емес, елдігің үшін, намысың үшін қатуланған, санаға айтылған сыншыл сөз дегенді айтты. Абай өлеңінде жаңа жыр үлгісін көрсетіп, тыңнан сұрау салды. Мысалы „Жаз“, „Қыс“ т. б. мұндай тақырыпта бұрын қазақ жырлаған емес. Халық тіршілігін жаңаша танып сынаған адам болып көреді. „Қыс“ деген өлеңінде Абай жаңа үлгіде айтамын деп бұрын қозғалмаған тақырыпты алып, жаңа мазмұнға жаңа түр береді. Теңеуі де жаңаша, қысты сипаттауы арқылы үсті-басы сықырлаған алып денелі біреудің келе жатқанын сездіреді. Үсті басы сықырлаған қар, мұз — қыстың ызғары. Осы суреттеген қалпынан орыстың поэзиясындағы Некрасовтар жырлаған „Мороз Красный носты“ Абай қазаққа түсінікті ету үшін, дед морозды „кәрі құдаң“ деп образды бейнеде бір-ақ сөзбен түсіндіреді. Кәрі құда келген сайын мал алып ығыр етсе, қыс та жұт иесі болып малды алып отырады. Мұның өзі бұрын-соңды қазақ өлеңінде кездеспеген соны теңеулер. Қаһарлы қыстағы табиғаттың стихиялық күшін қатаң қарттың бейнесімен салыстырады.

Әуес көріп жүгірген жас балалар,  
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.  
Шидем мен тон қабаттай киген малшы  
Бет қарауға шыдамай сырт айналды.  
Соныға малды жайып, күзетіндер,  
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!  
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,  
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

Енді ұғымды, образды ақындық тілмен қаһарлы қыстың уақытындағы қайталанбас көріністі жандандыра суреттейді. Бұл арада қыс болмысы реалистікпен суреттелген. Ең аяғында қысты — кәрі құда шал деп көрсетіп ашып береді. „Қыс“ өлеңі ірі ақындық көркемдік үлгісін көрсеткен және Абайдың қазақ сахарасындағы қысты (Арқаның қысын) терең ойлы сезіммен суреттеп бергенін көрсетеді. Бұл өлеңдер Абайдың ақындық өнер мәдениеті жоғары сатыға көтеріліп келе жатқанын байқататын ірі айғағының бірі еді.

1889 жылы — Абайдың өлеңді көп жазған жылы. Бұған сол кездегі аз жылдың тыныштық пен өнерлі ортасының молығуы себеп болған. Ел басқару жұмысын Оспан алған соң, Абай ақындыққа құлай беріледі. 80-жылдан басталған кітап оқуын тастаған жоқ еді. Кітаптарды алғызып немесе Семейге барып оқиды. Осы 1889 жылы 25 шама-сында өлең жазады. Өлеңдерінде ел кемшілігін шенеумен

махаббат, табиғат сарыны басым боп жатады. Сөз ұғатын жастарды өнер-білімге үндеп, көп үлгілі сөз айтып, жаңа жолға баулайды. Жастарды музыкаға үйретпек болады. Осы ниетпен скрипкашы Мұқаны өзіне дос етіп алады. Атақты Біржан Абай аулына келіп, Абайды бір талай әнмен таныстырады. Абайдың өлеңіндегі өсиеттері ақындар арқылы өзге елге тарап, сол ақындар өлеңінде Абайдан нәр алады. 1891 жылға шейінгі өмірі көп пайда келтірген жылы еді.

Абайдың дінін алатын болсақ, сол замандағы молда, ишандар пікірінен емес еді. Абай діні — рационалдық сыншыл ақылдың шартты діні болғандықтан ақиқат, жаратылыс сырын философия тілімен түсіндіреді. Соның ішінде адамгершілікке ерекше көп көңіл бөліп, өз пікірін өлеңдері мен қарасөзінде айтып дәлелдеп отырады. Бірақ 90 ж. шейін тыныштық болып келсе, енді осы жылдары Оспан мен Оразбай араздасып тағы да тыныштық бұзылады. 89 жылға шейінгі өлеңдері Абайдың өткен өмірін көз алдымызға елестейтін „Болыс болдым мінекей“, „Мәз болады болысың“ деген өлеңдерінде белгілі пішінін алып, мінезін, әдетін, психологиясын айтып береді. Осы жылдарда білім туралы да біраз өлеңдер жазылады, махаббат туралы да айтылады. „Сегіз аяқ“, „Қыздың жігітке айтқаны“, „Жігіттің қызға айтқаны“, „Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай“ т. б. өлеңдерімен қатар, „Онегиннің Татьянаға“, „Татьянаның Онегінге“ жазған хаттарын аударарды. Абайдың Пушкинді аударуға тырысқан себебі: осы кезде орыстың 60—70 жылдардағы Ресейдегі ірі қоғамдық тартыстан көп оқып алған әсерінен, ондағы революциялық тартыс ағымымен терең танысуында жатыр. Оған өзі оқып келтірген пайдасы да себеп болған. Сол адамдардың бірі — Михаэлис 1861 жылы тұтқынға алынған, революциялық оянудың күшею дәуіріндегі үлкен ұстазы революцияшыл демократ, материалист Чернышевскийдің әсері күшті болған. Сол кездегі университетте студенттер ішінде болған революцияшыл қозғалыстарға араласып кетеді. Ол жасырын түрде жазылған саяси манифеспен байланысты еді. Осы іспен айыптап ұстап Михаэлисті Петрозаводскийге айдайды. Михаэлис өте зерек, алғыр, батыл адам болған. Және революцияның қайнар бұлағынан шыққан адам еді. Петрозаводскіден Тарға, онан әрі алысқа айдалып келіп ақыры 1880 ж. Семейге келеді.

Михаэлистің Абайға әсері қандай? Неге Абай сондай революциялық пікірді естіп жүріп, патшаға қарсы сөз айт-

пайды? Михаэлис Семейге келгенмен, Петербургтан қатынасы үзілмейді. 1881 жылғы патшаны атуы жөніндегі оқиғаны Абай естиді. Долгополов айдауда болады. Жаңадан III Александр таққа отырады. Патша үкіметі Долгополовтан ант сұрағанда, Долгополов революцияшы бетінен қайтпайды. Патшаның тілегін орындамайды. Сондықтан Долгополовты әрі қарай айдайды. Ақырында Долгополов та Семейге айдалып келеді.

Абай өлеңдерінде чиновник болма деген сыншы сөзінде бір талай үлгі бар. Салтыков-Шедринді айту себебі ол патшаны мінеп-шенеген адам, сондықтан солардан үлгі ал деді. Осындай пікірлерді өлеңдерінде де таратып жүрді. Бір жағынан Михаэлис, екінші жағынан Долгополов және 1863 жылғы поляк көтерілісіне қатысқан Северин Гросс Абаймен үлкен дос болған. Северин „Обычное право киргизов“ деген ғылыми кітап жазған. Осылар Абайдың поэзиясына неге революциялық әсер енгізбейді дейтін болсақ, алдымен Чернышевскийдің айтқан сөзін еске аламыз. Чернышевский халықтың көзін ашуға тырысу керек, халықты ояту керек деді. Долгополов, Михаэлис, Северин Гросс Абайға келгенде қазақ даласында пролетариат жоқ еді. Қазақ халқы бұратана ел, сондықтан қандай программа ұсынуға болатын еді? Тек қана елді ояту үшін ағартушылық ісін ғана жүргізуге болатын еді. 1889 жылғы өлеңдеріне қарасақ, патша құрылысына қарсылық пікірмен қатар мәдениетке жету туралы көп өсиет сөз, ой-пікірлері бар еді. Орыс халқының әдебиетінде келе жатқан гуманистік идеяға үлкен де терең мағыналы ағым Пушкин, Лермонтов пікірлерін қазақ халқына жеткізу алғашқы бастама сияқты еді. Бұл әрине аз үн емес.

Абай мұсылман дінінің сыртындағы үлкен пікірлі адамдардың сөзін қазақ халқына жеткізді. Пушкиннің революцияшы пікірдегі сөзін жеткізуге ол кезде Пушкиннің революцияшы пікірдегі шығармалары баспаға шыққан жоқ еді. Абай пікірлерін айтқанда кәрілерге арнаған жоқ. Болыс биді мінеп отырса, жастарға әкелік мейіріммен қараған Пушкинмен таныстыру, орыс мәдениетімен таныстыруда үлгі боларлық жағын ашу мақсатымен „Евгений Онегинді“ аударды. Болыстарды шенеуде бір болыстың пішінін жасай отырып, бүкіл қазақ сахарасындағы болыс, биді жинақтап, типтендіріп көрсетеді. Болысты сынау деген патшалық әкімді сынау деген сөз еді. Патшаның қазақ пішіндегі сүйеніші би, болыс еді. Патшаның шеңді-шекпен кигізіп, арқасынан қағып мәз қылған өрескел пішінін

айтуы орыстың революциялық пікірімен терең байланысты танытатын құбылыс. Қазақ даласындағы патшалықтың ел билеу жүйесін сынау еді. 1889 жылғы өлеңдерінің түр, мазмұн жағынан байғанын көреміз. Ол өлеңдері тақырып жағынан бір-біріне ұқсамайды. Мысалы „Болыс болдым, мінеки“ елдің елдігін жоятын құнарсыздықты, қоғам тіршілігінің дерті сияқты құбылысты ашына суреттейді. Сатирик болуына Абайдың жас бала кезінен бейімі бар еді. Соны өсіріп әкетеді. Абай әрі сыршыл ақын. Мұнан Абайдың әр жақты болып кеңейіп келе жатқан ақындық өнерін байқаймыз. Нәзік сарын шығады. Ол сарын махаббат сырын қозғайтын өлеңдерін жазды. Мұнда да Абай сыңаржақ емес. Махаббат жөніндегі жырлары Абайдың өзінің эралуан ақындығының әр саладан келген төркінін танытады. „Айттым сәлем, қаламқас“ өлеңі сыйластықтың қазақ жастары арасындағы табиғи қалпын тереңдетеді. „Қор болды жаным“ өлеңінде шығыс ақындарының диуан, ғазалдар жазған ақындық өнер әсері көрініп тұр. Шығыс поэзиясындай өзі сүйген аруды жалпылай жырлап, кімге арнағаны белгісіз тұманды махаббатты жоғарыдан келген сияқты, әмір құдіреттің бұйрығы сияқты ұғыну бар. Осылай жырлау Абай өлеңінде көрініп тұрады:

„Қор болды жаным,  
Сенсіз де менің күнім,  
Бек бітті халым,  
Тағдырдан келген зұлым.  
Тағдыр етсе алла,  
Не көрмейді пәнде?“.

Қазақ өлеңінде кімнің кімге не айтып отырғаны айқын көрініп отырады. Мысалы, „Айттым сәлем, қаламқас“ өлеңінде жігіттің қызға айтып отырғаны айқын.

Абай осы жылы аудармамен де айналысады. Аударғанда нағыз реалистік шығарманы алады. Ол шығарма — „Евгений Онегин“. Бұл дәл аударма емес. Абай жігіттің сезімін нәзіктейді. „Евгений Онегин“ Пушкинде роман болса, Абай хат ретінде аударған. „Айттым сәлем, қаламқаста“ жігіттің қызды қадірлей білгенін көреміз. Қазақ әйеліне Абай тең тіл бітірмек. Сондықтан „Евгений Онегинді“ алғанда, осы әйелдің үлгілі ішкі сезімін, жан құрылысын көрсетем деп алады. Абай „Евгений Онегинді“ аударғанда жаңа өлең үлгісін табады. Мысалы,

„Амал жоқ қайттым білдірмей,  
Япырмау қайтып айтамын.  
Қоймады дертім күйдірмей,  
Не салсаң да тартамын“, —

деп шалыс ұйқаспен келтірген. Сонымен бірге, теңеудің жақсы түрін келтіріп жазған. Пушкиннің сипаттағанынан Татьянаны басқаша сипаттап, Татьянаның айтқан сөздерін де басқаша жазады.

„Тәңірі қосқан жар едің сен,  
Жар ете алмай кетіп ең.  
Ол кезде бала едім мен,  
Аямасқа бекіп ең”.

Абайдың Пушкинді терең түсінгенін осы Пушкиннен алған ақындық мәдениеті аңғартады. Ол қазақ сахарасының табиғатын суреттеуі мысалынан да байқалады (“Күз” өлеңі). Қазақ поэзиясы Абайға шейін табиғатты өз алдына жеке суреттеуді дәстүр етпеген. Қазақ поэзиясында табиғаттың жыры тек әңгіме ішінде оқтын-оқтын кездесетін. Абайдағы табиғатты суреттеу шығыстан келген жоқ. Абай табиғат лирикасы кіргізгенде, барлық шындығымен табиғаттың пейзажын суреттейді. Абай реалистік пейзаж жасады. Бұл — Пушкиннің үлгісі. Күз бен қысты аса жақсы жазған Пушкин еді. Абайдың „Күзі” мен Пушкиннің күзді жазуы Абай мен Пушкиннің қабысуында үздік үндестік дәрежесіне жеткенін көрсетеді.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.  
Тойғаны ма, білмеймін тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан,—

деп жайылыста жүрген ауылдың жылқысынан бастап, соның мінезін табиғатпен байланысты суреттейді. Онан кейін адамды алып дәурені өткен адам өмірі сияқты етіп ағаштың жапырағынан айрылғанын көрсетеді. Табиғаттың көрінісіне қайта келіп табиғаттың жүдеулігін көрсетеді. Бір жол өлеңмен Арқа елінің шаруашылығының күйін көрсетеді. Күзді күнгі ауылдың тамақ жағынан жүдеп отырғанын сол ауылдың иті арқылы жанама тәсілмен байқатады. Себебі ауыл тоқ болса, сүйек кеміріп жататын иттің тышқан қуалап кетпейтіндігін айтады. Екінші өлеңі одан гөрі табиғатты терең суреттеу мен қоғам жайын айтып кетеді. Ол өлеңі „Қараша, желтоқсан мен сол бір екі-ай”. Бұл өлеңде де кедейдің тұрмысынан бастайды. Абай бұл өлеңін Тәкежан үйінде отырып жазған. Тәкежан өкпелеген соң, Абайдың балалары өлеңді 1909 жылғы ақын жинағына кіргізбей қалдырған. Ол:

„Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,  
О да өзіндей ит болсын азғыр-азғыр”,—

деген жолдар еді. Абай қанаудан кедейдің өзіне ғана емес, баласына да жеткенін көрсетеді. Абай тап қайшылығын аңдап, ол қайшылықтың анық айқын пішінін көрген. Мінекей, Абайдың 1889 жылғы өлеңінде осындай сегіз қырлылық байқалады. Біріншіден, Пушкин шығармаларымен таныстырып өз тілімен емес, өнегелі елдің тілімен өз жастарының көзін ашпақ болады. „Евгений Онегинді“ аударған соң, оған ән шығарады. Әншілердің әнімен той-жиында жас атаулы жыр жырлап, өлең тыңдамақ болса, соның бірі осы „Евгений Онегин“. Екіншіден, табиғатты суреттеуді реалистік түрмен жаңғыртады. Махаббат туралы жырлағанда шығыс ақындарымен жақсы байланысы барын көрсетеді. Қазақ жастарының арасындағы махаббатты қазақ жастарына түсінікті етіп жырлады. Енді Абайда көңіл күй лирикасы да болады. „Сегіз аяқ“ Абайдың көп ойының толққан мұңын да, ізденуін де шебер айтып жеткізе алған. „Сегіз аяқтың“ ішіндегі қоғамдық ойы, мұңы, арманы емес. Ел тіршілігінің шындығы сыншы Абайдың осы өлеңінде айқын көрінген. Бұл бір талай өлеңнің ой қорытындысы сияқты. Сондықтан үлкен ықыласпен жазған. Мазмұнына қарай түрі де өзгеше болып келеді. Уәзінге салып өлшегендей шебер жазылған. Абайдың 4 жолды қара өлең ұйқасымен жазылған өлеңдерінен басқаша толысқан, күшейген, шебер ақынның бір бел қорытынды жазған өлеңі дейміз. Өлеңнің ең аяғын мұңмен бітіреді:

Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым.  
Онан да шықты жаңғырық.  
Естіп үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.  
Баяғы жартас бір жартас  
Қаңқ етер түкті байқамас.

Бұл „жартас“ — үлкен символ. Сол кездегі жұмбақ заманды айтуы мүмкін, өйткені сөзін заманына арнап айтады. „Жартас“ деп айтып жатқан жырына үн бермейтін айнала-сындағы надан қауым болуы мүмкін. Ақындық үнін жартасқа келіп айқайлаған жалғыздық мұңын айтады. Біз сатирик Абайды, махаббат лирикасын жазған Пушкинді өз қауымына үлгі еткісі келген Абайды көрдік. Пушкинге барған барысты „Сегіз аяқтағы“ көңіл күй лирикасына келуінен көрдік. Әрбір жылдар жаңалығы әр өлеңінде-ақ кездеседі. Бұл жылдағы бір талай өлеңі үлкен шабытпен

жазылып, өз ойын толық айтып шың басына шыққан Абайды көреміз.

1890 жылдағы өлеңі де Абайдың шеберлік жағынан асып түсе беретін ақындық өнерін байқаймыз. Артық, керексіз жері жоқ, өлеңінде үлкен шеберліктің биік дәрежесіне жеткен жаңаша түр келісімі көрінеді. 1889 жылдағы бастаған сарын шеберленіп, нәзіктеніп, тереңдей түседі. „Сегіз аяқ“ үлгісімен жазылған „Келдік талай жерге енді“ өлеңін басынан аяғына шейін екі сөзден құрылған редивті ұйқасқа құрылған. Айтпақ болған күйін бітіріп ұшырғандай, толқын ұрып отырған күшін танытады.

„Туған жерді қия алмай  
Тентекті жеңіп, тия алмай.  
Әлі отырмыз ұямай,  
Таба алмадық өңге елді  
Әуелде тәңірім сорлы етті.  
Арсыз елмен әуре етті,  
Жалғыз үйде күңіретті“.—

деп 3—4 жолды ұйқасты қатар келтіріп, алғашқы ұйқасқа келіп аяғында өзін мысқылдап тоқтайды. Бұл қоғамдық ойдың ақынды күйікке айналдырып ширықтыра бастағанын көреміз. Осы жылдарда жазған өлеңі — „Өзгеге көңілім тоярсың“ — „Ата-анаға көз қуаныш“. Бұл өлеңдерінде көңіл күйі, махаббат жайында айтады. „Бай сейілді“ өлеңінде ақын ойы, сезім сарыны шеберленіп көрінген. Ұйқастың құйылуы шебер. Жаңа ой ойлаған ақын жаңа түр тауып, әнін қоса шығарады. Ұйқасында 3-жол мен 6-жол ұйқасады. Бұрын ауыспалы шумақ болса, енді тұрақты шумақ. Сөйтіп, Абайдың өлең түрін іздеуі шеберлене береді. Өлең Абайдың қандай тынысы болғанын көрсетеді. „Өзгеге көңілім тоярсың“ деген өлеңінде:

„Өзгеге көңілім тоярсын,  
Өлеңді қайтып қоярсың.  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярсың“.—

деп өлеңді құлақ күйі, жан тынысы етіп сай-сүйегі сырқырағандай жазады. Өзінің ой арнасына ұқсас адам таба алмағандықтан, өлеңді сырласы етіп мұңдасады. Қаралы көңіл мұңмен қара. Сол көңіл жылап, жас ағызып шығатын болсын дейді. Өзінің жалғыздығын сезе бастап, көптің надандығына ашынып жырлады.

„...Қара басқан, қаңғыған,  
Қас надан нені ұға алсын?“



Көкірегінде оты бар  
Құлағын ойлы ер салсын!  
Жылай-жырлай келгенде,  
Арттағыға сөз қалсын!",—

деп өз заманынан шығып, келесі заман оқушысына, болашағына мұңын шағып барып тоқтайды. Бұл — Европа әдебиетіндегі оптимистіктің бір түрі. Өз заманынан түңілген ақындардың 2 түрлі шығатын жолы бар: „Зар заман” ақындары артты ойлап кеюші еді. Сондықтан тарихтың беймезгіл тығырығына ұшырағанда діншілдік, үмітсіздік сарыны шығатын. Ал Абайдың бұл ақындардан өзгешелігі — келешектен үміт етуі. Ел тағдырының бұл қалыпта тұрмайтындығын айтады. Келешектің адамына тағы да мынадай сөз тастайды:

Мендей ғаріп кез болса,  
Мойын салсын ойласын.  
Қабыл көрсе сөзімді,  
Кім таныса сол алсын,—

дейді.

Жұртта үміт етерлік әрекет болмаған соң, баладан шыға ма деп бала жайын да жырға қосады. Білім ізде, адамгершілікке қол соз, бала атаның баласы емес, адамның баласы болу керек деген танымды ұстанады. Қайғылы атаның мұңлы-зарын айтып „Ата-анаға көз қуаныш” деген өлеңін жазды.

Оқытарсың молдаға оны,  
Үйретерсің әр нені.  
Медеу етіп ойы соны,  
Жаны тыныштық көрмеді.  
Жасында күтті  
Дәме етті,  
Босқа өтті.

Бұл — ата баласын адамның баласы болуын тілейтін озық ой. Сол атаның мұң-наласын шерлене отырып тербеткендей өкініштің мұңын да береді. Елдің ұлы болу керек еді, бірақ өзінің інін білген аңдай атаның сенімін ақтамады дейді. Масыл ұлдың өмірі сүйретіліп өткен өмір, оған қанаттанып ұшқан өмірді қарсы қояды. Басында ата-ана үміт еткен бала ел танымай, үй танып, ақырында жанбасынан сұлап жататындардың бірі болды. Сондықтан әлдиі — зарлы атаның әлдиі.

[18]91-жылдардағы өлеңдері. Анда-санда махаббат сарыны шаң беріп отырады. Абайдың жастық

шағын еске түсірсе, жастарға адамгершілігі күшті гуманистік тәрбие беруді мақсат тұтты. Ең әуелі адамдықты алу керек. Махаббат бұл кезде Абайдың ыстық сезімінің бірі емес. Бұл — Абайдың ішін тазартып, нұр сәуле тигізіп, сол арқылы адамдық кейпін беру. Абай бұл кезде батыс әдебиетін де, шығыс әдебиетін де қол үзбей көп оқиды. Махаббат жырын жырлағанда дүниені де барлай отырып жырлаған. Мысалы, „Қызарып, сұрланып“ сияқты өлеңі батыс ақындарының үлгісімен өрнектеледі.

„Қызарып, сұрланып,  
Лүпілдеп жүрегі.  
Өзгеден ұрланып,  
Өзді-өзді керегі.  
Екі ғашық құмарлы,  
Бір жолдан қайта алмай,  
Жолықса сол зарлы  
Сөз жөндеп айта алмай“.

Мұнда біріне-бірі оңашада ашылыспаған жастардың кездесуі суреттелген. Қараңғыда кездескен жастар көңілі соншалық көп сырласуды армандаса да үн қата алмайды. Ол уақыттың өзі өте қымбат екенін айтады. Бұл жастардың ең қасиетті шағы. Махаббат сөзбен емес, жүректің дүрсілімен сезілген нәрсе. Бұл кезде жүрек, тіл, ойдың керегі жоқ. Бұлардың бәрінен күштісі ғашықтық сезім дегенді меңзейді. Бұл жер махаббаты, өмірдің шындығымен бас изеп келген жердің ұл-қызы. Бұлар — қай халықта болса да кездесетін ұл-қыздар. Ал „Көзімнің қарасы“ өлеңі шығыс ақындарының үлгісімен жазылған. Сүюді — исламия көлемінде ғашықтық сезімнің қалай бағаланатынын ойлаған қазақтың жасы.

„Көзімнің қарасы,  
Көңлімнің санасы.  
Бітпейді ішімде,  
Ғашықтың жарасы.  
Тереңдеп қарайсың,  
Телміріп тұрмайсың.  
Бихабар жүргенсіп,  
Бек қатты сынайсың“.

Бұл өлеңде шығыстық сөздік араласқан, „бей хабар“ болса да „күю-жану“ бар. Рақым болса да, наз айтуды керек етеді. Бір жақты мұң келіп отырады. Бұл — шығыс үлгісі.

„Сенсің — жан ләззәті,  
Сенсің — жан шәрбаты.  
Артықша жаратқан —

Алланың рахматы.  
Көрік-тәңірі дәулеті,  
Қылса ұнар құрметі.  
Сұруды сүйеметік —  
Пайғамбар сүндеті".

Мұнда жер махаббатынан гөрі құдайға, пайғамбарға мұң зармен айтылған тілек күшті. 1889—90 ж. бойында Абай көп жазды. Жастарды тәрбиелеуге көп көңіл бөлді. 91 жылы тағы да өмір ылаңы араласады. Оспан болыс болып тұрғанда, Оразбай араз болып, берекесіз тартыс басталады. Оразбай Оспанға қарсы адамдарды жия бастайды. Оспанмен кескілескен жау болады. Оразбай Оспанмен ғана жауласуды місе қылмай, өзіне бақталас Абайға қарсы болып жүреді. Осы кезде Оспан өледі. Бірақ наразылық күшейе түсіп бәрі бір Абайдың басына түседі. Бұл қаза Абайға қатты батады. Оспан өлгенде бірнеше жоқтау өлеңдер айтады. Соның бірі „Жайнаған туы жығылмай“. Бір толқын ой мен көкіректің күрсінугі сияқты. „Жақсы өліпсің япырмау“ дегенде ащы шындық жатыр. Оспанның көп нәрселері Абайға тұтас, бітімді адам қалпын танытады. Осыдан кейінгі жылдары Абай өлеңмен көп айналыса алмай, аудармамен шындап айналысады.

Бұл кез де жаулықтың күшейген тұсы еді. Оразбай ұлыққа, қырда елге ат салып, Абайды орай бастайды. Тәкежанмен құда түсіп, Абайдың жақын жерінен жаралай келеді. Абай үлкен мұратты мезгелен адам болғандықтан, қандай ылаң болса да еліне деген еңбектен қол үзбей, енді ғақлия сөздер жазады. Ол [18]91-жылдан басталады. Абайдың қарасөзі әдебиеттік жанрдың қайсысына жататынын айту қиын. Бұл қарасөздің ішкі мазмұнына, ақынның ой-арманына құлақ салсаң, өлеңіндегі ойымен ұштасып жатқандығы байқалады. Абай — өз еңбегі халыққа жетсе екен деген адам, сондықтан өлеңмен айтылған ой көңіліне қонбаса, қарасөзбен айтқан пайда келтірер ме екен дегенді ойлады. Абайда айрықша философиялық система болмағанмен, философиялық ойлар болған. Табиғат, жаратылыс туралы емес, адам, адамгершілік, қоғам жайында қатты сынға айналдырып айтады. Бұл — қазақ халқының болмыс тарихынан, шаруашылық жайынан, тәрбиеден, адамгершілік жайынан айтылған өсиеттер. Көпшілігін өзі танысқан грек философтарының үлгісімен айтқан.

Абай [18]93-жылдары жазған өлеңдеріне жаңа ағымдар кіргізеді. Бұл — Лермонтовтан, Гете, Байроннан аударған өлеңдері. Лермонтовтан аудару [18]93 жылдан

басталып өл-өлгенше әдет болып кетеді. Лермонтовты дәл аударарды. Европаның көп классиктері енді Абайға кең әсер етеді. Абайдың өз шығармаларының мазмұнын, көркемдігін, ойын кеңейтіп түрлендіреді. „Өзіне сенбе жас ойшыл” мен „Ал сенейін, сенейін” деген өлеңде Лермонтовтан Абай өзінің үндестік, үйлестігін табады. Лермонтов арқылы Байроннан жасаған аударма — „Көңлім менің қараңғы бол-бол ақын”. Мұнда Лермонтовтың айтқан дарашылдығын шеберленген түрде қайталайды. Гетеден Лермонтов, Лермонтовтан Абай аударған „Қараңғы түнде тау қалғып” өлеңінде стихияны сезуде философиялық, ойшыл, мұңды, нәзік сезімді ақынның терең толқыған жүрек сыры жатыр. Соларды аудару Абайдың өз шығармаларына да жаңаша тосын сезім кіргізеді. 1894 жылғы өлеңі „Қарашада өмір тұр”. Абайдың осы кездегі өлеңінде көбінесе ішкі нәзік сезімді айтқанда қысқа өлеңмен қайырады.

„Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,  
Көзбен көр де ішпен біл”, —

деуі кейде адамның нәзік сезімін, тілмен айтуға сөз жетпейтінін меңзейді. Бұл — Абай Лермонтов үлгісінің мәдениетті эстетикаға айналған қалпын танытады. Осы қалпымен келіп Абай өзінің өміріндегі бір үлкен шер болып толқытқан халге жетеді. Яғни элегия үлгісімен Әбдірахманға арнап өлең жазады. Бір жағынан тілек сияқты болып, шер толқытып жырлайды. Мұнда қазақтың аталық мейірімі де, эстетикалық сезімі де бар.

Бұл интимный лирика үлгісімен жазылған (интимный лирика дәл ішкі сезім шындығымен дөп тиіп отыратын лирика). Жазылған мерзімі белгілі болып отырады:

Не жазам, япырмау,  
Қол шорқақ, тіл мақау.  
Сәлемет өзінді,  
Кешікпей көрсем-ау.

Бұл лирикада шын арнаулы адамның сол кездегі жүрек сезімінің шын сырын көрсетеді. Екінші бір хатында егіле түседі де:

„Алланың рахыметін,  
Яр тұтып әрнеге.  
Аррахман ол атын  
Үйреткен жұмлеге”, —

дейді.

Бұл өлең сүйіну үлгісінде басталады. Мұсылман ата болып көңілінің шерін тарқатады. Осы кездердегі табиғатты сипаттаудың өзінде көңілінде қайғы орнағандықтан, барлығында философиялық, эстетикалық сезімнің нақтылы нәзіктілікке, торығулы көңілдің тоқыраушылыққа айналғанын айтады. Дүниемен сырласу, стихиямен бірге мүлгу ретінде табысып барып, өлім күйіне айналады. „Өлсем орным қара жер сыз болмай ма“ деген өлеңін жазады. Абай өлімнен қорықпайды. Өлім мәңгілік тыныштыққа айналады. Адамның ғажайыптан туып, табиғаттан кетісі жырға қосылады. Бұл өлеңі [18]94 жылға жатады.

Халықтың қамын ойлайтын ой сарыны Абай өмір бойы тастамайтын тақырыбы. Елдің келіссіз мінезін мысқылдау әлі де қалмайды. [18]95 ж. өлеңі — „Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей“. Енді ел ішінде қазақ дағдысының дәм ауыз тиетін әдетке сүйеніп, тамақ аңдып мәз болып жүрген ауылдағы тіршіліктің мағынасы жоқтығын мысқылмен сынап өтеді. Қоғамдық теңсіздіктен кедей ауыр тұрмыс артқанын ескертіп:

„Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа,  
Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа.  
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген,  
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа“, —

деп кедей еңбегін арам тер қылып сорып жүргендерді мінейді. Абай Чернышевский, Добролюбов пікірлерін білгендіктен, қазақтың егіншілік тіршілікке айналмағанын көріп, еңбекшіліктің программасын ұсынады. Ауыртпашылық мұңы бар артта қалып бара жатқандарға ой салып, жайды ашып айтады...

93—94—95 жылдардағы Абай қарасөздерінің алуаны қандай? Абайдың тыңдаушысымен, оқушысымен бетпестік отырғанда айтатын пікірлер өлеңінен оқшау емес. Көңіл күйі жағынан бірін-бірі толықтырып, нық сүйеіп отырады. Өлеңде жанама айтқан пікірін қарасөзінде ұғымды етіп таратып отырады.

Тоғызыншы сөзі. Әбдірахман өлгенде жазған өлеңіндегі сөзін кеңейтіп айтқан ойымен іліктеседі.

Онныншы сөзі. Әр кездегі мысқылдық сатирамен орай айтылған ойлары философиялық сарынға бейім қалып танытады.

Он бесінші сөзі. Өзі қолданып жүрген тәжірибені ойналар, толғанар, сол арқылы тоқтамға келер дегенді

айтады. Бұлары адамгершілік, мораль философиясына қарай тартады. Адам өздігімен адамгершілікке жету керек, өзінді өзің аямай арыңның таразысына сал дегенді аңғартады.

Он алтыншы сөзі. Дінге тура шабуыл жасалмайды. Бес уақыт намаз оқып, діннің сыртын ғана тұтып жүретіндерге сын айтады. Адамгершілікті Абай ислам дінінің үгітшілеріндегі түсінбейді, өзіндік өзгешелігімен түсінеді.

Он жетінші сөзі. Адамның адамгершілігі неден құрылады дегенде: қайрат, ақыл, жүрек — үшеуін айтып, ғылымға жүгіндіреді. Абай жүрекке бірінші орын береді. Ол жүректің сезгіштігі. Мұның өзі көрегендік. Олай болса ақыл байқамағанды жүрек сезеді. Абай өлеңінде де, қарасөзінде де шабыттың адамы, сондықтан жүрек сезімі күшті болып отырады.

Жиырма үшінші сөзі. (94 жыл). Қазақтың мінезін бірнеше жерде қатты сынға алып, әсіресе жақсымын деп кеудесіне нан пісіп жүрген атқа мінерлерді таңбалап өтеді.

Жиырма жетінші сөзі. Абай философ Сократты оқыған. Сократқа әрбір шәкірті сұрақ беріп, Сократ жауап қайтарып отыратын болған. Абай сондай бір әңгімені алып көрсетеді. Аристодим мен Сократтың жаратушы ие жөніндегі пікірін таратып айтады. Мұсылманмын деген жұртқа сыншыл ой тастайды. Ал жиырма сегізінші сөзінде барлық мұсылмандарға арнап сөйлейді. Сыншыл ойшылдыңтың Абайда өткір көрінген жері — өзі мұсылман бола отырып шабуыл жасағанда оларға шешендікпен, ділмарлықпен келелі ой-пікірлер айтады. Шын адамгершілік мәселесіне келгенде, діннен алыстайды.

[18]95 жылдағы философиялық қарасөзінде діннің тар шеңберінен шығып, өлеңінде эстетикалық жағына жаңа бір бүтін ақын туып келе жатқан қалыпты танытқандай.

[18]95 жылғы Абай өлеңдері — философиялық пікірі жағынан жаңа ағымда айтылған өлеңдер тобына кіреді. Көңіл күй лирикасын, махаббат лирикасын айтуымен қатар өлеңдеріне әр жақты, кең философиялық сарындар кіргізіп отырған. Қарасөздеріндегі өмір, қоғам туралы пікірлері өлеңдеріне ауысады. „Өлсе өлер табиғат, адам өлмес“ деген өлеңінде философияның көлеміндегі түбегейлі ұзақ, аумаитын болмыс бар — ол ой. Абайды философ деуге болмайды. Себебі философ болу үшін белгілі философиялық система болу керек. Абайда олай емес.

Абайда данышпан ақындарда болатын философиялық пікір бар. Абай қоғам тіршілігі, тәрбие жөнінде материалистік жарқын ойды жоғары санап отырса да, идеалистік пікірге де жақын жанасатын тұстары бар. „Мен“ және „менікі“ деген күрделі ой танымды айыруда философиялық пікірін толғайды.

„Кім жүрер тіршілікте көңіл бөлмей,  
Бақи қоймас, фанидің мінін көрмей.  
Міні қайда екенін біле алмассын,  
Терең ойдың телміріп соңына ермей”,—

дегендегі „фани“ дін кітаптары ұғымындағы аз күндік тіршілікті айтады. Ал „бақи“ мәңгі деген мағынадағы көбінде шығыс философтарының пікіріне келеді. Ахиретке жету деген — діннің белгісі, діндік пікірі, қалайда идеалистік.

„Лай суға май бітпес қой өткенге“ деген өлеңінде „көңілдің жайлауынан ел кеткен бе“ деп қазақ тіршілігін алып, ойды соған теңеп көрсетеді.

„Лай суға май бітпес қой өткенге,  
Күлеміз қасқыр жалап дәметкенге.  
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?”,—

деп қасқырдың бір сипаты мен адам ойын қатар қойып салыстырады. Ойдың жалғыздығын заманынан иығы асып шыққан мұңлы жалғыздық өмірін жыр етеді. Адамның ақылмен білдім дегені тек салыстырмалы шындық екенін көрсетеді. Абай исләм дінінің тілменен айтып, дін үтітінің тоқта деген жеріне тоқтамайды. Мұның өзі күпірлік. Абай сол күпірлікке барады. Абайда шығыстың философиялық пікірі болса, Европаның рационалистік танымна да келеді. Ол — ақылға ешбір тұсау болмасын, дін оған шек келтірмесін деп өлеңінің аяғын сұрақпен бітіреді. Мұның өзі исләм дінінің көлемінде толық мұсылмандықтың шартын орындағандық емес, асып барып тоқтағанын көрсетеді.

„Бергенде тәңірім саған өзге туыс  
Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.  
Шарықтап шар тараптан көңіл сорлы,  
Таппаған бір тиянақ неткен қуыс?”,—

деп қанағат ете алмаған көңілдің жайын айтады. Бұл Абайдың өмірінде жауап ала алмаған үлкен сұрақ ретінде қойып кеткен айтулы мәселесі.

Абай сұрақтарды беріп келіп, аяғында тиянақ пен тегістік жоқ, сондықтан ойың еш нәрсеге бағынышты болмасын дейді. Абайдың сыншыл реализмі дінге де сыншыл болғаны көрінеді. 1896 жылғы өлеңдері ақын мен ақындық шабытқа арналады. Абайға шейін ешбір қазақ ақыны ақын мен ақындық шабытты толық түсінген емес. Абай ақындықтың ең негізгі міндеті мен оның қоғам тіршілігінің құралы екендігін көрсеткен. „Адамның кейбір кездері“ деген өлеңінде:

„Кірлеген жүрек өз ішін,  
Тұра алмас әсте жуынбай“,—

дегенде көңілі кірлеп жүргенде, өлеңмен жуу бейнелі ұғым. Ол шындықты жырлайтын ақын да солай болмағы керек:

„Тәңірінің күні жарқырап,  
Ұйқыдан көңіл ашар көз“,—

дейді.

Ол уақытта өмірдің кемшілігі мен олқысын қолға алып, үлкен шабуылға ақын аттанады. Надандық пен зұлымдықты бір деп ұғады. Сондықтан надандыққа кектенгенде, зұлымдықты да қоса таңбалап айтады. Абай осындай ақындық шабытын айтумен қатар, ақынның серігі әділет пен ақыл бола алатынын:

„Әділет пен ақынға  
Сыналып көрген білгенін.  
Білідірер алыс, жақынға,  
Солардың сөйле дегенін“,—

деп шын ақынның қандай болу қалпын көрсетеді. Сондықтан ызалы жүрек, долы қол, оның серігі — ащы тіл жаманшылықты аямай жазалауы керек. Ақын — қауым өмірінің сыншысы. Ақын тілі — жаңа тіл, үкім тілі болу керек дегенді айтады. Абай өлеңдерінде тақырыпты батыс жазушыларынан алғанмен, мазмұнын өз айналасының тіршілігінен алады, алғанда еліктеу түрінде алмайды.

„Сағаттың тықылдағы ермек емес“ деген өлеңі өмір тұрасында өмірдің баянсыздығын, тоқтаусыздығын, тағы да көңіліне келген жүдеу ой сарынын айтып отырады. Бұл жылдары Әбдірахманның өліміне арналған, Лермонтовтан аударған өлеңдері бар. Олар 94—95 жылғы сарынды



айтып, ақынның өзі мен өзі болып, жалғызданып бара жатқан қалпын сездіреді.

96—97—98 жылғы өлеңдеріне қарағанда Лермонтовтан, 98 жылғы Крыловтан аудармалар жасағанын көреміз. Аудармаларында Абайдың өз көңіл күйінің шындығын айтады. Осы жылдары Байроннан да аударады. „Альбомға“ өлеңіндегі қолданған тіл көңілдің мұңы ретінде дәл Абайдың өз көкірегінен шыққан сияқты. Көңілінің жабыраңқы күйін көрсетеді. Бұл пікірлер қарасөзінде де кездеседі. Бұл кезде Лермонтов пен Абайдың жүрек күйінің құлақ күйі бір болып кетеді. Бұл 95—96 ж. өлеңдерінде анығырақ сезіледі. Ал 97 жылы тағы да заман жөніндегі көңіл күйлерін толғайды. Өлім күйінің аңда-саңда салқын лебін береді. Өлімнің ішінде мен барып жоқ болып кетем деген ой жоқ. Оптимистік пікір жатыр.

„Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,  
Харакет қыл, пайдасы көпке тисін.  
Көптің қамын әуелде тәңір ойлаған,  
„Мен сүйгенді сүйді“ деп иең сүйсін!“

Кімде кім өмірде қорлықта қалса, сол мазлұмның саған жаны ашысын дегенді айтады.

„Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек,  
Көп ит жеңіл, көк итті күнде жемек.  
Ғадәлет пен мархамат ер азығы,  
Қайда көрсен, болып бақ соған көмек“,—

дегенде „көп ит“ деп көптің ішінен шыққан ит мінез топты айтады. Атқа мінер ортаны көп ит ортасынан шыққан бір әлсізді жеумен күнелтпейтінін айтады. Осындай өмірдің жүдетіп келе жатқан шындық болмысынан шыққан сөзін айтады.

„Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй,  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүй“.

Бұл жүдей бастаған көңіл күйінің наласын „тәтті күй, жақсы әнмен“ өзін-өзі жұбатқысы келеді. Көңіліме ой салар ән-күйдің рахаты денемді кернеген де, ыстықта мөлдір суға бас қойғандай болам дейді. Ұмытылып кеткен үмітшіл кезі қайта есіне оралады. Ақындыққа, ақындықтың шабытына, өнер туындысына бет бұрғанда, ақындықтың көркем ұрығы туады. Ол нәзік сезім болып ағады. Өткен күнді еске

түсіргендей болып, осы көңіл күйіне орай „Мен сәлем жазамын“ деген өлеңді жазады:

„Мен сәлем жазамын,  
Қарағым қалқама.  
Қайғыңнан азамын,  
Барушы айта ма?“

Абай мұндай сағыныш сезіміне оралған махаббат жырын өмір бойы жазудан қол үзбейді. 98 жылы осындай махаббат туралы жырлаған өлеңі „Желсіз түнде жарық ай“. Бұл Европа ақындарының үлгісімен жазылған классикалық туынды, махаббатты табиғаттың бесігіне бөлеп суреттеуінде қазақтың жайлауға көшкендегі көңіл күйінің көрінісі жатыр.

„Тау жаңғырып, ән қосып,  
Үрген ит пен айтаққа.  
Келмеп пе едің жол тосып,  
Жолығуға аулаққа“,—

деп екі жас табиғат арасында үнсіз сөйлеседі. Табиғат екі жастың жүрегінің лүпілін тыңдап тұрғандай. Махаббатты осылай жырлау Абайдан бұрынғы қазақ ақындарында кездеспейді. Осы жылдардағы өлеңінің ішінде қоғам тіршілігіне қатынасып жүргендегі шерлі өлеңі тағы бар. Ол жаңағы өлеңмен салыстырғанда, дүниенің екі шеті сияқты. Мысалы, „Болды да партия“ деген өлеңнің елдің міні туралы жазған:

„Болды да партия  
Ел ішп жарылды.  
Әуремін мен тия  
Дауың мен шарыңды“.

Бұдан бұрын да сайлауды, дауды, қиянатшылықты айтатыны сияқты, бірақ бұрынғыдан шеберленген. Бұрынғыдай серпіңді емес, қажытып жүрген қауымға неңді алдым деп шерін шаққандай. Бұл жылдары — соншалық ауыр жылы еді. Себебі жазықсыз жазаның нәтижесінен келіп 97—98—99 ж. қарасөзінде айтылған пікірлер көбінесе Абайда адамгершілік, тәрбиелік желісі бар өнімді ойының біріне айналады. Абайдың педагогикалық көзқарасы болғандықтан, Абай философ деп алғаннан гөрі Абай педагог деп айтуға орынды. Жастарға арналған тәрбиелік сөз — жүрегінен шыққан аталық мейірімде айтылған пікір. Қоғам мен жеке адамның арасындағы қарым-қатынасты айтуы

өлеңінен гөрі қарасөзінде үлкен орын алған. Бұл — элеуметтік тақырыбының ішіндегі ең үлкені. Кейде өз пікірін халыққа түсіндіру үшін, дін тілімен айтады. Абайдың діні сыншыл ақылдың шартты дініне айналады. Араб сөзін келтіріп құран тілімен сөйлеуі тыңдаушы қауымға түсінікті болсын дегені. Оны адамды адамгершілікке жеткізетін құрал есебінде пайдаланады. Осындай пікірлері афористік сөздерінде бар. Белгілі дәрежелі қарым-қатынас, шындық афористік оймен түйдектеліп отырады. Абайдың афоризмі 23 дейміз, шынында мұнымен ғана бітпейді. Афоризм — тұтас ойды түйіндеп қысқа сөзбен айту. Сондықтан афоризм Абайдың өлеңдерінде де бар.

„Көңілдегі көрікті ой, ауыздан шыққанда өңі қашады“ яғни тіл көңілдің (жай күйіне) сезгеніне жете бермейді. Сондықтан көрікті ой тілдің жеткізуіне үнемі көне бермейді. Тілден гөрі көңіл жүйрік бұл сезім ақындары Тютчев сияқтылардың ең негізгі армандарының бірі болып табылады.

Адам мен заман туралы да айтады. Белгілі ортасы мен жеке адамның арасындағы қарым-қатынасты айту Абай үшін өте керек. Жеке адам жақсы болса, орта да жақсы болады. Халықты түзетуге болады дейді. Тәрбие — ең бірінші табынатын Абайдың тірегі сияқты. Ол тәрбие жалғыз тәрбиенің өзі емес, әуелі материалный жағы жөңделу арқылы сапаланбақ.

Көп пен жалғыз туралы. Көптен ажыраған жалғыздың көңіл күйі жоқтың дәрежесіне жеткен адасқандық қалпы дейді. Он екі афоризмінде қазақтың бұрынғы өткен қарияларының мақал, мәтелдерінде айтылатын пікір кездеседі. Абай соны өлең тілімен қайта жаңғыртып ақындық тілмен көріктейді. Абай педагог болуымен бірге айтулы психолог. Адамның мінез-құлқын шебер суреттеп бергенде, бұрын көрмеген бір адамның түр тұлғасы көз алдыға елестейді. Ашулы адамның екі түрлі болатынын, екеуінің арасындағы психологиялық айырмашылықты көрсетеді. Адамның қиын кездеріндегі қалпын, адамнан шығатын оқыс істі, мінезді көрегендікпен айтады. Абай кей уақытта ақындық өнер тілімен бейнелеп нақыштай сөйлейді. „Биік мансап, биік жартасты“ алып, оның маңайындағы жылан мен қыранды салыстыра суреттеу арқылы өз ойын қысқа қайырып, терең түйіп айтады. Абайдың қоғам тіршілігіндегі адамды теңестіретін нәрсе ой және еңбек екенін жоғары бағалап көрсетеді. Еңбексіздердің көбі қанаушылардың

мінезін көрсетеді. Бұлардың еңбегі — паразиттық. „Тоқ тіленші” — адам сайтаны, харакетсіз — сопы монтаны” деп дін ортасынан шыққан ишан-сопы, қожа-молдаларды айтты.

Достық туралы айтылған пікірінде жаман досты көлеңкемен салыстыру тапқыр, ақындық сөз. Өмір сүрудің тәжірибесі туралы айтылған пікірі де терең. Адам мен заман туралы айтылған афоризмі өмір шындығынан туған сом пікір.

Отыз сегізінші сөзі. Әр алуан оқымысты философтардың сөздерін өзінше түйіп айтады. Бұл сөзі жас бұрынға сырласу ретінде айтылған сөзі десе болады. Тілеуестік, мейірмандық, достық жүрекпен емірене сөйлейді. Бұл өсиеттерін мұсылман ғұламасы болып отырып құдай, иман, инсани, камили деген салаларға бөліп таратып отырады. Сондықтан оны ғылым жолымен қарағанда қате жерлері де бар. Мысалы өсімдік, жәндік — бәрі адам үшін. Адам — дүниенің патшасы деген пікірлер ескірген. Адамның адамшылығын көтеріп айтқанда надан молдалар жайында айтатын пікірлері өткір, актуалды. Дін иелерімен дауласқан пікірінде шыншыл ақын болып сөйлейді. Мінегенде олар өз ойына түсінбейтіндіктен, ескі кітап тілімен сөйлесіп отырып надандығын ашады. Оларды сынауды тереңдете келе діннің сол кездегі үлкен ишандарын мінейді. Абай өз ойын ешбір күшке табындырғысы келмеген данышпан адам екендігін көрсетеді. Ишан, қожа, молдалар туралы өткір, сыншыл ойды сол кездегі еш адам айта алмаған. Ишандар өздерін көпшілікке ақыл-тәлихат деп көрсетеді.

Абай адамның өз басын өзі қор ететін кемшілігін көрсетеді. Ол — надандық, еріншектік, зұлымдық дейді. Мұның бәрі — педагогикалық, адамгершілік пікірін тарата келіп, қорытқан жері осы десе болады. Абай тәрбиені екіге бөлді. Біріншісі, жеке адам тәрбиесі, екіншісі халық тәрбиесі. Халықтың қамын жеген адам бір жағынан хақим болмағы керек. Сондықтан халықты қуат иесі хақим адам тәрбиесіне алу керек. Ол үшін айырықша қазына, мүлік керек. Абай мемлекеттік тіршілікті айтады, елдің басын қосып басқаратын мемлекеттік күш болып, сол күш аталық қамқорлықты қолына алу керек деген ойды айтты.

Қырық үшінші сөзінде адамда тән қуаты мен жан қуаты бар деп пікір толғауы арқылы Абай психология ғылымының кейбір жақтарын айтады. Педагогикалық көзқарасының тағы бір жағы таратыла айтылады.

Қырық төртінші сөзінде адамның әлеуметтік ортамен байланысы, белгілі бір кәсіпке жұмылған қауымның біріне-бірі жұмылып көмектесетін топтың психологиясын сөз етеді. Абайдың бұл қарасөздері тәрбиеге, адамшылыққа үндеген ой-пікірін танытады. Ақындығын басқа арнаға (қарасөзге) салған программалық азаматтық ойларын, өлеңдеріндегі пікірлерін қорыта отырып аяқтайды.

**Абайдың поэмалары.** Поэмалардың жазылған жыл мөлшерін анықтап, нұсқау қиын. Абайда жыр етіп қалыптандырған 4 поэма бар. Үшеуі — Абайдың өз еңбегі. „Вадим“ — аударма, бірақ шартты түрде, қарасөз түрінде жазылған әңгімені поэма етіп жазу үлкен еркіндік.

Абайдың өзінен шыққан үш поэмасын алсақ: „Масғұт“, „Әзім“, „Ескендір“. „Әзім“ мен „Вадим“ Абай өлгеннен кейін 23 жылдан соң жарыққа шықты. 1927 ж. „Әзімді“ Ысқақ әкеліп берді. Жыртылған, өшкен жері болу керек, сондықтан кей жерлері Абай сөзіне ұқсамайды. Кейбір жерінде Абай қолданбайтын сөйлем орамдары бар. „Вадим“ 1933 ж. басылды. Абайдың қолжазбасын сақтаушылар Абай маңындағы сауатты кісілер. Олардың ең соңғысы — Мүрсейіт Абай шығармаларын жинап жүрген. Сол қолжазбадан „Вадим“ табылды. 1898 жылғы қолжазба жинағына кірген „Масғұт“ пен „Ескендір“. Бұл үш поэманың мазмұнына қарағанда, қазақ тарихынан емес, Шығыстың классик әдебиетінен, әбсаналардан, дас-таннан алынған сияқты.

„Масғұт“ — Бағдатта болған уақиға, шығыстың өсиет әбсәнасы (легенда) болу керек. Бақ иесі қызыр деп айтуы. „Қызыр кімге көрінсе соған бақ әкеледі, мал дәулет әкеледі“ деген наным шығыс елінің бәрінде бар. Соның Масғұтқа кездесуі жігіттің адамгершілік сипатын көрсетеді. Жігіттің даналықтан да, байлықтан да безіп, қызыл жемісті алуы — адам баласына дос болудың мақсаты, өзіне дос іздеушілік. Поэманың аяғы — қоғамдық сатира. Поэма уақиғаға құрылған емес. Ойлы философия өсиет негізінде жазылған. Абай поэмада өзінің дүниеге көзқарасын, елге айтып жүрген өсиетін танытуды көздеген мақсаты оны мораль философиясына әкеледі. Өзінің өсиет етіп айтатын адамын даралай көрсетеді. Біріншіден, Масғұт тілегі достық, әділдік, адамгершілік, қанағат. Іштей бүріскен күйкі адамның бейнесі емес. Бірақ сондай адамның өзіне де өмір күледі. Өйткені жұрт ақылдан пайдаланбайды. Қайта өзіме ұқсасын деп тілек етеді деп әжуа қылады. Сондықтан поэманың екінші бөлімі қоғамдық сатирамен аяқталады.

Көпшілік біреудің оқшау шыққанын ұнатпайтынын әшкерелейді. Сондықтан ақылды болғанда жыңды деп, жыңданғанда дұрысталды деп түсінеді. Абай бұл поэманы адамның қасиетті тұлғасын көрсету мақсатымен жазған. Бұл поэма Абайдың өлеңі мен қарасөзінде айтып келе жатқан өз өсиетінің негізгі қорытындысы сияқты. Бұл поэма Абайдың сюжетті шығарма жаза алатынын көрсетеді. Шығыстың эпсаналарынан туғандықтан Абайдың сөздігінде шығыс классиктерінде кездесетін теңеу сөздер де ұшырасады. (Махмуд, Шамши-Жиһан т. б.). Осыған қарағанда бұл шығарманы Абай жазғанда ақындық сөздігіне де әсер еткен.

„Ескендір“— шығыста да, батыста да мәлім. Александр Македонский жайындағы әңгімелерден туған. Бірақ әр ел өзінше әңгіме етеді. Абай Ескендірдің жорығына қатынасы жоқ бір әңгімені алып, сол арқылы философиялық ойын айтады. Сондықтан поэмада философ Аристотельді кездестіреміз. Абайдың Ескендір деуі шығыстың айтуынша берілген. Бүкіл Шығыс Ескендір Зұлқарнайы (қос мүйізді) дейді. Абай Ескендірді Филипп баласы деп көрсетеді, батыстан алғандығын аңғартады. Әңгіменің негізі шығыстан алынған. Фирдауси „Шаһнамасында“ Ескендірді Филипп баласы демейді. Парсы патшасы Дараптың баласы деп жазады. Шығыс тарихшыларының, жазушыларының айтуы осылай. Абай Ескендірді өзіміздікімен шығыс ақындарындай өзіне тартпай Филипп баласы деп тарихи шындықты айтады. Абайдың ақындық мақсаты Ескендірді ғана көрсету емес, бақпен асқан патша омырау күш иесі болғанмен, оның бәрі адамгершіліктің, ақылдың қасында бағасы төмен екенін айтады. Шындық реализм тұрғысынан Абай Ескендір күшті патша болса да алып ақыл иесіне бас идіреді. Екеуін қатар қойғанда, кім артық дегенде ой иесін жоғары санап, қатал күшті жас патшаны ақыл таразысына жеңдіреді. Мұндай ой-танымның Абайдың 37-сөзінде афоризм ретінде „Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық“,— деп берілуі де жай нәрсе емес еді. Аристотель көздің сүйегімен байланысты сырды оймен тауып, адамның қанағатсыз қалпын танытады. Бұл — поэманы мазмұнымен үлкен адамгершіліктің қалпын көрсетеді. Аристотельді Низами да жырлаған. Абай поэмасы осы Низами поэмасының негізінде айтып, өзінше философиялық мағына-мазмұнға құрады.

„Әзім“ — „Мың бір түн“ әңгімесінің негізінен шыққан. Абайдың қойған мақсаты — жастың өмір соққысын көре тәлім-тәрбие алып өскенін көрсету.

„Вадим“ — Лермонтовтан алынған. Лермонтов оны жас кезінде жазған. Мұның негізінде Пугачев көтерілісі жатыр. Лермонтов үлкен тақырыпты жас кезінде Шиллердің „Разбойники“, Пушкиннің „Дубровскийінен“ алған сияқты. Бүкірді сипаттауының өзі романтикалық адамның қалпын көрсетеді. Өзгелерді суық, жат етіп сипаттау — романтикалық үлгі, сол үлгіні Абай да пайдаланады. Лермонтов үлкен қоғамдық тақырыпты аңызға айналдырған себебі бар. Өйткені Вадимнің арғы тегі дворян. Әділетсіздікті жойғанда өз басының тілегі сияқты көрсетеді. Аудармасын Абай ерте бітіреді. Абай жазған төрт поэманың даңқты болатын себебі, олардың тұтастығы бар, іштей терең байланысы бар болып келуінде жатыр. Және біткен поэмалар болғандықтан бұлары терең философиялық ойдың қорытындысы болып есептеледі. Абай шығыс пен батыстың рухани қазынасын қатар меңгергені шығармаларынан анық көрінеді. Абай екі мәдениеттің ана сүтін еміп өскендіктен, „Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім“ деген. Бұл поэмаларды жазғанда шығыстық мұсылман әлемінен алып, өзінің көзқарасына, эстетикалық сезіміне бағындырып жазады. Абай өмірінің ақырғы кезі 98 жылдан соң бұрынғы өмірден басқаша қалыпқа түседі. Өйткені сол жылы „Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?“ өлеңін жазады. Абай Мұқыр оқиғасынан келіп елдің дау-шарынан қол үзіп, жастарға үлгі, өсиет айтумен, шәкірттеріне әр тақырыпта әңгіме жазғызумен айналысады. Мағауияға „Медғат — Қасымды“, „Шамильді“ жыр еткізеді. Халықтың бұрынғы жырларын ақын шәкірттеріне қайтадан өңдеп жырлатады. Халыққа бірталай әңгімелер аударып, халық ортасында көп үлгі шашады. Ең талантты баласы Мағауия өлгеннен кейін Абай түсініксіз аурумен ауырады. Ол — ой ауруы болатын. Абай өзінің өлетінін біледі. Көп ұзамай, Мағауияның қырқын бергеннен кейін қайтыс болады. Абайдың қырқында Ақылбай өледі. Абайдың сүйегі Шыңғыс тауының жанында „Жидебай“ деген қорықта қойылды.

## 5. АБАЙТАНУДЫҢ АРНАУЛЫ КУРСЫ

Абай өмір сүрген дәуір — ол дәуірдің ерекшеліктері. Абайды да сол дәуір, қоғамдық жағдай туғызды. Абай 1845 жылы туды. Осы кездегі, алдыңғы кезеңдердегі ерекшеліктері қандай еді? Бұл кезде Қазақстан Россияға түгелдей қосылып біткен. Сондықтан осы мәселеге жауап беру үшін 30—50 жылдардағы бүкіл Қазақстанның жағдайын айту керек. Ол кездердегі халық көтерілістерінің (Исатай — Махамбет, Бекет) кейбіреулері нағыз халықтық форманы сақтап отырды. Дегенмен ол көтерілістер бұқаралық (крестьянский) жұмысшы күшіне сүйенбеген көтерілістер болып, жеңіліс тауып отырған жайы да болды.

Абай дүниеге, келгенде бұл мәселелер аяқталып біткен болатын, бірақ отарлау мәселесі әлі аяқталмаған еді. Орыс крестьяндары жер жетіспегендіктен, қайыршылықта болатын. Олар патша отаршылдары тарапынан Қазақстанға жіберіле бастайды. Солай ету арқылы Россия ішіндегі ереуіл, қайшылықтан құтылу мақсатын көздейді. Сонымен бірге патша үкіметі өзінің атқан оғы, шапқан қылышы казачестволары да қазақ жерлеріне, тек жақсы, шұрайлы жерлерге орналастырылған.

Қазақ сахарасын билеуде патша үкіметі түрлі әдістер қолданып отырды. Абай өмір сүре бастаған кезде Қазақстан ішкі Россияға сәйкес административтік жүйеге сай бөлінген еді. Алты облысқа (Семей, Жетісу, Торғай, Сырдария, Орал, Ақмола) бөлінген еді. Әр облыстың басында военный губернатор (жаңдарал) тұрған. Әр облыс бес-алты уезге бөлінген. Ал уезд болыстарға (волость) бөлінген. Бір уезде жиырма-жиырма бестен болыс болған. Ал әр болыс ауылнайға (старшинство) бөлінетін. Бір болыста мың я мың бес жүз үй болатын. Әр жүз үйден бір ауылнай сайланған. Болыстың басында (волостный управитель) болыс сайланып қойылатын. Ал болыстықтан жоғары әкімшілік қазаққа берілмеген. Болыс үш жылда бір сайланатын. Оларды халық емес, елубасылар (әр елу үйден бір адам) сайлайды. Осы елубасылардың тасын алу үшін, бүгін сайлама салып үш жыл бойы талас жүргізілетін. Бұл жағдайлар Абайдың өлеңінде сықақпен айтылып отырады. Сөйтіп, әкімшілікке ығи үстем шонжарлар сайланып отырған. Ал, облыстар үш генерал-губернаторларға бөлінді. Мәселен, Семей — Ақмола Омскі губернаторына қарады. Қазақтар осы генерал-губернаторларды „корпус“ деп атайтын. Уездный начальниктерде қазақтан тілмәштар болған.



Ал, болыста патшалықтың көзі, песір — (писерь) орыстан қойылатын. Әр болысты военный губернатор билеп отырған. Генерал Колпаковский сияқты олардың ішінде де күшті, айлаалы, шебер, батыл адамдар болған. Сондай генералдар Орынборда — Перовский, Черняев — Орта Азияны қаратқан. Бұлардың бәрі патша үкіметінің отарлау саясатын іске асырушы әкімдер еді. Бұл әкімдердің ішінде С. Щедриннің сынындағы, Гогольдің „городничилары“ әлде қайда көп болатын.

Бұл әкімшілік бұл өлкені сорып, сығып алуға бейімделген билеу аппараты еді. Ал, патшалық үкімет осы өлкенің қараңғылығына, ауыртпалығына жеңілдік әсер етті ме деген мәселеге келсек, бұл мәселе жөнінде олар түк істеген жоқ. Ол халық қараңғы болса бола берсін, алым, өнім берсе болады деп ескіліктің қаймағын бұзбады. Сөйтіп, патшалық Россия „халықтардың түрмесі“ болған Россия мейірімсіз, өгей үкімет болды. Бұл бірінші Россия еді.

Абай осы ерекшеліктерді реальный түрде көрсетеді. „Ойда ұлық ақырса, үйден үрген ит құсап“ болыстың шығуын, халықтың екі оттың арасында тұрғанын атап көрсетеді.

Екінші — Пушкин, Белинский, Чехов, Толстой, Плехановтардың Россиясы. Бұлар — азаттықты көксеген озық ой иелері. Бұл пікір Россияда ерте оянады. Мысалы, Радищевтың „Петербургтен Москваға саяхат“ кітабы, 1825 жылғы декабристер көтерілісі. Бұлардың ішінде Пушкиннің (Кюхелбеккер, Рылеев, Пестель, т. б.) достары болған. Пушкиннің „Сібірге хаты“, Лермонтовтың „На смерть поэта“ сияқты өлеңдерінде шындықтың үнін шығармайсыңдар, әділдікті түнекте, қыспақта ұстайсыңдар деп бастаған болатын. Содан бері қарай Гоголь, С. Щедриннің әжуа, ащы мазағы, Белинский, одан кейін Герцен, Россияда озат ойдың шыңы — Чернышевский, Добролюбов, алпысыншы-жетпісінші жылдардағы жұмысшы табының өсе бастаған кезі еді. Тоқсаныншы жылдардың ішінде социал-демократияның идеясы қалыптаса бастайды. 1895 жылдары патшалықты жою қажет екендігін ашып көрсете бастаған азат, озық ой иелері қалыптаса бастаған еді. Әрине, олардың өз уақытымен байланысты әр түрлі, өзіндік бөлек пікірлері болды.

Чернышевский — патшалықты құлату керек, „Крестьяндар балтасын қайрасын“ дейді. Әрине, ол қозғалысты крестьяндық қалпында ғана түсінді.

С. Щедрин сатира арқылы чиновниктердің образын ашып салды. Ал. Белинский, Добролюбов сияқты сыншылар сол жазушылардың ойын, қаламын үшкірлей түседі.

Ал, Абайды неге классик дейміз? Себебі Абай — әлі белгісіз, озық ойды айтып кетті. Дін, мұсылманшылыққа сын көзімен қарады.

„Намазды молда теріс оқыр  
Дағарадай болып сәлдесі...“.

Бұл жолдың түк бермейтінін Шоқан да, Ыбырай да ашық айтқан, толық түсінген. Міне, Абай осы екінші Россиядан жөн-жоба алған Абай болды. Абайдан бастап әдебиет басқа пікір, формамен сөйлейді. Абай:

„Я адвокат, я тлмаш  
болсам деген бәрінде ой“, —

дейді.

„Ойында жоқ олардың  
Салтыков пен Толстой“, —

деп сол Толстой мен Салтыков айтқан шен-шекпен не әперді, онда адамшылық жоқ деп көрсетеді. Абай әр өлеңді әлеуметтік акт деп түсінеді. Әкенің баласы болма, халықтың баласы бол деген үлкен гуманистік пікір айтады. Мұның бәрі сол кездегі Россияның озат пікір иелерінің үні еді.

Абай өзінен бұрынғы Шоқанмен де, Ыбыраймен де кездеспеген. Бірақ үшеуінің ізденуі, өмір жолы бір болып шығады.

Ал Шоқан Герценнің, Чернышевскийдің уақытында өмір сүрді. Сол кезде Орта Азия, Сібір елдерінің ішінде Шоқандай ойлы да озық пікір иесі болмаған. Ол сияқты ислам келешек орыс мәдениетіндей ештеме бермейді дегенді ешкім де айта алмаған.

Тағдыр, жазмыш деген ислам дінінің тарихи залалын Шоқан жек көреді, жиренеді. Міне, Шоқан осы пікірмен Шоқан болды. Веселовский, Ядринцев Шоқанды оқытқан оқытушысы, кітап баспасы болса халқының классик жазушысы болар еді дейді.

Ыбырайды алсақ, озық мәдениетке ұмтылды. Абайдың табиғат өлеңдері Ыбырай өлеңімен үндес. Себебі бұлардың үйренген мектебі, төркіні бір, еліктеу емес.

Орыс алфавитін пайдалануы, мектеп ашуы ғажап іс. Мәдениеттің кең өрісіне ие болған. Ол әрі жазушы, әрі педагог, әрі ұйымдастырушы. Өзбектегі Хамза тек 1914 жы-

лы ғана шыға бастайды. Абай осы Ыбырайға да иек сүйеп шығады. Абайдың орыс әдебиетімен байланысын тек аударғанына қарап белгілеу дұрыс емес.

Абайды, я әр ақынды тану өмірбаяны мен шығармаларын зерттеуден басталса керек. Абай өлеңі көзі тірісінде баспадан шыққан жоқ. 1909 жылы Петербургте Бораганский типографиясында араб алфавитімен бастырылып шығарған, туысы Кәкітай Абайдың қысқа өмірбаянын жариялады. Онда да салған жерден Кәкітай Абайды Абай еткен орыс „мектебі“ еді дейді. Кәкітай орысша жетік білген. Абайдың орысшаны қаншалық дәрежеде білгенін білмейміз, оны білу үшін аудармасына қараймыз. Кәкітай Абай мектебінен ғана білім алған. Абай оқығандарын тіпті ертегі етіп те айтып отырған. Кәкітай, Спенсер, Дерепер, Дарвин, т. б. оқыды деп жазылды. Абай шығармаларын бастырғанда, ол жинақтың кемшілігі де болды. Онда жіктеп берген, („Ой туралы“, „Өзі туралы“, „Ғашықтық туралы“) өте шартты түрде тақырыпқа күштеп бөлген. Абайдың „мені“ халық үшін айтылған „мен“ еді. Кейін осы жинақ Қазанда, Ташкентте басылды. Екінші таралу жолы — қолжазба, көшіру арқылы жүріп жатты. Көбінесе Абай мектебіндегі әнші ақындар арқылы тарады. Сол себепті де өлеңдеріне Абай ән шығарып отырған.

Кәкітай жинағындағы тағы бір елеулі кемшілік — осы ән арқылы тараған өлеңдерінің көбісін, әсіресе қарасөзін баспаға бермей қалады. Абайдың әркімнің атына, мініне арнап айтқан шығармалары, саналы әкелік күңіренуі („Әбдірахманға“) тіпті көп. Міне, осыларын „жеке басы“, „мендік“ өлең деп баспаға беруден тартынып қалған.

Бұл арнау өлеңдер ішінде Абайдың мәдениетті, күшті ақын екенін анық көрсететін түрлері бар. Мәселен, Абайдың „Баймағанбетке айтқаны“, „Дүтбайға“, „Көкбайға“ — мұның бәрі көршісі, құрбы-құрдасы.

Кейін, революциядан соң Абай шығармаларын үшінші рет Ташкент қаласында бастырды. Оған редактор болған адам өз дәрежесінде Абай тілін түсінбей, көп сөздерін себепсіз өзгерткен.

Абайды дұрыстап, зерттеу революциядан кейін ғана жолға қойылды. Мектептерде Абай оқытыла бастады.

1933 жылы Абайдың тұңғыш толық жинағы Қызылордада басылды.

Абай мұрасын жинап, ұлы ақын өмірбаянын жазуда Көкбайды ерекше атауға болады. Абай өз маңайындағы адамдармен салыстыра зерттеледі.

Революциядан бұрын Абай өлеңдері аздап орыс тілінде де шыға бастаған. Шығысты зерттеуші академик Веселовскийге арналған „Алшархият“ деп аталатын жинақта Абай туралы жазылып, өлеңдері орысша беріледі.

„Адамның кейбір кездері“ деген өлеңін Петербург студенті Н. Рамазанов аударған. „Жаз“ деген өлеңін орыс тіліне аударғанымен, нашар болып шыққан. Қазақ әдебиетінде Абай шығармаларын аударып жүрген жазушы Л. Соболев „Песня степей“ деген антологиялық кітапта Абай шығармаларын аударуда көп еңбек еткен адам.

1940 жылы „Песня и лирика“ деген жинағы жарық көрсе, жүз жылдық мерекесіне арналып орыс тілінде екінші рет шықты.

Ал, қазақ тілінде Абай туралы монография жазылмағанмен көптеген зерттеу, мақалалар жазылды. Әрине, уақытына қарай әрқайсысында қате пікірлер де болды. Абайды зерттеуде Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, С. Мұқанов, Б. Шалабаев, Б. Кенжебаев т. б. ғалымдар атсалысты.

Абайды жарыққа шығару жолында ұлтшыл-бойшыл ақындардың қате пікірлері де болған. Абайды халықтың Абайы етпей, тобықтының Абайы еткісі келгендер еді. Абай шығармаларының дәреже өрісі ақындық мәдениетінің бесігі орыс мәдениетін одан Абайша үлгі ала білу керек, ұмтылу керек деген танымды ескермей қалдырған тұстар да болған.

Пушкинді аударған Абай Татьяна әнін шығарып, саха-раға таратты. Лермонтов пен Крыловты танытты. Ал, Абайды қазір совет елінің бәрі біледі. Абай бүгінгі достықтың ұрығын сепкен адам. Ол сондықтан да құрметті. Абайды тану ғылымның негізі 1909 жылдан бастап қырық жыл бойы қалыптасып келеді.

Сонымен бірге Абай мұраларының сақталуына кепіл болған адамдар көп. Абай тек елу екі жасында ғана өлеңдерін жиыстырған. Абай өлеңдерін молдалар Ғабидхан, Кішкене молда, т. б. да жиыстырып жүрген. Осылардың ішінде ерекше еңбегі бар адам Бике-ұлы Мүрсейіт молда. Ол он алтыншы жылы қайтыс болды. Орысша егтеп білген адам. Абай сөзін керек еткендер Мүрсейітке заказ беріп отырған. Мүрсейіт сияқты Абай шығармаларын көшіруге Самарбай, Дайырбай молдалар да қызу атсалысқан. Сол кездегі қалыптаспаған емлеге байланысты көшірмеде кемшіліктер де кетіп отыруы. Мәселен, „Асау жүрек“ емес, „асау жүйрік“ болуын, тіпті

механический „тағыны жетіп қайырған“ сөзі „тағана жетіп қайырған“ деп айтылып жүрді.

Абай жинақтарын ұзатылған қыздар арнайы түрде көшіртіп әкетіп отырған. Мысалы, Әсия, Уәсила, т. б. қыздарға арналған жинақтар осыны көрсетеді.

Абайды екі жолмен зерттеуді қажет етеді. Бірінші — өмірі. Екіншісі — жазушылық қызметі. (Зерттеуші және роман жазумен М. Әуезовтің өзі айналысқаны жайында айтылып отыр).

Абайдың өмірімен „Абай“ романының ара айырмашылығы туралы:

Романдағы адам, жер, су аттарының тоқсан проценті өмірде болған шындықтан өзгертпей алынды. Олардың ішінде болмаған адам да бар. Мәселен, Дәркембай.

Ділдә 1924 жылы өлді, ол кісі Абайдың өзіне құда түсіп ұрын баруын айтқан еді.

Дәркембай — Абайдың кедей достарының жиынтығы. Ал, Абай, Ділдә арасындағы үй-ішілік қатынастар сол кезде тұрмыс (быт) халды айқындайды.

Сөйтіп тарихи роман тарихшыға қосымша тарихи материал да беріп отырады.

Абайдың ұзақ өмір бойына махаббат жыры үзілмеген. Бұған себеп оның құлай сүйген бір адамы болған. Оның бәрі романда Тоғжан басына жинақталып айтылды. Абай романындағы көп ойлар Абай өлеңдерінің терең мағынасына сәйкес, соның негізгі желісі болып отырады. Халықтағы нәрсенің бәрі халықтық бола бермейді. Халық ортасында үстем тап орнатқан танымдық желілер де бар.

Абай 1845 жылы 15 августте Семей облысы, Шыңғыс тауындағы Тобықты руынан шыққан. Тобықты ішінде Олжай, Олжайдан — Айдос, Қайдос, Жігітек.

Айдостан — Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай. Халықтың айтуынша Айдос момын, жасық, „шөккен түйеге міне алмайтын Айдос“ болған. Айдостың әйелі Айпара күш иесі, ақылды, көріпкел, ақындығы бар адам екен. Ырғызбай үлкен балуан, билікке араласқан адам. Жігітектің баласы Кеңгірбай осы Ырғызбайды баулыған. Кеңгірбай өте парақор адам болған.

„Қайырсыз болған жазыңнан,  
Қайырлы болған қыс артық.  
Пара жеген билерден,  
Қасқыр алған ит артық“, —

деген өлең де бар.

Кеңгірбай өлген соң батасын Ырғызбайға беріп кетеді. Ырғызбай ертерек өліп, баласы Өскенбай би болған. Өскенбай ұрлық мәселесімен көбірек шұғылданған. Найман мен осы Тобықты арасындағы тартыс туралы мәселелердің көбі осыған орай болған оқиғалар.

Құнанбай Өскенбайдың тірі кезінде-ақ атқа мінеді. Ел билеу мәселесіне араласады, найзагер, табанды жігіт болады. Құнанбай қатал істер жүргізген. Өскенбайға асты Көкшетауға әкеліп, көп ел ортасында береді. „Биекеңе кәде“ — Құнанбайдың баюына себеп болған. Өскенбайдың бес әйелі болған. Ірі феодал Құнанбай енді жерді көбейту мәселесіне кіріседі. Көрші керей, уақтарды ығыстыра бастайды. Енді келіп Тобықты ішінде Өскенбай тұқымының жерін көбейтеді. „Қарашоқы“ — Бөкеншінің жері еді. Құнанбай бір рудың жерін екінші руға әперіп, сапырылыстырып отырады. Құнанбай патша үкіметінің икемімен ғана билік алады. Бұл уақытқа шейін билік тек төре тұқымына ғана берілетін. Құнанбай Бөкей тұқымы. Құсбекті түсіріп „Қарадан шығып хан болған, айырдан туып нар болған“ — деп мадақтайды. Бұл мәселе Құнанбайдың беделін арттыра түседі. Құнанбай дуан, шаһарлардағы дін иелерімен таныс болып, Қарқаралыда мешіт салғызады. Сөйтіп, зорлығын байлықпен күшейтіп, беделімен бүркемелей бастайды. Осы жайға шыдамай Бөжей қарсы шығады. Бөжейді саба-туы рас. Кейін жігітек руынан көп адамды соттатып та отырған. Қарсылықты тұсап ұстап, матаумен қысып, айламен жеңіп отырған. Қолында әлеуетті күш болған. Құнанбайдың патшалық үкіметпен керісіп, қырбай болып жүрген кезі де болған... Жетпіс жас шамасында билікті балаларына әперіп, өзі Меккеге кетеді. Бұл — Арқа қазағынан бірінші барған адам еді. Үш жарым жыл жүріп қайтады. Мекеде „Тақия“ деген үй салдырады. Ол — Мекеге барушылар жататын үй. Құнанбайдың атақ-даңқын осы мәселе көтере түседі. Осы жайлар Құнанбайдың қаталдығын да бүркеп қалып, ел көзінен тасалап отырған десе болғандай. (Мұқаң 1924 жылы ЛГУ-ден ауылға келіп „Қарашоқыда“ Қодар туралы әңгімеге қанығады. Жер Борсақ пен Бекенші руының жері екен — құрастырушы).

Құнанбайдың төрт әйелі болған. Күңке (Құдайберді), Ұлжан (Тәкежан, Абай, Ысқақ, Оспан), Айғыз, Нұрғаным. Абай Ұлжан мен Зеренің қолында болған. Зере адамгершілігі күшті, ел анасы болған адам. Романдағы Абайдың үшкіруі рас. Ұлжан өте дана (Қаракесек, Бертис руындағы Шаншар) Шаншар руынан шыққан. Шаншар юморист ел

болған. Құнанбай үй семьясында да өте қатал болған. Ұлжан күндестіктің өзіне де еш назар бермеген. Ел анасы болған.

14 март 1950 жыл.

Абай алғашқы кезде Ғабидханнан ескіше сабақ алып, кейін Шаһарда Ахметриза дегеннің медресесінде оқиды. Мешіті жанында болған. Медреседе оқу тек діни ғана оқу, бір құдайды тану „ғылымы“ ғана жүргізілетін. Бұл оқу тек араб тілінде ғана оқытылып, он бес — жиырма жыл отырып барып „молла“ болып шығатын. Олар дүние тарихынан ештеме білмейтін.

Татардың мұсылманша оқып жүріп сыншы болған Шаһабуддин Маржани шығармаларын Абай көп оқыған. Ол дін кіндігі — Бұхарда оқыған халдарын жазады. Осы медреседе Низами, Науаи, Ходжа Хафиз, Фирдауси шығармалары да оқытылатын. Міне, Абай да осындай медреседе білім алған. Бірақ Абай аса зейінді шәкірт болған себепті, үш жарым жылдай медреседе болған кезінде өз жасына лайықтап ерекше білім алып үлгереді. Абай үш айдай приходский школға қатысып алда орысша оқуды мақсат етеді. Бірақ Құнанбай ел билеуде қанат, құйрықты керек етіп, Абайды ел билеу ісіне араластырмақшы болады. Құнанбай Абайды біреуге сәлем айту, бұйрығын жеткізу істеріне араластырады. Абай арыз иелерімен, ел басыларымен, шешендерімен араласады, ел шешендігі өзінің алған білімі, ізденулері Абайға күшті әсер береді. Өлең жазуға талаптанады. „Білдім“ дегендермен шекіскім келіп тұрады дейді екен жасында Шорманов Мұса баласының аты Сәдуақас дегенде, Сағды Уа-қас екі кісінің аты ғой деп күлген, немесе Алшынбайдың еліне барғанда Алшынбай қалағанын бермей, батамды алсын дегенде, ондай батасын сатқан шал үйде де бар деп, батасын алмай кетеді. Қаратай мен Заман жөнінде таласқанда, олар заманымыз пайғамбар заманына жақын дегенде, пайғамбарға жақын Абуғалиф (күйеуі) ол кәпір еді деген сияқты дау болып Абай жеңіп отыратын. Осы кездердегі қателіктерін Абай кейін өлеңінде қатты сынап көрсетіп отырған. Ол кезде Абай отырықшылық бүкіл халық қолы жетпей отырған мәдениет мәселелерін ойлай алмаған, білім дәрежесі жетпеген. Абайдың жас кезіндегі өлеңдерінің көбі жоғалып кеткен. Абай тобықтының бір руы Қоңырқөкшеде болыс болған. Басқа елдің адамы деп, ескі болысты жақтап, Абайды болыстықтан түсіру үшін, тіпті ұшан-теңіз арыздар берілген. Лосовский деген тексере келіп, Ибраһим Құна-

нбаев болыс болып жүрген қазақтың ішіндегі ең әділі деген шешімге келеді.

Абай ерте үйленген. Он алты жасында Ақылбай туады. Әкімбай, Әбдірахман, Мағауия деген ұлдары, Кұлбадам деген қызы болған. Абай өз бетімен үнемі үзбей оқи береді. Ділдә балаларының анасы ғана еді. Кейін Абай кедей аулының қызы Әйгерімге үйленеді. Абай енді кітапханамен үнемі байланысып, еліне әкетіп үзбей оқумен айналысады. Осы кезде патшалықтың қысымы күшейген кезі еді. Сібір патшалықтың жаза шегетін орнына айналған тұсы еді. Омск, Семейде Дуров, Достоевский петрашевшілдер болған. Соның бірі — Евгений Петрович Михаэлис еді. Михаэлистің апасы „азаматтық жазада“ Чернышевскийдің аяғына „халқыңнан“ деп гүл шоғын тастайды. Міне, Михаэлис осы семьядан шыққан. Михаэлисті Петрозаводскийде тұтқында ұстайды (Михаэлис досдасымен бірге Николайға жазған арызына сия тамып кеткені үшін, бұл жасап отырғаны әдейі қарсылық деп, онан әрі айдатып жіберген). Михаэлис Абайдың оқуын жүйеге түсіреді. Абайдың Со-крат, Аристотельді оқығаны (қарасөзінен), Гете, Байронды білгені (өлеңінен) байқалады. Спиноза, Спенсер, әсіресе Дрепердің „Европаның есею тарихы“ деген философиялық еңбектерімен де оқып танысқан. Тіпті Дарвинді де білген (Көкбайдың айтуынша). Абай ислам дініне қарсы болмаған, бірақ оны таратушы фанатик те емес. Көкбай — әттегене-ай! Будда дінін кеш білдім-ау. Әйтпесе соны оқыр едім дейді екен. Өйткені онда кітап көп, философия көп, әр тарапты. Абай осы діндерді салыстырып отырған.

Аз уақытта Абай ұлықтықтың әперген „ұшпағын“ көреді. Одан безеді. Бірақ ел ішінде, халық ортасында беделі арта түседі. Ел ішіндегі қиыншылықта қатты қиналады. Отыз бес-қырық жасынан бастап, Абай ақындықтың ісіне түгелдей ауысады. Бұл кезде жаңа, озық орыс мәдениетін меңгеріп алған кезі еді. Бірақ, Абай ел ісіне араласпай отыра алмайды. Абайды теңдік тілеген халық араластырады. Абайдың халықтан досы, атқа мінерлерден алакөз жаулары көбейеді. Бұлар қанаттасып Абайға қатты қарсылықтың шетін шығара бастайды, соған қарамастан халық Абайға келіп жүтінгенде, оларға Ырғызбай тұқымын жығып беріп отырған. Бұл мәселе Абайды көтереді, бүкіл Қарқаралы уезіне беделі асады. Үлкен шербешнай съездерде халық Абайды төбе би етіп сайлап отырған. Қаратөбе съезінде Абай 92 пунктпен заң жазған. Халық бірін де өзгертпей қабылдаған. Әйел мәселесінде



әмеңгерлікке түс келген әйелді өзі қаламаса, оны қайта са-  
туына тиым салған. Міне, бұл жағдай Абайдың беделін арт-  
тырады.

Әбдірахман Түменге, кейін Петербургке оқуға жіберіледі. Абай маңайына жаңа топ (Ақылбай, Кәкітай, Мағауия) ұйымдаса бастайды. Басқа жерлерден көп адамдар келіп, Абайдан үлгі алып, өлеңін көшіріп әкетіп жатады. Осы жайлар кейін Оразбай, Жиренше тәрізді күншіл, көре алмас дүрдараздықты тудырады. Осылар бірігіп 1897 ж. бір сайлауда жас, болыс болам деген Әбен дегенді азғырып, Абайға қастандық жасауға жұмсайды. Олар Абайды соққыға жығып өлтірмекші болған. Кәкітай секілді жолдастары Абайдың үстіне жығылып, оязға хабар беріп, әзер аман алып қалады.

*20 апрель 1950 жыл.*

Абайдың бұл жаулары — есе бермей, зорлықпен байып алған зорлар, жуандар болатын. Әзімбайдың соншалықты Абайға қарсылығы өмір бойы Тәкежаннан келе жатқан араздық еді. Оспан Абайды жақтайды, олардың қарсылығын Абайға жібермей өзі көтеріп отырған. Бір-ақ жыл болыс болғанда, Оразбайдың ауылына съезд құрмақшы боп барғанда Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан оны қуып барып, арбаға таңып алып келеді. Енді Оразбайдың өшпенділігі күшейе түседі. Осы кезде Оспан өліп, бар жаулық Абайға қарап қалады. Оспанда бала жоқ. Тәкежан Оспанның мүлкіне талас шығарады. Оспанның үлкен әйелі Еркежаңды алмақшы, бұл Еркежан Тәкежанға тимейді. Еркежан Абайдың немерелері Ақылбайдың Әубәкір, Пәкизат деген балаларын асырап алған еді. Осы кезде Тәкежан Оразбайдың бесіктегі баласына құда түседі.

1895 ж.

„Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қыласын, шен алсын деп  
бермедім”, —

деген баласы Алматыда қайтыс болады. „Жаңалықтың басшысы ол, мен ескінің арты едім”, — деп толып жатқан әкелік тұрғыдағы ой-пікірін айтады. Әбдірахманның соңынан әйелі Мағрифа қайтыс болады.

Абайдың маңайында ақын шәкірттері ғана қалады. Михаэлис, Долгополовтар Семейден басқа жаққа жіберіледі. Қалың ел Абайды жазалаушыларға қатты наразылық білдіреді. Міне, осындай кезде орысша оқыған, ақын

„Медғат — Қасым“, „Шамиль“ поэмаларының авторы Мағауия ауырып, 1904 жылы көктемде қайтыс болады. Осы хал, бірінен соң бірі сүйенішінен айырылуы, еңбегінен еш нәрсе көзге көрінбеуі Абайды сындырады. Мағауияның қырқын берген күні Абай қайтыс болады. Ақын баласы Ақылбай Абайдың қырқын (Семейде) берген күні түнде қайтыс болады.

Байлық, барлық жағын Абай есіне де алмаған. „Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ“,— дейді. Бұдан халықтың ұлы болғанын аңғару керек. Абайдың қайғыруы тек қарабасының „мені“ емес, дәуірінің, халқының қайғысы, Абайдың қайғысы.

**Абай шығармалары.** Абай шығармалары туралы көп зерттеулер бар. Әр тақырыпты болуы да заңды. Өйткені, Абай шығармалары жан-жақты, өте көп. Сан жағынан басқа классиктерден аз. Ал сапа жағы жеткілікті. Бірақ осылай кесіп, бөліп тексеру керек емес. Шығармаларын өсу жағынан, жылма-жыл, тұтас, эволюциялық жолын аша тексеру керек.

Әуелі Абайдың алғашқы тәжірибесіне, ортасына байланысты алғашқы өлеңдері қандай еді?

1858 ж. медреседегі өлеңінде нені көрсетті? Мұнда Абайдан шығыстың, түркі тілінің әсерін көреміз. Бұл өлеңі еліктеуден басталады. Мұнда тілімен бірге мазмұны, теңеулері де түгел ұқсас. Шығыс ақындарының өте асыра әсерлеуі бар („қасың садақ, кірпігің жақ“ деп келуі немесе „Иузи-рәушан, көзи-гәуһар“). Бір кезде осылай еліктеген Абай, кейін „Бізде жоқ алтын иек сарала қыз“ деп қатты соққы береді. Шығыс ақындарында сол айтып отырған сұлуынан артық ештеме жоқ болып көрсетіледі. Шығыс ақындары осы „Қас пен кірпiкті“ тіпті көп жырлайтын, Абай да „Қасың құдірет, қолы шигә“ дейді. Құдіреттің қолымен істелген дейді. Кейін Абай кімге еліктегенін бір ауыз өлеңмен айтып береді:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,  
Науаи, Сағди, Фердауси,  
Хожа Хафиз — бу һәммәси  
Мәдет бер шағири фәрияд.

Солардан медет тілейді. Медреседен кеткенмен оқудан қол үзбейді, сол шығыс ақындарын оқып жүріп, 1864 жылы „Әліп би“ өлеңін жазады. Сөзінің көбі, лексикасы түркі тілдерімен келіп жатады. Абай шығыстың тәңіріне, ұжмағына бармайды. Өлеңді жер қызы, жер ұлына жазып отыр. Бұл — іздену, үйренудің балалық, алғашқы түрі.

Абай еліктегенде Хожа Ахмет Яссауиді айтпайды. Еліктеп отырғаны әр елдің классик ақындары. Осы кезде Абайдың ізденіп, түртіне бастағанын байқаймыз. Түртініп жүріп, шақпа, мысқыл, қалжың өлең айта бастайды. Бұл Абайдың бір ерекшелігі. Мысалы „Абралыға“ деген өлеңі бар. Абралы Абайға құрдас, бірде дос, бірде жау болып жүрген адам. Бұл жерде Абай түзетемін дей отырып, діңді сайқы мазақ етеді. Осы кезде Абайдың іздене келіп, ойланып қалған, аңғарған кезін көрсететін өлеңі „Сап-сап, көңілім, сап көңілім“. Мұнда еліктеу жоқ, өз жолын аңғара бастаған. „Мен“ деп бастағанымен барлық құрбы-досына арнайды. „Сап-сап көңілім“ деген шумақ қайта оралып басталуы бір ерекше, өзінен бұрынғы үлгіде жоқ. Өмір бойы бір адамды сүю сарыны қатар жүріп отырады. Аяғы барып „сүйсіне алмадым, сүймедім“ деген қысқа өлеңімен бітеді (осы өлеңін оқып, талдап өту керек). Осы өлеңнің тұсында Абайдың жазған өлеңдері көп болған. Бұған себеп 1882 жылы жазған „Қан сонарда бүркітші шығады аңға“ деген өте көркем, терең сезімді өлеңі дәлел. Бұл тақырып дүние жүзіндегі әдебиет тақырыптарында көрінбеген. Абай осы аңшылық өнерді өте сезінген, өзі көріп жүрген жайлар.

*21 апрель 1950 жыл.*

Осы кезде Абай батыс, орыс әдебиетін біле ме? деген сұрауға жоғарғы өлеңнің жүйесіне, суреттеуіне қарай отырып, „біледі“ деп жауап береміз. Бұл өлеңде өмірден аулақ бір жол жоқ, пейзаж қазақтың пейзажы. Сөйтіп, орыс мәдениетін бойына сіңірген мәдениетті Абай болып келеді. Реалистік Пушкиннен үлгі алғанын көреміз. Осы кездегі Лермонтовтан „Бородино“ өлеңінің аудармасы да Абайдың оқи бастаған әдебиетін көрсетеді. Лермонтовтың аудармасы (Гете, Байроннан) туралы Белинскийдің айтқаны... Абай да сол сияқты аудармаларына өз көңіл күйін қосып жіберіп отырған.

1884 жылы эстетикалық тұрғыдан қазақ қызының сыйпатын жазған „Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы“ деген өлеңін жазады. Бұл өлеңде ептеп тақырыбынан шығып кету бар. Өйткені, бұл жерде жігіттің кірісуі артық. Бұл суреттеуде ішкі психика, жүрек сезімі ашылмаған, сыртқы пішіні айтылып қана қояды. Өлеңде тек формасын алуы, „аттың сыны“ сияқты бас жағынан бастауы механикалық әдістің бар екенін көрсетеді. Кейінгі өлеңдерінде бұл жай жоқ. Ақындық шеберлігі бар, идеясы қалыптаспаған.

Абайдың өмірлік программасы, жаңа Абай екенін көрсететін өлеңі 1885 жылғы „Жасымда ғылым бар деп ескермедім“ деген өлеңі, ұлы ақынның өкініші. Мұнда үлгілі, жемісті өкініш айтылады. Кейінгілерге үлгі ретінде айтылады. Бұл сол замандағы барлық саналы ата-ананың өкініші еді.

„Бұл мақрұм қалмағыма кім жазалы?“ дейді. Бұл „мақрұм“ қалған Абай сол кезде Пушкин, Лермонтов, Толстой, С. Щедрин, Крылов т. б. біледі. Сонда да білген сайынғы білімге қомағайлықты көрсетеді. „Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім“ дегенде дін медресе емес, басқа оқу жүйесін айтады. Шен алуды Абай сол 1885 жылы-ақ жек көрген, патшаға қызмет етіп, „жанбай жатып сөнуден“ сырт тұрады.

1886 жылы Абай ақындық жолға біржолата құлай беріліп, үлкен-кішілі 18 өлең жазған. Бұл жылда программды үлкен өрісті ақындық жеміс беру кезеңі көрінеді. Бар буын түгел қамтылады. Әуелі ата-аналар болып, кейін жігіттерге арнайды. Енді „Интернатта оқып жүр“ деп балаларға оралады. Өлеңді қоғам тіршілігін көрсететін құрал екенін түсінеді. Абай мораль тәрбиесімен қауымды түзеуге болады деп түсінген. Бұл Маркстен бұрынғы ойшылдардың түсінігі еді. Осы 1886 жылы Абай халқымды түзеймін деп кіріседі, әрі келешек Абайдың әр жақтылығы көрініп қалады. „Жаз“ деген пейзажды өлеңін жазады. 1886 жылғы өлеңдерінен Абай үлкен, жан-жақты ақын екенін көреміз.

„Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек“ (талдап өту, идеялық жағынан) еңбек иелерін жан-жақты сору, еңбексіз көзін сатушылық көрсетіледі. Ел ішіндегі әкімдерді, „бас-басына би болған өңкей қыйқымдарды“ әшкерелейді. Осылай айта отырып, кей өлеңдерінде „момын байлар“ бар, олардың ісі жөндеу дегенді де айтып кетеді, бұл қайшылық, байдың бәрі қанаушы. Атқа мінерлерді түйрей отырып, бұларға да әкімдер зорлық етті дегенді, „Адасқанның алды жөн, арты соқпақ“ деген өлеңінде де айтады. Бұл өлең қошеметшілерге арналған. Еріншектіктің, жалқаулықтың кейінгі қатты залалын ескертеді. „Бір асым ет, бір аяқ қымыздың құлы“ болма дейді. Жастарға арнаған өлеңінде („Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат“) достықты, еңбекті, талапты көрсетеді. Азған жастарды да айтады. Осы жылғы өлеңдерінің ішіндегі ең бір программды өлеңі „Ғылым таппай мақтанба“ (талдап өту керек). „Ақсақал айтты, бай айтты“ деме, өз

ақылыңа сал, соған сен дейді. Осы кезде „Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ“ деген өлеңі жазылады. Абайдың аты — бәйгенің аты. Сол кездегі жайды жақсы білгендігі көріңді, әсіресе малдың ерекшеліктерін жақсы білуі (С. М. Буденный „сайгүлік тұлпар ат болу үшін ол еркек, әйел, тұлкі, есек, қояннан үш-үштен жақсы сыйпат алу керек“, — дейді)<sup>1</sup>.

*25 апрель 1950 жыл*

Бұл кездегі Абай орысша сөздерді де қоса береді. „Интернатта оқып жүр“ деген өлеңінде түрді мазмұнына бағындырып отырады. Бұл интернат Ыбырай ұйымдастырған интернат еді. Әрине, алғашқыларының көбі тілмәш, чиновник болып шыққан. Басында балаларды зорлықпен, еріксіз жіберіп те отырған. Олардың оқу арқасындағы жеткендігін көрген ата-аналар балаларын жібере бастайды, олардың көбінің тілеуі „чен, шекпен“, „прощение“ жазуға ғана арналған екенін Абай ашады, жас буындардың алдына үлкен талап ұсынады.

„...орыс теріс айтпайды, жаман бол деп оларды“ деп „орыс“ сөзін Абай халықтық ұғыммен ұғынады. Орыс адам бол деп тәрбиелейді, бұзықтықты өзі ойлайды, өзің үйретесің дейді.

Салтыков пен Толстой дегенде солардай ақын бол дегені емес, чен құмар болып отырған чиновник, адвокатты солар қалай көрсеткен, соны көрсеңші дейді. Чиновник, адвокат сол кездегі ең жексұрын, зұлым адамдар ғой, ал сен солардай болуға неге құмарсың дейді Абай. Орысша сөзді сол жастарға, орысша білетін жастарға арнай айтып отырғандықтан қолданады. Қоғамды шеттеме „Кореннойға кір“ (дүпке жегіл) дейді. Чиновник, оязға қызмет еткеннен гөрі байға қызмет ет, бұл жерде залалың халқыңа аз тиеді дейді. Әрине, бұл жақсылық демеуді, жамандықтың да жеңілдеу түрі дейді.

Осы жылдағы тағы бір көрнекті өлеңі „Өкінішті көп өмір кеткен өтіп“ деген өлеңі. Мұның мәні бар. Алғашқысында жасыдым, түңілдім деп келеді. Жол, бет алысын ашу қиыншылықтарын айтады. Келешек айдың көлдей көрініп еді, ол кіршіксіз кезімде екен дей келе, келешекке сенеді. Оптимистік пікірі көрінеді.

1887 жылы өлеңдерінде өте күшті орын алатын „Өлең сөздің патшасы“ деген өлең туралы жазған өлеңі. Ескі

---

<sup>1</sup> Еркектің: төзімді, күшті, ер көңілділігін; қылықты, көзі ойнақы, қазомыраулығын; есектің: тұяғын, етсіз басын, белін т. б. алу.

ақындарда бұл тақырып жоқ еді. Өлең бір кісінің қолында ғана емес, халықтың құралы дейді. Алғашқы бір шумағы эстетикалық көзқарас. Абай сол кезге шейін болып келген әдебиеттік тартыстарды құптамағандықтан, шортанбайлықты, әубәкірлікті сынамасына болмайтын еді. Сондықтан айтушы да, тыңдаушысы да надан болған деп қатты сынайды. Енді бағалы сөз қандай дәрежеде болады дегенге Абай орыс классиктерін бірден ұсынбайды, халық, сол сана дәрежесіне сай аят, хадис ішінде де өлең бар. (Ал өлеңді дінмен дәрежелемесе де болатын еді. Қайшылық, бірақ оқушысын еске алған). Ол кезде орыс ақындарының ішінде Фет, Тютчев сияқты байшыл ақындары да болған. Абай бұларға еш бет бұрмайды. Белинскийден басталып Чернышевский, Добролюбовтармен жалғасып келе жатқан ұлы сыншыл эстетикадан үйренеді. Қошаметші ақындар бұрын көп болған, соларды қатты сынайды. Сонымен бірге қызықты, қыздырмалы өлеңді айтпаймын, өйткені ол ермек үшін болып кетеді дейді. Осыдан кейін Абай өлеңге оралып келіп отырады. „Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел“ деп өлең сөздің мәнін көрсетеді. Осымен бірге осы жолы басқа тақырыптарға да жазды. „Көжекбайға“ деген өлеңінде ел билеушілердің зұлымдық кейпін береді. Көжекбай — сан Көжекбайдың жиынтығы. Абайдың кейбір өлең жолдары афоризм болып кеткен, мысалы, „Жаман дос көлеңке“, („Жат айбынар ісі жоқ, жау айдынар күші жоқ“).

1888 жылыға өлеңдері. Мұнда да ақыңдыққа, поэзияға көзқарасын айтады. Енді өлең сөзді халықтың өмірімен тығыз байланысты екенін айтып түсіндіреді, өлең сөздің дәрежесін көтере түспекші. „Біреудің кісісі өлсе қаралы ол“ деген өлеңі. Әдеттерді айта келіп, қорытынды жасайды. Дүниеге өлеңмен шығарып салынасың дейді. Өлең қадірін кетірушілерді танып, тауып түйрейді. „Шортанбай, Дулат, Бұхар жырауларға“ Абай қарсы жолда. Сондықтан Абайға бұлардың өлеңінің мәнінде еш жаңалық жоқ, ескі пікірді қайталау ғана екенін, ескіліктің тозығын жамап, құрау екенін ашуға керек болады. Енді Абай өз мақсатын айтады. Бұл әлеуметтік ойлар болса Абай табиғатқа да бет бұрып отырады. Осы жылы „Қыс“ деген өлеңін жазады. Жырлауы мәдениетті, үлгілі ақын дәстүрі. Абай қысты тірі „ақ киімді, денелі шал“ етіп суреттейді. Бұдан әрі қырдағы қыстың тіршілікке әсерін суреттеп кетеді, еңбек адамдарын суреттейді. Еңбексіздерді өмір тіршілігінен тыс қалдырады. Бұл өнімді, айқын түрдегі реалистік әдіс.

Осындай өлеңдердің қатарында мысқыл-сықақ өлеңдері де өсе береді. „Күлембайға“ деген өлеңіндегі кейіпкер — жағымпаз екі жүзді айнығыш адам. Мұнда қара халықтан шықты дегені емес, ел ішіндегі пысықай, билікқұмар сасық пиғылды таңбалайды. Осы орында да тұра алмайтын табансыз құбылмалы жансыз дейді.

*28 апрель 1950 жыл*

1889 жыл — Абайдың түр жағынан жаңалықтар берген жемісті (мыс. Пушкиндегі өмірі) жылы. Мазмұны жағынан да алуан ойлы, терең сырлы. „Ішім өлген, сыртым сау“ өлеңдеріндегі Абайдың „мені“ халықтық жалпылық Мен. „Әсетке“, „Болыс болдым, мінекей“, „Сегіз аяқ“ сияқты үлкен толғау өлеңдерін жазады. Осы жылы Пушкинге тек оқушы түрде емес, Пушкиндей ойшыл болып барып, кіргенін көреміз. Осы жылғы шығармаларында Абай үлкен сыншы, реалист, эстетик, терең ойшыл, орыс классиктерін терең меңгерген мәдениет иесіндегі Абай тұлғасы көрінеді.

„Күлембайға“ деген өлеңінде қулық, сұмдықпен болысты көрсетеді. Соның ғажап, терең психологиясын берген (өлеңді оқып, талдап өту). Олардың момын-тынышқа (халыққа) істеп отырған істерін өз сөздерімен береді, монолог сөзімен өзіне мойындатады (бұлар — „Ревизордағы“ городничный). Бұл — Абайдың мінез арқылы түзеймін деген программасының арнасында келе жатқан тақырып.

„Сегіз аяқ“ (сегіз жолды) сол уақытта орыс, батыс әдебиетінде болмаған жаңалық. Мұнда көп нәрсені айтады. Әрбір шумағы бір түйінді пікірге айналып отырады (өлеңді оқып отырып, талдау керек). Абайда „Жалғыздың үні“ ең алғаш осы өлеңінде айтылады. Бұл жалғыздық, дарашылдық емес. Заманынан ерте туған, озық ойлы жалғыздық трагедиясы. Міне, осы жайды тереңдете жазады. Абай „атадан алтау, анадан төртеу“ деп қара басқа байланысты жалғыздықты айтпайды (Лермонтов туралы Белинскийдің айтқанын еске алу керек). „Моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным“ дегені азаматтық ойдың қорытындысы. Тағы өлең туралы айтады, бұрынғы пікірін тереңдете түседі. „Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін“ дейді. Өлеңді „Әзірет әлі, айдаһарсыз“ жазып отырғанын, өткен шығыстық жалған образдарын „алтын иек, сарыала қызды“ айтпаймын дейді. Ол жансыз сурет, еш реалистік ішкі әдемілік жоқ екенін айтады. „Сарыала“ деудің өзі (сарыала етек) өте қатты шенеу. Кәрілікті күні

бұрын айту, жамандау не керек дейді. Осыларды айта келіп жақсы, дана болу үшін не керек дегенге тоқталады. „Ақыл, қайрат, жылы жүрек“ бір адамның ішінен табылса, бұл — гармоническая личность. Бұл ертеден келе жатқан философ ой иелерінің пікірлері еді.

Енді сұлулық, ғашықтық туралы жырына келейік. „Қор болды жанымда“ шығыстық сарын бар. Махаббатты тағдыры жіберген болады. „Тағдыр“, „пәнде“ деген сөздіктерін алады. Махаббатты соларша бір айтқысы келеді. Реалистік жолмен айтып, тіпті басқаша жырлап кетіп отырады. Қиыстырып мақтайсыз“, „Сен мені не етесің“ деген өлеңдерінде ескі 7—8 я 11 буыңды 4 жолда өлең шеңберіне симайды. Осы жаңа түрін тез тарату үшін композиторлық қабілетін де қолданады. Жастық, махаббаттық кезеңнен асып кетіп, қайта соққан Абай әр формаға бір түсіп шығады. Кейін орыс классиктерінен үйреніп жазған „Ауылдың маңы терең сай“ өлеңі тіпті басқаша. „Шоқпардай арқасында өрген бұрым“ өлеңінде де айтуға, соншама ашуға керек емес, нәпсі жайы да сезіліп тұрады. Жігітке атасына, тегіне қарап емес, сүйіп алуың керек деп адамдық, теңдік правоны қорғайды..

**Абайдың Пушкинге баруы.** „Евгений Онегинді“ аударуында Пушкиннен мағынасы да өзгеше (мысалы, аяғында бітіруі). Абайда Татьяна хат жазады. Хат Пушкинде біреуақ. Татьяна хатына Онегин ойланады. Пушкинде Онегин жауапты ауызша айтады. Ал, Абай хат арқылы береді. Пушкин Онегинді мысқыл етіп отырады. Татьяна Онегин кеткен соң ізін байқайды. Оқыған кітаптарын тексере оқып келіп, Татьяна „Чайльда Гарольдтың шапанын жамылған Москвич“ екенін біледі. Ол үлкен емес, нашар, ұсақ Онегинді көреді.

Үлкен топтың ортасында көріп Онегин қайта сүйдім дейді. Пушкин Татьянасы Онегинді шыңдықпен бетке соғады. Абай бұл жерін нәзіктікпен келтірген (орысша, қазақша екеуін салыстыру арқылы айту). Абай кейде Татьянаға қазақ сөзін де айтқызады. („Қаймақ еді көңілімде“). Аударма дәл аударған емес. Себебі шығыста назира дәстүрі (перепеп, қайта жырлау) болған. „Ләйлі — Мәжнүн“, „Зылиха — Жүсіп“, „Ескендір“ қайталап жырлаулар. Абай осы үлгідегі біраз дәстүрмен еркіндікті қолдаған.

Екінші, үлгілі ғашықтықты үлгі етіп отырғандықтан, Татьяна мен Онегинді де үлгі етіп ұсынады. (Белинскийдің Татьяна мен Онегин туралы айтқаны). Абай опалы жігітті ұсынады, өкініш ашады.

4 май 1950 ж.



1890—92 жылғы өлеңдері.

1891 ж. Абайдың жақын серігі Оспан қайтыс болады. Бұл жылдары Абай көп жазған емес. Аз жазғанмен терең мағыналы, толық мәнді болып отырады. „Бай сейілді, бір бейілді“ деген өлеңінде Абай „өз малын“ бағып отырған „момын бай“ бар деп ойлайды.

Түр жағынан жаңа, шебер шыққан өлеңі — „Келдік талай жерге енді“. Мазмұны бай, қиын үйлескен ұйқаспен келіп отырады. Тағы бір өлеңі — „Өзгеге көңілім тоярсың“.

Табиғат жайындағы өлеңі („Жазғытұры“). Табиғат тек табиғат түрінде алынбайды. Табиғат жырлауындағы реалистік бағытымен жүріп, табиғаттың адам, дүние тіршілігіне тиетін әсері айтылады. Алтынсарин үлгісіне жақын келіп отырса да осы өлеңде мифтік, натуралистік пікір көрініп қалады. „Күн — күйеу, жер — қалыңдық“ деп келеді. Өлеңнің аяғын нақты, күнді батырып барып тоқтатады. Пікір нақты, дәлірек етіліп айтылса да, сезімшіл, әсерлі болып отырады. Күн мен жерді біріне бірін ғашық ету ескі мифтік ойдан шыққан.

„Ақылбайға“ деген өлеңі. Ақылбай Нұрғанымның қолында ерке, бұла болып өскен. Бірақ, өте талантты адам болған. „Жарақ“, „Зұлыс“, „Дағыстан“ поэмаларын жазған. Соңғы поэмасы сақталып қалған. Бұл „Ақылбайға“ деген өлеңнің әні де болған. Ұйқасы өте қызық болып келіп отырады. Ақылбайдың таланты өте кеш дамыған. Сондықтан жұртты қатты сынап отырған Абай сол сынды туыстарына, баласы Ақылбайға да қолданған. „Өзінен басқа ойы жоқ“ деген өлеңінде надандықтың әсері айтылады. Тәуірмін деп жүргендердің өзін қатты сынайды. Абай хат білетіндердің бәрі надан емес дегендерге қарсы. Наданның үлкені елді оқытумен айналысатын молдалар дейді. Тағы бір өлеңінде мораль мәселесін айтады: „Достыққа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол!“ — дейді. 1891 ж. Абайдың өмір бойы қайталанып келе жатқан тақырыбы ғашықтық туралы жазған екі өлеңін айтуға болады.

Абай бұл кезде жастарға көп көңіл аударған. Оларға оқу, өнер, адамгершілік мәселесімен қатар, махаббат мәселесін бірге айтады. Семьяны, бақытты, сүйіскен жарларды, шын сезімді махаббаттың күшін айтады... Мұнда да әйел үлкен ой, терең сезім иесі, тең праволы болып суреттеледі. Шын ғашықтықты таза көңіл, асқан ынтамен зарықтыра жырлайды. Арналған әдемі әні бар. Өзінің қауым надандығына ызалы өлеңдерін қарсы жұмсайды. Өзге жақсы жұрттан ұяламын дейді. Өзі халқының ары

есебінде жұмсалып кететін де жері болады. Осы кезде ел билеушілердің бірнеше бейнелерін береді. Мекеге бару деген тіпті негізгі парыз емес деп молдаларды Абай қатты сынаған.

1893 ж. өлеңіндегі жақсы, ұйқасы ерекше бір өлеңі — "Бойы бұлғаң". Кейбір байларды бөліп айтуы Абайдың қайшылығы деп қарауға керек. Оспанның өліміне байланысты бірнеше жоқтау өлеңдерін туғызған. Ешкім бетіңе келмей, өмір тіршілігің жайлау болып тұрғанда өтіпсің дейді. Бұл өлеңдерінен Оспанды Абайдың құрметтейтінін көреміз.

1893 ж. өлеңдері. Бұл жылдары өлеңді көп жазбаған. Қарасөз араласып отырады. Көбінесе аудармалармен шұғылданады. Соның бірі — "Не верь себе, мечтатель молодой" (Лермонтовтан). Лермонтовты аударуы Абайдың көңіл-күйіне соншалықты ұқсастығынан. Өлең тек әдемілікті емес, ашу-ызаны айту керек, „улы сусын төгілсін“ дейді. Абай осы жылғы аудармасының ең күштісі Гетеден Лермонтов арқылы аударған „Қараңғы түнде тау қалғып“ деген өлеңі. „Қалғып“ деген сөз „ұйықтаптан“ гөрі тіпті дұрыс сияқты. „Звезда со звездой говоритты“ Абай „ымдасып сөйлескендей көкте жұлдыз“ деп аударарды. „Ымдасып“ сөйлесу өте әсерлеп, күшейе түседі. „Тыншығарсың сен дағы“ дегенде бірқатар астарлы ойды түсінуге болады. Абай халқының тіл қазынасын түгел пайдалана отырып, қазақтың әдеби тілін жасады. „Адасқан күшік секілді“ образ бен көмкеру тәсілі ерекше байқалады. „Кім білер жабыраңқы айтқан сөзім“ деп „қиыннан қиыстырады“. Кей жерде Лермонтовты дәл аударарды ("Больное сердце бьется ровно").

1894 ж. тағы әкімдерді сынап „Антпенен тарқайды, жиылса кеңеске“ деген өлеңін жазады. Абай — күшті сатирик. Бұл жағынан С. Щедринге көп ұқсас, жоғарыдағы өлеңде екіжүзділіктің маскасын ашады. Партия басшыларын сынап отырып, жастарға арнап „Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан“ деген өлеңін жазады. Осы жылдарда Әбдірахман ауыра бастайды. Қызмет бабымен Верныйға келеді. Абайдың қайғылы көңілінен шыққан зармен айтылған өлеңнің тобы басталады. Өлеңдерінде сиыну көп...

1895 жылға келейік. Халық уайымын өз басынан әдеқайда ауыр сезінеді. Ағалық ойын тілеумен айтады, ұғысуға шақырады. Ішкі психологиялық сезімді көрсеткен „Көлеңке басын ұзартып“ өлеңі өзінің өткен ойын айтады,

есеп беріп отырады. Абай дінге сенген, адам баласына керекті бір дінгек деп түсінген. Діннің қожа-молдалар әсерлеген фанатиктік (жалаң) жолын емес, басқаша сыншы ақылдың шартты түрін алған. „Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын“ дегенді айтады. Абай ақиретке бармайды. „Мен“ мен „менікі“ дегенді ашады. „Өлсе өлер табиғат, адам өлмес“ дегенді айтады. Дінге күдік жасайды. Осы жылдар Әбдірахман өледі. Тиылмаған жас, қынжылған көңіл, аталық мейірім көп уақыт өлеңдер туғызады. Әбдірахманның барлық қасиеттерін айтады. Қырым, Кавказ, Сібір, Россияны білген Әбдірахманды жоқтайды. „Жаңа төлдің басшысы ол, мен ескінің арты едім“ дейді, Әбдірахманнан күткен үмітін айтады.

1896 жылы жазған „Адамның кейбір кездері“ деген ақын туралы жазған өлеңі. Ертеден мәдениетті ақындар айтып келе жатқан ақындық өнерді айтады. Пушкин „Аполлонды“ иедік етсе, Абай „тәңірінің берген өнері“ дейді. Қайсысы болса да ақындық шабытты көтереді, осы жылы ән туралы бір өлең айтқан „Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа“ деген өлеңі. Әннің сезімін, күшін айтады. Қазақтың әніне оралады, үлкен сыншылықпен қарайды.

*11 май 1950 жыл*

Абай әнде терең ой, күшті сезім бар дейді (Достоевский мен музыканы тыңдап отырып, басқа ойларды жақсы ойлаймын деген. Бұл өз алдына ерекше түсінік).

„Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй“,—

дейді Абай. Күй ескіні, өткенді ойлатады дейді. Эстетикалық көзқарастарын айтады.

„Әннің де естісі бар, есері бар“ дейді. Абайға шейінгі, кейінгі көп уақытқа дейін ән қызық (развлечение) болып қана түсінілген. Әрине, Абай мұнда қазақтың өз ортасындағы әнді айтып отыр. Абайдың халық қазынасы ішінен сүйіп алған әні, музыкасы болды. Әннің басы айқаймен келуі еңбекке, түнгі күзетке байланысты, мал жайылымы, кең дала, міне, әннің айқаймен басталуы (ақынның камертоны болуы). Әннің айқаймен басталуы осы жағдайға байланысты. Әннің басының „ащы“ келуі тек „кел тыңда деп“ өзгеге басшы болу үшін ғана керек.

1896 ж. біраз аудармамен шұғылданған. Абай Крыловты аударғанда сатирик болып кетеді. Осы жылы Әбдірахманға арнап жазған өлеңі бар. „Ел ішіне сау кел-

сең, тағлым айтпас ерме едің?" деуі аталық қайғымен байланысты нағыз халықтық қайғы деп айтылады. Міне, бұл өте терең даналықты меңзейді. 1897 ж. Абай тағы аудармалармен шұғылданады. Осы жылдары сол кезеңдегі жағдайға байланысты түрлі ойда айтқан өлеңдері бар.

Дін тақырыбына арнап жазған өлеңдері де кездеседі. Ислам дінін тек „мүтәкәлам“ тұрғысынан, құраннан ғана шығару, басқа маңайға бет бермеуді „бәрі басқа ездүр“ деп санайды Абай.

Лермонтовтан ("Бояр Нориша") „Босқа әуре боп тағы да..." Осы жылы ән туралы ойға тағы оралады. Әннің бәрі жақсы емес деген пікірді айтады.

1888 ж. бір ерекшелігі аударма көп. Табиғатты өте көркем, күшті сезіммен жырлаған өлеңі — "Желсіз түнде жарық ай". Мұнда қазақ табиғатының тамаша бір кезеңі алынады. Міне, бұл ақындық мәдениеттің күштілігінен келіп шыққан. Осы жылы халық мінезіне, әдетіне арнап айтқан өлеңі „Болды да партия" жазылды. Осы жылы өте бір зор өлеңі „Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма" атты өлеңі туды. Өткен өмірін айта келіп „артқы" және алғы ұрпақпен тілдеседі. Өзінің өмірлік ішкі сырын ашады (исповед ұлы ақындарда болатын). „Сіздерге жеңіл тиер байқап қара" дейді. Сендерге „мен бір жұмбақ адам болып" көрінуім мүмкін дейді. Әрине, қазіргі жағдайға, қазіргі жастарға Абай өмірі, тартыс, партия, жер дауы, жесір дауы шынында да күңгірт, анық емес. Тек бір-ақ нәрсені ескертеді. „Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскенін", „мыңмен жалғыз" алысқанын айтады. Абай келешек заманның жаңа нәсілімен сөйлеседі. Өз заманының барлық ісі оларға өрескел ерсі болады дейді (мысалы, Пушкиннің „Ескерткіші" өте көрегендікпен ақын өнері атынан халқына тастаған үн...).

Лермонтовтан осы жылы „Демонның" бас жағын аударған. Оны бастырушылар шайтан деп жіберген, ол „әзәзіл" болуы керек, Геттеде Мефистофель". Бұлар азғырушы болып іс атқарады. Бұл аудармада Абай құдайды түп-тура киіз үйінде отырған феодалша суреттейді. Бірақ Абай „Демонды" Лермонтовша өжет етіп көрсетеді. „Ауру жүрек ақырын соғады жай" т. б. (Абайдың көп еңбек еткен уақыты 1889 ж.) кейінгі өлеңдерінде өмірден суынған, қызықтан алшақ кеткен жайды айта астайды.

„Жүрегім менің қырық жамау, қиянатшыл дүниеден", т. б.

„Дүтбайға" деген өлеңі өзінің Күлбадам деген қызының күйеуіне арналған. Жеке адамдарға байланысты сындарды да айтып отырған.

1900 жылы екі-үш өлең жазған. Ал „Көңілдің күйі тағы да" деген шығармасы Лермонтовтың өлеңімен тығыз байланысты. „Көлеңке басын ұзартып тағы" көңіл күйімен ұштасып отырады.

1901 жылы өте ауыр бір өлеңі — "Жапырағы қуарған ескі үмітпен" деп аталады. Үміттің жайнап отырған мезгілі бар. Жеткізбес үміт бір кезде жапырағы қуарады дейді (В. Гюгоның „үмітсіз қиял адамның ақылына у мен тең" дейтіні бар ғой). Қиялдың бәрі пайдалы емес. Қиялдың қиялы бар. Қиялға берілме, ойға беріл дейді.

1902 жылғы „Тоты құс түсті көбелек" деген өлеңі замана турасында айтқан еді. Әркім заманымен бірге жүреді. Жаман заманға ере беру керек емес дейді. „Алланың өзі де рас, сөзі де рас" деген өлеңі. Мұнда ақын дүниетанымын, исламиятқа қатысын аңғартады.

Төрт кітаптың төртеуі де алланы танытады деу мұсылмандық таным (басқа діндер шынында Мұхамбетті танымаған). Өлеңінде үш сүю (имани гүл) туралы күрделі ұғымдарды саралап, өзі ұстанатын жайды баяндап өтеді.

„Замана, шаруа (экономика)" күнде өзгеріп отырады дейді. Мұсылманшылықтың ішкі мазмұнынан асып шығып кетеді. "Адамзаттың бәрін сүй" деп үш сүюдің екінші, үшінші түріне ден ұрады. Ал, ислам діні бәрін емес, тек алланы сүй дейді, ал Абай соңғы екеуіне қол артады (адам, әділет).

Енді ислам діні нені айтады? Олары ораза, намаз, зекет, иман, фарыз. Абай үшін бұл тек сырттық белгілер ғана дейді. Бір құдайға Сократ, Платон, Пушкин, Толстой да иланған. Толстой бір құдайды, Исусты айтады, Ғайсаны айтады, сөйте тұра адамгершілік, өсіп өзгеруді мадақ етеді. Міне, бұл пікір, таным шіркеу үгітіне үйлеспейді, осы себепті де шіркеу иелері Толстойды діннен шығарған. Абайдың дін туралы көзқарасында осы пікір мен іліктес ойлар айтылады. 1903 ж. Абай бір-ақ өлең жазған. Ол өзі өмірінің бір қорытындысы сияқты. „Өңшең қырт, бас қаңқырттың" ортасында не өмір бар дейді.

1904 ж. еш өлең жазбаған. Себебі 1903 жылдың аяғында Мағауия қатты ауырып, Абай соның төңірегінде болады. „Мағауия өлсе, маған да өмір жоқ" деп серт береді. Мағауияның қырқын асықтырып 38 күнде бергізген, 39-і күні өзі өлген, бұл өзін-өзі өлтірушінің бір түрі сияқты.

Жылы белгісіз өлеңдер. „Жарқ етпес қара көңілім не қылса да“, „Сүйсіне алмадым, сүймедім“ өлеңінде ішінде кеткен бір махаббат арманы бар сияқты. „Сап-сап көңілім, сап көңілім“ бұл 23-тер шамасында айтқан болу керек. „Әкімбай өлгенде“ деген жоқтау өлеңі. Әкімбай Ақылбай асырап алған Абайдың өз баласы. Әбдірахманға арнаған жоқтаулары — Әбдірахман ойына түскен сайын Абай қайталап соға берген. Кейінірек табылған бір өлеңі „Домбыраға қол соқпа“ деген өлеңі. Әйгерімнің аулында отырып айтқан өлеңі екен. Тәтті назбен айтылады (соңғы аз өлеңдерін талдап өту)...

18 май 1950 ж.

1890 ж. бастап Абай шығармаларында өзі айтқан „қарасөздері“ жазылып отырған. Соның ішінде бір сөзді „Ғақлия“ деп атаған. Бұл сөздер көркем проза емес, философиялық трактат та емес. Әдеби жанрлық жағынан ескі грек ойшылдарының өз шәкірттеріне (беседа ретінде) айтқан әңгімелеріне ұқсатуға болар еді. Мұндай қарасөз Толстойда біраз айтылған („Круг чтения“ деген кітабында). Абай — өзінің заманымен нық байланысты болған адам. Өткенге бой ұрмаған. Сол өлеңіндегі пікірін, ойын енді жаңа түр, қарасөз түрімен әңгімелеуге кіріседі. Өлеңдер мен қарасөзіндегі ойлар қатты араласып жатады. Сондықтан кей сөздерінде өткір, қатты наласын да айтып отырады.

1890 ж. бірінші қарасөзі. Осы жазып отырғаны әңгімелесіп отырған сияқты. Бастауы түп-тура Лев Толстой сияқты. Мұндай қарасөз революциядан бұрынғы қазақ ортасында өлең сөзінен де құндырақ болған. Себебі қарасөз жасы ұлғайған адамдарға ұғымдырақ. Өлең сөзінде ой көп, терең сезім керек. Мұны қарт-қариялар түсіне қоймайды да.

Екінші сөзі. Бір қызық пікірі халықтар туралы пікірі. Әр халықтың өзін өзгеден жоғары санауын Абай жақтырмайды, сынайды (оқып өту керек). Халқына оқуың, еңбегің жоқ, бәрінен арттасың дейді, сол халықтармен дос ету мақсатын қояды.

Үшінші сөзі. Оқудың мәнін аша айтады.

Төртінші сөзі. Күлкі туралы айтатын пікірі. Бұл тура (главный сатирик) Добролюбовтың эстетикасына тақау келеді.

Бесінші сөзі. Қазақтың мақал-мәтелдерін сынайды. Добролюбов халықтық дегеннің бәрі халықтық емес деген болатын. Сынағанда Абай дәл осы пікірдің желісінде

айтады. Мақалдың ішіндегі үстем таптық түрлерін аша білу керек. Бірлік туралы айтатын пікірі.

**С е г і з і н ш і с ө з і.** Ақыл кімге керек, кім үйренеді дегенге тоқталады. Байларға еш нәрсе малдан артық емес.

**Т о ғ ы з ы н ш ы с ө з і.** „Қалың елім...“, „Ішім өлген, сыртым сау“ деген өлеңіндегі пікірлері қарасөзінде қайталанып отырады.

Өмір философиясы жөнінде, бала тілеудің мақсаты туралы сұрақпен сабақтайды.

Кейде Абай адамгершілікті немен ұлғайтуға болады дегенде айына, жұмасына өзіңе өзің есеп бер,— дейді.

Дін тұтынушыларды қатты сынап, бет бейнелерін әшкерелейді.

**О н ж е т і н ш і с ө з і.** Ақыл, қайрат, жүрек үшеуі тұрасында. Бұл үшеуі адамның адамшылық қалпын, ерекшелігін құрайды. Абай осы үшеуін таластырып ғылымға жүгіндіреді. Үшеуі бір адамның бойында болса қалай болады, біреуі аз, біреуі көп болса қалай болады деген пікірді ашады. Әрқайсысы өздеріне тиісті пікірлерін, қасиеттерін айтады (оқып, талдап өту керек). Бұл үшеуі тең болғанда адамның (гармониялық, личностының) артықшылығын ертеден айтып келе жатқан пікірлер.

**Ж и ы р м а с ы н ш ы с ө з і.** Абай мақтан туралы айтады. Мақтанды, үлкендік, мақтаншақтық деп екіге бөледі. Байды байдан бөліп қарау пікірі, қайшылығы кімді құрметтеймін деген сөзінде тағы қайталанады. Мұнан барып тұрған компромисті аңғарамыз.

Абайдың мысқыл, мазақты қарасөзбен де өте күшті көрсеткенін „Қуаныш пен жұбаныш“ туралы сөзінен көреміз. Кейде сұрақ, кейде жауап, кейде өз қорытындысын беру сияқты жолдармен жазу түрін өзгерту арқылы да оқушыларына жеткізіп отырады. Қазақтың „Көшпен көрген ұлы той“, „У жесең руыңмен“ деген болымсыз пікірлерді әшкере етеді.

**Ж и ы р м а б е с і н ш і с ө з і.** Оқу керек, оқытқанда орысша оқыту керек дейді. Хикмат, мал, өнер бәрі орысша оқуда деп ашық айтады. Жалыну — арсыздық. Көзің ашық болса оны істемейсің дейді. Оқығанда халықтың қамын жейтін болуың керек дейді. Жай оқу демейді. „Ғылымын үйрет“ дейді. Міне, Абайдың ел үгітшісі ретіндегі бір аталық пікірі.

**Ж и ы р м а ж е т і н ш і с ө з і.** Сократ хакімнің сөзі деп айтады. Мұсылман қауымы философ мағынасында Платон, Аристотель бірінің бірі шәкірті болған. Философиялық

көзқарастарынан Сократ, Платон, идеалист Аристотель олардан өзгешелеу. Мұсылман тарихында аттары мәлім.

**Жиырма сегізінші сөзі.** Мұнда бір сын толғаулары бар. Мұсылманшылықтың үлкен бір кемшілігі — бәрі күні бұрын білініп, жазылып қойған. Абай осы нанымды өте қатты сынайды. Өзінің мұсылманшылығына байланысты кітапты айтпайды, қазақ ішіндегі нанымға шабуыл жасайды.

Абай қазақтың мақалын сынайды. Мысалы, „Жарлы болсаң арлы болма” деген үстем таптың ұғындыруы ғой. Бұл халықтың мақалы емес. Ең барып тұрған арсыздық — жұмыссыздық,— дейді Абай.

„Қалауын тапса қар жанады”,  
„Сұрауын тапса, бермес сараң болмас”,

т. б. толып жатқан мақалдарды қатты әшкерелейді.

Қазақтың „Мақтан” мәселесін айта келіп, тәрбие мәселесіне соғады.

**Отыз екінші сөзі.** Тәрбие жөнінде айтады (араб оқуы жайында). Кісінде ғалым болуы үшін ерекше мінезділік болуы керек дейді.

Дін күтушілер жайында да көп сөздер, сындар айтады.

**Отыз жетінші сөзі.** Мұны Абайдың афоризмі деп қарауға болар еді. Бұл мәтел, мақал емес. Афоризмінде даулық жақтары бар. „Адамның адамшылығы істі бастағаннан білінеді, қалайша аяқтағанынан емес” дейді. Бұл тек аяқтауына қарап емес, бастауынан да білінуі, ерекшеленуі керек дегені.

„Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады” деген сөзі қай уақытта болсын өшпес ақиқат, шындық.

Иоан Аркті (Жанна д'Арк Француз қызы „орлеанская дева” болуы керек) орта ғасырда орыс алфавитінде Иоанна деп жазылатын.

Тәрбие қауымды түзейтіндігіне Абай сенеді. „Биік абырой — биік жартас” дегенде соған шығарушылардың қалай жеткенін айыруға керек дегенді айтады. „Тоқ тіленші — адам сайтаны” дегенде түп-тура ишан-моллаларға айтқан. Шекспир „Он екі түн” комедиясында көлеңке құсаң жете алмайсың, қашсаң құтыла алмайсың дейді. Абайдың көлеңкені айтуы аумайтын шындық.

**Қырық бірінші сөзі.** Ел тәрбиесінің емі туралы. „Моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным” деген пікірін қайталағандай болады.



Қырық екінші сөзі. Еңбексіздіктің „Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтықтың“ адамды аздыратынын айтады. Герцен „нет у нас другой молитвы, есть только одна молитва это труд“ деген (дұғалық) пікіріне таяу келеді.

Қырық үшінші, қырық төртінші сөздері. Абайдың педагогикалық көзқарастары айтылады. Шежіре, дін иелері қазақты тіпті әріден, арабтан шығарады. Дунгандарды заты қытай болса да, дін иелері мұсылман ету үшін, оларды арабтан шығарады.

Араб еврейлер туыстас. Олар семит тұқымынан деп келеді. Абай қазақтар өз еркіне жіберсең осы араб семит нәсіліміз деп кетеді дейді. Абай қазақ монғолдан шықты дейді. Әрине, бұл да дұрыс емес. Ясачный татары қазіргі хахас. Қырғыздың бір түрі.

Шаманизм турасында Абай Шоқанның пікірін түп-тура қайталайды. Анимизм дегенді көзі жетпесе неге соған табынуды айтады. Қазақтың бірнеше мақалдарын алып қызық пайдаланады. Мұндай мақалдары тарих үшін өте қымбат.

Бұлан — бұғы тектес жануар. Осыларды айтып келіп „Бабурнамада“ осылай деген деп тоқтайды. Бабуры ақсақ Темірдің немересі. „Бабурнама“ деген атпен жазылған кітабы бар.

*25 май 1950 жыл*

Абайдың композиторлық еңбектері. Сақталып қалған әндер еш талассыз Абай әндері. Мұны не Біржанның, не Жаяу Мұсаның әндері деп айта алмаймыз.

„Әсетке“ („Біреу біреуден артылса“), „Сен мені не етесің“, „Сүйсіне алмадым, сүймедім“, „Мен көрдім ұзын қайың құлағанын“, т. б. да әні бар.

Абайдың ақын-шәкірттерінің де Абай өлеңдеріне шығарған өлең әндері бар. Ақылбайдың інісі қайынына бара жатқанда айтқан өлеңі.

Абай шырқау әніне онша мән бермеген. Аз топқа сезім беретін камерный болып келеді.

Абайдың әніне жазған текстісі ерекшеленіп тұрады. Ескі кездерден келе жатқан өлеңдердің әндік композициясы он бір буыннан келеді. Абай әндерінің ырғағы әр буында, жол саны әр түрлі.

Затаевич қазақ әндерін жинауда зор еңбек сіңірген. Ол жинағандарын (қаржысыз) тек халықтікі деп және дәл түсіріп отырған (Брусиловский жинаушы. „Қазақтың композиторы жоқ, өйткені уақытында нотаға түспей, өзіндік

қалпын жоғалтып алған" деген өте қате пікір айтып, өзін бірінші композитор дегізбек).

**Абайдың ақын шәкірттері.** Олардың ішінде ерекшелеп Мағауия мен Ақылбайды айтамыз. Ақылбайдың жасы үлкен болса да Мағауияны бұрын атаймыз. Өйткені Мағауияның жазғаны көп те және идеясы артық, көркемдігі жоғары.

Мағауия да орысша білген. Байрон, Пушкин, Лермонтовтар тек өз елінен ғана алған емес, басқа елдер өмірінен де жазған ғой. Абайда да осындай жәй бар. Шәкірттеріне тақырыптарды Абай өзі беріп отырған. Мәселен Мағауияға „Шамиль“ тақырыбын берген (Толстойдың „Хаджи-Мұрат“, соңғы Гусейновтың кітабы бойынша мәселелер). Ал Ақылбайға „Дағыстан“ туралы тақырып береді.

Мағауия „Шамиль“, „Медғат-Қасым“ поэмасын жазды. Ақылбай Зұлысты (Африка халқы туралы) поэма еткен. „Жаррақ“ (ертегіден). Бұлар романтикалық сюжетті поэмалар. Мағауияның „Еңлік — Кебегінде“ Кеңгірбайды әшкерә етеді. „Қабан би“ дегеннің түбі шошқа деп талдайды. Шекспир — „Король Якоб — макбет“, „Король Лирда“, Пушкиннің Пушкин аталарын қатты сынауы. Толстой (серебрянный дегенде) Иван Грозныйды тіпті асыра сынайды.

Осы сияқты поэмаларды Ақылбай да жазды. „Зұлыс“, „Дағыстан“ „Жаррақ“, т. б.

„Жаррақ“ поэмасы бізге жетпеді. „Зұлыс“ Әйгерімнің үйінде болатын еді. Қоймаға қойған жүкпен бірге өртеніп кеткен. Біраз „Сана“ журналында [1923] жылы басылған.

Әңгіме: бір мүсәпірханада екі адам әңгімелесіп отырады. Оған Генри деген адам келеді. Генри Гвардирманға келеді. Інісінің жоғалғанын, оны енді зұлыстардан іздейтінін айтады. Бұлар ақжұрттың адамы. Бұларға бір қаражұрт адамы, кішкене күнінде тұтқынға түскен, Онпопа келеді. Зұлыстың тауын Ақылбай өте күшті сипаттап, биік етіп көрсетеді. Бұлар жолда пілге кездеседі. Тамақ пісіретін баланы піл өлтіреді. Зұлыстар ақжұрт адамдарына керемет өш, зұлыстар жеріне келгенде Генри „әулие“ болып есептеледі. Сол елдің патшасының ақылшысы Буле деген кемпір Генриді өлтіру керек дейді. Онпопа ол әулие дейді. Генри әулиелігін айды „ұрлау“ арқылы дәлелдейді (ол календарь арқылы тұтылатын уақытында ұрладым деп дәлелдейді). Ал, Буле — айды ол ұрламаса да тұтылады, онда әулиелік жоқ, — дейді. Бұлар іздеп келген адамдарын таба алмайды. Онпопа тобы көбейеді. Онпопа Генридің інісін іздетеді. Олар бір ақ адам кеннің көзін іздеп кетіпті дегенді

естиді. Оларды Буле үңгірге қамап кетеді. Олар қиыншылықпен шығады. Онпопа билікке ие болады. Олардың көздерін таңып, еліне апарып түсіреді. Мұнда біраз фантастикаға берілгендік те бар.

„Дағыстан“ поэмасы сақталған. Олардың ерекшелігін, қаны қызулығын көрсетеді. Оянған тау, бұлбұл үні әсем түрде суреттеледі. Содан кейін ауыл, қаланы көрсетеді. Соның біреуіндегі адамға шұғыл кіріседі. Поэманың аяғындағы шешім басында айтылады. Енді осы Жүсіп қайғыға неге беріледі? Соны баяндауға кіріседі.

• Дағыстанда мергенді қатты құрметтейді екен. Бір жында Әлі кемпірдің баласы Ибраимды мақтауы Жүсіпке қызғаныш туғызып, ол Әліні өлтіреді. Шешесі күн-түн зарлап, қарғыс айтып, бір жұмадан кейін өледі. Осы кезде Жүсіптің Әлі, Мұса, Жағыпар, Таһир, Рахым, ортасында бір қызы (Зайра) болады. Тауда қатты жаңбыр болып, суға кетіп Әлі, Мұса өлсе, Жағыпар, Таһиры көрші елдің жаулығында өледі.

Рахым бір күні аңда келе жатып Жәбрәйлге (жаралы) кездеседі. Рахымға Жәбрәйл Зайраны сүйетінін айтады. Рахым кедейсің деп тұра ұмтылады. Рахымды Жәбрәйл өлтіреді. Зайра тауда көріп Жәбрәйлге ғашық болады. Зайра ант (береді) берсе де, Жәбрәйлы өлтіре алмайды, екеуінің байланысын Жүсіп аңдытады. Бұлар қолға түседі. Жүсіп Жәбрәйлді өлтіреді. Қазадан кейін Зайра да өлімші болып жатады. Зайра Жүсіпті көрмей өлуге анттасады. Жаңағы Жүсіптің халі осындай.

Көркемдігі өте күшті поэма. Мұнда дағдыр, қарғыс дегенге иланғандықты көрсеткен. Бұл сыры кісіні ырза ете алмайды. Поэманың мақсаты әр жауыздықтың арты жаманшылық болады дейді. Моральдық күші ескі наныммен берілген.

„Медғат — Қасым“ реалистік сыншылдықпен жазылған. „Дағыстанда“ әсірелеу күшті, жазмышты дәріптейді. Сөйтіп Абай айналасында үлкен тәрбие мектебінің болғанын көреміз. Міне, Абай мектебінің қазақ әдебиеті топырағына үлкен жаңалық әкелгенін көреміз.

Абай мектебінің мәдениеті панисламистіктің, пантуркистіктің ортасындағы бір арал, возрождение аралы болды деуімізге болар еді.

## 6. 2-ЛЕКЦИЯ. АБАЙДЫҢ БАСЫЛЫМДАРЫ

1. Қолжазбалар, „Дала уалаяты“, әнші ақындар таратқан.

2. Кәкітай, 1909 жыл, Петербург.

3. Абай Құнанбаев. 1921 жыл, Қазан.

4. Абай. Ташкент (1922 ж.).

5. Абай. Толық жинақ. 1933 жыл (Мұхтар).

6. Таңдамалы. Абай. 1934 ж.

7. Абай. Толық жинақ, 2-том, 1939—1940 ж.

8. Абай, избранных (Рождественского) 1936 г.

9. Лирики и поэмы, 1940 г.

Тексерулер, мерекелер тұстарында күшейеді.

1. 1914 ж. „Алшархият“ сборник Веселовского. 1916 ж., 24 ж., 34 ж., 40 ж.

2. 1922—24 жылдар тұсында Абай керексіз деушілер (Покровский „Петр“ туралы).

3. [19]24 [жылдың] нәтижесі — 1933 жылғы толық жинақ, 27 ж[ылғы] өмірбаяны.

4. [19]34 ж. арнаулы „Әдебиет майданы“ журналының 11—12 саны, көп мақала.

5. [19]32 жылдардан бастап бар мектеп кітаптарына кіруі. Өлгеніне 95 жыл. Көп баяндама, мақалалар: Есмағамбет, Қажым, Сәбит.

6. 40 ж. Мұхтар.

7. 40—45 ж[ылдар жазылған] „Өмірбаяны“. Арнаулы диссертациялар: аспиранттық, кандидаттық, докторлық.

8. Абай — педагог. Абай — психолог, Абай — философ деп...

9. [19]45 [жылғы] Өмірбаяны... Сәбит монографиясы.

10. Орыс, өзге тілдерде: қырғыз, татар, өзбек, орыс „Лит. энциклопедия“, Соболев, Сильченко, Смирнова, Николич, „Известия“ КФАН 1945 г.

11. Біз қалай тексермекпіз: Әуелі бұрынғыша емес, бұрынғы әдістер өлеңдерін „би туралы, өзі туралы“ — жіктерге бөлу бар-ды. Содан сындарда Абайды бөліп-жарып ап „педагог, философ, эстет“ деп салалап отыратын. „Шығыс пен Абай“, „Батыс пен Абай“, „Халық пен Абай“. Бұның бәрі — Абайды дәлді заңды жолмен, өз өрісімен сынау емес. Бұнда қаталасу, бір ыңғайлық жоқ жеке кетулер, өз тақырыбын тауып, бір жақты қарау көп.

12. Біз ұсынатын, қолданатын әдісіміз — барлық дүние классиктерін зерттеудегі дағдылы әдіс өмірімен, өсу-

да му жылдары мен, ақындық эволюциясымен (творческая эволюция) жыл-жылдап тексереміз.

Сонда өзінің өмірлік, шығармалық ізімен жүреміз де, ақтара, қадала қарасақ, әр жыл қосқан әлеуметтік, көркемдік, мәдениеттік табыс жаңалығының бәрін танып отырамыз. Сонда тарихпен, күнделік өмірмен байланысы да, ортасымен ұғысу, тартысуы да, заманы мен қоғамы да және ақынның өзіндік даралық тірлігі де жылдан жыл айқындау қалпымен толық қамтылып отырады. Абай бір күнде Абай болған жоқ. Өсе жүре еңбек ете, іздене, таба жүріп қалыптанып тола берді. Сондағы табиғи жолын танимыз, өрісті, іргелі, орынды зерттеу осы арнаға түспей болмайды.

13. Бұнда бір күдік — өлеңінің (жазылу) жылдары анық емес деуде. Бірақ ол үнемі дұрыс емес. Негізінде көп өлеңдердің бітіміне, сырына оның табылған жылдары аралас келіп отырады.

14. Мәселені өмірбаянынан, ата тек, ортасынан, жас балалық шағынан бастаймыз. Осыдан ары:

Өмірбаяны. Осы тұста уәдаласып алайық: мен шама келгенше, ғылым жолымен өмірін, ақындығын зерттемкпін. Ал шығармалық еңбектерімнен пьеса, роман туралы да өз ойым ақынды ғылымдық зерттеумен негізі бір деймін. Бірақ онда тарихтың...

## 7. АБАЙ ЖӨНІНДЕГІ ТАҚЫРЫПТАР

1. А[бай] табиғат көркін жырлады.
2. Көркемөнер жайындағы жырлары.
3. А[байдың] ақындық турасындағы ойлары.
4. А[байдың] көркемөнер жөніндегі ойлары.
5. А[байдың] ғашықтық жырлары.
6. А[байдың] дінге көзқарасы.
7. А[байдың] Лермонтовтан жасаған аудармалары.
8. Крыловты аударуы.
9. А[байдың] Пушкинге барған барысы.
10. А[байдың] шығыс поэзиясы.
11. А[байдың] қазақ ақындарын сынауы.
12. А[байдың] тәрбие жөніндегі шығармалары.
13. А[байдың] болысты жыр етуі.
14. А[байдың] атқамінерлерді суреттеуі, сынауы.
15. А[байдың] жастарға арналған ойлары.

16. А[байдың] орысша оқыған жастарға арналған сөздері.

17. А[байдың] молдаларға берген сыны.

18. А[байдың] Әбішке арналған өлеңдері.

19. А[байдың] толғауы — "алыстан сермепті" толғау.

20. А[байдың] аңшылық суреттері.

21. А[байдың] күз жөніндегі жырлары.

22. А[байдың] қыс пен көктем, қыс турасындағы жырлары.

23. А[байдың] қарасөздерін талдау.

24. „Масғұт“ поэмасын талдау.

25. А[байдың] көңіл-күйлерінің толғаулары.

26. А[байдың] жас шағындағы жырлары.

27. А[байдың] мысқыл, сатира қуаты.

28. А[байдың] көңіл-күйінің толғаулары.

29. А[байдың] еңбек жайы.

30. А[байдың] көрші халықтарға көзқарасы.

## **8. АБАЙДЫ ТАҢУ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕРТТЕУЛІК МӘСЕЛЕЛЕР**

1. Абайдың ақын, ақындық міндеттер жөніндегі өзіндік ойлары.

2. Абайдың табиғат көрінісін суреттеудегі үлгісі.

3. Абайдың әйел жайындағы шығармаларының өсу, үдеу жолдары.

4. Абайдағы көңіл-күй сыршылдығының терең мазмұндары.

5. Патшалықтың отаршылдық аппаратын сынаудағы Абайдың элеуметтік тұрғысы.

6. Абай шығармаларының мазмұнға байланысты түр мен тіл жаңалық өзгешеліктері.

7. Оқудағы жастарға, жалпы жас қауымға Абайдың тәрбиелік үлгісі.

8. Абайдың Әбдірахманға арнаған өлеңдерінің ерекшеліктері.

9. Абайдың ән-күйге арналған ойлары мен өнері.

10. Абайдың қазақ әдебиет тіліне кіргізген жаңалығы.

11. Абайдағы қарасөздің қазақ әдебиет тілін дамытуда алатын орны, ерекшеліктері.

12. Абайдың „Ескендір“ поэмасының ерекшеліктері.

13. „Масғұт“ поэмасының ерекшеліктері.

14. Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармаларының өзгешеліктері.

15. Абайдың Крылов мысалдарын аударудағы еңбегі.

1959—60 ж.

## 9. 35 СӨЗ

1. Жазу туралы	(1)
2. Халықтар (сарт)	(2)
3. Халық мінездері, әкім — третьей би	(3)
4. Күлкі туралы	(4)
5. Мақалдар — одан туатын ащы қыжыл мал үшін	(5)
6. Бірлік туралы	(6)
7. Бала білуге ұмтылу — ал үлкен надан тәрбие	(7)
8. Ақылды кім үйренеді. Болыс, би үйренбейді — кекету — (оңда)	(6)
9. Елі туралы ызалы, ащы	6
10. Бала тілеу	8
11. Ұрлық, ұлыққа қарсы ой	8
12. Ғибадат, иман және	8
13. Иман	9
14. Жүрек-мінез, батырсыз-адамдық қайда	6
15. ...туралы (қызығу туралы) мінез-мораль	10
16. (Қысқа) Міңде көзбояушылық	
17. Қайрат, ақыл, жүрек	10
18. Адамның ақыл, ғылым, ар, мінез (қысқа)	10
19. (Қысқа) естелік, білгенді іске асыру	10
20. Көңіл жәйі, жалығу туралы (қысқа)	
21. Мақтан — кейде ұят, кейде гордость	10
22. Байды — еңбек байын қостамақ (қайшылық)	9
23. Сатира — қуаныш пен жұбаныш	6
24. (Қысқа) Жер жүзінің қорымыз (алудан басқа ой жоқ)	10
25. Орысша оқу — орыс тілі — халық үшін адам болса	10
26. Қуану надандық қуанышы — қосқан ат, балуан	6
27. Сократ сөзі	
28. Құдай бұйрығы туралы — сыншы ой „Лай суға “ [май бітпес қой өткенге]мен — дін, иман — сыншы ой	10
29. Мақалды шенеу	6
30. Мақтан, тәрбие, мораль	10
31. (Қысқа) тәрбие	

32. Ғылым басқа есеп үшін болмаса. Тәрбие — гармония сипаты. Ақыл үшін ғана емес — ар үшін	10
33. Кәсіпшіні бұзу	6
34. Мұсылмандық — иман қор болмау үшін білу керек, адамға адам дос	10
35. Екі түрлі дін күтушілер	
36. Пайғамбар өсиеті — қазақ мінезі	10
37. Афоризмдер	12
38. Ғақлия	9
39. Бұрынғы мінездердің тұтастығы — мақалдың дұрысы	6
40. Қазақ мінезі көп сұрақ — адам отношениелері туралы	6
41. Ел мінезі — рахым тәрбие түзер еді ол жоқ — Өлеңдерімен ұштас	6
42. Жұмыссыздық бар кеселдің себебі	6
43. Дуализм — педагогика, психология (үлкен сөз)	6
44. Талап ең керек мінез — тар ие	10
45. (Қысқа) — алламен сөз бастайды	9
46. Талап, әділет, махаббат	

**10. „АБАЙДЫ ТАНУ“ АТТЫ АРНАУЛЫ КУРСТЫҢ  
С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӘДЕБИЕТ ФАКУЛЬТЕТІНЕ  
ЛАЙЫҚТАЛҒАН ПРОГРАММАСЫ  
(8 ФЕВРАЛЬ, 1951 Ж.)**

**Абай Құнанбаев.** А б а й д ы ң д ә у і р і. Қазақстанның шаруашылық, қоғамдық, тарихтық жағдайларымен байланысты алдыңғы дәуірлерден өзгерген, жаңғырған дәуір екендігі, орыс халқының мәдениетіне бой ұру, қазақтың еңбекші-шаруа халқының талабына, тарихтық мүддесіне сай озғын ойдың тарихтық, прогрестік өнімді талаптың белгісі екендігі. Шоқан, Ыбырай, Абайдың осы бағытта еңбек еткен алдыңғы қатар қауымның өкілдері екендігі, бұлардың Россияда Ленин айтқандай: Барлық елдер мәдениетінде болатын екі алуан мәдениет бар екенін аңғарып, әрекет етуі. Осыған байланысты патшалық Россияның отаршылдық саясаты тудырған Абай тұсындағы ерекшеліктер және орыс революцияшыл демократтарының еңбектері, Абай сияқты бұратана елдердің әлеуметтік, мәдениеттік еңбектерін өз ықпалына тарта бастауы.



Бұл жөнінде патшалық Россияға бағынышты болған қазақ елдігінің отаршылдық аппараттан көрген есесіздік, теңсіздігі, Абай өмірі мен шығармасын зерттеуде, оның тұсындағы сол отаршылдық аппараттың қалпын, құрылысын, жоғары-төмен әкімшілік орындарын, өкілдерін айрықша толық талдап түсінудің қажеттігі. Себебі бұлардың атшабар, старшын, елубасы, би, болыс, ояз, жаңдарал, адвокат, тілаш, сот сияқты ірілі-кішілі әкімдерінің, кеңселерінің, чиновниктерінің Абай шығармаларында көп орын алатыны сол патшалық отаршыл аппаратының жайын оқушы жұртшылыққа толық түсіндіруді шарт етеді.

Ұлы орыс халқының анық халықтық мәдениетін шолуда Пушкиннен басталған Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Некрасов, Салтыков-Щедрин еңбектерінің Абайға басшылық, ұстаздық әсері өзгеше болғандығы. Абайдың өзінен бұрынғы және өз тұсындағы реакцияшыл феодалдық санадағы исламшыл, пантуркистік жолдағы қазақ ақындарынан бөлекше боп, ерекше қалыптануына себепші болған, оның анық классиктік қасиеттерге жеткізген орыс мәдениетінің сол жаңағы саналған ұлы қайраткерлерінің мұрасына, идеялық бағытына, көркемдік, шеберлік үлгілеріне қабысудан туғандығы.

Абайдың өмірбаяны. Жас шағында еліктеушілік үлгісі де советтік жақын шығыс елдер классиктерін білу, түсінуі. Жігіттік дәуірінде, қазақтың ауызша, халықтық әдебиетінен көп тәрбие алуы, кейін орыс тілін зерттеп, біліп, өз талабымен, өз бетімен ұзақ оқу арқылы орыс классиктерінің барлық мұраларын толық барлап тану, білу дәрежесіне жетуі. Содан ары — 1860—70 жылдардың айдалып келген төңкерісшілдерімен танысып, табысуы. Солардың бастауымен орыс халқының мәдениетін және дүние жүзі мәдениетінің зор ескерткіштерімен танысуы. Жалпы ұзақ өмірінің фактыларын, әралуан елеулі кезеңдерін, тартыстарын, қиыншылықтарын, қайшылықтарын толық шолып өтумен қатар, жаңағы жайлар Абайдың өмірбаянын зерттеуде үнемі ілесіп отырады. Ол ақын Абайдың өсу, қалыптасу жолындағы іздену, өрлеудің айрықша мән-мағынасы бар өзгешеліктер есебінде зерттеледі.

Абайдың шығармалары бірнеше жікке бөлініп тексеріледі: бұнда қолданылатын тарихтық принцип ақынның өсу, даму жолын творчестволық эволюциясы жағынан жылма-жыл хронологиялық түрде түсіндіруге арналады. Осылайша жіктегенде бөлек-бөлек тексерілетін шығармалық топтар төмендегідей болмақшы:

1. Абайдың жас шағындағы шығармалары.
2. Абайдың лирикасы (жылдар жігімен зерттеледі).
3. Абайдың поэмалары.
4. Абайдың аудармалары.
5. Абайдың қарасөздері.

Жалпы Абай шығармаларының ең молы лирикасы болғандықтан, жоғарыда аталған хронологиялық принцип сол шығармалар тұсында толық қолданылады. Жанр өзгешеліктері „абайтану“ ғылымының қазіргі сатысында аз екшеліп, тексерілгендіктен, поэма, аударма, қарасөздер өз түрлерінің шеңберінде хронологиялық ретпен танытылады. Сонымен қатар, бұл соңғы аталған мұралардың түр, мазмұн, идея жағындағы өзгешеліктері жанрлық жаңалықтар ретінде айрықша қадағалап талдауды қажет ететіндіктен, хронологиялық қалпын, ретін сақтай отыра, ақынның көпшілік шығармасы болған лирика тобынан бөлек талдауды лайықтырақ етеді.

Абай шығармаларының қай дәуірдегі, қай түрін тексергенде де, ондағы әлеуметтік, тарихтық, мәдениеттік озғын қасиеттер көркем, шебер классикалық өзгешеліктер нақтылап зерттелумен қатар, Абай шығармаларындағы әр кезде байқалған қайшылықтар, кемшіліктер де нақтылы түрде ашыла тексерілетін болады. Сол шығармаларды жекелеп тексерулер кезінде үнемі қатар талданып, танылып отыратын тағы бір жайлар, Абайдың педагогикалық, философиялық, ағартушылық идеяларының өзгешеліктері болады.

Осымен қатар, ақынның фольклордағы және жақын шығыс әдебиетімен танысудағы алған әсерлерін жеңе отырып өсуі, өзімен бірге қазақ әдебиетінің идеялық, көркемдік бар қасиеттерін өсіре отырғандығы ұдайы зерттеліп отырады. Осылайша даму, шарықтап өсу, өрлеу жолында Абай ақындығының анық классиктік сапа беруші ұлы орыс халқының реалистік, халықтық демократтық әдебиетінің үлкен традициялары жетекші, себепші болғандығы толық түрде дәлелдеп отырады.

„Абайтану“ курсының қосымша қажет саласының бірі — Абай шәкірттерінің мұраларын зерттеу болғандықтан, осы арнаулы зерттеуде ақынның анық жақын шәкірттері болған: Ақылбай, Мағауия, Көкбай сияқты ақындардың да өмірлері мен шығармалары зерттеледі. Ақылбай шығармаларынан: „Дағыстан“, „Зұлыс“ поэмалары, Мағауия шығармаларынан: „Еңлік — Кебек“, „Медғат — Қасым“ поэмалары толық талданады. Бұл поэмаларда Абай

жазбаған, бірақ Абайдың бағыттауы бойынша қалыптанған әдебиеттік, идеялық жалпы мәдеинеттік жаңалықтар айрықша тексерілетін болады. Көкбай шығармаларында: оның Абайға жанасқан, Абай әсерінен тудырған ұсақ өлеңдері зерттеледі. Сонымен қатар, ол шығарған „Саба-лақ“ поэмасы талданады.

Бұл ақындардың шығармаларындағы Абай мектебіне лайықты жаңалық қасиеттер аталып талқылануымен қатар Абайдың өз шығармаларына жете алмаған олқылық, кемшіліктер де талданады. Идеялық, қоғамдық, тарихтық түсініктеріндегі қайшылық, ерсіліктер де толық ашылып, сынаумен тексерілетін болады.

(8 февраль 1951 ж.)

## **11. ПРОГРАММА „АБАЙТАНУ“ АТТЫ АРНАУЛЫ КҮРСТЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӘДЕБИЕТ ФАКУЛЬТЕТІНЕ ЛАЙЫҚТАЛҒАН ПРОГРАММАСЫ**

### **Абай Құнанбаев (1845—1904)**

Абайды тудырған дәуірдің экономикалық, тарихтық, әдебиеттік ерекшеліктері.

Абайдың дәуірі, Қазақстанның шаруашылық, қоғамдық, тарихтық жағдайларымен байланысты алдыңғы дәуірлерден өзгерген, жаңғырған дәуір екендігі. Орыс халқының мәдениетіне бой ұру, қазақтың еңбекші шаруа халқының талабына, тарихтық мүддесіне сай, озғын ойдың, тарихтың прогрестік өнімді талаптың белгісі екендігі. Маркс, Энгельстің шығыс елдеріне Россия Мемлекетінің пайдалы әсері турасындағы пікірлері. Лениннің Россияда капитализмнің даму ретінде жақын шығысқа еткен әсері жөніндегі пікірлері, Ленин мен Сталиннің мәдениеттік мұралар жөніндегі пікірлері. Шоқан, Ыбрай, Абайдың қазақтағы көпшілік шаруаның алдыңғы қатар қауымының өкілдері екендігі. Бұлардың Россияда Ленин айтқандай барлық елдер мәдениетінде болатын екі алуан мәдениет бар екенін аңғарып, әрекет етуі. Патшалық Россияның отаршылдық саясаты тудырған, Абай тұсындағы шаруашылық-қоғамдық ерекшеліктер. Орыс революция-

шыл демократтарының еңбектері, Абай сияқты бұратана елдердің әлеуметтік қайраткерлеріне басшылық әсер етуі.

Қазақ еңбекші көпшілігінің отаршылдық аппараттан көрген есесіздігі, теңсіздігі. Абай өмірі мен шығармасын зерттеуде, оның тұсындағы сол отаршылдық аппараттың қалпын, құрылысын жоғары төмен әкімшілік орындарын, өкілдерін айрықша толық талдап түсінудің қажеттігі. Бұлардың атшабар, старшын, елубасы, би, болыс, тілмаш, ояз, жандарал, адвокат, сот сияқты ірілі-кішілі өкілдерінің кеңселерінің, чиновниктерінің Абай шығармаларында көп орын алатындығы. Сол патшалық отаршыл аппараттың жайын оқушы жұртшылыққа толық түсіндіретіні.

Ұлы орыс халқының мәдениетін шолуда, Пушкиннен басталған Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Некрасов, Салтыков-Щедрин еңбектерінің Абайға басшылық, ұстаздық әсері өзгеше болғандығы. Оның Абайдың өзінен бұрынғы және ол тұсындағы реакцияшыл феодалдық санадағы исламшыл, пантүркістік жолдағы қазақ ақындарына қарсы шығып, ерекше қалыптануына себепші болғаны. Абайды анық классиктік қасиеттерге жеткізген орыс мәдениетінің жаңағы саналған өзгеше әсері екендігі. Солардың идеялық бағытына, көркемдік шеберлік үлгілеріне қабысудан Абайдың ақындық мәдениеті туғандығы.

### **Абайды тану тарихынан**

Абайдың өмірін, дәуірін, шығармаларын тану, зерттеуде Октябрь революциясына дейін өнімді іс болмағаны, Абайды тану тек социалистік құрылыс дәуірінде өрлеп, өскені. Бұл жолда буржуазияшылдық ұлтшылдықпен алысу кезеңдері. Абайдың шәкірттері деген тақырыпта болған ұлтшылдық қаталықтар. Қазақстан Ғылым Академиясы мен Жазушылар Одағы Президиумының 1951 жылы бірлесіп шығарған қаулысы. Абай мектебі деген мәселеде Әуезовтің, Мұқановтың тағы басқалардың өрескел қаталықтары. „Абай“ романы, ақын Абайдың заманындағы қоғамдық, шаруашылық жайларды және Абайдың ақындық, ойшылық жолда дамуын дұрыс көрсеткен шығарма екендігі. Абайды тану жөніндегі жоғарғы аталған қаулы және баспасөз бетіндегі сындар ақынның өмірбаянын тексеріп, бар шығармаларын марксшілдік лениншілдік тұрғыдан қарап, бұрынғы ұлтшылдық терістіктерден тазартуға жәрдемші болатындығы.

## Абайдың өмірбаяны мен шығармалары

Жас шағында еліктеушілік үлгісінде советтік жақын шығыс елдер классиктерін білу, түсінуі. Жігіттік дәуірінде қазақтың ауызша халықтық әдебиетінен көп тәрбие алуы, кейін орыс тілін зерлеп, біліп өз талабымен, өз бетімен ұзақ оқу арқылы орыс классиктерінің барлық мұраларын толық баурап тану, білу дәрежесіне жетуі. Содан ары 1860—70 жылдардың айдалып келген төңкерісшілдермен танысуы. Бұрынғы зерттеулерде Долгополов, Гросс сияқты жалған төңкерісшілдерді теріс түсіндірулер болғаны. Олардың Абайға әсері мол болды деп дәріптеудің қаталығы, сол дәріптеушіліктің зияны.

Орыс халқының мәдениеті және дүниежүзі мәдениетінің зор ескерткіштерімен Абайдың мол танысуы. Жалпы ұзақ өмірінің фактыларын әралуан елеулі кезеңдерін, тартыстарын, қиыншылықтарын, қайшылықтарын толық шолып өтумен қатар, жаңағы жайлар Абайдың өсу, қалыптасу жолындағы іздену, өрлеудің айрықша мән-мағынасы бар өзгешеліктер есебінде зерттеледі.

Абайдың шығармалары бірнеше жікке бөлініп тексеріледі. Мұнда қолданылатын тарихтық принцип ақынның өсу, даму жолын творчестволық эволюциясы жағынан жыма-жыл, хронологиялық түрде түсіндіруге арналады. Осылайша жіктегенде, бөлек-бөлек тексерілетін шығармалық топтар төмендегідей болады.

1. Абайдың лирикасы (жылдар жігімен зерттеледі).
2. Абайдың поэмалары.
3. Абайдың аудармалары.
4. Абайдың қарасөздері.
5. Абайдың композиторлық еңбектері.

Жалпы Абай шығармаларының ең молы лирикасы болғандықтан, жоғарыда аталған хронологиялық принцип, әсіресе, сол шығармалар тұсында толық қолданылады. Жанр өзгешеліктері „Абайтану“ ғылымының әзіргі сатысында аз екшеліп, тексерілгендіктен, поэма, аударма, қарасөздер өз түрлерінің шеңберінде хронологиялық ретпен танытылады. Сонымен қатар бұл соңғы аталған мұралардың түр, мазмұны, идея жағындағы өзгешеліктері жанрлық жаңалықтар ретінде айрықша қадағалап талдауды қажет ететіндіктен, хронологиялық қалпын, ретін сақтай отыра, ақынның көпшілік шығармасы болған лирика тобынан бөлек талдауды қажет етеді.

Абай шығармаларының қай дәуірдегі, қай түрін тексергенде де, ондағы әлеуметтік, тарихтық, мәдениеттік озғын

қасиетіне, көркем шебер классикалық өзгешеліктер нақтылы зерттелумен қатар Абай шығармасындағы әр кезде байқалған қайшылықтар, кемшіліктер де нақтылы түрде ашыла тексерілетін болады. Сол шығармаларды жекелеп тексерулер кезінде үнемі қатар талданып, танылып отыратын тағы бір жайлар: Абайдың педагогикалық, философиялық, ағартушылық идеяларының өзгешеліктері болады.

Абайдың өлең стилі, шеберлігі, тіл өрнегі, жаңалық түрлері де әр салалы шығармаларда айрықша зерттеледі. Осымен қатар ақынның фольклордан және советтік шығыстың классикалық әдебиетінен алған сөздерін жеңе отырып өсуі және сонымен бірге қазақ әдебиетінің идеялық, көркемдік бар қасиеттерін өсіре отырғандығы, ұдайы зерттеледі. Осылайша даму, шарықтап өсу-өрлеу жолында, Абай ақындығының анық классиктік сапа беруші ұлы орыс халқының реалистік, халықтық, демократтық әдебиетінің үлкен традициялары себепші болғандығы толық түрде дәлелденеді.

Профессор Мұхтар ӘУЕЗОВ.  
Алматы, Абай, 157, 15 қараша 1951 жыл.

## 12. ПРОГРАММА СПЕЦКУРСА ПО АБАЕВЕДЕНИЮ

### Абай Кунанбаев (1845—1904)

Казахстан в середине XIX в. Социально-экономические последствия присоединения Казахстана к России.

Отношение к казахскому народу передовых русских людей.

Система управления в степи — представители колониального аппарата царизма в казахском ауле во второй половине XIX в.

Жизнь и деятельность Абая. Полная биография поэта и общий обзор всего наследия его.

Историческая роль и значение наследия Абая в письменной казахской литературе.

Юношеские произведения поэта, отражающие в себе следы влияния на Абая поэтических традиций отдельных поэтов Востока. Преодоление этих влияний. Стремление Абая освоить культуру русской передовой поэзии.

### 13. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845—1904)

#### Мазмұны

1. Абай Құнанбайұлы	1—13
2. Абайды тану	14—28
3. Абайдың өмірбаяны	29—116
4. Абайдың жас шағындағы шығармалары	117—131 (6)
5. Абайдың лирикасы	131—253
6. Абайдың поэмалары	254—269
7. Абайдың аудармалары	270—299
8. Абайдың қарасөздері	300—317
9. Абай мектебінің ақындары	318—319
10. Ақылбай шығармалары туралы	320—331
11. Мағауия шығармалары	332—343
12. Көкпайдың ақындығы	344—361

### 14. АБАЙТАНУ

1. Кіріспе дәуірі	— 1 сағат	
2. Абайды тану	— 1 сағат	
3. Өмірбаяны	— 2 сағат	
Лирика	— 14 сағат	— 7 рет
Поэмалар	— 2 сағат	— 1 рет
Қарасөз	— 6 сағат	— 3 рет
Аударма	— 4 сағат	— 2 рет

---

30 сағат.

### 15. ТАҚЫРЫПТАР:

1. Абайдың ақынға, ақындыққа көзқарасы (бұл жөнінде Россиядағы әлеуметтік ойдың әсері) Молдасейітов, Тілегенов 26.XI. 2-ден 4-ке дейін.

2. Абайдың сатирасындағы типтік ерекшелік (орыс сатириктерімен жалғасы) Тасбулатов, Баксықова 29.XI—52, 9<sup>45</sup>—11<sup>20</sup>.
3. Абай мен Лермонтов арасы (Лермонтов лирикасынан Абайдың алғаны) Аханов, Рахышев, Естияров 3.XII—52, 13<sup>15</sup>—14<sup>30</sup>.
4. Абайдың әдебиет тілін жасаудағы еңбегі. Жолдасбеков, Жүнісов (Бектурова, Мухамбердин) 13.XII—52.
5. Абайдың халық ауыз әдебиетімен қарым-қатынасы (Әлішеров, Жолдасбеков, Дербесов) 6.XII—52, 13<sup>15</sup>.
6. Абайдың махаббат лирикасы (Хасенов — Мергенбаев) 13.XII—52.

Староста Нұрғалиев.

## 16. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ АВТОРЕФЕРАТТАР ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Ақын, ақындық жөніндегі Абай ойлары.
2. Абай заманындағы көшпелі ауыл күйі мен қоғамдық қайшылықтар.
3. Абай шығармаларындағы еңбектің орны.
4. Абайдағы реалистік пейзаждың мән-мәдениеті.
5. Ән-күйге байланысты Абай эстетикасының ерекшелігі.
6. Махаббат лирикасы жөніндегі Абай ақындығының эволюциясы.
7. Қарасөздегі Абай сатирасы қандай?

## 17. СПЕЦСЕМИНАР 12.VII—52

1. Қалиев — "Абай және әйел мәселесі" — 5 (өте жақсы) шадт, түңілу бар. Екі әсер бар.
- А. Әбдіжаппаров — (поср.)
2. Бақтыбаев — "Абай және орыспен достық мәселесі — 5
3. Сүлейменов — сыны бар, жақсы ой айтады — Абай арқылы орысты білу күшейеді — аударма шығарма Татьяна — қазақ қызы жетпеді — 5.
3. Шаленкеев — "Абай аудармалары" — кіріспесі де жақсы — негізі тіпті жақсы. Ойлы, соны, өз сөзі. Орыстың бірнеше классигінен Абай үйренгенін айтады.



- в. Сейдеханов — сынау-шашырау бар? Крылов ең керекті? Аудармалармен де күресті Абай!? Ақындық дәрежесі де өсті. Аудармадан үйренді, жаңалық қосты.

## 18. СПЕЦСЕМИНАР 14.VII—52 ж.

1. Қасыбеков — А. педагогикалық көзқарасы — 5. Ұстаздық — ұстазбын деп біледі. Сөзге, тілге баға „Алыстан (сермеп)“  
Тіл, сөз — әлеумет құралы, Абай өлеңдері — айыптау ақтысы... феодалдық мораль — оның сыны, цитата орынды.  
Не табу, қандай болу туралы — тәрбие туралы бүгін де пайдасы бар — Дұрыс.
2. Сейдеханов — "Абайдың ақындыққа көзқарасы" — 5  
Өлеңде өмір шындығы — мазмұны жоғары — Белинскийдің эстетикалық ережелері. Белинскийдің 5 принципі. Айтқанын іспен орындады.
3. Бегимова — 4 — "Абай Крылов"  
„мынау, мынау“, „содан кейін“??
4. Қадырқұлова — "Абайдың махаббат жайлы өлеңдері"  
Абай сөздерін аз біледі? Дамуы аз ашылды.  
Абай „рационалдық оймен еңбекші жұртты өнерге, білімге, техникаға жетілуге, еңбекке шақыра алға сілтеді“.

24-бет.

## 19. СПЕЦСЕМИНАР

1. Сүлейменова Зульфия — "Ескендір" — 3—4—?  
Шаленкеев — сын... орынсыз. Терең түбі бар — соны ашу керек еді; идеяны ашу керек еді — агрессия  
Сейдеханов — өлеңдік қасиет жоқ.
2. Сүлейменова Раушан — 4  
„Абайдың әкімдерге арнағаны“.  
Семенов — заманға баға беру керек еді — 3—
3. Әбдіжаппаров — "Қара сөз" — 5—  
Өлеңнен бөтендік жоқ?  
Мысалдары жақсы, орынды шешеді.  
Қалиев негізді.

## 20. IV КУРС

### СЕРФАЛИЕВ МЫРЗАТАЙ 4.XII.58 ЖЫЛ.

3. „Абай шығармаларында еңбектің орны“ (реферат)— 4  
(жақсы)  
Еңбек — Абайда тек қара жұмыс емес. Еңбек өзі үшін ғана емес... көп үшін болсын. „Қарасөзді“ қоса пайдаланған жақсы.
- а. Габдуллина Мариям — 5
  - б. Тұрсынбаев Амантай. Қандай еңбек? Дұрыс — 1
  - в. Сыдықов Хабиболла — орыс адамдарын атау керек еді.
  - г. Нұрқанов Жарасбай. Ішкімге қарама. Еңбек тақырыбы шашыранды болатын Абайды бай болу үшін дейді.
4. Зикрин Мақпоз (реферат)  
„Абай ақындығында махаббат лирикасы жәйіндегі эволюция“ „тәтті қыз“ — бір саты бірақ нәзік емес.  
1889 жыл — „Ғашықтық құмарлықпен ол екі жол“  
— Абайдың өз сөзі көбірек емес пе?  
1888 жыл. Желсіз түнде (жарық ай)??  
Жеткен жері не еді?
- а. Хасанов Бақытжан — 4
  - б. Айтазин Қазтай — кемістік — шумақ келтірсе ??

4—3

### 3.XII.58 жыл. 4 курс

#### ТӘЖІРИБЕ САБАҚ (РЕФЕРАТ)

1. Сыдықов Хабиболла — 5 „Абайдың ақын және ақындық туралы ойлары цитата — ұзынырақ. „Өзгеге көңілім (тоярсыңды“) жақсы пайдаланған... көп өлеңді топтай шешеді, шолады — жақсы. „Алыстан сермепті“ деп еркін орамды пайдаланған. Тілі бай екені байқалады.
- а. Қосанов Әнуарбек — оппонент ретінде сөйлейді... Бес-алты өлең айналасына ғана үйістірген.. Қайшылық сөзі болды дейді. Пушкин, Лермонтовты азайтты. Сөйлемі ұзақ, қиындау.
  - б. Шегебаев Сәбит — Қосанова дау — баяндама тілі жаман емес. Ақын туралы ой көмескі сияқты, тақырыбы үлкен.

в. Әуелбаев Шәріп — жаман жазылмаған. Қамтылмаған жерлер бар. Өлеңдегі шеберлік аталу керек еді. „Жазды“ атау керек еді.

г. Нұрқанов Жарасбай (реферат)

„Абайдағы реалистік пейзаждың мән міндеті“ (тақырып) Абай — сөз суреткері. Художник ақын — палитра — гуаш, туш, майлы бояу бәрі бар — по Белинскому „в поэзии живописи“ — Шешен тілі бар. „Көңіл жайлауына жыр жолымен қондырып жатыр“ — жақсы образ. „Күз“ өлеңі де мол тексереді. Тіл — „бірін бірі меңзейтін“ — теріс „Көлеңке басын (ұзартып та“) ...образбен ойланады. Желсіз түнде („жарық ай“) — ажаптау... Үш қайнар көз — шешен тіл ауызша сөйлеуінде де бар.

а. Жүсіпова Рухия — сыны бар, тілі ауырлау баяндама.

б. Серғалиев Мырзатай — Жақсы баяндама — білгені, іздегені көрінеді. Сөздерін орынды қолданады. Әттең айыбы да бар.

в. Шегебаев Сәбит — екінші рет тілі ұнады. „Үйренді“ — өзіндігі бар ғой, соны баса айту керек еді. Төселген, кесіліп сөйлейді.

г. Әуелбаев — бір ғана сөйлем.

д. Зикрин Мақпоз — тақырыбы, стилі аз сөйленген. Эрудиция бар. Көркем тілі бар... тек мөлшерден артығырақ, тақырыбына тікелей тоқталған.

е. Хасанов Бақытжан. „Жазғытұры“ жоқ.

## VI. БАЯНДАМАЛАР, СӨЗДЕР, ПІКІРЛЕР

---

### 1. АБАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕГІ

*(Ұлы ақынның 100 жылдық юбилейіне  
жасаған баяндама)*

Жүрегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма.

Өсер ұрпақ, келер дәурен, туар тарих қауымына ақын арнап кеткен мұңды сырлы бір сәлем, наз сәлем осы еді. Шөл ғасырлардың қу медиен құла түзінен болар заманға, жақын заманға қарай жалғыз аяқ жол тартқан ақын ол еді. Сахараны басқан қара түн түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына өріс атап, бет нұсқап „таңың сонау белден атады, күнің осынау жақтан шығады“ деп кеткен ақын да сол еді. Рас қытымыр заманы мен надан қауымға ол ақын жұмбақ еді. Жұмбақ па біз үшін сол ардақты ақын бұл күнде. Жоқ, жұмбақ емес. Ол уақытта заман бұлты бетін бүркеп тұрғанмен, айдың аты ай еді. Біз қазақ әдебиетінің жұмбағы емес, мол бір игі нұры дейміз Абайды.

Соқтықпалы, соқпақсыз дүлей мыңның қарсысына жалғыз алысқан Абай жалғыз да емес бүгінгі күн.

*Моласындай бақсының  
Жалғыз қалдым тап шыным,—*

деп күңіреніп өтсе, бүгін халқы, алып отан тапқанда ақын асыл халқын тапты. Біз қазақ халқы емес: тілегіне тілегін, табысына табысын қосқан, жарығына жарығын қосқан, жеңісіне жеңісін қосқан қасиетті социалистік отанның — сан қазақтай — ұшан теңіз халқын тапты... Абай бір қазақтың Абайы емес, Ленин туы астында жасаған Советтік Социалистік ұлы Одақтың бәріне білікті, бәрі қадірлейтін Абай болды.

Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма! Кінә емес, қадыр тұтады біздің дәурен, біздің ұрпақ... Мыңдар, миллиондар жүрегі боп қадыр тұтады. Айғағы оның дәл осы

күндер... Қазақ әдебиетінің ұлы бір мереке мейрамы боп отырған осы күн.

Бүгін ақын туғанына жүз жыл толыпты. Бұл жүз жылдың бойын алсақ: бас кезінде Абайдың балалық шағы, жігіттік кезі, кейін ер ортасы жасы өтіпті... Алпысқа шығар жасында ұлы ақын қайтыс бопты. Өткеніне қырық жыл толыпты. Бірақ біз үшін Абай өткен жан ба?

Өлді деуге бола ма, ойландаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?,—

демеп пе еді. Өткен жан емес. Ақын жолы халық жолымен, тарих жолымен қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім жоқ, өзіне заман, дәурен шегі жоқ. Біздің дәуірімізге әрі бұрынғы, әрі бүгінгі Абай болып, келешек шексіз заман үшін де тарих аспанындағы бір тұрақты нұры боп шырқай бермек. Ол болашақ күндерде де Абай әрі бұрынғы, әрі ар жағындағы келешектің өлмес, өшпес тұрғыласы болмақ, күншуағы айықпас күнгей беті боп тұрмақ. Жай адамның өмір тірлігін біз халық мүшелмен санайтын... Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың Әбул Хаят суын ішкен, жерден мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана, даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін елу жылдан, жүз жылдан қайырмақ... Алтайдан Алатауға аттап түсерлік ертегі тұлпарындай бой сайлардан, сахаралардан ғана аттап өтпей, замандардың да талайынан аспандап асып өте бермек. Өзінің қадыр білмес ғасырынан бізге жеткенде, Абай солай жетіп отырған жоқ па. Өміріндегі қам-қайғысын халқының бағына бағыстаған барлық дана ақынның өзіне өзі жазған тағдыры сол. Тарихтың да қызғанышсыз қуана берер жүлдесі сол.

Осындай ақынның бір мүшел қайырған жүз жылына тұстас келген біздің мереке нені еске салады. Кеннен шыққан асылды, алтынды қоспасынан айырып қорытып алғандай ақынды да заман ортасымен қоса алып, сол дәуірінен иығы асқан өмір арманын, еңбек қасиетін қорытып алады. Ендеше біз де ақынның өзі кешкен өмір соқпағына көз салайық... Аз сөзбен өмірбаянын шолып өтейік.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим), 1845 жылы осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты ішінде туады.

Ақынның әкесі Құнанбай — ол күнгі сахараның жуан әкімінің бірі. Түгел тобықтының ұлығы болған.

Абайдың ең алғашқы балалық шағы „күндестің күлі күндес“ дейтұғын көп шешенің арасында өтеді. Бірақ өзін

тапқан шешесі Ұлжан мен үлкен шешесі Зере жаратылыстан мінезді, әділ, мейірбан адамдар болып, жас Абайды бауырмал, адамгершілік жолымен тәрбиелеуге тырысады. Әкесі қойған Ибраһим деген атты да сол аналар еркелетіп өзгертіп: „ойлы бол, абайлағыш, аңдағыш бол“ деп „Абай“ қойған.

Бала Абай сабақты әуелі үй молдасынан оқиды. Кейін Құнанбай сегіз жасар баласын Семейге апарып, Ахмет Риза деген имамның тәрбиесіне береді.

Сол шаһарда, сол медреседе бес жыл тұрып, он үш жасына шейін оқуды үзбей оқығанда зейінді шәкірт Абай көп сауат алады. Ақындықтың ерте білінген қозғауы да осы кезде басталады. Кітаптан оқыған келісті жырды, жыршыны сүйе бастайды. Бұдан бұрын кәрі құлақты әже тәрбиесін алып жүргенде туған сахарасының аңыз дастанын, аңыз әңгімесін, көркем қазынасын көп тыңдап, көп ұғып, құмартып өскен жас енді араб, иран, шағатай, түркі ақындарын ізерлеп оқып, жадына алады. Тағатшыл имам, намазқой халфе, дүмше молдалар арасындағы қуыс кеуде, құрғақ сопылыққа салынбай ынталы зерек шәкірт шығыстың ақындық бұлағына, классик тұнық поэзиясына ден қояды.

Осы кезде орыс тіліне ерекше көңіл бөліп, аз уақыт орыс мектебінен де оқып жүреді. Сол бала жастық жылдарында Абай өз өлеңдерін де жаза бастап еді.

Бірақ әкенің еркі бұл баланың болашағын басқа бетке бұрады. Ел арасы, ру тартысында бірде арбасып, бірде жарғыласып, тәйкелі түсіп жүрген Құнанбайға бала мен ініден серік керек еді. Сол керегі үшін әкесі Абайдың оқуын тоқтатып, қырға қайырады. Өзіндей ру басы, әкім, ұлық етуге әзірлемек болады. Сонымен жаратылысында үлкен зеректігі бар және қала тәрбиесінен алған білім, тәжірибесі бар естияр жас енді ел іші, ру басылары арасындағы қиын түйін, қым-қуыт айла-тәсіл тартысының қалың ортасына түседі. Ой кезеуін, тіл безеуді керек ететін алғыр, айтқыш, шешен, ділмар болмақ шарт. Сол жолдағы өзінде жоғын халық қазынасынан іздейді. „Аузымен құс тістеген“ дейтін ақпа даутер алмас тілді ақын, әділ билік, тапқыр талас сөздерінің де шебер-көркем түрін тереді. Әкесінен оқымай, халықтан оқиды. Өзінен арғы ақын-жыршы да, әсем жыр мен асыл сөз қорында Абайдың білмегені некен саяқ болады.

Бұрын жас ақын өз өлеңін кітапша, шығыс ақындарынша күйлейтін еді. Енді елінің ой өнер

қазынасын мол танып, меңгерген ойын тың өлең, өзгеше өлең, халқына ұғымды өлең етіп шығара бастайды. Осы жолмен беттеген жас тәжірибесінің өзі де болашақта халық қорымен қабысатын ақынның аңғарын танытушы еді.

Әкенің еркі бойынша амалсыздан өнімсіз тартысқа араласқан Абай жігіт бола есейе түсіп, ес жия сол Құнанбайдай әкенің ісінен бәсеке, бақталасынан торыға бастайды. Әділеті жоқ қатал әкенің көп талабына қайшы кеп, қарсы шығатын болады. Ел ішінде есесіз кім, мұңдар момын, жазықсыз кім, көп тілегін жыр қылып, қақпай тастай қағып соғып, аунатып жеп жүрген жуаңдар кім, зорлықшыл қастан кім, соның бәрін ел қамырығынан, ел мұңдысынан ұғынып жүріп Абай әкесінен бөлек бет, бөлек мақсұт көздейді. Әкесі тапсырған көп істі оның еркінше шешпей, өзінің әділет ұғымы бойынша кесетін болады.

Өмірі қатал, суық бетті әке мен қайратты әділ баланың екі арасында енді қайтып ұғыспастай қайшылық, қарсылық еседі. Осының арты барған сайын дами беріп, ақырында, әке мен баланың арасында араздық пен алыстау туады.

Абай жиырма сегіз жасқа жеткенде әке жолынан мүлде бөлініп, жаңғырар заманның жаңа жол іздер азаматты болуға бет қояды.

Абайдың бар өмірін баян ету бір сөзге симайды. Ұзақ өмірінде Абайдың азамат арманынан туған, талай тартысынан туған, ақындық, даналық, қалып-қасиетінен туған бірнеше ерен-ерен белдер бар. Бар өмірін айту орнына біз сол өзгеше кезеңдерін бөліп атап көрмекпіз. Бұл ерекше қалпында Абайдың ақындығы да, бас тірлігі де, өмірдегі жол тартысы да, тарихтық елеулі үлгілі жемісі де түгел танылады. Абайдың абайлық бітім кескінін, тарихтық тұлғасын танытатын ерекшеліктер осы.

Осындай қасиеттері Абайдың жас жігіт шағынан өлер кезіне шейін әр алуан боп айқындап шығып отырады. Жекелеп санасақ жас кезіндегі өмірлік, азаматтық ең бірінші ерекшелігі — әкенің ұлы болмай, халықтың ұлы болам деген тартысында „Әкесінің баласы адамның дұспаны, адам баласы бауырың“, — деген ой Абайдың сөзі ғана емес, адамгершілік, гуманистік жолы да болатын. Арлан бөрінің соқпағына бөлтірік бөрі ақылы көптіктен түспейді, бөрілік табиғатынан, инстинктікпен түседі деп білген Абай жасында әкеден кеткенде ел үшін, ел көшіне, тарих көшіне соны қоныс, тың өріс іздеп табу үшін кеткен... Бұл бір ерен

ерекшелігі еді. Осыны ісінде де, өлең еңбегінде де қатар ада қылмақты арман етті.

Екінші ерекшелігі — жуан бел, надан, соқыр ру басылардан бөліне кеткен бетінде бірден халықты, халықтың мұңын тапты. Сол халықтың жоғын берер жаңалықты іздеді. Жеке қазақ тарихы мен топырағынан іздеген жоқ, үлгіні көрші елден, өнерлі орыс халқынан іздеді. Ұлы орыс халқының ғасырлық хан қазынасына өз халқының қолын, жолын жеткізуді мұрат етті. Орыс халқының өткен тарихынан, өзі тұстас тірісінен өзіне де, жұртына да дос көмек тапты... Сонымен бірінші ерекшелігіне екінші қасиет қосты. Абайлықты табудың, толықтырудың айнымас айқын жолы осы еді.

Үшінші ерекшелігі — қос қанаттай биікті меңзеген ақындығын, бұрынғы қазақ ақындарының еш қайсысы шығармаған әлеуметтік ұлы тартыс, тарихтық құралына айналдырды.

Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Думан сауық ойда жоқ әуел баста-ақ...

дей отырып сол надандықты, сол күнгі қас көрсеткендікті, ел, тарих паразиті болған жуан соқыр сойқанды табандап ұрып, тура нұсқап, көзіне шұқып жермен жексен етіп, ба-тыл шабуыл жасады... Бұл шабуыл тарих мешеулігіне жа-саған шабуылы еді.

Қазақтың қоғамдық тарихына да, әдебиет қазынасына да дәл осындай ерекшелігі бар Абай сияқты бір жан жоқ еді.

Төртінші ерекшелігі — өзі үшін, елі үшін ізденді де, тапты да, бар тапқаны мен тудырғанын ұстаздыққа салды. Ақын боп өсер ақынды тәрбиеледі. Қазақтың жаңа әдебиетінің, классик әдебиетінің іргесін өзі қалап тұрғызып, ілгері қарай да өзі бағыттады. Әдебиетке басшы, халыққа қамқор қайраткер болды. Осы жолда досты да көп тапты, жауды да көп ұшыратты... Досының күші әлі аз еді... Үйткені ол жас еді. Және көбінше ол болашақта еді. Жауы болса қолма-қол белдесіп, жағаласып алысты. Ұмтылып қуды, тоқай тіресті. Ойда ұлық, қырда қырсық боп жабылды... Жалғыздық көрсетті. Осымен өксіп өмірі өтті. Ақын туы жығылады... Азамат тарихының туы боп атой беріп, қазақ тарихының биік белінде мен мұңдалап тұрып қалды. Бірақ жеке адамдық бейнетін алғанда Абай



өз заманында сол биікке бауыры жара, жалғыз қара боп қана шыққан еді. Құлшынып келсе де, күңіреніп өтті. Өмірінің ақыр шағы осы еді. Ақындығының да, азаматтығының да тағы бір ерекше қалып-қабілеті осы болды...

Санай берсек Абай басынан, өмір, еңбек соқпағынан тағы талай ерекшелік аталар еді. Бірақ өмірбаянын тұрғатұрға биігінен қарап жинай түсем дегенге дәл осы аталған төрт күнгеі анық абайлықтың төрт тірек діңгегі сияқты...

Өмірінің, еңбегінің дәл ізімен болжасақ осы ерекшеліктері айқын-айқын танылады.

Құнанбайдың еркінен шығып, өмірін өз ақылы бойынша белгілегенде Абай ең алдымен орыс тілі, орыс мәдениетіне ұмтылды. Екінші жағынан ендігі досы халықтың ақын, өнерпаздары болды. Көп жылдар ізерлеп орыс тілінде білім кеңейтеді. Орыс оқымыстыларынан дос табады.

Бұл жылдарда ақындыққа да шын бой салып беріле бастап еді. Осымен жасы отыз беске жеткенде Абай толғаулы ойға толыға бастаған ақын болып және халық үшін арманы анық азамат боп қалыптанып еді. Дәл осы жылдарда Абай Ресейден айдалып келген орыс революционерлеріне кездеседі. Олар орыс халқының ішінен шыққан анық қадірлі асыл жандар еді. Көпшілігі Чернышевский, Добролюбовтар тәрбиесінен шыққан, Шелгуновтың баулуымен өскен отты, шыншыл, білімпаз жастар еді. Солардың ішінен Михаэлис, Долгополов, Гросс, Леонтьевтер сияқты талантты бір тобы Абаймен танысып табысады. Осы адамдар Абайдың орысша білім алып, ірілеп өсуіне үлкен достық етіп, үнемі көмектеседі.

Абайдың бұл достары патшалықтың отаршыл төрелері жасаған кедергі кесір, қырсықтардың басынан аттап өтіп, ол күндегі Сібірдің, Қазақстанның халқына орыс халқы турасындағы шындықты айтпақ еді. Ол шындық орыстың ұлы жазушысы, классиктерімен, атақты қоғамшыл, саясатшы қайраткерлерінің еңбектерінде жазылған шындық еді. Сондағы ұлы адамгершілік гуманизм және бүткіл ХІХ ғасыр бойынша созылған патшалыққа қарсы бостандық арманы, күрес, алыс үгіті болатын. Еңбек халқының езілген, ессіз күйін бетке басып, мұңын жоқтаған зор элеуметшіл қамқорлық бар еді. Осының бәрі Сібір мен Қазақстанда патшалық отарларындағы қоғамдық жаңа ой арманды өсіре түсетін жаңа екпін, үлкен тың өріс еді. Абайдың жаңа достары орыс халқының осындайлық ой қазынасынан үлкен сәлем, жолдама әкелген ең алғашқы

қадырлы хабаршы, жаршылар еді. Олар зор тарихтық міндет атқарған қымбат елшілер болды. Бұлардың жаңағыдай мақсаттарын аға қылуға Пушкин, Лермонтов, Салтыков-Щедрин, Лев Толстой, Чернышевский, Добролюбовтардың еңбектері ең сенімді, ең асыл құрал болды. Солар мен қазақтың Абайдай ақын азаматын таныс етіп, орыс халқының шын қадырлы мәдениетімен таныстыру үлкен іс еді. Барлық Россиядағы еңбек елін ғасырлар бойы басқа қараңғылықпен қанаудан құтқаруда, барлық ел қамқоры қайраткерлерінің арман-мүдесі, күрес күші, әлеуметтік бағыты бірыңғай екенін таныту қажет еді. Абайдың айдалып келген революцияшыл достары, айдау жылдарының өзінде осындай үлкен сүреңді үгітшілік, ағартушылық жолына арнады.

Осы арнада Абайға қатты көмектесіп жүріп, Абайдың шығыс тарихынан қалың қазынасына, жол жорасына, әдет-салт, кәсібіне қанықты білгір адамнан өздері де көп білім-дерек, нәр алды.

Абай болса осы кезеңнен соң ақындықтың кең өрісінен шыққан кезінде:

„Ескі бише отырман бас мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сенде түзел,  
Келейін сендерге де енді аяндап“.—

деп тың жол бастады. Ескіге сын, надандық түнегіне өкім айтам деді. Жасқа жалау, елге ырыс болар жаңалықты айтам. Елді қанау қорлықтан, надан жеміт пәлекеттен, қу мен сұмдай содырдан арылтам. Тарихты қырсық құрсаудан, қызды ноқтадан, ұлды тұсаудан арылтам. Өнер мен білімді арманды жұлдызың, жалғыз жарқын қыбылаң деп айтамын, солай бастап, шақырам деді.

Орыс халқының ұлы шыншыл даналары Пушкин, Чернышевский, Салтыков-Щедриндер қалай айтса, соларша қамыңды жеп, алдыңды меңзеп айтам деді. Сол алдағыны көбінше ашық айқын сезіп отырды. Өз тұсындағы әлеумет тіршілігінің, бас бейнетінің ауыртпалығы етектен баса берсе де:

Көрмеген көп дүние көл көрінді  
Кірлемеген көңілдің ашығында.—

деп алда, таяуда көрікті көл дүние барын айтты... Көңілдің күнделік болмыстан туған мұң бұлты айыға берсе сол көл дүниені көз алдында көріп отырды. Осы сарын, кейін 1890

жылдардағы өлең еңбегінде алға қарай талпынтып, ақын ішіндегі сөнбес, талмас нұр жалын боп жалтылдап отырады. Келешекке қарай құлаш ұрғызып, кей-кейде болар заманмен тілдестіріп, табыстырып отырғандай болады. Сондайлық өз тұсының қораш, күйкі көрінісінен ары асып, алысқа көз тастаған ақын ғана:

Қайғы шығып ыйыққа,  
Қамалтпасын тұйыққа.  
Сергі көңілім, сергі енді  
Балапан құстай оңдалып,  
Қанатыңды қомданып,  
Жатпа ұяға қорғанып.  
Үш көңілім, көкке кергі енді,—

деген зор үміт қайрат жалынын ата алады.

Міні заманынан, ортасынан ыйығы асып, биіктеп, ұзап шыққан Абайдың ендігі тұлғасы осылай еді. Қырық жас-тан бастап өле өлгенше Абай осы бейнесін өсіріп, дамыта бермесе кішірейтіп кеміткен жоқ.

Ендігі Абай — ұстаз, сыншыл ақын, күй шығарғыш өнерпаз. Бар қазақтың өнерлі қауымы — мұның досы. Айналасына талантты жас үйіріледі. Үгітіне, өлеңіне халқы ынталай құмартады. Сонымен барған сайын Абайдың абырой-атағы артады. Өзі болса сол абыройының бар салмағымен, алмастай алғыр сөзінің қуат алуымен өзі тұстас жуан содырларды соққыға ұшыратады.

Содан ендігі бар өмірінде айықпас жаулық, қастық табады. Жаулары — тобықтының ру басы надан партияқор, пәлекорлары еді.

Абайдың жаңашыл ағартушылық, әлеуметтік үгіттері ұрғанда соларды ұрып жататын. Олардың көбі кейде болыс, кейде би, шетінен шылқа бай болып өз туыстарының бірі [...] қаладағы ұлыққа сүйеп алысады. Абайдың сыны жалғыз елдегі нағандық емес, патшалықтың қазақ ішіндегі құрылысына да қатты соққы боп тиіп жатушы еді. Елдегі Абайдың дұспаны Оразбайларға үн қосып, Семейдің жандаралы да ақынды сахарадан айдамақ боп көріп еді. Бірақ қалың ел ортасындағы үлкен абыройдаңқынан сескеніп, өзіне тиісе алмады да, тек маңындағы айдалып келген достарын алыстатты. Ел жуандары, Абайға еріп, шәкірт, серік болған жас достарын қудалады. Абайдың өз басын да арыз-шағымнан, даушардан айықтырмай көп әлекпен бунап жүрді. Сондай пәле-жала талқысына көп түскен шағында Абай кейін налып жырлаушы еді:

Ортаға көп салдым,  
Өзімде барымды.  
Япырм-ау ненді алдым,  
Сау қоймай арымды.—

деп зар шағушы еді. бірақ шыншыл, әділ, тура жанды Абай ұлғайған сайын халықтың мұңдас досы болып күшейе беріп еді. Абайдың ем болар өсиетін көксеушілер, әділ, адал билігіне ынтығушылар талай алыс қияннан кеп табатын болады. Шындық іздеген халықтың Абайдай қамқор дана досты тапқан жолы осы еді.

Өлең үлгісі болса ол да қазақтың барлық жас ұрпағына жайыла тарап, өнер серік айт пен тойда, талап пен ойда өмір серік боп, тәрбие тәлімін үнемі беріп, ұдай түсті.

Осыны көріп сезген сайын қиянатшыл, қызғаншақ жуан дұшпандар, ел бүлдіргіштер Абайдан тарайтын үлгінің бәріне өшігіп, Абайдың өзіне де қастығын молайтып, асыл еңбек күндерін улата бастады. Айла мен қулық-сұмдыққа шебер, сонымен көзі шыққан қу пысықтар неше түрлі жиренішті пәлелермен ақын жүрегін үнемі жаралап отырды. Жаламен өзін, жазамен жазықсыз досын, бала шәкіртін тоздырып қудалады. Еңбектен қолын, үміттен көңілін, тыныштықтан күнін, тірлігін айырды.

Осындай қастан, қатал дүниенің арасында жүрегі азап күндерінде ақынның бірнеше қимас жаңдары қаза тапты. Ауыр өлімнің бірі Абайдың „жаңа төлдің басшысы ол“ деген оқытқан, жақсы тәрбиелеп өсірген баласы Әбдірахман өледі. Осының артынан тағы біраз жылдан соң ел дертімен шерленіп, жаулар бүлігімен жараланып жүрген ақынға тағы бір ауыр соққы боп, тағы бір қаза келеді. Ең сүйікті ақын шәкірті және өзін жаңғызсыратпай ой серігі боп өскен ең сүйікті, талантты баласы Мағауия қайтыс болады. Сол өлімнің артынан, қырық күн ғана тірлік етіп, жаны жабыққан жалғыздық күйігі жеңген, заманынан озып жеке дара боп үздік шыққан жалқы азамат, жалынды ақын өзі де дүние салады...

Ұзақ жылдар бойындағы үздіксіз асыл ойдың жемісі болған ақын мұрасына қарасақ, ол бір қазақ халқының көп ғасырлық қасиетін бойына жиған ерекше бір қазынадай. Онда дана ақынның өз халқының және жалпы адам баласының өнер, ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз.

Бұның біріншісі — қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып сақтап, өсіріп келген өз даналығы, ха-

лықтың ауызша әдебиет қоры. Ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы — араб, парсы, түркі тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен нәр, мол азық алған зор саласы — орыс халқының мәдениеті және сол арқылы европа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созу Абай заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуір басы, әрі үлкен-ұзақ, кең майдан келешек еді.

Абайдың ақындық бітіміндегі ең бір ірі жағы осы айтқан үш қазынаның қайсысына барса да құрғақ үйренуші, еліктеуші боп барған жоқ. Қайдан алсын, нені алсын баршасында өзінің үлкен ойлы, терең толғаулы ірі ақындық ерекшелігі арқылы, үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайнар жүрегінен шыққан бұйым табыс етіп, өз тәні етіп ала білді. Сондықтан бұның алған үлгісінің бәрі де ақынның көркемдік ой, саналық еңбегінің бәрін терең сырлы етіп ерекше жастастықпен әдемі қып безендіріп отырды.

Бұндай дәрежеде үлгі алып үйренуші өз заманында Пушкиннің ескі антик әдебиетінен, орта ғасыр мәдениетінен, бергі шақтағы батыс әдебиеті өнерінен алған көп арналы үлгі табысы тәріздес. Ендеше сол Пушкин де, Абай да өз мұрасының маңыз нәрі бойынша халықаралық ақын және сонымен қатар өз елінің тарихынан әрі ұлттық, әрі халықтық ақын.

Енді жаңағы айтылған үш салаға жеке-жеке тоқтай түсейік.

Абайдың сексенінші жыл мен тоқсаныншы жылдар арасындағы ол әндерінің көпшілігі сол кездегі ауылдың, ауылдағы қоғамның өзгеше қалып құрылысына арналған, өзінің тұсындағы қауымның тағдырын талдауға арналған. Осымен қатар, өз халқының ой қазынасы барлығын да сынап, саралап шығады. Және қоғам тіршілігін қоғамның тарихына жаңалық тілеген ақынның жаңа мұрат жолы, ақындық программасы да көрінеді. Міні осы алуандас шығармаларының барлығында Абайдың мол араласқаны қазақ халқының өз қазынасы болады.

Бірақ осы кездің өзінде де ақын халық шығармасында айтылмаған тың сөзді айтады. Дүниені өзінің жаңаша тануына орай жаңаша сезім, жаңа ой айтқанда Абайдың тіл сөздігі (лұғаты да), өлең көріктеу өрнегі де басқаша, өзгеше шығады. Халық шығармаларындағы айтқыштық ора-

лымдылық, көрікті де ақын бұрынғыдан биік белес шығарады, сапасын асырады.

Ескі ауылдың көне құрылысын, кертартпа қалпын әшкерелегенде, феодалдық, рушылдық әлек дерттің жақтаушыларын сынап-шенегенде, еңбек елінің, көпшілік бұқараның ауыр күйімен қатар қамтып отырып жырлайды.

Ел жайын біліп қансаңыз,  
Айтайын құлақ салсаңыз.  
Кейбіреуі дүрсіп жүр,  
Жер тәңірсіп кер мағыз.  
Кейбіреуі зақуншік,  
Оңдырмас егер берсе арыз.  
Кейбірі пірге қол берген  
Іші залым, сырты абыз.  
Кейбірі қажыға барып жүр  
Болмаса да қаж парыз.

Міні, бұл айтқанның бәрі ел бүлдіргіш басы жуандар, атқа мінер партия басылар, молдекең, қажекеңдер — жиын аты. Надан дүмше кесірлер. Абайдың өмір бойы алысып өткен қырсықтары осылар басында, осылар ісінде, осылар пәлесінде.

Кітапты молда теріс оқыр,  
Дағарадай болып сәлдегі.  
Малқұмар көңілі беқ соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі,—

дегені де солардың дүлей тобы. Осымен қатар, сол қомағай еңбексіз бай жуанның көп бейнетқорға ететін таптық, топас қиянатын атайды:

Мал жияды мақтанып білдірмекке,  
Көзге шұқып малменен күйдірмекке.  
Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,  
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке...

Осындай құнарсыз, надан, қараңғы қанаудың шырмауында көптің қамалып жүргенін көріп, ақын қамқор азамат боп, назаланып үн қатады:

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,  
Ойланшы, сыртын қойып сөздің ішін...  
Адасып алаңдама жол таба алмай,  
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.  
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,  
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай...,—

деп ғылым, мәдениетке, жаңа мұрат-мүддеге шақырады, өнімді, нәрлі еңбекке шақырады.

Сол сияқты қазақ әдебиетінде ең бірінші рет әйел халін, әйел теңсіздігін барынша қатты масқаралап, ащы мысқыл ызамен айтқанда Абай:

Есерлер жас қатынды тұтады екен,  
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.  
Ортасында бұлардың махаббат жоқ,  
Тұсап қойып қашыра бұқа ма екен.  
Бай қартайса малына берер шылбыр,  
Мал өмірді жаңғыртпас құдай ұрғыр.  
Біреудің қызын алып малға сатып,  
Баяғыны іздеген қандай құрғыр,—

деп жерлейді. Әйел халін, жар жүрегін, жас назын, адам мұңын жырлағанда Абай бұрынғы халық шығармаларындағы әйел бейнесіндей суреттемейді. Ондағы әйелдің көбі сырт халының қайғы тартысымен көрінуші еді. Абай сол әйелдің ішін ашып, адамдық асыл сырын суреттеп ашып, сол сипаттарына тіл бітіреді. Теңдік беріп, сүйіп ұқсақ ол әйел айнымас дос, асыл жан, даналық пен берік жүрек иесі, қызықты, қымбат жар, қадірін біл, қор етпе дейді.

Ақындық өнерінің өзінде де Абай тың көзбен жаңаша қарайды.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Сөзінің бірі жамау, бірі құрау,—

дегенде олардың тек ақындық олақтығын айтпайды. Күрделі тұтас ой жоқ, қоғамды жаңалыққа бастар ой жоқ, әсіресе ғасырлар бойы кертартпа-надан, мешеулікпен алысу жоқ. Қайта сол ескіліктің түбінде ықтап, айналсоқтап тұрып қалған шабандық, надандық бар деп шенейді. Ол қалыпты өзінің ақындығы үшін қанағат қылмайды. Ақындық әлеумет тіршілігінің тартысына арналсын, қоғамға азаматтық қызмет етуді өзінің ең зор, ең қасиетті қарызы санамаса ол ақындық емес деп ұққан Абай өз өнерінің бәрін сол ғана биік мақсұтқа арнайды. Сонымен заманды өзгертпек, тарихты жаңалық туғызатын заманының кесірін кетіретін тарих болсын дейді. Заманның болып тұрған болмысына көніп ере берген адам қайраткер емес, саналы адам да емес. Заманын жаңғыртам деп еңбек, талап етсін дейді.

Әр кімді заман сүйремек,  
Заманды қай жан билемек.  
Заманға жаман күйлемек,  
Заман оны илемек,—

дейтінінің мәні сол. Осы жолда еңбек пен тартыс қана, қажырлы талап қана шын адамның серігі болмақ. Сахараның кедей бейнетқорына есе әперетін де сол еңбек пен тартыс, білім үшін, жарық келешек күткен жас буын үшін де жөн-жосық, жол аңғар салғаны. Осы жолда берік бол да, тұрлаулы бол. Әйтпесе:

Тұрлаусыздың қолынан не келеді?  
Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді.  
Еңбегі жоқ ешпенен мал табам деп,  
Сендіре алмай, сене алмай, сенделеді.—

дегеннің керін құшады дейді.

Адам тірлігінің мағына-мәнісінің өзін бұрынғы қазақ ақындарынан мүлде басқа, жаңаша бағалап ұғындырады. Осы жолда өнерлі елдің бәрінен оқы, үйрен, үлгі ал. Адам баласының бәрінің тарихындағы жақсылығынан, өнерінен үйрен. Бұл жолда дін де, ата салт та, ескі құрылыс қалып та кедергі, бөгет болмасын. Болар болса аттап өт, елең қылма. Кім білім беріп, елдігіңді жаңа белге шығарар болса сол досың, сол жақының деп, халық, қауымға бет сілтейді.

Осы жолда ел тарихының кесірі болатын:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсен қызар жалмауыз.  
Сорлы қазақ сол үшін,  
Алты бақан ала ауыз,—

болып жүрген пәлешіл, ескішіл, керенау, надан ру басыларды еңбек елінің, ел тарихының барып тұрған залалды арам тамақ паразиті деп жариялайды.

Қылып жүрген өнері —  
Харакеті әрекет.  
Өзі оңбаған антұрған,  
Кімге ойлайды берекет.—

деп таңбалайды. Осындай жұрт әлеумет тірлігіне арнап айтқан ұлы ақынның үлкен үн, қатты сынын үнемі көреміз. Сондай ұстаздық сөзінде жаманшылықтың пішін-кескінін аса жиіркенішті етіп, жалтармастан басқа сабап, жарып айтқан ақын қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын, дәл бұндай толық боп шыққан емес.

Қазақтың елдігімен, тарихымен, бұрынғы қазынасымен жалғаса отырып, соны өсіріп, өрістетіп Абай айтқан жаңалық бұл саналғандар ғана емес, тағы да әлде неше. Бірақ бар тарауындағы бір ерекшелік соның бәрін, жаңа дәуірге бастаймын деген ағартушы ақын өзінен бұрынғы



ақынның бәрінен басқаша айтуында. Сондайлық басқаша, тың жаңалықты Абай шығыс әдебиетінің қорына қол артқан кезде де мол тауып отырады.

Абай өзінің жас шағынан жақсы білген классик ақындары: Фирдауси, Низами, Шейх Саади, Қожа Хафиз, Науаи, Фзули, Бабурларды өмір бойы зор қадірлеп өткен. Ерте кезде оларға еліктеп жазған шығармалары да болған. Кейінде Низами, Науаи жырлаған Ескендір жәйін, Аристотель жәйін батыс әңгімелерінен алып қосқан жаңа сарындармен көркейте түсіп, жыр дастан етеді.

Абайдың айтуынан кең сахараға „Мың бір түн“, „Шаһнама“, „Ләйлі — Мәжнүн“, „Көрұғлы“ сияқты үлкен асыл мұралардың халықтық ауыз апсаналары да мол тараған.

Араб, иран мәдениетінің тарихын тереңдеп зерттеген Абай: Рашид ад-Дин, Мұхаммед Хайдар, Бабур, Абулғазы Баһадур хандай арғы-бергі тарихшылар еңбегін де жақсы білген.

Мантық (логика), философия, ахлақ (мораль) философиясын да білген. Ертеден бергі шығыс ғұламаларының көп еңбектерін бергін уақыттарда да үнемі зерттеп отырған. Және тек ескі шығыс мәдениеті емес, өз тұсындағы жақын шығыс мәдениетінің халінен де хабардар болған.

Татардан шыққан алғашқы ағартушы, жаңашыл ғалым Шахабуддин Маржани еңбектерінен бастап, бергініректе майданға шыққан жалған жаңалық, діншіл саясат ағымы исламшылдық, түрікішлдік (панисламизм, пантюркизм) үгіттерін де білген. Мысырда Мұхаммед Ғабдуһи бастап, Жалалиддин Аугани қостаған исламшылдық үгіті кейін Россия мұсылмандарына тарай жетіп еді. Ол сияқты батыс мәдениетінен бас тартқызып, жұртшылық тарихының ілгері басар қадамын кейін шегеретін кертартпа өсиетке ден қойған қыр феодалы хажы, молда, пір ишан қазақ даласында мол еді. Ол ағымның өзіне тиісті газеттері, журналдары да болған. Исмаиыл Гаспринский шығарған „Тәржіман“ газеті Абай кезінде қазақ сахарасына да көп тараушы еді.

Бірақ өз халқының келешек табысын, болар тағдырын ұлы орыс халқының мәдениетімен жалғастырып өсіруді өмірлік еңбегінің биік нысанасы еткен Абай жаңағы жалған жаңалыққа ермейді, елікпейді? Оны бүткіл шығыстың сан заманға кейін кенже қалуына себеп болған кесір кедергінің бірі деп танып, енді бірде бір адым бірге болмайды. Аулақ серпеді.

Қауым халқына қызмет етудің жолы европалық кең еркін ойдың бетінде. Орыс классиктерінің өз қоғамына, бүткіл адам баласына нұсқаған кең іргелі адамгершілік, азаматтық үгіт өсиетінде деп біледі.

Абайдың сол діншілдік, түрікшілдікті өз уақытында мансұқ етуінің дұрыс екендігін Ұлы Октябрь социалистік революциясы анықтап ашты. Байшыл, реакцияшыл ұлтшылдық өзіне тірек еткен бұл кертартпа ағымның залалды сырын Ленин бастаған ұлттар азаттығының революцияшыл күресі, жеңісі әшкереледі.

Абай шығыстың қорынан өзіне үлгі алғанда бұл жақтан алған жоқ. „Масғұт“, „Ескендір“, „Әзім“ сияқты терең мағыналы дастандарды, „Көзімнің қарасы“, „Қор болды жаным“ сияқты сыршылдық жырларды жазғанда, „Өлең сөздің сарасы“ сияқты ақындық, әсем сөздің қадірін айтқанда шығыс классик поэзиясынан тіл көрікті, жалпы ұзын ырқа саз, сарынды ала отырды. Бірақ солардың түсында да ұлы ақын өзінің өздік өзгеше бітім бейнесін еліктеуге салынып, жеңілге сайып өзгерткен жоқ. Дүниені: әділ мақсұтты, тартыс бағытты атағанда бар ойы, бар ақындық шабыты өте терең шындықпен қабысып отырады. Сол себепті зат әлемін, адам құбылысын, қарым-қатынасын жырлағанда аспан, тағдыр өмірі деп толғамай, үнемі жер басқан адамның күнделік, тарихтық шындық болмысы етіп толғап, тебіренді. Бұл Абайдың ұлы реалистік, өзіндік, абайлық тұлғасынан туған ерекше қалып-қабілеті еді.

Сонымен шығыстың көркемөнері мен мәдениеті де Абайда тұманды бұлдыр күйде емес, ақынның сыншы елегінен екшеліп, сұрыпталып өтіп кеп, Абай поэзиясына нәр қосады.

Ақын Абайдың орыс халқының ұлы мәдениетіне бой ұрып, өнеге нәр алуы да әлде қалай, жалаң қабат, жадағай емес. Өмірлік тұрақты негіз нанымында шығыстан батысты артық көріп, таңдап алуымен қатар, ақын өз бетімен о қ ы п, ізерлеп-іздегенін тереңдей отырып орыс пен батыс әдебиетіне ұзақ жылдар бойында көп үңіледі. Пушкиннен бастап алпысыншы жылдар, сексенінші жылдардың әдебиет жаңалығына да әбден қанады. Тек ұлы ақындар емес, Лев Толстой, Салтыков-Щедриндер тәрізді көркем қарасөз аталарын да жақсы біледі. Орысша аудармалар арқылы Байрон, Гетені де таниды. Ескі антик әдебиетімен де мол танысады. Айдалып келген достарының куәлігіне қарасақ, Абай батыс философиясымен Спенсер, Спиноза

мен Дарвин еңбектерін де үнемі оқып, көп шұғылданған дейді.

Сонда орыс классиктерінің мұраларына Абайдың баруы әр сатыда әр алуандас. Мысалы, Крыловты Абай айқын, ашық түрде таза аударушы боп ұғынады да тек әрбір мысалдың ақырындағы үгітін өзінше қазақ ұғымына ойын жанастыра түйіп беріп отырады. Лермонтовты Абай ерекше бір қызу жалынмен өзі қоса қозып, үнемі қызығып сүйіп, сүйсініп отырып аударады. Ал Пушкинге келсек Абайдың бұған беттеген ақындық қарым-қатынасы мүлде басқа. „Евгений Онегин“ Абай жасаған үзінді аудармалар анығында аударма ғана емес. Ол Пушкиннің әсем романын шабыттты ақын жырымен қайталай, жарыса әңгіме етіп беру боп шығады. Абай мақсұтты солар арасындағы жүрек толқынын, адамдық шындықты қазақ жастарына барлық бусанып тұрған жаңды нәзік ырғағымен түсінікті, қонымды етіп беру болады. Бұл жәй тегінде тереңдей, зерттей сөйлейтін пікірлерді керек етер еді. Бірақ осы мәжілісте „Орыс классиктері мен Абай“ деген [арнаулы баяндама] жолдас Ғабит Мүсірепов баяндамасы күн тәртібінде тұрғандықтан мен жаңағы аталған түйінге айрықша тоқтамаймын. Тек жалпы еске салатынымыз: Абай өз аудармалары арқылы және арнап шығарған әндері арқылы ұлы Пушкин мұрасына зор ықылас беріп, оның екі геройлары Онегин, Татьяна аттарын барлық сахарадағы қазақ жастарына соншалық жақын, соншалық сүйікті етіп танытты. Солардың саналы сезім жырларын бүгінгі күнде де сол сахара жастары сүйсіне күңіренеді. Өздерінің сезім мұңын наз-назымен айтар болса, сол Абайдың өзі тірі шағында-ақ ел жастары сол сонау екі жас тілімен де айта жүретін болған. Бұл айтқанның бәрі Абайдың аударушылық жағы. Оның ар жағында әсіресе бір үлкен Абай жаңалығы орыстың классик әдебиетіне мейлінше бейіл беріп туыса, табысқандығының негізінен туған жаңалығы — Абайдың ендігі жазған өз шығармасының әсем саны сапасынан көрінеді.

Бұрынғы қазақ поэзиясындағы екі түр жыр мен қара өлеңге — Абай қосатын он бес, он алты жаңа түр осы беттегі соны жаңалық ізденудің айқын жемісі еді. „Іші алтын, сырты күміс сөз айт“ деп ендігі қазақ поэзиясының сыйы мен сапасы немен өлшенетінін, қалай өсетінін атап еді.

Бұл жолында Абай тағы да Пушкинге ұқсас. Бұл дүние классиктерінің бәрінде көрініп отыратын кең тыныс, ұлы шабыт бірдейлігімен ұқсас. Биікті меңзеген ой құлашының

алысқа сермер ағынымен ұқсас. Аласа адыр жан жазықтан иықтары асып, бастарын бұлт құшып тұрған асқар биіктердің ұқсастығындай бір бітімдес ұқсастық.

Сондайлық дүние жүзінің поэзия мәдениетімен терең тамырлы жалғасы болғандықтан ғана Абай жылдың төрт мезгіліндей, сыршыл өлеңдеріндей, ойшыл өлеңдеріндей асыл жауһарларын тудырады. Сол орыс әдебиеті арқылы европаның және бүтін адам баласының ой өрісіне, мәдениет мұрасына қолы жеткен соң ғана Абай анық өзге қазақ ақынынан үздік озық алып ақын, шын мағынасында классик ақын болады. Дәл осы және бір Абай емес, бар қазақ әдебиет тарихы емес, XIX ғасыр бойында бұрынғы Россияда болған көп ұлттардың көпшілігінің тарихында бір алуандас болады екен.

Армения классигі Хачатур Абовьян, грузия классигі Илья Чавчавадзе, азербайжан асылы Мирза Фатели Ахундов, осетин қадірлісі Коста Хетагуров, тіпті украинаның ұлы күйшісі, данасы Тарас Григорьевич Шевченконың өзі де және татарда Каюм Насири, қазақ халқына да білікті, сүйікті Ғабдолла Тоқай, бурятта Банзаров, Хангаловтар, қазақта Абайдан басқа қажырлы Шоқан, қадірлі Ыбырай Алтынсарин — бәрі де бір бітімдес. Бірі ілгері, бірі кейінгін шыққанмен бірінде халқының мәдениет сатысына қарай, таптық сапасының өсіп-жетілу дәрежесіне қарай революцияшыл-демократтық басым болса, бірінде ағартушылық ағым сарыны басымрақ болуларымен қатар түгелмен өздерінің ел тарихына қадірлі, қасиетті мұра қалдыруда жаңағы айтқан Абайдай болып бәрі де орыс халқының шын алтын ғасырынан, сол XIX ғасырдың дүние жүзінің әдебиетіне үлгі берген даналық теңізінен суарылып барып, поэзияның құрыш болатынша шынығыпты. Бұл жөнде орыс халқының ұлы қазынасына қарыздар емес Россия ішіндегі ұлттар некен саяқ екен.

Сонда патшалық отаршылық қысымы бір беткей жүріп жатса, анық орыс халқының қайнар жүрегінен шыққан асылдары сол ұсақ ұлттарға азаттық ойды да, ал болар жолды да, алыс тартыс жолын да өзі үйретіп, өзі баулып жатыпты. Бұл мәселе ғалымдық зерттеудің бір бітімдес ұқсастығы.

Сонда Пушкин, Лермонтовтар, Белинскийлер гуманизмі, ұлы адамгершілігі жаңағы ұлттар классиктері арқылы, ақындық жаңа туыс арқылы қандай түр, сапаға ауысып жатты. Чернышевскийдің азаттық үшін алысар, ағартушылық, ұстаздық, қасиеттері қалай ұрық беріп,

қандай сара жол туғызып жатты — осы жақтардың өзінен зерттегенде де біз социалистік отандағы бүгінгі туыс бауырласымыздың, бұрынғы ұлы жүректердегі тек, төркінін табамыз. Осы жағынан қарасақ орыс мәдениетіне сол санаусыз заманда қазақ сахарасынан шығып, жалғыз өзі жол тартып барып табысқан Абайдың қадір-қасиеті бұрынғыдан да артып, биіктей түседі.

Абайдан қалған асыл мұраның идеялық, көркемдік сапасын шолып өткен қысқа сөз, жалпы тексеруде біз көбінесе ақындығын, поэзиясын айтамыз. Бірақ Абай мұрасы жалғыз ақындықта емес, көркем қарасөзде де, ән-күй өнерінде де бар екені қазақ тарихына әбден мәлім.

Абайдың „Ғақлия“ аталған қарасөзі де барлық құрылыс қалпымен, шебер шешен тілімен және өлеңдеріндегі ой толғауының көпшілігінің тереңдеп, еселеп өсіріп жеткізуімен, біздің әдебиеттегі тағы бір соны қызықтың, жаңалықтың бірі болған. Бұнда да сыншыл, ойшыл көрінеді. Орыс әдебиетіндегі Лев Толстойдың кейбір толғау үлгілеріндей, бірақ қазақ халқының өз тіршілігіндегі күнделік болмысынан туған аса бір алғыр, жүйрік және кейде соншалық ащы мысқылы зор, кейде өте шешен орамы мол бір тың өнер көрініп отырады. Сондықтан да Абайдың өз заманында осы қарасөздерді әдейі бөлек жаздырып ап, ерекше қызығып оқитын қазақ оқушылары көп болған.

Абайдан қалған тағы бір әсерлі, әсем мұраның бірі — оның композиторлық еңбегінде, өзі шығарып кеткен көп әндерінде:

Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең менше сүй,—

деген Абай құр сүйіп, құр мүлгіп тыңдап қойған жоқ. Ақындық жолда көп іздегеніндей, ән шығаруда да жұрт айтқанды қайталап айтпаймын деп тың үлгі нақыс, тың бір саз, сарын, жаңаша бір сезім ырғақтарын ізденеді.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,  
Оның тәтті оралған мәні оятар.  
Кейі сауық, кейі мұң дертін қозғап,  
Жас балаша көңілді жақсы уатар,—

деген Абай және ән мен күйді қаншалық ұлы, биік өнер деп білгенін көрсетеді. Өзінің тың түрмен шығарған өлеңдеріне ән шығарғанда анық сол зауықты, зорлықты

болар әсерлі жағын ойлайды... Әнде де Абай өзге қазақ өнерлілерінен, әнші-күйшілерінен бөлек. Өзінше тың ізденуі бар, өзіндік ерекше бітім көркі бар композитор болады. Бұнда да Абай ақын... Күй толғауының ақыны... Ол ақын болмай, ақынша білінбей тұра алмайды, үйткені ол үшін ақындық барлық өмірінің тынысы да, шыны еді. Заманының ойы танымай талап жүрген кезінде, талабы жанбай, қайғы мен арман дерті көп-көп міндетін артып жүргенде де Абайдың айнымай, қажымай ұстап қалған бір құралы, бір досы бар-ды. Ол — сол ақындық еді... Өзгесінің бәрінен ажыраса да жалпы айрылмас сол серігі арқылы келер ұрпақ туар тарих жарқын күйімен тіл қатысқандай, қабысқандай болатын. Сондықтан да өзінің жан сырын айтып, келешекке жолдаған жырында өз ақындығы туралы:

Көк қанат бейіс құсындай  
Қу ағашқа қонақтай.  
Ол бұтақтан қозғалмас,  
Өкіріп дауыл, соқса жел.  
Өзгеге бола жырламас,  
Ыстық күнді жоқтар ол.  
Жаңымның жарық жұлдызы  
Жамандық күнде жарымсың,  
Сөз болсын ескі әр сөзі  
Кейінгіге қалынсын,—

деген. Бұл анық келешектің ыстық, мейірлі күнін жоқтаған, кейінгіге сырын ашқан ұлы ақынның арыздасу сөзі, соңғы бір өсиеті еді.

Мінікі, осындай сыпат сымбаты бар, бір жағынан ел анасының бауырынан өскен, екінші жағынан ұлы орыс халқының мол мұрасын ой қорегі етіп өскен ұлы Абай қазір бізге — өткен заманның аса бір ғажайып жаратылысы сияқты көрінеді. Ол өз халқымыз тарихындағы ең бір биік шың басына шығып көлеңкесін, жемісін көпке жайып тұрған алып емен, тау емені сияқты.

Барынша тұтас ой ықласымен, ілгергі жарқын заманға ұмтылғандықтан, Абай өз халқының ой санасы өсу тарихында анық прогресс жолын бастаушы болды. Өз заманының, тарихтық кертартпалық бөгетінің бәрінен аттап өтіп, елі, жұртын дүниелік мәдениетке жеткізем деушінің ең алдыңғы бірі болды. Сол талап тартысы арқылы заман мешелігін жеңіп, қазақтың еңбекші елі мен орыс халқының ой құралдарын бір араға қосып, азаттық жолындағы біріккен күрес қайраткері болды. Сондықтан да Абайдың ардақты жырлары Ұлы Отан соғысында елін, жұртын қорғап

жүрген қазақ жауынгерлерінің командирлерінің сенімді серігіндей боп, бар майданда ере жүрді. Олардың барлық ұлы одақ ұлттарының ұлдарымен жүрекке-жүрек, білекке-білек қосқан қаһармандық қимылында Абай аға дос боп құптап отырды.

Сондай боп өз халқының адал ұл-қыздарымен қатар қанды жорықтың ауыр жылдарын бірге кешіп өткен Абай біздің шын бақыт дәурені болған социалистік дәуірімізде бұрынғыдан да қадырман, ардақты боп отыр.

Сондайлық өлмес, өшпес қасиеттері ұлы Абайға деген қазақтың класик әдебиетінің қадырдан атасы деген қазақ поэзиясының күншуақты алып асқар биігі деген ат, атақ бергізеді.

Алматы, 1945 ж.

## **2. ДОКЛАД НА ТЕМУ „ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСТВО АБАЯ“ (ДЛЯ ЮБИЛЕЙНОГО ПЛЕНУМА СП КАЗАХСТАНА)**

Великий поэт казахского народа Абай родился в 1845 г. в Чингизских горах Семипалатинской области, в кочевьях племени тобыкты.

Отец Абая — самовластный, суровый степной правитель Кунанбай — был старшиной тобыктинского рода, недавно принявшего русское подданство.

Ранние детские годы Абая прошли в тяжелой обстановке семейного разлада внутри полигамной семьи (Кунанбай имел четырех жен). Этот необыкновенно тягостный уклад феодальной семьи влиял на психику, нравы и личную судьбу не только жен-соперниц, но и [на] детей, обычно также соперничавших между собою, как и их матери. Но, по счастью для Абая, его родная мать Улжан была женщиной замечательных качеств. Ее природная гуманность, сдержанная рассудительность и исключительная любовь к сыну создавали для Абая в семье уют родного гнезда. Улжан всегда выделяла его из числа остальных своих детей, и имя его Ибрагим, данное отцом, она заменила ласкательным „Абай“. Это имя так и осталось за ее сыном на всю его жизнь.

Дав мальчику начальное домашнее образование у наемного муллы в ауле. Кунанбай послал восьмилетнего Абая

обучаться в старометодном „медресе“ семипалатинского имама Ахмет-Ризы.

За пять лет учебы в этом медресе прилежный и необыкновенно способный мальчик сумел получить многое. Уже к этому времени им владела рано пробудившаяся любовь к поэзии. Она зародилась в нем еще тогда, когда он слушал в родном ауле многочисленные рассказы и воспоминания бабушки Зере, хранительницы живой старины, когда заучивал наизусть слышанные в ауле сказки, легенды, богатырские былины, исторические песни — все многообразное богатство творений акынов, певцов его родных степей. И, попав в медресе, Абай стал увлекаться чтением арабо-иранских и тюркских поэтов. Из душной атмосферы богомольных буквоедов, темных фанатиков (хальфе, хазретов), окружавшей его, он чутким, пытливым умом рвется, как к благодатному оазису в мрачной пустыне, к произведениям знаменитых классиков Востока, к народной и классической литературе. Вместе с тягой к изучению восточных языков в нем пробуждается интерес и к русскому языку, к русской культуре. Нарушая суровый устав медресе, он самовольно поступил в русскую школу, одновременно обучаясь и там.

За эти школьные годы Абай не только изучает доступных ему поэтов, но и сам начинает писать стихи.

Вдумчивый юноша, старательный ученик и начинающий поэт, Абай мог бы извлечь много важного и полезного для своего будущего даже в условиях скудной „науки“ медресе. Но воля отца определила дальнейшую участь своего сына в ином направлении.

Непрерывная борьба степной знати за родовую гегемонию и постоянное участие в ней Кунанбая нажили ему много врагов среди его дальних и близких соперников. И Кунанбай должен был готовить к участию в этой борьбе каждого из своих детей и близких родственников. Поэтому, прекратив обучение Абая в городе, Кунанбай вернул его в аул и начал постепенно приучать сына к административной деятельности главы рода.

Наделенный от природы недюжинными способностями, юноша очень рано попал в самую гущу сложных интриг, в противоречивое переплетение человеческих взаимоотношений. Так как тяжбы решались не царским судом, а на основе веками существовавшего обычного права казахов, Абай был вынужден обратиться к богатым запасам прошлого и настоящего казахской народно-речевой куль-



туры. И еще в юношеском возрасте он заслуженно стяжал себе славу красноречивого, остроумного оратора, научившись высоко ценить все полновесное значение художественно-поэтического слова.

Абай знал почти всех своих предшественников поэтов, акынов и участников айтысов, выступавших перед народом в борьбе за поэтическое первенство.

Рано пробудившийся интерес к книжной восточной поэзии (арабской, иранской, чагатайской) рождал первые подражательные стихи Абая. Теперь обращение к традиции казахской народной поэзии сделало его новые стихи оригинальными и индивидуально-самобытными. В этих стихах уже наметился будущий самостоятельный облик поэта, чье творчество уходит корнями глубоко в народную основу.

Поэзия Абая этого первого периода дошла до нас далеко не полностью. Вместе с небольшим количеством юношеских стихов мы знаем только ряд упоминаний об отдельных забытых и утерянных произведениях. Слабое развитие письменной культуры в Казахстане того времени обусловило и отсутствие писем, мемуаров, записей, воспоминаний современников, которые могли бы сохранить юношеские стихи Абая и осветить его биографию. Немалое значение при этом имело и отношение к поэту вообще, бытовавшее в феодально-байской среде того времени. Если народ с глубоким уважением относился к поэтическому творчеству и высоко чтил звание акына, то родовитые баи с самодовольной гордостью говорили: „Слава богу, из нашего племени не выходило ни одного баксы и акына“. Этим презрительным отношением знати к профессии поэта объясняется то, что в родных аулах Абая не сохранилось ни его ранних произведений, ни рассказов о его поэтической деятельности ранней поры. И сам Абай под влиянием таких взглядов на поэта часто выдавал свои стихи того периода за стихи своих молодых друзей.

Втянутый насильно волей отца в тягостные дела родовых распрей, Абай долгое время жил в большом душевном разладе с отцом. Он не мог примириться с несправедливостью и жестокостью отца и часто шел вразрез интересам и стремлениям Кунанбая, вынося справедливые и беспристрастные решения многих дел. Между властным отцом и правдивым, непокорным сыном все чаще происходили серьезные споры и стычки, готовые со временем вылиться в прямой разрыв.

Этот разрыв и совершился, когда Абаю было двадцать восемь лет.

Теперь Абай смог определить дальнейшую свою жизнь по велениям собственного разума, своей личной воли.

Прежде всего он вернулся к изучению русского языка, прерванному в детстве. Новыми его друзьями стали акыны, певцы-импровизаторы, талантливая степная молодежь, по преимуществу незнатного рода, лучшие представители русской интеллигенции того времени, встреченные им в Семипалатинске. И на тридцать пятом году жизни Абай вновь возвращается к поэзии. Но и стихи этого периода он все еще распространяет от имени своего молодого друга Кокпая Джантаева. В течение двадцати лет Абай уже как зрелый и культурный человек изучает лучшее в наследии народной литературы, восточных поэтов и главным образом, русскую классическую литературу. И только летом 1886 года, когда ему было 40 лет, написав прекрасное стихотворение „Лето“, Абай впервые решился поставить под произведени[ем] свое имя.

К этому же времени, до глубины души разочаровавшись в нравах и во всем моральном облике социально-разлагавшейся феодально-родовой среды, Абай всеми силами стремится оттолкнуться от нее. Будучи в юности невольным участником бесконечных межродовых раздоров и распрей, разжигаемых воротилами родов, Абай теперь отчетливо сознает всю пагубность, всю неимоверную тяжесть этой родовой борьбы для народа, начинает понимать истинный смысл этих раздоров, искусственно разжигаемых царизмом, проводящим политику „разделяй и властвуй“. Управители и старшины превращаются в его глазах в ставленников колонизаторской власти. Абай задумывается над [тяжкими] судьбами своего народа, терзается мыслями об участи темной, угнетенной и несправедливой народной массы. И стихи зрелых лет Абая выражают глубокую скорбь поэта о злосчастной доле отсталого народа.

загадочными... Однако высказываясь так, он великолепно и ясно понимал, что в лице тех именно своих собеседников он найдет самых близких себе, для которых он будет наиболее понятен и родственен всем своим существом, всеми своими сокровенными думами, устремлениями. Он непоколебимо верил, что [проложенная] им в его „жестокий век“ тропа к русскому гению разрастется в великие пути-дороги к великой русской культуре, и люди будущего, с которыми он ведет задушевную беседу в своей заповеди,— это будут люди, усвоившие его лучшие заветы, унаследовавшие его лучшие традиции и продолжающие дальше вглубь и вширь, в иные счастливые эпохи пути восхождения народа к вершине человеческой культуры — в великом братстве сроднившихся народов.

Знаменательно и так многозначительно наше настоящее торжественное заседание в Колонном зале Дома Союзов, когда мы чествуем память великого поэта, дальней мечтой, великой верой которого было приобщение к русской культуре его родного народа. И ныне, когда писатели, ученые, деятели искусства его народа пришли в родную Москву и среди дорогих друзей всех наших народов, среди родных москвичей и среди многих и многих представителей всех братских народов Великого Союза чествуют память Абая, так и кажется, что он в своей исторической судьбе встречает ответное чувство любви и почитания его великих заслуг... Он обретает благодарное чувство признательности советских поколений всех наших социалистических наций за то, что трудился не во имя разобщения, а во имя слияния всего лучшего, светлого и сокровенного в народах. Тем он и заслужил бессмертие, тем он почитаем во всеобщей истории социалистической культуры нашей Родины.

Вот в таком качестве он мнится живым, и в таком облике он пришел в этот зал первым из всех... деятелей культуры и искусства казахского народа!

О таком именно великом нашем предшественнике и мечталось, и хотелось писать, творить всем нам — композиторам, художникам, скульпторам, театральным коллективам, поэтам и писателям Казахстана!

Чувство глубочайшей признательности не покидает нас всех, пишущих о нем, за то, что он так безошибочно правильно ориентировал кочевой караван своего народа в светлую историческую перспективу!



С этим неизменным чувством признательности и благодарности великому человеку, поэту, мыслителю и склоняем мы наши головы перед светлой памятью его!

## 8. О ЗНАЧЕНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА

В пользу русского языка разносторонне и многократно высказывался Абай.

Одно из его высказываний особенно памятно для меня.

Обращаясь к казахским отцам, матерям того времени, он говорил: „Не жени своего сына, не наделяй его долей наследственной, а вместо всего этого обучи его русскому языку“.

Что значит для казаха-отца того времени не женить сына, тогда как он обязан был, женив сына, выплатить калым за невесту? Этим Абай освобождал отца-казаха от уплаты калыма, от первостепенной обязанности отца перед сыном. Каждый отец, по обычному праву казахов, обязан был перед сыном наделить его долей наследства. Лишение этого наследства означало большое отступление от утвердившихся правил, от многих религиозных, моральных устоев косного прошлого. Абай же призывал благоразумных отцов к тому, чтобы они отступили от всех этих „непреложных“ жизненных правил лишь для того, чтобы обучить детей русскому языку. А сам Абай, колоссальным, напряженным трудом овладевший русским языком в результате самообразования, после того, как овладел тайнами русской книги, говорил, что для него кааба перекочевал с Востока на Запад, имея в виду притягательную силу русской духовной культуры, и прежде всего, русской книги. Поэтому мы, потомки Абая, всех последующих поколений, исключительно благодарны памяти его, Ибрая Алтынсарина, Чокана Валиханова за то, что они за много времени до нас сумели достойно оценить значение русского языка для всех последующих поколений их народа. Они правильно ориентировали кочевой караван своего народа на русскую духовную культуру, на скорейшее приобщение к русской книге всего передового в своем народе. И сами они не стали бы теми, кем они стали, если бы не овладели русским языком, русской культурой в свое время.

Я думаю, что несмотря на недюжинные способности и высокое дарование, сам Абай не приобщился бы к сокро-

вищницам русской духовной культуры, если бы не овладел русским языком и остался бы он лишь даровитым акыном того времени. Скажем, было до него таких сто, стал бы сто первым, было до него 500, стал бы пятьсот первым. А Абая таким, как он есть, Алтынсарина, Чокана Валиханова такими, как они дороги для нас, сделала русская культура, а русская культура была ими постигнута опять-таки через великий русский язык...

А мы, признательные потомки, и ныне повторяем: спасибо, великое спасибо той русской книге, которая обучила Абая первой букве русского алфавита. Великое спасибо тому русскому учителю, который научил Абая, Алтынсарина, Чокана первому русскому слову...

## 9. [ХАЛЫҚТЫҢ ҚАДЫРМАН ҰЛЫ]

Халқының қадырман ұлы, қамқоры, беймезгіл замандағы ауыр күндер қайраткері қазір ол бізбен бірге және біздің нәсілдерімізбен бірге болашаққа қарай қадам басқалы келеді. Сол болашақ, ұлы бақытты болашақ жөнін бұл ақын өзінің көрегендік, ақындық қиялы мен бұлдыр сағым арасынан да аңдаған еді.

Я бұл ақын жөнінде шынайы зор алғыспен айтарлық бір зор шындық бар. Ол шындық бойынша Абай мынау осы көрініп тұрған бейнесіндей өзінің бар шығармаларымен де енді бізбен бірге жасайды.

Ал осы шаққа, бізге Абай немен жетті, қалай жетті.

Ол бұрынғы шөл ғасырлардың еңбек елі кешкен зар мен шерді бізге танытпақ боп ап келді. Ол, бізге сол замандар аналарының, қыздарының қайғы-қасіретін әкелді. Сахарада жыртқыштар заңын орнатқан ру басылары, надан дүлей әкімдер атаулыға сол күннің халқы айтқан қарғысты соларға арнаған жиіркенішті танытпаққа ап келді.

Өз заманындағы қоғамның білім жарығына ынтық болған, құштар болған адал арманын алып келді бізге ол. Ол бізге және де ескі жол-жора, әдет пен шарифат орнатқан қорлық заңдарды қарғаған азат жүректер бақыты деп көксеген жастар күйлерін, махаббат мұңдарын жеткізді. Ол және де қалың халық көпшілігі барынша жиреніп айыптаған: қомағайлық, мансапқорлық, жағымпаздық, арамтамақтық сияқты тағы талай жиреніш қылықтарды әшкерелеп келді. Және сол Абай өз заманын-

дағы орыс халқының озғын ой парасатынан барынша зор махаббатпен құрмет көрсеткенін баян етіп келді. Ол бізге асыл мұра қалдырды. Сонау бір халықтар мен халықтар арасы шалғай қайшылықта тұрған заманның өзінде де ол бізге орыстың гуманистік демократтық мәдениетіне бұлжымастан сенуді, сүйенуді, сүйеніп өсуді уағыз етті. Ол Пушкиннің даналығын білуді, сүюді, қадірлеуді, Лермонтов, Толстойдың мәңгілік еңбектерін қадірлеуді бізге уағыз етті.

Біздің бала шағымызда, жас күнімізде ана тіліміз қазақ тілінде Пушкиннің толғаулары мен Лермонтовтың элегия, сын мұңдарын, лирикасын оқытып тәрбиелейді.

Және оның тарихтық ең зор еңбегінің қасиетінің бірі: біздерді, қазақ жазушыларын, өзінің артындағы нәсілін, мұрагерлерін шынайы толық көркем шығарма жазуға, ірі дәрежедегі мәдениетті көркем шығарма тудыруға баулып, тәрбиелеп кетті. Сол үшін орыстың және дүниежүзілік әдебиеттің классикалық үлгілерін бізге ұстаз етіп жырлап берді.

Осылайша, тек қысқа ғана, үстірт қана атап өткеннің өзінде де Абай қалдырған рухани мұраның айқын тұрған бір зор қасиеті аңғарылады. Ол Абай жанының биік зор сапасын, Абайдың ой дүниесінің терең интеллектік танытатын айғақтар. Бұл сипаттағы Абай жаманшылық атаулының қасы болатұғын. Ақын-азамат ары қандай десеңіз, Абайдың ары халқының арымен барабар еді. Оның жүрегі сол сыпатта қалыптанған ұлы жүрек болғандықтан, сол жүректен туған қасиет атаулының барлығын заман тоздырмай сақтап келді.

Міне, енді бүгін ол біздің бақытты тарихымыздың жаңа буындарына жүзбе-жүз келіп, ауызба-ауыз сөйлескендей. Осы буынмен ол сонау бір шақта, өзінің кейбір өлмес өлең жолдарымен де үн қатысқан еді. Енді бүгін ол бізбен бірге біздің қуанышымызбен қуанбақ үшін, біздің мерекемізді мерекелемек үшін келіп тұр.

Тегі Абай біздің нәсілдеріміздің, буындарымыздың асыл аталарының бірі. Ол — біздің енді алға қарай, биікке қарай өрлей басар сапаларымыздың айнымас серігі... Сол себепті бүгін Абайға арналған ескерткішті ашқан сәтте біз және де оның ұлы аруағының алдына бас иеміз. Жүрек құшағын оған қарсы кең жаямыз.

Осы айтылғандармен қоса көңіл толы зор алғысымызды өзіміздің партия мен өкіметімізге арнаймыз. Халқымыз

сүйген ақынның аруағына осындай құрмет еткені үшін оларға зор, зор рақмет!

## **10. ВЫСТУПЛЕНИЕ НА ОТКРЫТИИ ПАМЯТНИКА АБАЮ КУНАНБАЕВУ 12 НОЯБРЯ 1960 г.**

Всем Вам хорошо известно, ясно, что сейчас, в этот час, на глазах всех нас, присутствующих на этой новой площади города Алма-Аты, происходит событие огромного культурно-исторического значения. Мы отмечаем открытие памятника в нашей столице великому Абаю!

Двойкий большой смысл имеет это незаурядное явление. Во-первых, наше общество советских людей, состоящее из представителей не одних, а многих братских народностей, живущих в Алма-Ате. В Советском Казахстане — единой волей, единым слитным чувством воздвигает настоящий памятник. Оно воздаёт должное светлой памяти великого сына казахского народа Абая и выражает тем самым благородное отношение нашей социалистической советской современности к великим историческим заслугам Абая Кунанбаева — поэта, мыслителя, борца против мира зла и мрака своей эпохи.

Другой глубокий, важнейший смысл в том, что сам Абай, донося до нас многие и многие волнения своего отзывчивого сердца, доведя до нас тысячи своих тревожных дум, запечатленных в строках, страницах его бессмертных творений, ныне встал с этих заветных страниц такой близкий, зримый, родной!

Счастливой творческой волей ваятеля как бы шагнул он из своего далека, уже трудно представимого нашему юношеству, в наш настоящий, счастливый сегодняшний день, „как живой, с живыми говоря“. Как бы обрел он еще в одном высоком качестве новую жизнь свою, став в ряд с нами. И он войдет — такой достойнейший сын народа, заступник народа в тяжелую годину, в эпоху безвременья, — пойдет с нами и с нашими потомками в грядущее, в то счастливое великое грядущее, о чем только мог мечтать он в своих смутных видениях поэта-провидца.

Да, о нем, именно о нем, и с полным основанием мы можем сказать с благодарностью, что он с нами, со всеми своими творениями, а ныне — и со своим образом на виду.

А с чем и как пришел Абай к нам?

Он пришел, чтобы поведать нам о горе, о печали трудового люда пустынных веков минувшего. Он поведал нам о страданиях, стенаниях казахской женщины. Он принес, донес до нас ненависть и проклятия народные против степных воротил, невежественных правителей, родовых верхов, установивших в степи волчий закон. Он поведал нам о лучших устремлениях передовой части современного ему общества: увидеть, постичь, вкусить плоды знания, света. Он поведал нам о светлой мечте, возвышенной любви, о свободном, вольном счастье юных сердец, угнетаемых суровыми, позорными институтами адата, шариата. Он поведал нам, донес до нас ненависть и презрение народных масс к низменным людским порокам: жадности, тщаславию, сутяжничеству, тунеядству, зависти и мерзости всякой иной...

Он же, Абай, поведал нам, как безграничны были его любовь, его уважение и вера в передовую русскую мысль. Он оставил в наследство нам, он завещал нам еще в ту пору разобщенности народов единственную, неукоснительную, непоколебимую веру в спасительную роль гуманистической, демократической русской культуры.

Он завещал нам знать, любить и почитать гений Пушкина, бессмертные творения Лермонтова, Толстого. Он воспитывал нас еще в наши детские, отроческие годы на родном казахском языке на строфах пушкинских, на элегиях, думах, лирике Лермонтова.

И самое исторически колоссальное из его заслуг заключено в том, что он учил нас, казахских писателей, своих потомков, наследников его, тому, как надо учиться, плодотворно учиться на примерах русской классической и мировой литературы, учиться создавать истинно художественные, подлинно высококультурные образцы литературного творчества.

И во всем только что лишь поверхностно упомянутом мною духовном наследстве Абая воплощено одно неотъемлемо великое — это его высокий интеллект, это тот высокий строй души, подлинное величие духа, которым чужда корысть. А совесть его — поэта-гражданина — была совестью народной. Только такое величие его сердца помогло сберечь от времени все дорогое, сокровенное, связанное с его гением.

И ныне он пришел в наше настоящее быть, жить с нами в нашей счастливой истории с теми поколениями, с кото-

рыми он некогда говорил, говорил в своих заветных строках. Он пришел, чтобы радоваться вместе с нами нашей радостью, чтобы торжествовать вместе с нами! Абай — один из тех дорогих предков наших поколений, которому суждено быть спутником в нашем шествовании вперед и ввысь...

Потому, открывая памятник Абаю, мы еще раз склоняем наши головы перед его светлой памятью и раскрываем ему навстречу наши сердца.

Вместе со всем сказанным выше хочется еще выразить наше чувство безграничной благодарности партии и правительству и сказать великое спасибо им за оказанное столь высокое уважение памяти любимого поэта нашего народа!

## **VII. АБАЙТАНУ ЖАЙЛЫ ЕҢБЕКТЕРГЕ ПІКІРЛЕР**

---

---

### **1. СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ „АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ“ АТТЫ МОНОГРАФИЯСЫ ТУРАЛЫ**

**А**лты бөлімді монография атты кітаптың әр бөлімі туралы, бөлім ішіндегі әр кезең пікірлері мен қорытындылары туралы нақтылы сынды, нақтылы күдікті және қажет даулы еңбектің беттерін көрсетіп отырып, төмендегідей пункттеп жаздық.

Ол кітапты басынан түсіп зерттеп, қарап отырып жазылған, кітап ішіндегі материалдың ізімен айтылған тұспа-тұс пікірлер. Сондағы жиылған деректерге, түсінігімізге, дәлелдерімізге сүйене отырып, кітап туралы жасайтын қорытындымыз:

**Бірінші** — Сәбит бұл кітаптың көп жерінде Абайды тану мәселесіне көп елеулі, күрделі еңбек еткен. Осы еңбектің тұсында шығыстан, батыстан, орыстың классик әдебиетімен, Белинский сияқты сын білгіштерінен және Маркс, Ленин ғылымынан орынды қолданған жерлерінде, көп құнарлы деректер беріп отырған. Онысы еңбегін құнды етеді, кең тынысты, шалымды етіп көрсетеді. Және, әсіресе, тағы айтамыз (орынды пайдаланған жерлерінде) Абай туралы қазақ оқушысына білім нәрін береді.

**Екінші** — бұл еңбек өз ішіндегі кемшілік, қаталық, керексіз артық жерлерінен (оның бәрі төменде нақтылы көрсетілген), зерттеу олқылықтарынан арылғаннан кейін, татымды бөлімдерінің негізіне құрылып, басылып шығуы керек.

**Үшінші** — кітапқа негізгі тақырып боп, нақтылы желі болаты бөлімдерді екшеп алып (соларды төменде көрсетілген кемшілік, шиікіліктерінен арылтып) болған соң, осы қалпында артық боп тұрған бөлімдерді шығарып тастау керек. Сонда негіз болатын бөлімдер: 1) Абайды тану туралы; 2) Абайдың дүниеге көзқарасы; 3) Абай және қазақ өмірі; 4) Абайдың әдебиетке көзқарасы. Бұл бөлімдер ішінде қазіргі қалпында түзетусіз жарайтын бөлім „Абай және қазақ өмірі“. Аз түзетумен жарайтын „Абайды тану“ бөлімі. Онан соң бас жағын алғашқы 65 беттей жерін,

293-беттен 360-бетке дейінгі жерді қысқарта отырып, түзей отырса (кемшіліктері төменде көрсетілген), қалған жағы түзеусіз жарайтыны — "Абайдың әдебиетке көзарасы" деген бөлім. Бұл аталған төрт бөлім ішінде, бас жағы жақсы болғанмен, негізгі, түйінді жерлерінде көп кемшілігі бар және көп еңбек етуді керек ететін бөлім: „Абайдың дүниеге көзқарасы" деген бөлім. Ол жауапты, қиын бөлім, бұл қалпында татымды, терең боп, ғылымдық кең, даусыз өріске жетіп тұрған жоқ (нақтылы кемшіліктері төменде аталып айтылған).

Т ө р т і н ш і — сол аталған төрт бөлімнен басқа кітапқа кірген екі бөлім „Абайдың ата-тегі" және „Абайдың өмірі" (33-беттен 139-бетке дейін) деген бөлімдер бұл кітаптан шығарылу керек. Себебі ең әуелі монография, биография (өмірбаяны) емес. Ол бір мәселені немесе екі-үш қана мәселені жекелеп алып, тереңдеп, ғылым етіп, қадала зерттеу болады. Абай жайындағы бар мәселені шолмасам монография болмай қалады екен деп Сәбит қорықпасын. Монография болуға келістіріп, тереңдеп жазылса, осы кітапта алынған бір-ақ тақырып: „Абайдың дүниеге көзқарасы" деген тақырыптың өзі де жетеді. Барды қамтиым деген талап жақсы болғанмен, Сәбиттің қамти алмай қалқып кеткен, немесе тіпті жанамай да кеткен Абай жөнінде талай мәселесі әлі толып жатыр. Мысалы Абайдың эстетикасы, Абайдың педагогикалық көзқарасы, Абайдың психологизм, Абай жөніндегі ең қызықты, ең соны және әдебиеттік прогрестік ретіндегі ірі мәселе — Абайдың ақын шәкірттері, Абай тәрбиелеп өсірген мәдениетті жаңа орта (среда), онан соң Абайды зерттеген еңбектердің, Абайды көркем түрде суреттеген еңбектердің (көркемөнерде, әдебиетте) барлығы да қамтылмай қалған. Бұл мәселенің әр қайсысы да кейінгі толық зерттеулерге, немесе айрықша монографияларға тақырып болатыны даусыз.

Ал Абайдың ата-тегі мен өмірін айтқан бөлімдердің Сәбиттің бұл еңбегіне кіруі қажет еместігі: бұл бөлімдер нашар жазылған, қаталықтар да бар, артық, керексіз материалдармен де бос үстемелей берілген.

Ата тегінен, арғындай арғыдан бергінің бәрін шығарсақ (олар керексіз екені төменде дәлелденген), Шоқан, Ыбырайларда көп созып айтуды шығарсақ, сондай тағы көп Абайға керексіз материалдарды шығарсақ, ар жағында не қалады? Ар жағында көптен көп жерде, бұрын Мұхтар Әуезов жазған ата-текті, өмірбаянды өз сөзімен екінші рет



қайталап жазу қалады. Бірақ өмірбаяны Әуезов жазуында бір вариант емес. 1933 жылдан бергі зерттеулер, түзеулер арқылы өсіп, өңделіп келе жатқан зерттеу еңбек. Онда материалды сұрыптау, Абайды таныту, ортасын таныту, ортасы мен ақынның қарым-қатысын таныту құр есітілген материалдардың тізбегі емес. Зерттеу, зерлеу мәселесі. Оны Сәбиттің өз сөзімен жаза салып, ала салуы және „биографтардың айтқанына сенсек“ деп қыжырта отырып әр жерде пайдалана отыруы, кейде тіпті жақшаға алып дәлме-дәл Әуезов жазған сөздерді алып, сонда да кімдікі екенін танытпағысы келулері бәрі де орынсыз, лайықсыз. Кейінгі: ...“Абайдың өмірі” деген бөлімде айттық деп өзіне өзі көп сілтеді. Сондағы түсінік, дерек талдаудың көбін Сәбиттен бұрын айтушылар болған, оны атамайды. Бірақ кемшілік үлкені бұл емес. Сәбит Әуезов жазған өмірбаянның ескі вариантын қолданған. Сол ескі варианттарда бар қаталарды да қайталаған...

Көрсетілген көп кемшіліктерге, дәлелдерге қарап, ол екі бөлім кітапқа кірмесін дейміз.

Жалпы бір талап: кітап, автордың өзінен басқа Абайды зерттеушілерге істелген мінезсіздіктен арылу керек (мысалдары төменде көрсетілген). Оқта-текте кезіксе де, оқушыға өзін көлденеңдете беретін сияқты арзан мақтаннан да арылу керек (мысалы төменде). Мұндай кітап ғылымдық кітап болса, жазушы өзін де, еңбегіне де орысша айтқанда „со строгим сердцем, справедливым сердцем“ келу керек. Болмаса Абай жәйін жаза жүріп, сонымен қатар, біреумен қыжылын, біреумен қырбайын әр жерден шандата жүрсе, онда құдайдың оңдағаны болат та.

Сонымен кітаптың бүтінгі тұрған қалпын алып, басынан түсіп, өзіміз байқаған нақтылы фактыларына келейік:

„Абайды тану“. 1. Мүрсейіт пен Кәкітай турасындағы 6, 7, 8, 9-беттердегі мәліметтер қатты қысқартылу керек.

2. Абайдың өлеңдері жазылған жылдарды сөз қылған 10, 11, 12, 13-беттер керексіз. Оның ішінде, қартайғанда „Көзімнің қарасы“ сияқты өлеңді қалай жазады? деген пікірлер мүлде қате. Өзге өлеңдер туралы „Жас шағында жазғанға ұқсайды“ деген сөздер ғылымдық дәлел емес. Нақтылы, жаңа жылдарды көрсеткен дерек болмаған соң, бұрынғы жылдарды ойша топшылап, жалпылап сынға алу керексіз болады. Бұрынғы жылдар бір топ Абай шәкірттерінің (Кәкітай, Мүрсейіт, Тұраш, Махмұт), көшірушілерінің куәлігімен әуелі 1908 жылы, одан кейін 1927 жылы қойылған. Солай етіп мектеп оқиды, зерттеу-

лер жазылады. Енді: оны жаңадан дәл жылын таппай тұрып, құр мансұқ ету орынсыз және түк пайда бермейді.

3. „Ата-анаға көз қуаныштың” жылы турасындағы (14, 15-беттердегі) дау да керексіз. Оны өлеңнің түрі айтады. 80-жылы жазылуы керек деген әншейін еркін толшылау. 80-жылдарда Абай ондай жаңа түрлі өлең жазбаған. Бұндай 7 жолды шумақ өте жаңа түр, ол Абайда кейін туады. Және мазмұнына қаралсын: „жасында күтті, дәме етті, босқа етті” немесе „балалық етті, ер жетті, не бітті” дегенді жас балаға айтпайды ғой. Ал 27-дегі жасқа айтуға әбден болады.

4. „Қартайдық қайғы ойладықты” (15-б.) жас Абай да жазуға болады. Үйткені бұл ел қамқоры кәрі ойшыл, мұндар адамдар атынан жазылған, жәй бір кең толғау деп түсінілу керек. Қартайған ақын жастықты, ғашықтықты жазбай (Абай жазған) сол сияқты.

5. Крылов мысалдарына Тұрағұл, Көкбай қойған жыл 1898. Бір жыл ішінде түгелімен Крыловқа қызығып, шұғылданса ғажап па? Оның несі даулы (16-б.)?

6. „Қараша желтоқсанға” кірген екі шумақ туралы Сәбит қатты адасқан (17, 18, 19, 20, 21-беттер). Бұнда көп қияс сұрақтар да, өзінше ұғындырам, „түсінем” деуі де, ап-айқын өлеңнің айналасында бос сарпалтақ болып, босқа жан қинау. Орысша айтқанда, „екі түп қарағайдың арасында адасу”. „Ең әуелі бұл шумақтар Абай өлеңінің стиліне жатпайтын, топас жазылған” дегені өлеңнің көркін танымайтын, үстірттікті көрсетеді.

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,  
О да өзіндей ит болсын азғыр-азғыр,—

дегені бай мен бәйбішеге арналған. Олар баласына „тысқа шықпа, кедей балалары жеп қояды, оларға бермей өзің же, үйде отырып же” деп аздырып, азғырып отырған Тәкежан бай мен соның қатыны Абайдың жеңгесі Қаражан. Бұл екеуінің үйіне келіп, Шөпіш деген немере баласын осылай тәрбиелеп отырғанын көріп, Абай осы екі-үш шумақты соларға арнаған. Бұны (Сәбит байқамаған, атамаған) 1933 жылдың баспасында Абайдың шәкірттері Көкбай мен Тұраштың көмектері бойынша жаңағыдай түсінікпен бастырған мен болатұғым. Екі шумақты айтып берген Көкбай, Тұраш ерте күнде Тәкежандар араз боп өкпелеп кетеді деп өздері (көшірушілер) бұрынғы қолжазбалардан әдейі алып қалып жүргендерін айтқан. Тәкежандар ол шумақтарда суреттелген әке-шеше өздері

екенін таныр еді. Үйткені Абай осы екі шумақты оларға көзбе-көз үйлерінде отырып, ұрсып айтып берген. Осы жәйін еске алғанда „Қараша, жел тоқсан“ өлеңінің әуелгі, ең тұңғыш шумақтары сол Тәкежан үйінде туған деп ұғынсақ, тіпті, орынды болар еді. Сол пікірдің айналасына, жалпы осы өлеңде айқын көрінетін таптық қайшылықты қоссақ және Абайдың кедейге достығын, қанаушы байға қатал сыншы, айыптаушы екенін қоса тексерсек, қоса ұғынсақ, онда бұл қымбат шумақтарды „топас“ деп жала-ламаған болар ек. Жұртты теріс бұрмаламай анық қадірін, сырын ашқан болар ек.

Асын жөндеп іше алмай қысылады,  
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр,—

дегені байдың кішкене баласы туралы айтылған. Ол жас бала, әлі ит бола қойған жоқ, онда әлі ұят бар, құрбыларынан ұяла біледі. Ойнауын бірге ойнап, тамағын олардан ұрлап жегені үшін ұялады. Бірақ „оны да өзіңдей ит қыларсың, тек үстіп азғыра бергейсің“ деп сараң байды кекетеді Абай. Бұдан артық қатал сын, қатты шабуыл бола ма байға? Бұдан артық кедейге дос, байға қас, айқын ашу сөзі Абайдың қанша өлеңінде бар еді? Соның сырын өзі ұғынып, жұртқа ұғындырудың орнына Сәбит Абай шығармасына залал болатын сөздерді сөйлейді. Түсінік бергенге тоқтамай, редактор еңбегінен әдейі бір құбыжық табам деген кісіше қисая сөйлейді. Ал дұрыс шындықты дәл ұғынып, дәл көрем деген кісіге бұл екі шумақ „топас“ емес, қазына екенін, қазақ жазушысы Сәбиттен де осы өлеңді орысшаға аударған Шубин әлдеқайда терең ұғынып, соншалық зор таптық сананы көрсеткен. Өлеңді аударып, сөзбе сөз дәл боп шықпаса да сол даулы екі шумақтың мағына, мүддесін, стиль көркемдігін, әсіресе, қоғамдық, таптық мазмұнын Мұхтар Әуезов қарап шыққан подстрочник бойынша, Шубин былай берген: „И батрачонок целый день обязан быть при нем, И со слезами на глазах убудка забавлять“.

Ал Сәбит осы еңбегінің кейінгі көп жерінде „редакторларға сенуге де болмайды“ және „өмірбаянын жазушыларға сенсек“,— деп екі сөзінің бірінде айтып отырады. Өзі сүйте тұра „Абайдың ата тегі“, „Абайдың өмірі“ деген бөлімдерінде түгелімен (керексіз, артық бос қоспаларын алып тастағанда) сол өмірбаяндағы негіздерді, зерттеулерді түгел қайта көшіріп шығады. Өмірбаянды жазу ғылымдық еңбек, зерттеу болатын. Оны оп-оңай ала салып, тізе

салған кісі жоқ. Сондықтан 1927 жылдан бері қарай қайта-қайта үстеліп, түзеліп келеді. Дұрысталып өсіп, тереңдеп келеді. Осының бәрін жоққа санағандай, зая қылғандай ұнамсыз, мәдениетсіз және өз бойына оңай тағып алғыш мінез Сәбиттің бұл еңбегінде көп жерде көрінеді. Болмаса жәй қарадүрсін емес ғылымдық еңбек жазам десең, өзіңнен бұрын ол пікірді айтып, ол зерттеуді жүргізген кісілердің еңбегін көрсетпеу әділет пе?

9. 'Өнер өнер үшін" деп тексерген қазақ зерттеушісі кім? Осыны айтқан сыншыны атау керек емес пе (21-бет)?

10. Төлешевпен дау және Белинскийдің қатасын мысалдау керек емес (30-бет, „Социалистік Қазақстан“).

11. 32-беттегі „қалам алдым“, „монография жазбақпын“ деген сияқты сөздер „түтел қамту мақсұтым“ дегеннің бәрі де ғылымдық еңбекке симайтын өзін-өзі ұсыну. Осындай арзан мақтан неге керек?

„Ата-тегі“ деген бөлім. 12. Абайдың ата-тегін арғыннан бастап айтқан сөздер орынсыз, керексіз, ғылым жолынан да алыс бір ұзақ сонар. Арғын деген саны талай жүз мыңға жеткен елдің легендалық атасы. Шамасы осы күнгі Қазақстанның алты облысындай ел Арғын аталады. Оны Абайдың атасы еді деп сөз бастау, славян тұқымынан Веллкорусты Пушкиннің атасы еді деп сөз бастаған сияқты болар еді. Ата-тек, ақын өскен ортаны екі-үш атадан бергі заман арқылы көрсетсе болады. Одан арғының ақын өмірбаяны үшін түк қажеті жоқ...

Кітап дәлді, нақтылы өз мақсатына жақын сөйлеу керек. Левшиннен, Аристовтан, „Қазақ һәм хандар шежіресінен“, әр жерден естіген мағлұматты орынсыз тізе беру тарих кітабы емес, басқа мақсұтты кітапқа қажет емес.

32-беттен бастап „Қазақ һәм хандар шежіресі“ айтқан жарымы шын, жарымы легенде әңгіменің бәрін „монография“ атты ғылымдық еңбек болам деген кітапқа сынсыз, жаңа мағлұматсыз жия береді. Арасында „Қалқаман — Мамыр“ әңгімесі де жүр. Айпара легендасы да жүр. 33-беттен 44-бетке дейін қысқартылу керек те, әңгімені Ырғызбайдан бастаса да болады. Одан бұрынғы аталар бір Абай емес, бес болыс елдің, сан мың жанның аталары керек емес. Ондай боп ешкімнің, ешбір ақынның өмірбаяны тексерілмейді. Бұл құр ғана ата санаған шежіреге, сынсыз, ғылымнан тыс қызығу. Әйтсе де сонау арғыннан басталған 10 беттік жортпа үстірт мағлұматтардан Абайдың өмірі, не

ақындығы үшін не таптық? Не қорыттық? Зерттеуші өзі қандай қорытынды, деректер алды?

13. Қодардың өлімі туралы Құнанбайды сонша ақтау не қажет (55-бет). Қодардың жерінде Құнанбайдың үлкен әйелі Күнкенің қыстауы орнағанын қайда қоямыз?

14. Құнанбайдың төртінші әйелі Нұрғаным айтылмаған (57-бет.).

„Абайдың өмірі“ деген бөлім. 16. Абайдың көп жас оқушы, шала оқушы туралы айтқан сын сөзінің бәрін оның Абайдың өзіне тақатып тексеру мүлде қате (61, 62-беттер). Анығында Абай аса жақсы оқыған.

17. Медресе туралы 63-беттен 69-бетке дейін айтылған Абайға дәл жанасы жоқ, татар молдалары жайындағы және „жаман түркі“ шалағай бастауыш кітаптар, „Бақырғандар“ жайындағы сөздер тағы ғылымдық емес, құр „қызық ермек“ үшін айтқан сөздердің бәрін қысқарту керек.

18. Абайдың „әкесі жасаған қиянатқа ортақтасқан“ дау дәлелсіз. „Біржан — Сараның“ Әріп қосқан сөздерін келтіру тіпті теріс (74, 75-беттер. „Қаны қара бір жанмын, жаны қара“ 1898 жылы жазылған. Ол кездегі терең ойшыл Абайдың ауыр мұңын бұлай түсіндіру Абайға ауыр жаза (74, 75-беттер).

19. Байкөкшенікі қалжың өлең. Оны „парашыл Абай“ болғандыққа дәлел ету орынсыз (77-бет).

20. Абай губернатормен мәжілістес болған емес (78-бет).

21. Архам, Қатпалар 1872 жылы туған да жоқ. „Өзінің қиянат істерін көріп“,— деп Абайды қайта қаралайды. Қиянат шын болса 12 іс те жала еместағы. Бұл сияқты қайшы пікір айтпай, екінің бірін ұстау керек қой (79-бет).

22. 82-беттен 108-бетке шейін кең жайылған Абайдың өмірбаянына қатынасы жоқ Махамбет, Шоқан, Ыбырай жайындағы сөздер қатты қысқартылу керек. Екі-ақ бетке сиғызу дұрыс. Оның керексіз екенін 106, 107-беттерде Сәбит өзі ашып береді. Бар мағлұматты, көпшілікке белгілі мағлұматтарды ұзақ созып қайтадан кеп осы Шоқан, Ыбырай мен Абайдың таныс болғаны-болмағаны белгісіз деп бітіреді. Ендеше соншалық не мақсұтпен кетеді? Ыбырай өлеңдері мен Абай өлеңдерін байланыстыру мәселесін де, Ыбырай әсерінен деуге де бара алмайды. Үйткені ол да дәлелсіз сөз болар еді.

<sup>1</sup> 7, 8 және 15-реттік сандар автордың қолжазбасында жоқ.

23. „Екі томның редакторларына сенуге де болмайды”, — деп дәлелсіз, қарадүрсінмен соғып, өзгенің көп еңбегін балағаттау да ғылым ба? Архам „Ата-анаға қос қуаныш” туралы қата айтады. Оны жоғарыда жазғамыз.

24. Сүйінбай керек емес. Өлеңі де бұл тұсқа дәлелсіз келтірілген.

25. Әйгерім Біржан жақындығы деген өсек сөзді несіне келтіреді? Оны Қатпа қайда жазыпты?

**Абайдың дүниеге көзқарасы.** 26. „Әһлі тарихат” жөніндегі Абай сөзін теріс ұғып, теріс қорытынды жасаған (106-бет), „Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай” деген өлеңді де мүлде теріс ұғынған (161-бет). „Махаббатпен жаратқан адамзатты” деген өлеңде Абай мұсылман имамдарынан бөлініп кеткен деп теріс ұғынады. Сол Абай айтқанды Ислам ғаламында екі философтың бірі („Әһлі тарихат”, „софизм” жолындағылар былай тұрсын) „ұждан”, „ахлақ” мәселесін қозғаған ғұлама атаулының бәрінің сөзі содан келеді. Ислам дінінің нені үгіттеп, нені философиялық тақырып еткенін Сәбит жете білмейді. „Алланың сегіз сифаты, иман бес парыз ғана” ислам логикасының философиясының мазмұны деп, соншалық саяз ұғынады. Қазақтың шығысты білмейтін оқушысына арналған шолақ, үстірт хабарлар. Болмаса осы бөлімде Ислам тарихынан, философиясынан Сәбит жазған сөздерді исламият жолын білетін татар, өзбек, әзербайжан адамдары сияқты шығыс интеллигенциясы оқыса, күлкі етеді... Мұндайлық үстірт хабар, шала-шұрпы еміс деректермен жүріп Абайды ұғындыру да (дін көзқарастарын), шығыстың философиясын ұғыну да мүмкін емес. Тек оңай жол, „упрощению” кетеді. „Бес парыз, сегіз сифат, молда” дегеннің айналасындағы исламды ғана сөз қылу содан туған. Ал бұнда қанша философия бар? Қай ақынның болса да жарқын жағы бар да, мінді олқы жағы және бар болады. Ол Пушкин басында да бар-ды. Бірақ, бүгінгі ұрпаққа Пушкинді Абайды бағалы етіп ұғындырам деген адам мәселені осындай олқылық жағынан алар ма еді? Және „Абайдың дүниеге көзқарасы” деп бір үлкен күрделі мәселені айтпақ болып, сол жәйді осынша ұзақ уақыт тек дінге саяр ма? Абай діні қанша айтқанмен белгілі. Бұны айтқанша өзге көрнекті жемісті, жарқын жағын неге алмайды (151—161-беттер)? „Отыз сегізінші сөзді” де, ондағы мәселе тариқат жөні екенін де теріс ұғынған (163-бет).

27. „Төбесінен тұрған материализм“ ұшқары, дәлелсіз. Абайдың өлеңдерінен (сол 163-бетте) келтірген мысалдардың бәрі бұл қорытындыға қарсы.

28. Абайдың діннен шығып материализмге ауысуы дәлелсіз, кішкентай дәнекермен оңай қанағаттанады. Діннен қанаушы байды шығарып алған жері де әлсіз. Абай „дүниеге достың иманы түгел емес“ дегенде жалғыз малға досты айтпайды, өзге де неше алуан дүниелік, нәпсілік қызық қуғанды айтады (166, 167-беттер).

29. 168-бетте Ленинді атап, Ленин сөзін айтып кеп (бір бет бойына) Абайға байланыстыра алмаған.

„Адам бір боқ көтерген боқтың қабы“,— деген өлеңнің тапқыр жолмен, ешбір, ішкі де, сыртқы да жалғасын көрсете алмаған.

30. „Единица мен нольді“, „Көп ит пен көк итті“ мүлде теріс ұғынған. Ол өлеңдер Сәбит ойлаған ойға дәлел болуға үйлеспейді (171-бет). „Көк ит — әкім“ деу өрескел қате. „Көп ит“— халық дегені тіпті теріс түсінген үлкен, орасан теріс пікір. Абайды халықтың досы етем деп отырып, сол халықты оған „ит“ дегізсе қарқ қылады екен. Абайдың бұндағы „көбі“ Пушкиннің „чернь“ дегенімен тектес, ол „чернь“ халық емес болатын. Абайда да „көп“ бұндай жерлерде „чернь“, „толпа“ мағынасында. Бұны дұрыс түсіну-дің көп мағынасы бар.

31. „Сенбе жұртқаны“ да теріс ұғынған. Бұндағы жұрт тағы халық емес. Әйтпесе Абайды ақтау қиын болады. Берекелі елдің әкімін Абайдың болысты мазақ етіп айтқан өлеңінен тапқаны тағы қате. „Елі жөңді болыстар“ мысал емес (173-бет). Әділ биді тапқан деп теріс айтады. „Қайрауы жеткен қатты би“ әділ би емес... Бұл тұста Абай „Әділ әкім билеген елді көрді“, артынан „жаманды көрді, сонымен қайшылыққа ұрынды“,— деп келтірген мысалдың бәрі басқа мағынада. Теріс ұғылған.

32. „Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек...“

„Мың күн сынбас бір күні сынар шөлмекті“ де шала, теріс ұғынған (183-бет).

33. Ленинен алған үзінді, қисын жағынан осы араға келетін орны жоқ. Толстой мен Абайды ұқсас ету де орынды емес. „Екеуінің үндестігі бар, ол бір саяси халде, бір экономикалық жағдайда харекет етуінен“,— дегеннің бәрі аса даулы мәселелер, көп дәлелді керек етеді. Бұлай механикалық түрде салыстыра салумен болмайды. Ленин еңбегін орнымен пайдаланбаған. Толстой ортасы мен Абай ортасы бірдей емес. Аралары мүлде керекқар. Абай нату-

ральдық шаруаның көлемінде тұрған бектік-феодалдық ауылда күн кешті. Толстой капитализм үдеп, жұмысшы табы қаулап өсіп, крестьян тіршілігінің қатты тартысқа жеткен кезде шыққан жазушы. Патриархалды крестьян қарсылығының тұрғысынан қоғам тартысына, қоғам қайшылығына кертартпа пікірмен қараған Толстой мен Абай бір емес. Бұл Абайды теріс тану, тонап таныту.

Есінде де жоқ олардың  
Салтыков пен Толстой,—

деген өлеңді тіпті теріс ұғынған. „Толстой мен Абай белгілі нысанаға шейін бірге барады“,— деп соған осыны дәлел ету тіпті орынсыз. Өлеңді „үзіп жұлып“ алып, әуелгі арналған мазмұн, мағынасынан ажыратып алудың залалы. Ол екі жолда Абай Толстой бол деп пе екен?

Я тілмаш, я адвокат  
Болсам деген бәрінде ой...  
Ойында жоқ олардың  
Салтыков пен Толстой,—

дегені, тілмаш болғың, шенеуник болғың келеді, олардың бейнесін Салтыков пен Толстой қалай масқаралап суреттеген, соны көрсеңші дегені емес пе? Бұнда Толстойдың Карениннің өзін еске алсақ та болады. Абай өлеңдерінің бірде-бірін тұтас күйінде алып, сондағы таратқан ой толғауымен, қоғамдық адамдық көзқараспен тұтас алу Сәбитте жоқ. Барлық Абайдың дүниеге көзқарасы деген соншалық жауапты бөлімде Абайдың ойын іздемейді, әуелі өзі бір схеманы долбарлап алады да, соған Абайдың әр өлеңінен екі жол, үш жолды үзіп алып дәлел етеді. Бұл бөлімнің ғылымнан, терең сыннан шалғай жатқан үлкен өрескелдігі осында. Көріп шықтың — не дін, не қоғам, не еңбек, не адамгершілік, не „толстойлық“ жөнінде Абайды тұтас бір өлеңімен сөйлеткен (цитатаны айтпаймыз, ол керегінен тыс, көп жатыр) сын бар ма?

Шын ғылымдық тексеру бір өлеңді, не бес өлеңді алады да сондағы ақын пікірінің бас аяғына шейін айтып шығады. Мысалы, Пушкиннің крестьян мәселесіне көзқарасын айтпақ болсақ, кем қойғанда тұтас „Деревняны“ алады. Декабристер қозғалысына көзқарасын айтса, тұтас „Послание в Сибирьді“ алады. Бұнда біз бір өлеңді тұтас атаған Сәбитті көргеміз жоқ. Сондықтан шын тұтас желілі пікір, көзқарасын айтқан, ашқан Абайды да көре алмаймыз...



190-беттегі қорытындылары Абайды Толстойдан мүлде басқа қып шығарады. Ендеше алдағы сөздер, беттер неге керек? Сәбит өзіне өзі қатты қайшы пікір айтқанын байқаймыз. Салтыковқа ұқсайтыны рас болса, Абай Толстойға мүлде ұқсай алмайды емес пе? Кейінгі бөлімдерінде (соңғы бөлімде) Ыбырай мен Абайды „халықшыл демократ“ ақын деп байлау жасайды. Ендеше Толстойдың Ленин айтқан мінді жерлеріне Абайды апарып қосақтау, оған Ленинді орынсыз пайдалану орасан қаталық емес пе?

**V. Абай және қазақ өмірі.** 34. Жақсы жазылған. Бағалы, сапалы бөлім. Тек өлең цитаттары өте көп, аса ұзақ-ұзақ алынған, соларды қысқарту керек.

**VI. Абайдың әдебиетке көзқарасы және ақындық шеберлігі.** 35. Билерді айту, Гомер, Асанды, Сыпыра жырауды айту бұнда себепсіз, орынсыз келтірілген. Қысқарту керек (306, 307, 308-б.). Қожа Ахмет Ясауи, Бұхарлар да сондай орынсыз келтірілген (309-б.). Жазба әдебиетінің ақындарын табу, фольклор ерекшелігін талдау сияқты пікірлердің бәрі де ұшқары долбар. Абайдың Бұхар, Дулаттарды сынағанын да дұрыс түсінбеген. Қайым өлеңдері көп болғандықтан деуі дұрыс емес. Бұлардың ақын жолын қабылдамауында Абайлықтың терең сыры жатыр. Оны ғылымдық, тарихи дәлелдермен басқаша шешіп, ұғыну қажет. 313-бетке кейінгі „талқылаудың“ бәрі керексіз.

36. Абайдың халық әдебиетімен байланысын Бұхар, Шортанбай, Ыбырай арқылы, мақал арқылы ғана айтып, байланысы осы деп доғарады (330-б.). Бұл анық тереңдеп тексеретін мәселе, мардымсыз ұшқары айтылып жеткіліксіз боп қалған. Анық байланысын басқадан іздеу керек еді. Бұл мәселенің бәрі көп сөз айтылғанмен, жадағай шешусіз қалған.

37. Исламды өзбек, қазақ, түрікпен, татарға араб емес, парсы әкелді деуі өрескел, тарихи қата (330-б.). Ислам тарихын қарау керек.

38. „Абайда жеке сөздер болмаса, не идеялық, не көркемдік жағынан ешбір шығыстың әсерін таба алмаймыз“, — дегені (342-бет) теріс. „Қор болды жаным“, „Көзімнің қарасы“, „Өлең — сөздің патшасы“ және Сәбиттің өзі осы еңбегінде айтқан „Ескендір“, „Масғұт“ поэмаларын қайда қоямыз? Жаңағыдай деп құр сілкіп тастап, жеңіл „құтылғанша“ тереңдеп тексеріп, қалай қорытып алғанын ашу керек еді. Ол жоқ.

39. 343, 344, 345, 346-беттерде шығыстан келерлік әсер үш түрлі болу керек деген пікір тар, дәлелсіз.

40. Белинскийден толып жатқан цитатаны, Сәбит өзіне жаққан цитатаны алады да, „соның бәрін оқыған Абай“ деген оймен топшылайды. Одан да Белинскийдің айтқаны бір пікірімен Абайдың шығармасында тоғысқан жерін алып салыстыру, дәлелдеу орынды емес пе? Сонда ғылымдық тексеру шығар еді. Мынада тағы да Абайды үндетпей қойып, Сәбит өзі дайындап алған пікірлерге Абайды қуа қылғалы келе жатқан сияқты. Бүйтіп тексеруден Абай ақынды тану шыға ма? Оқушыға қажеті Абай ғой. Абай мен Белинский қалай тоғысты, сол ғой. „Таба алсаң соны айтып берсеңші“ деген оқушыға осы еңбек қашан жауап береді, қандай-қандай жауап береді (347-беттен 354-бетке шейін сөздер)? Соншаны айтып кеп 354-бетте „Белинскийді ұстаз көргенмен Абай оның айтқандарын түгел қабылдай бермейді“, — дейді.

Ендеше Белинскийді несіне әуреледік?

Сәбит „абаеведение“ бар екенін, онда өзінен бұрын бірталай пікір айтушылар бар екенін еске алмайды. „Онегин, Татьяна“ туралы (бұрын 362, 363-беттердегі пікірді) айтқандарды атамайтыны дұрыс емес. Бұл пікірдің бәрін өзі айтқан кісі боп шығуы ғылымдық еңбек жазам деген кісіге лайық емес. Бұдан да көп „назира“ жолын айтқан көзқарастар бар, оны Сәбит біледі. Бірақ, атамайтыны ғажап, ілгеріде Абай мен Салтыковтың байланысын көп-көп айтады. Ол пікірді де зерттеу арқылы, алдымен айтқан Сәбит, бұрынғының бәрі бүктемеге түсіп кету болмайтын, сіңбейтін нәрсе.

41. „Зерлеу“ халық тілінде жоқ (394-бет) деу қата. „Сонырқау жоқ“ дегені де қата. „Шардақ“, „арын“, „алқын“ бәрі Абай сөзі емес, халық сөзі.

*Алматы, 1945 ж. Июнь*

## **2. ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ АГИТАЦИЯ-ПРОПАГАНДА БӨЛІМІНЕ, ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ ПРЕЗИДИУМЫНА**

Қазақстандағы әдебиет, көркемөнер, ғылым, мәдениетті жаңа шаралармен, жаңалық істермен дамытып, көркейту жөнінде ойға келген біраз пікірлерді, кейбір ұсыныстарды және тағы біраз мәселелер жөніндегі өзіме түсініксіз жайларды партия басшылығына айтпақты мақсұт еттім.

Мұралар туралы. Екінші бір айтпақ мәселем біздегі бір-екі музей жайында. Олар „Абай“ мен „Жамбыл“ музейлері. Осы екі музейді, екі ұлы ақынның жүз жылдықтарына аса зор бейіл беріп, мән беріп партия мен үкімет өз қаулыларымен, көп қаражатымен туғызған еді. Бірақ осы күнде сол екі музей де ескерусіздікке түсіп барады. Көркейіп, ісі ұлғаю орнына ай санап, кейіндеп барады. „Абай“ музейі туралы Министрлер Советі қаулы шығарып, Академияға қаратып берді. Әрине, Академия өз қолынан келген шараларын көрсету шарт. Бірақ бұл музейлерді тек ведомствоға тапсырумен өкіметтік міндет ада болып, біте қалатын, сәл орындар емес Музейдің екеуін де бір жағынан өкімет өзі ерекше сүйемелдеп, мол түрде іске асырмаса болмайды.

Менің ұсынысым: осы екі музей де кішкене ғана үй-музей бүгінгі қалыптарындай болып қалу дұрыс емес. Екеуі де үлкен, әдебиет музейіне айналсын. Мәдениетті және әдебиет ғылымын дамыту, өсіруде үлкен творчестволық іс істеп әрі зерттеуші орын болсын. Өзінің еңбектері болып отыратын Қазақстанда Академия, университеттер үлгісіндегі кең міндетті, мәдениет орны болсын. Сонда „Абай“ музейі бір Абай емес, барлық XVIII—XIX ғасырдағы, XX ғасыр басындағы және тіпті әзірше совет әдебиет тарихының бар дерек материалдарын өз ішіне жиятын „қазақ жазба әдебиет тарихының“ музейі болсын. Және бұл музей Семейде емес, өзіне арналып салынған үлкен дүкен үйімен, өзінің сапалы штатымен, Қазақстан астанасында болсын. Қазіргі Семейдегі үй-музей осы Абай атындағы әдебиеттік үлкен музейдің филиалы болсын.

Жамбыл атындағы музей де әдебиет музейі болғанда жазба әдебиет емес, ақындар, фольклор (совет фольклоры) музейі болсын. Онда да бір Жамбыл емес, материалы табылса баяғы Жанак, Сүйімбайлар жайындағы деректерден бастап, кешегі Нұрпейіс, Доскей, Исаларға шейін бәрінің де белгі, мұралары, өмірбаяндық, творчестволық фактыларының бәрі жиылуы керек. О да бір жағынан жинаушы, бір жағынан зерттеуші ғылымдық орын болу керек. Бұдан былайғы уақыттарда қазақтың советтік фольклорын көркейтп, дамыта беру жөнінде басшылық ой, ұйымдастырушылық көрсетіп отыратын қадірлі орын болу керек. Бұл музей де Абай музейімен қатар, Алматының алдағы мәдениеттеніп өсу жолында, Біздің астанамыздың да жалпы советтік социалистік мәдениетіміздің де үлкен бір мақтаншы және көркі болып тұру керек. Осы екі му-

зейдің де өздеріне ғана арнаулы, ықшам, көркем, шебер архитектурамен салынған үлгілері болу керек. Сонда қазіргі Жамбыл музейі, үй-музей болып, мынау үлкен музейдің филиалы болып қалсын.

Абай мен Жамбыл жөні сөз болғанда, осы екеуіне байланысты тағы бір-екі мәселені айта кетейін.

Екі алып ақынның жүз жылдықтарын тойлағанда, біздің Министрлер Советі бүкіл жұртшылыққа әйгілеп салмақты қаулы шығарып еді. Екі ақынға және Аманкелдіге Алматы қаласында ескерткіш орнатамыз деп еді. Сол аталған үш ескерткіштің әзір біреуі де орнаған жоқ. Орнамақ түгіл, ұмытылып та қалды. Осы мәселе енді еріксіз қапаланып айтатын жайға айналды. Жұртшылық ұялатын салақтылық. Бір жағынан астананың көркі де сол ескерткіштер болар еді. Екінші жағынан алғанда, біздің жұртшылығымыз өткен тарихымыздағы осы үш адамнан басқа кіміне ескерткіш орнатпақшы? Рас оларды олқысынып жүрген кісі жоқ шығар. Бірақ осындай кешпестей салақтық үшін ұялмауға бола ма?

Біздің Алматының қалалық басшылары ескерткіш қоюды соншалық бір қолдан келместей, мүлік жетпестей, орасан қиын іс деп білсе керек. Бейне бір фараондардың пирамидасын орнатқандай ұзақ, ауыр еңбек керектей түсінеді. Бұл тек білместік пен тоғышарлық қой. Азербайжан бір Низамиға екі бірдей тамаша ескерткіш орнатып отыр. Москва, Киев, Ленинградта ай сайын бір ескерткіш орнайды десе жалған болмас. Ертең Навои юбилейі болғанда Ташкент, Самарқанд екеуінде де ескерткіш орнайды. Тіпті қасымыздағы кішкене Фрунзенің өзінде қазірде үш ескерткіш орнатылды. Біреуі Панфиловқа, біреуі Ленинге, тағы бірі — жақында өлген қырғыз ақыны Жомарт Бөкенбаевқа арналған ескерткіштер. Лениннің ескерткішін осы [19]48 жыл январьда, бронзыдан құйып, Қазақстанның қызыл гранитінен биік постамент жасап, Фрунзе қалалық советі зор салтанатпен орнатты. Ал біз болсақ кейбір өздігінен еңбек етіп, жақсы эскиздер жасап жүрген суретші-скульптордың еңбегін қарап, тиісті баға беруге де бейіл бөле алмай жүрміз. Бұған Орманшаның тәжірибесі куә.

Жалпы ескерткіш деген соншалық мол қаражатты да керек етпейді, 300—400 мыңға бронзыдан құйған үлкен ескерткішті молынан жасауға болады. Осы олқылықты жою ретінде менің ұсынысым: алысқа жібермей, дәл осы

48 жылдың декабрінде үш ескерткіш бірдей қойылатын бір қажырлы қаулы алынса екен.

Тағы да Абай мен Жамбылға байланысты бір мәселені айта кетейін. Сол жүз жылдықтарда Министрлер Советі ақ қағазға қара сиямен жазған жақсы қаулысында тағы бір ізгі ниет, асыл уәде айтып еді. Қазақтың бүгінгі совет әдебиетін дамытуды мақсұт етіп, „Абай мен Жамбыл атына арналған жылдық премиялар болсын“ делініп еді. Осы қаулының біреуі шыққалы үш жыл, екіншісі шыққалы екі жыл өтті. Өкімет орындары біздің әдебиеттен түк табысы жоқ болса, тым құрмаса соны айтып, „биылғы жыл бәйге беруге татитын шығарма тумады“ деп қойса болмай ма? Әйтпесе, жұртшылық болып елеуге, ескеруге татитын шығарма болса, онда неге басшы жұртшылық өзі уағда қылған бағасын бермейді. Осындай зор мағыналы істерді тек социалистік мәдениетіміздің ардақты тарихы ғана туғызып отырған жақсы, жаңа дәстүрді қайтіп ұмытып кетуге болады? Рас бұл істің жөнінде Жазушылар одағының өзі де кінәлы болу керек. Оның кінәсы осы жайды өкіметтің есіне салмағандығында ғана. Одан арғысы Министрлер Советінің өз жауаптылығында, өз міндеті.

Қысқасы, Агитация-Пропаганда бөліміндегі жолдастар сол Абай мен Жамбылдың, Аманкелдінің мерекелерінде Министрлер Советі шығарған қаулыларды тапқызып алып, танысса екен. Және тиісті басшы жолдастарға сол қаулыларды апарып, төменгі орындардың орындамай жүрген жайларын естеріне салса екен.

Сондағы қаулылардың бірінде Абайдың зияраты жақсылап салынсын делінген еді. Ол зиярат қаладан алыс ауданда тұрғандықтан ба, жөнді еш нәрсе істелмей қалып отыр. Ал Низамидің қабірі ескі Ғанжа шаһарының орнында ай далада жапа-жалғыз тұр. Ескі шаһардан бір кірпіш те қалмаған. Атырабында ел де жоқ. Бірақ жапа жалғыз тұрған Низами мавзолейі қазір Одақтағы аса бір көркем архитектуралық ескерткіш боп тұр.

Ұлы адамдар памяти алдында берілген уәдені біздің бұын ұмытпауға міндетті емес пе? Осы аталған жайларды мен: жолдас Шаяхметов, жолдас Оңдасынов, жолдас Омаров есітіп білсе екен деп өтініш етіп отыр едім.

Және осы айтылған мәселелер туралы Қазақстан Ғылым академиясы өз жауаптылығын төтенше түрде ескеріп, нақтылы ұсыныстармен өкімет орындарының алдына мәселе қойса екен.

Алматы, 1948 ж. 29..2

### **3. ҚАЗАҚ ССР ОҚУ МИНИСТРАЛІГІНЕ, С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫНЫҢ БАСТЫҒЫНА (МӘЛІМЕТ ҮШІН)**

Сіздің 1951 жылы 19 майда № 8—579 тапсырмаңыз бойынша, қазақ әдебиетінің бұрын жарияланған программалары туралы төмендегі пікірлерімді білдіремін [...].

**XVIII—XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті.** ...мұнан кейінгі зерттеулерде, тарихтық, саясат-саналық, мәдениеттік қасиеттері жағынан бағалағанда, Шоқан, Ыбырай, Абайларды біз тек қана қазақтың жекешеленген тарихы көлемінде талдап келген тар көлемді шеңберден шыға тексеруіміз шарт болады. Бұларды өз халықтарының, өз дәуірлеріндегі шындықтарын айқын көрсеткен озғын ойлы қайраткерлер деп бағалай отырып, екінші жағынан олар бүкіл Россия тарихына да жалғасы бар адамдар деп тануымыз қажет. Сонда әсіресе халықтарымыздың Лениндік достығының тарихтық іргесін нығайтушылардың бір тобы, осылар дейміз.

Абай жөнінде, араб, парсы деген жалпы сөздер орнына советтік елдер классиктері мен әр дәуірде, әралуан байланысты болғанын ашу керек. Жалпы бұл бөлім (10—11 беттер) менің Абай дискурсиясында жасаған баяндаманың, Абайдың өзіне арналған бөлімдерінен пайдалана отырып жасалса дұрыс болар еді. Және Абайдың жас дәуірі жоқ деушілердің пікірі теріс екендігі аталу керек.

Менің өз тексерулеріммен орыс тілінде жазылған: „Идейные искания Абая“, „Абай и русские классики“, „Жизнь и творчество“ (1945 год), „Традиции русского реализма и казахская литература“ деген мақалаларым, қазақша: „Абай мұралары туралы“ деген мақала және ең соңғы жазған „Абай Құнанбаев“ деген монографиям пайдалануға жарарлық еңбектер деп айтар едім.

*Сәлеммен профессор М. Әуезов.  
1961 жыл. 26 июнь.*

### **4. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ОҚУ ҚҰРАЛЫ ТУРАЛЫ**

Биылғы жылы қазақ әдебиетінен орта мектептерге арналған оқу кітаптары басылып шықты. Олар:

VIII класқа арналғаны Х. Бекхожиндікі. Редакторы Ж. Сарсеков.

IX класқа арналғаны Х. Жұмалиевтікі. Редакторы С. Мұқанов...

4. Кіріспеде Абайдың өз заманында алдыңғы қатарлы ақын болғандығын, оның қарабасының „үздік таланттылығынан“ деп... түсіндірмек болған. Жұмалиев былай дейді: „Ғасырлар бойы белгілі бір дәстүр болып келген ауыз әдебиетінің ежелгі үлгі-өнегесін бұзып, тың түр, тың стиль, тың образ, тың сарын туғызу, зор таланттық, көркем сөздің асқан ұстасының қолынан келетін іс еді. Міні, осындай зор талант көркем сөздің тамаша ұстасы Абай болды“ (4-б.). Бұлар (Абай, Ыбрайлар)... әрі мәдениетті, әрі зор талантты болғандықтан романтизмнің прогресшіл оптимистік бағытын қолданды (5-бет).

Адамның талантын, білімділігін, дара қасиетін тарихи қоғамдық құрылыстан жоғары қойған бұл сияқты... лақпа пікірдің марксизмге ешқандай жанасы жоқтығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. (4—5-бет).

6. Олақ, сауатсыз жазылған бөлімнің бірі — Абай туралы. Абай шығармаларын жеке тақырыпшаға бөліп талдамақ болып, Абайдың аяқталған бүтін бір шығармасын (не бір лирикасын, не бір поэмасын) көрсете алмаған. Орыстың Пушкин, Лермонтовтарының жеке лирикаларын бөліп талдағаны сияқты Абайдың „Сегіз аяқ“, „Мәз болды болысың“, „Қалың елім“, „Куэ“ сияқты өлеңдерін жеке алып тексеруге болатын еді. Осындай өлеңдерді жеке, тұтас алып тексермегендіктен, Абай шығармаларына үнемі біржақты, теріс сипаттамалар беріліп кеткен. Автор Абайдың реализмін де, жаңашылдығын да, орыс поэзиясымен туыстығын да, қайшылығын да саралап, айқын бере алмаған... Кей жерінде Абайды теріс түсіндіреді.

Абай жастарға ғылым, өнер жолын үгіттей отырып, Толстойдың идеализміне байланысты „қанағат“, „рахым“ деген теріс қағидасын ұсынады. Біздің авторға Абайдың бұл теріс көзқарасы да қызық, үлгілі көрінеді: „Оның айтып отырған... қанағат, рахымы біздің қазіргі тәрбиеге дәл келеді“, — (40-бет) — дейді.

Автор Абайдың өмір шындығын елестеткен „Күз“ өлеңіне мынадай талдау береді. „Абай сол нәрселерді де көре алады. Үстіртін қараған адамдарға “иін илеу, шекпен тоқу“, балалардың ойындарын суреттеу сияқты мәселелер сәл ғана мәселе болып көрініп тұрса да, шынында бұл сияқты ұсақ нәрселерді көре білуі Абайдың үлкен реалист ақын екендігін дәлелдейді“ (49-бет) „Ол басқаның көзіне

түспейтін кейбір “ұсақ” нәрселерді де көре біліп” (50-бет),— дейді.

Абай реализмінің айқын көрінісі саналған ең күшті „Күз” өлеңін былай талдау балалардың басын қатыратын. Абайға теріс қорытынды. Россияда Абай көріп бай мен кедей арасындағы таптық қайшылық, кедейдің аянышты еңбек өмірі „ұсақ”, „сәл” нәрсе емес, қоғамның ең негізгі шындық бейнесі. Абай елеусіз „ұсақты” көре білді дегенше, қоғамдағы өте айқын шындықты жете көрсете алмады деп оны сынауға болар еді.

Бұл кітапты IX кластағы жас балалар оқиды. Автор кітапқа Абайдың ғашықтық, махаббат тақырыбына жазылған өлең поэмаларының бірде бірін қалдырмастан қызыға мақтап „талдаулар” берген (50—52—57—79-б.).

Айттым сәлем, Қаламқас,  
Саған құрбан мал мен бас.  
Көрмесем де, көрсем де,  
Көңілім сенен айрылмас.—

деген жігіт сөздерімен:

Сіздей асыл кез келсе,  
Қайтіп басты шайқаймыз.  
Сіз бір жалын, біз май,  
Ыстық сөзің кірлі ішке.  
Май тұра ма шыжымай (57—58-бет),—

деген қыз сөздерін толық келтіріп, мынадай түсінік береді: „Сүйіспеншілік жөніндегі ескі феодалдар мен байлардың көзқарасына қарсы шығады... Ақын бір көкірекке бір жүректен басқа, екінші жүректің сыймайтынын екеуінің де басқаға көңіл аудармайтындығын айқын көрсетеді (57-б.)... Ескі көзқарасты берік ұстаушылар дәуірлеп тұрған кездің өзінде жастардың сүйіскен жүректерін ту ғып ұстап жоғары көтеріп, сыршыл өлеңімен дәріптей жырлауы ақынның үлкен прогресшіл пікірін айқын дәлелдейді.

Ғашықтың тілі тілсіз тіл,  
Көзбен көр де ішпен біл,—

деп Абай махаббат мәселесіне үлкен баға береді (58-б.).

Автор осы келтіріп отырған Абай өлеңдерін де байлар мен феодалдық көзқарасына ешқандай қарсылық та жоқ, асып кеткен „прогресшіл” пікір де жоқ. Бұлар автордың көріне... көзге тарихи шындықты бұрмалаушылығы (фальсификациясы). Бірде бірің жалынды махаббатпен құшақтап сүй, жігіт айтса қыз көңілін қалдырмасын, ма-



хаббат іштегі жалын дерт деген Абай пікірі жаңа... заманға тән мораль, көзқарас еді.

Орта мектепте оқитын 15, 16 жастағы жас балалар түгіл, жоғары мектепте оқитын жастардың өзі бұрынғы ақындар жырлаған махаббат лирикасын сын ретімен талдап оқуға тиіс. Онан соң орыс әдебиеті тарихынан жазылған орта мектеп оқу құралдарында Пушкин, Лермонтовтардың махаббат лирикаларына мұндай дәріптеп, табынып тоқталмайды.

Абайдың сол сияқты Махамбеттің де (VIII класта) өлең құрылыстарын формалистік әдіспен талдап тексерген. Жұмалиев өлеңнің сыртқы өлшеу, буын, ырғақ мөлшерін алады да ылғи ирек схемалармен балалардың миын қатыратын мылжыңды айта береді. (66—71-б.). Әрине, Абайдың өлең құрылысын, поэзиясын арнаулы ғылымдық еңбекке сай талдап тексеру керек. Бірақ балалардың алдында басында піспей жүрген шала-шұрпы, формалистік болжау, долбарларды ұсынуға болмайды. Жұмалиев Абай шығармаларын идеялық мазмұн жағынан талдаудан гөрі ол формалистікке айрықша орын берген.

Мысалы: „Абай өлеңдеріндегі патриотизм“ деген тақырыпты автор 5-бетте (56—57б.) қана айтса, ал мыналардай формалистік ирек схемаларды кітаптың 6 бетінде орын беріп айтқан.

Жұмалиевтің иректер туралы „талдау“, „долбарларына“ балалар тұрсын, ересек білімді адам түсіну қиын: „Жырдағы 7-де 8 болып аралас келетін буындардың бунақтары кіл 3 те 4, 5 те 3 болып әр тармақтың алдыңғы бунағы ылғи 4, соңы 4 те 4 және 3 болып, содан жазбайды“ (67-бет).

Автор Абайдың:

„Жарым жақсы киім киіп,  
Келді жанға жылы тиіп.  
Диуана болды бұл көңілім,  
Басылмай бір құшып сүйіп“,—

деген өлеңін (әдет бойынша махаббат тақырыбына жазылған) келтіреді де былай дейді: „Бұл да 8 буын өлең. Бірақ алдыңғы 8 буынды өлеңнің бунағы мен ұйқасы басқаша құрылған: „Жарым жақсы киім киіп“ деген өлеңге екі бунақ барда, алдыңғы бунақтың да, соңғы бунақтың буындары бірдей 4 те 4 (67-б.). Осында қандай білім тұрғанын балалар түгіл Жұмалиевтің өзі де түсіне қоймас. Бұларға берген формасы да идеясыз, принципсіз

және өте дәрекі Абайды „Өз елін жаңа өмірге сүйреуші?“, „Дамылсыз ойлаушы“, барлық елдің әдебиетін „пайдаланушы“ деп келіп былай дейді: „Соның нәтижесінде не ұйқас, не буын, не шумақ, не тағы басқа жақтарынан ерекше өзгешеліктері бар өлеңдер қалдырып кетті“ (71-б.).

Орыстың орта мектепке арналған оқу кітаптарының бір де бірінде қазір де Жұмалиевтікіндей формалистік „түсініктер“ мүлде кездеспейді. Мұндай идеясыз мылжындар бір кезде орыстың буржуазияшыл символистік декадент жазушыларында ... кездесетін.

Кітапта тұжырымды ойды, нақты ғылымдық фактыларды білдіретін жатық, бірыңғай әдебиеттік стиль жоқ. Мысалы IX кластың оқу кітабында Абай туралы Жұмалиев былай деп сыр шертеді: „Абай емірене барып, етегі толды, шалқып жатқан теңіздің түбінен қап-қап маржан терді. Ол теңіз түбінен ақ тас та, қара тас тапты. Тамаша жаңа идея, қызықты тақырып, терең философия, ойға азық, жанға медет болғандай көркем сөз, озат пікір тапты. Қысқасы Абай не аңсаса, солардың бәрі де табылады“ (54-б.). Сонда ақ тас жаңа идея болып, қара тас философия бола ма екен деген ойға келесің...

Осы фактылардан туатын қорытынды: Оқу кітаптары партия қойған талаптарға сай жазылмаған... ғылымдық қателері мол құнсыз кітап болып шыққан. Оқу кітаптарын Оқу министрлігі ұқыпты қарамаған... өздері қол қусырып қарап отырған. Басылмас бұрын әдебиетшілердің талқылауына салмаған.

## **5. Ә. ЖИРЕНШИННІҢ „АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ“ ДЕГЕН КІТАБЫ ТУРАЛЫ ПІКІР**

Бұл кітап жөніндегі көп сын, пікірлерді дәл қазір мен ұзаққа созып айтпаймын. Өйткені кітап бұл қалпында жарыққа шығатын еңбек емес. Толып жатқан ғылымдық, саясаттық, шындыққа шалғай шикілік, өрескелдіктері болғандықтан, бұл қалпында басылуға болмайды деп білемін. Сол себепті тартып созып, кең мағынадағы сын пікірлер тізіп жатудың әзірше қажеті жоқ деп білемін. Егер аса қажет болса, төменде өте қысқа түрде айтылатын жеке фактылар мен сындарым туралы арнаулы мәжілісте ауызша таратып, молырақ дәлелдер келтіріп, қалыпты ұзақ сын пікірлер айтып беруіме болады. Осындай жалпы жай-

ды ескертуден соң, жеке-жеке бөлімше, Ә. Жиреншин кітабында бұл қалпында басылуға болмайтын орасан жайлар туралы қысқа-қысқа атап, тізіп өтемін.

1. „Автордан“ деген қысқа сөз түгел керексіз, мұнда орынсыз мақтан, өз еңбегін тұрпайы түрде дәріптеу бар.

2. Оны екінші бетте Абайдың „Жаз“ өлеңін аударушыны теріс айтқан.

3. Сол бетте Сұлтанмахмұттың Нәзипаны мақтаған... үзінді.

4. Сол бетте Нәзипа жайы керексіз [...]

5. Он үшінші бетте Біржан Абайды мақтағандардың тізімінде жүр.

Абай ақындық атаққа ілінбес бұрын, қайтыс болған Біржанды бұл топқа қосу, тарихи шындық емес.

6. Он төртінші бетте Абайды зерттеушілер қатарына Нұрышев орынсыз текке қосылған.

7. Жиырма жетінші бетте Абайдың бірауыз тұрпайылау өлеңін ұзақ сөз ету орынсыз.

8. Отыз үшінші бетте Абайды былық істерге „белшесінен батады“ деп сыпаттау қиянат.

9. Отыз алтыншы — отыз жетінші беттерде бұрын Абай мен Қаратай, Құнанбай арасында болған үлкен бір шешен бақас турасында қалыптанған толық және дәл әңгіме барды. Соны мына беттерде Төлеудің аузымен бәрін, реңін кетіріп, қайта бір жария жасаудың қажеті жоқ.

10. 37-бетте Ізғұтты — Құнанбайдың баласы деген бекер.

11. 38-бетте „Абай мен Құнанбай алшақ болмаған“ деп және Құнанбайдың Мекеге бару сапарын дәріптеу кімге керек? Оны Құнанбайдың аруағына осы күнге дейін тауап қылатын құнанбайлықтардың тоғышар теріс саналы нәсілдерінің сыбағасына беру керек...

12. 45—46-беттерде Тұраш... туралы келтірген дерексымақтар керексіз.

13. 54-бетте „Қарашекпен“ деген Крылов мысалы Абай аудармасы болмауға керек.

14. 55-бетте „күмісті кавказдау“ немесе Өтепке ер жасату сияқты болымсыз жайларды өмірбаянға кіргізу орынсыз.

15. 56-бетте „Михаэлис Абай аулына келіп, айлап-жылдап жататын“ сөздер шылғый бекер. Михаэлис Абай аулында болған емес.

16. Сол бетте Мағауияға байланысты Көкбурыл ат жайын Абайдың жаулары шығарған сөз деу керек.

17. 57-бетте „Қанағат“ жайындағы ұсақ оқиға өмірбаянға кірерлік материал емес.

18. Сол бетте тағы да Тұраш жайы... қателік.

19. 58-бетте „Ақылбай қалада оқыды“ деген бекер.

20. 62-бетте Оразбайдай Абайдың ең жауыз дұспанын „Қолы жетіп есе тимей келген“ адам етіп мінездеу — теріс тенденция.

21. Осы 62-беттен 68-бетке шейін жеті бет бойында Абайдың сабалуы турасындағы фактының бәрі теріс тұрғыдан, Абайдың жаулары айтатын тұрғыдан қарап талданған. Бұл беттер Абайды әдейі оның жауы болған және халық жауы болған қара жүзді феодал жуандардың біреуі етіп көрсететін, халық намысына тиетін және масқара қорлық айғағы. Абайдың болашақ заман нәсілдерімен зор, терең жарқын сыр ашып, тілдескен „Өлсем орным қара жер сыз болмай ма“ дейтұғын мәңгілік өлеңнің мазмұн сыры өте теріс, саяси қаталық мазмұнда тексерілген. Ол өлеңді туғызушы объективтік түрде алғанда да бұл кітап бойынша, Абайды сабаған жаулардың әсері болды. Сүйтіп өлеңді залалды түрде пайдалану туған.

22. Осы беттерде, түтелімен жойылатын беттерде, Абайдың жаулары тегіс саналғанда, оның ең бір сұрқия, айлакер және тынымсыз бәлеқор жауы Жиренше мүлде аталмайтыны өрескел, орынсыз.

23. 71-бетте „Абайдың өлердегі өлеңі“ деген бір-екі жол „Сарыарқаның самалы-ай“ деген өлеңсымақ Абайдыкі емес, мүлде өтірік қоспа.

24. 92-бетте Чернышевский, Белинскийлердің әлеуметтік идеясын Абайға Михаэлис жеткізеді деу ғылымдық, идеологиялық қате.

25. 93-бетте Абай аулына Михаэлис барған деген мәлімет бекер.

26. 94-бетте және Абайды бастаған Михаэлис болады.

27. 95-бетте Абайдың көзқарасы материалистік көзқарас деп кесіп шешу ұшқары.

28. 102-бетте Абай әңгімесіндегі „Сократ пен Аристодим“ дейтұғын шәкіртінің арасындағы әңгімені өрескел ұшқарылықпен Жиреншин „Сократ пен Аристотель“ арасындағы әңгіме етіп шатасады. Сократ 399 жылы өлген, Аристотель 384 жылы туған. Сократтың өлімінен соң 15 жылдан кейін туған Аристотельді текке былықтырып, теріске лағады.

29. 140-бетте және 149-бетте Нысанбайды Махамбеттер қатарына қосып... қателік жасайды.

30. 143-бетте Ақылбай поэмасында Ибрайымның шешесін жаңылыс түрде басқа бір герой Жебрайлдің шешесі дейді.

31. 148-бетте әл-Фарабилерді қазақтың оқымысты қайраткері есебінде көрсетпек болған сөздерінде [ойлану керек].

32. 169-бетте Сұлтанмахмұт 1916 жылы Абай ауданында бала оқытқан деген бекер.

33. 189-бетте Көкбайдың „Сабалақ“ атты поэмасын тексергенде, Көкбайдың... Кенесары турасындағы қаталығы, қайшылықтары ашылмайды, сыналмайды. Бұл күнде ол саяси қата.

34. 158-бетте әлеуметтік ойдың дамуы турасында орынсыз адамдарды сол әлеуметтік ой тарихының қайраткері етпек болады. Ол орынсыз.

35. Енді бұл көрсетілген жекеше жайлардан басқа кітаптың ішінде екі бөлім турасында, сол бөлімдерді керексіз дейтін пікірім бар. Бұл — Сұлтанмахмұт турасында және Нармамбет турасындағы бөлімдер. Нармамбет біздің осы күнге оқу құралдарымыздан, программаларымыздан шығарылған... салт-санасы кертартпа ақын есепті танылады. Абайға оны шәкірт етіп танудың жөні жоқ. Ендеше оған арналған бөлім алынып тасталу керек. Ал Сұлтанмахмұт турасында оны Абайдың шәкіртіне қосу орынсыз. Жақсы болсын, жаман болсын бұл ақын басқа дәуір, басқа тарихтық, әлеуметтік салт-саналық жәй-жағдайлардың өзіне бөлек, өзінше бір үлкен өкілі. Оны Абайдың шәкіртіне қоссақ, революцияға шейінгі қазақ әдебиетіндегі басқа барлық жазушыларды да Сұлтанмахмұтша Абай шәкіртінің қатарына тізе беруге болады. Абайдың әсерін көрген ақындар десек ол жайды басқаша бөліп, басқаша дәлелдеп өзінің қатарындағы және бірнеше ақындарымен қоса тексеру керек.

Осылайша көп жері саяси қаталыққа, ғылымдық, тарихтық қаталыққа соққан Жиреншиннің кітабы түзетілумен кітап болып шығатын болса, айтатын ұсынысымыз мыналар:

Жоғарыда номерлеп саналған қаталық, кемшіліктердің аса өрескелдерін сол беттерді жыртып алып, қайта түзеу керек. Кішілеу қаталары болса (жоғарғы саналуда ондайлар да бар) бұлардың жөнінде автор кітабының аяғына қосымша послесловие жазып, түзетулер беру керек. Ал Нармамбеттің бөлімін мүлде алып тастап, оның орнына сол көлемде Абайдың ақын шәкірті Әріпті жазып кіргізу ке-

рек. Сұлтанмахмұтты шәкірттерден бөліп алып, „Абай әсерін көрген кейбір ақындар“ деген жік жасап, оны кітаптың ең соңғы жағына салып, Сұлтанмахмұтқа қоса Сәбит Дөнентаевті беру керек. Және осы бөлімнің алдына өзіне бөлек аз кіріспе қосып, шәкірттерден бұл тексерілетін топтық бөлек екенін айырып айту керек. Абайдың әсерін көрген ХХ ғасыр басындағы қазақ жазушыларының кейбір тобын санап өту, жалпылай шолып өту керек. Содан соң Сұлтанмахмұт турасындағы бөлімнің бұл кітаптан орын алуы лайықты түрде дәлелденген болады.

*28 март 1951 жыл  
Алматы қаласы*

**6. КРАТКИЙ ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЙ ОТЗЫВ  
О ДИССЕРТАЦИОННОЙ РАБОТЕ  
М. С. СИЛЬЧЕНКО НА ТЕМУ  
„РУССКОЕ ЛИТЕРАТУРНОЕ ВЛИЯНИЕ  
В СТИХАХ И ПЕСНЯХ АБАЯ“**

Прочитанные мною четыре основные главы из докторской диссертации М. С. Сильченко, а именно „Отношение Абая к устно-поэтическим традициям“, „Абай и Лермонтов“, „Абай и Пушкин“, „Абай и Крылов“, в целом свидетельствуют об огромной исследовательской, научно-критической работе, проделанной диссертантом за долгое время его добросовестного изучения наследия казахского классика Абая Кунанбаева. Особо ценной в диссертация я считаю новую в казахском литературоведении постановку вопроса о взаимосвязи творчества Абая с народными источниками его эпохи, а также тщательную, глубоко обоснованную и конкретно сравнительную исследовательскую работу по вопросам русского влияния в лирике Абая.

Существовавшие до сих пор обзорно критические работы по указанным вопросам ограничивались общими ссылками и выводами без конкретных и детальных подтверждений на фактах.

М. С. Сильченко привлекает значительное количество фактического материала, ранее не включавшего[ся] в круг исследования отдельных сторон творчества Абая. При обращении своем к источникам народной поэзии и к образцам индивидуально книжной поэзии у казахов в середине

— конце XIX века диссертант последовательно разрабатывает и постепенно раскрывает одну плодотворную научную мысль — выявить пути и методы одоления Абаем фольклорных канонов и также идейно чуждых народным чаяниям реакционных традиций феодально-байских акынов прошлого.

В этой же главе автором убедительно раскрыты моменты и этапы постепенного освоения Абаем культурных влияний русской литературы. Наряду с заметными длиннотами и частичными излишними обращениями к некоторым биографическим материалам (о чем будет сказано ниже) — вся эта глава составляет весьма ценный и важный раздел настоящей работы и она же свидетельствует о глубоко знании автором многостороннего литературного процесса исследуемых эпох.

Особо ценным являются и главы, посвященные вопросам влияния на Абая творчества Лермонтова, Пушкина и Крылова. Продуктивно и убедительно изучается проблематика этого влияния по разделам переводов и непосредственных отражений их на самостоятельном творчестве Абая. Здесь автор обнаружил широкую эрудицию знатока особенностей переводов Абая и высказывает много ценных мыслей для пушкиноведения и лермонтоведения с точки зрения их плодотворных влияний на развитие одной из национальных литератур в России.

Замеченные недостатки в данной редакции диссертации указаны автору со ссылкой на отдельные страницы рукописи.

Наиболее важными из них, требующими дополнительной доработки, являются замечания относительно группы юношеских стихов Абая, пропущенных в исследовании. Работа требует редакционных сокращений по части излишних обращений к деталям биографии поэта, они разрывают исследовательскую мысль, создают досадное впечатление измельченных невесомых мотивировок автора.

В настоящей редакции не выверены тексты (оригинальные) и также имеются нежелательные факты неточных переводов на русский язык этих текстов.

Спорным являются положения автора в определении идейно-классовой сущности наследия ряда казахских поэтов, [таких], как Кудери, Ахан-сэре и т. д. Так же требуют пересмотра утверждения диссертанта относительно ценности в фольклорном стиле ряда лирических произведений и переводов Абая. Несмотря на наличие в данной редакции

указанных недочетов, настоящий труд М. С. Сильченко является весьма ценным вкладом в историко-литературную науку и вполне заслуживает представления его в качестве докторской диссертации.

## **7. ОТЗЫВ О СТАТЬЕ тов. Т. Т. ТАЖИБАЕВА НА ТЕМУ „ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ АБАЯ КУНАНБАЕВА“**

Настоящая работа является весьма ценным, свежим и новым словом в абаеведении.

Как литературовед — исследователь жизни и деятельности поэта-классика Абая, я нахожу, что данная статья тов. Тажибаева, рассматривающая, изучающая отдельные образцы творчества Абая с точки зрения... психологии, кладет начало весьма оригинальному и важному анализу наследия великого классика с новых интересных позиций. Изучая художественно-поэтические, идейно-исторические особенности творчества Абая, мы, литературоведы, нередко упоминаем о том, что в своих сатирических стихах, посвященных степным правителям, баям, феодалам или отдельным сутяжникам, ханжам из этой же среды степных воротил, Абай обнаруживает недоужинные способности тончайшего психолога.

Но эти [наши] высказывания носили лишь эмпирический, интуитивный характер. А обращение к тому же наследию Абая представителя психологической науки, в данном случае т. Тажибаева, помогает нам, литературоведам, да и вообще всем читателям, ценителям наследия Абая осмыслить и освоить многое в более обоснованном, научно-историческом, глубоко мотивированном виде.

Исключительно ценны мысли автора статьи т. Тажибаева... построенные на анализе различных видов творческого наследия Абая. Не вдаваясь сейчас в подробности этих свежих, впервые печатно высказанных суждений, анализов конкретных произведений поэта, скажем в целом, что данная статья вполне достойна для опубликования ее в трудах КазГУ.



**8. С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ [ҚАЗАҚ]  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ  
ЕСБАЕВ ҚҰЛМАҒАМБЕТТІҢ ДИПЛОМДЫҚ  
ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ПІКІР**

Тақырып: „Абай поэзиясының халықтығы жайлы“.

Бұл дипломдық жұмыстың тақырыбы, мазмұны, мәні де бір диплом жұмыс көлеміне оңай сия қоймайтын ауыр да, қиын да жайлар еді. Соған орай дипломант Есбаев ұзақ уақыт көп жұмыс істеді. Ізденіп зерттеу кезінде кейде көлемді, ұзақ түрде жазған бөлімдерін түгелімен қайта қарап, тыңнан өзгертіп жазуға қажыры, талабы да, орамы да жеткілікті болып көрінді.

Есбаевтың үлкен ықыласпен мейлінше табандылық көрсетіп, тырыса жазған еңбегі осы соңғы редакциясында ойдағыдай боп өте жақсы шыққан.

Алғашқы беттердегі кіріспе мен бірінші тарауда, Абайды қазақтың халық поэзиясы шамасынан биікке көтеріп, жоғарылатқан тарихтық сапалы себептер қысқа көлемде, дәл, дұрыс тексеріледі. Орыс классик поэзиясы мен жалпы демократтық халықтық бағыттағы ойшылдардың еңбектері Абайға зор пайдалы әсер еткенін дәлелді, деректі етіп, жақсы талдайды. Кейінгі бөлімдер Абайдың сатирасын, әлеуметтік-азаматтық лирикасын, көңіл-күй лирикасын, табиғат лирикасын және махаббат лирикасы мен аудармалардағы ерекше еңбектерін халықтық тұрғыдан жақсы шолып өтеді.

Тексеру, зерттеудің барлық бойында дипломант университет курсы көлемінде айтылатын, зерттелетін тың да деректі талдау-тексерудің баршасын ойдағыдай жақсы ұғынып, орынды түрде қонымды етіп пайдалана біледі.

Халықтық сипатты тек халықтық фольклор іргесінен тауып талдамай, Абай терең, сырлы, ірі көркемдік үлгісіндегі барлық эстетикалық қазынасынан тауып қорыту: зерттеу жолындағы ең соны, ең өнімді пікір. Осы жайды Есбаев жақсы ұғынып, Абайдың тілімен де халықтық жаңа сапалы, жаңа үлгілі қасиеттер таба біледі.

Дипломдық жұмыстағы сәл ғана кемшін жай Абай өлеңдерінің түрлерін жекелеп талдағанда, өзді-өз тұсында халықтық жайдың жеке-жеке түйіліп, қорытылып отыруы керек еді. Оның орнына бұл турадағы қорытпа пікірді Есбаев өз жұмысының соңында кеп қысқалау жазып кеткен.

Жалпы диплом жұмысының тағы бір жақсы қасиеті жазылған тілі ұғымды, орамды, мейлінше ашық, айқын әдебиеттік зерттеу тілі болып қалыптасқан. Осы айтылған жайлардың барлығына сүйене отырып, дипломант Есбаевтың бұл жұмысын „өте жақсы“ деп бағалау лайық деп білемін.

*Жетекші профессор — М. ӘУЕЗОВ.  
Алматы, 19 апрель 1956 жыл.*

## **9. ӘРХАМ ЫСҚАҚОВТЫҢ „АБАЙ ӨМІРІ“ ДЕГЕН АТПЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚОЛЖАЗБАСЫ ЖӨНІНДЕ ПІКІР**

Бұл еңбекті авторы жай Абай өмірбаянына қосымша материалдар деп бұрынғы өзі тәрізді Абай туыстарынан шығып, естегілер берген Абайды көрген үлкенді-кішілі адамдар тәрізді жазса бір сәрі болар еді. Мынау қолжазбаның авторы Абайдың өмірбаянын жаңадан жазбақ болады. Сөйтіп Абайдың жақын атасы Өскенбай, әкесі Құнанбайдан, шеше тегінен бастап сөз қозғайды. Өзінің жазуларын Абайдың бала шағы, жас күні, ер жеткен кезі, қартайған дәуірі, ақыры өліммен аяқтайды.

Әр кезде Абайдың айналасын, кейбір тартыс жайларын баяндайды. Абайға білікті болған алыс-жақын таныстарды тереді. Туысы жақын адамдардың барлығын санап өтеді. Осымен, қорыта айтқанда, бұл жазба жай материал емес. Абай өмірбаянына берілген қосымша деректер емес, өзінше Абайдың жаңа жазылған өмір жолы болмаққа арналған. Ал еңбекті басынан аяғына дейін оқып шыққанда Ысқақов сыпаттаған өмір жолы бар Абай кім боп шығады? Бүгінгі Абайды орта мектептен вуздарға шейін оқытып түсіндіріп, жариялап жүрген қалыптасқан ғылымдық, тарихтық көзқарастармен осы еңбектің сарыны қабыса ма, жоқ па? Бұл еңбектің таптық, саналық, тарихтық арман мүддесі нені көксеген, қалай боп шыққан? Енді соны осы еңбектің өз ішіндегі нақтылы, дәл керек фактыларына сүйене отырып атап қана шығайық:

Сонда бірінші тақырыбымыз Құнанбай жайы болсын. Екіншісі, Абай жайы. Үшіншісі, Құнанбай тұқымдарының жайы дейік. Ең әуелі Құнанбай басына келсек, бірінші, Құнанбайдың Қодарды өлтіргенін жасырады. Екінші, борсақтың жерін тартып алғанын атамайды. Үшінші, Құнанбайдың Бөжейді сабағанын, Тоқмамбетке шабуыл

жасағанын бүркемелейді. Төртінші, Мұсақұлда, Бөжейдің көшіне шауып, төбелес жасағанын жеңілдетеді. Жігітектің он жеті кісісін айдатқан Құнанбай емес, Тәкежан болады және айдалу себебі жігітектің өз кінәсінен деп баяндалады. Бесінші, Құнанбайдың пара алатыны, оны Шөже, Сүйіндіктер өлеңмен әшкерелегені жасырылады. Алтыншы, Абаймен арасында түк қайшылық болмағандай, тілмен жалағандай, жамау-жасқау жасайды. Абайды Құнанбайдың „орысшылсың“ деп кінәлағаны да сиыр құйымшақталып, жоққа сайып кетеді.

Осының бәрінің орайына Құнанбайды „медресе салған“ деп көтермек болады. Онысы ауылда сол замандағы барлық бай, билердей, жуан феодалдардай дін сабағын оқытатын молданы қолына ұстағаны.

Сөйтіп, Құнанбай дәріптеледі. Ал шынында Абай өзінің ақындық, азаматтық, тарихтық жаңа жолын тапқанда алысумен тапқан. Сондағы оның алдында тұрған тарихи қайшылықтың ең үлкені құнанбайлықтың жиын бейнесі болатын. Құнанбайдың зорлықшылдығын, көпке істеген қиянатын „оның өзі істеген жоқ. Майбасар істеді“ деп жалтарту тарихи зерттеуші ойды теріске, жаңсақ жолға салудың ниетінен туған. Сол арқылы Құнанбайды арғы-бергі заманда тобықты ішінде „жарықтық“ деп, „қажеке“ деп, „мырза“ деп дәріптеп келген қаз-қалпы шыға келеді. Көп феодалдың, ру басының және соларға атасын дәріптегіп келген Құнанбай тұқымының бергі кездегі атқамінер, жуандарының ауыздарындағы сөздер, ұғым-налымдар көрінекке шығады. Қысқасы үстем таптық, феодалдық-патриархалдық салт-сана түгелімен Ысқақов аузымен қайталанып отыр (қолжазбаның өзіне жазған нақтылы беттердегі пікірлерге қараңыз).

Екінші, Абай жайына келсек: онда толып жатқан ерсілік, қайшылық, өрескелдік Абайдың бейнесін бүгінгі нәсілге жат етпесе, дос етпейді. Есі кіргеннен бастап Абай Құнанбайдың қосымша сойыл соғары, бөрінің бөлтірігі бола береді. Есейген кезінде Құнанбайдың бар жуандығын, құдіретін, рубасылық беделін Абай өз қолына жиып алады. Құнанбай тұғырдан тайған соң, ендігі құнанбайлықты ұстайтын Абай болып шығады.

Мұның сол кезде кіммен достасқаны, кіммен құдалықтар жасағанын алсақ, бұл шақта да Абайдың кедейден, жылаған жандардан жақыны болғаны көрінбейді. Қайта ол қаланың байымен, елдің толып жатқан жандарымен қым-қуыт араластан басқа ел жұртты көрмейді. Оның жас

шағында Тоғжанға ұшырасуы қазақы, дөрекі түрде айтыла салады. Ол да бұрынғы атқамінер ортасының аузында жүретін жеңіл сөздің бірі бола салады. Әсіресе үлкен пошлость, сорақы әңгіме Әйгерім айналасына құрылады. Абай онымен жақын болып, Әйгерім екі қабат болып қалып, оны айттырып отырған жері тастап кетіп, сондайдан соң барып Абай алуға міндеттер боп қалғандай баяндалады.

Абайдың Еркежанды алғанын оншалықты тамсанып тұрып, нашалана созып әңгіме етеді. Онда Абайға масқаралық, қорлық деп саналатын жала жабылады. Абайдың өзінен туған бала Ақылбай Еркежанды тоқал етіп алмақ боп жүреді. Сол жәй көпке мәлім болады. Бірақ туған баласының аламын деген жесірін әкесі Абай өзі алады. Сонда Ысқақов Абайды қайда апарып қойды? Бұл Достоевскийдің романындағы „Әке Карамазов-Федордың бала Карамазов — Дмитриден Грушеньканы“ тартып алғанынан қанша артық боп шығады? Ал Достоевскийдің Карамазовтары болса осы мінездерімен әлем жүзіне әйгіленген, масқара сорақылар емес пе еді? „Мораль жүзіндегі қылмыстылар“ деп таңбаланбап па еді? Абайды осылай қорлық хәлге апара әңгімелеп отырған Ысқақов Әрхам сол Абайдың тірі кезіндегі, оның ең үлкен жауы болған және баурынан шыққан жыландай жауы болған көп Құнанбаевтардың сұмдық жала-сының бірі емес пе?

Абай жөнінде жазылған өмірбаянның ішінде ақын Абай мүлде жоқ деуге болады. Егер ақын Абайдың өзі қалдырған өлең сөздеріне сүйеніп отырса, ақынның бар өмірі жақыннан да, жырақтан да шыққан надан жауыздармен алысумен өткенін анық көрмеске болмас еді.

Бірақ мынау автор ол жақтың бәрін жауып қояды. Абайдың „жалғыз болдым, жылап өттім. Жауыздықтан бітімсіз алысып өттім“ деп жырлайтын жан сырының, аршынының бәрін Ысқақов жинап сыпырып қойған. Сөйтіп тұрып Құнанбайлар, кейінгі екінші Құнанбай Абайдың өзі болып өзге ру басыларымен сол ру басының бірі есебінде жағаласады. Бұл ретте Құнанбай тұқымының бар бала, бауыр, жақындарының бәрі де Абайдың қолтығында, қойынқоншында жүреді. Олардың ешқайсысымен, бастығы Құнанбайдың өзімен болған Абай басының араздығы, қарсылығы, бар тартысы көрінбейді. Бұлардың көбі шетінен Абайдың досы, қанат құйрығы болады.

Әрхам жазған еңбекте Абайдың кедейден, зорлық көрген еңбек адамының тапқан тұрақты досының көрнекті боп аталған еш қайсысы да жоқ.

Ендігі бір мол өрескел жайлар: осы еңбекте Құнанбай тұқымының шежіресі басым болуында. Жиыны жеті баспа табақтай қолжазбаның ішінде Өскенбайдың бар өрен-жараны аталып өтеді. Құнанбайдан тараған өрен-жаранның бәрі саналады. Құнанбайдың өзі мен балаларының (тарих үшін аталуға да тұрмайтын) бауырларының барлығы кімдермен құда болғаны тегіс теріледі. Әрбір бала, немерешөберелерден туған ұл-қыздардың аты-жөндері аталады. Көбінше сол құнанбайшықтардың бәрі де жаман емес, жақсы адамдар боп, әралуан үлкенді-кішілі сипаттарымен жақтала мақталып, ауызға алынады.

Бұл тұста және де осы күнде әр жерде шашырап азып-тозып қалған Құнанбай тұқымының, бұрынғы өлгендерінің бәрін ендігі қазақ баласына мадақтап, бұрынғы „күпілдек мақтан“ есебінде ардақталғаны көрінеді. Бұнда да феодалдық салт-сана „мен мұндалап“ одағайлап тұрғанын тану қиын емес. Тағы бір жерде Кенесарының жайын Көкбайға Абай тапсырып жыр жаз деп айтты дейді. Бұл Көкбайдың өзі таратқан сөз. Абайдың не жазбасынан, не ауызша әңгімесінен мәлім болған жәй емес болатын. Соны зерттей келе, Абайды тану ғылымын жасаушы жұртшылық бұл жөндегі бұрын болып келген қателіктерді түзеткен еді.

Ал Ысқақов тағы да Абай үшін керексіз, зиянды сол бір сөзді қайта сүйретіп әкеліп отыр.

Қысқасын айтқанда, бұл еңбек Абайдың өмірі деп аталса, сол тақырыбын ақтай алмаған, көп-көп беттерінде теріске мегзеп кеткен көп қателікке толған еңбек. Ішінен іліп алар жайлар болса, Абайдың інісі Халиолланың жайындағы сияқты кейбір деректер. Онда да Халилоллаға Омбыда кадетский корпусқа жүргенде Шоқан ақыл айтып, көмек берген деген құр долбар, мүлде дерексіз жайлар бар. Халилолла 1848 жылы туған. Ол мұсылманша оқып, орысша кадетский корпусқа түсерліктей әзірлік білім алып, Омбыға барып жеткен шақтар 1861—1862 жылдар болады. Сонда ол тек 14—15-тегі бала. Ал Шоқан бұл жылдарда кадетский корпус маңында да, Омбыдан да аулақта жүрген.

Жалпы алғанда, [...] бір үзінді материал етіп, Құнанбай тұсының кей мәліметтерін, Абай өмірінің кейбір фактілерін және Кәкітай сияқты адамның біраз естегілерін теріп-теріп алуға болады. Сол материалдың шамасы екі-үш баспа та-

бақтан артық болар деп сену қиын. Оларды да тек өмірлік фактілер, нақтылы деректер есебінде ғана алу керек.

Ал жалпы бұл кітап осы қалпында жоғарыдағы аталған: идеялық, тарихтық, таптық тұрғыларынан қарағанда өте мол кемшіліктері, қателері бар еңбек болғандықтан баспаға ұсынуға жарамайды.

Қосымша айтатын бір жайым: мен Абай жөніндегі романдар авторы есебінде бұл қолжазбадан, сол романдарыма келерлік зәредей зарар, нұсқан көргенім жоқ. Роман „Абайға“ бұл қолжазба сөздерінің келтірер залалы жоқ. Бірақ, ақын Абайға, дәл ұлы Абайдың өз басына анық үлкен залал келтірерлік жазбаның бірі осы деймін. Абайды Құнанбайдың Абайы, тобықтының Абайы, сәл ғана либеральдағы бар феодал Абай етіп көрсетеді.

Ең соңғы бір-екі сөз қолжазбаға 1957 жылдарда жағымды баға берген екі жолдас жөнінде. Олар — Есмағамбет Ысмайылов пен Қанғали Сүйіншәлиев. Бұл жолдастардың екеуі де Ысқақовтың қолжазбасын аса үстірт аңқаулықпен және сонан да ары асқан жауапсыздықпен текке дәріптеген. Бұл жайға жеке дәлел айтудың керегі жоқ. Осы еңбектің жоғарыда аталған, бадырайып тұрған талай міндерін, терістіктерін сол жолдастардың танымағанына таң қаласың, қарның да ашады.

*Мұхтар Әуезов.  
4 октябрь 1960 жыл*

## **VIII. „АБАЙ ЖОЛЫ“ ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫНАН**

---

### **1. ТЕЗИСТЕР:**

1. О жанре романа.
  2. О творческом методе.
  3. О композиции, об образах, об идее.
  4. О поэте (о творческой психологии).
  5. Алдағы план.
- 
1. Не биография.
  2. Социально-исторические условия, определившие его деятельность и его творчество. Почему он классик?
  3. Чокан, Ибрай, Абай...
  4. Просветители-народники (80-х гг.). Ленин — три черты направления народников: народническая идеализация деревни, особый устой — самобытность русского экономического строя вообще и крестьянина с его общиной.
  5. Чокан далек от славянофилов, Абай от народников...  
На своей почве — он отрицал Шортанбая, Бухара.
  6. Михаэлис — с Чернышевским, Шелгуновым.
  7. Абай не принял панисламизма, пантюркизма. Не было пробуждения на Востоке.
  8. Восток — неподвижный у Льва Толстого. Ленин — "Л. Толстой и его эпоха" и Восток не тот. Толстой близок к народникам. Абай нет — реалист.
  9. Но был революционным демократом? Развивалась революционно-демократическая идеология, высшей степенью которой являлись последовательно материалистически-философский и боевой революционный демократизм Чернышевского — великого русского мыслителя революционера, идеолога крестьянской революции в России. Но у них были черты исторической ограниченности идеологии русской революционной демократии.

10. Противоречия Абая — нет отрицания царизма в целом.

Он не видел исторической силы, определившей пафос Горького. Есть религиозность и моменты идеализма.

11. Труд, приобщение к русской культуре. Отрицание косности Востока, разрушение устоев феодализма.

## 2. ВЫСТУПЛЕНИЕ МУХТАРА АУЭЗОВА

**на совещании в ЦК КП(б)К по вопросу о казахской литературе**

Довожу до сведения ЦК КП(б)К и до сведения писателей, моих сотоварищей по творческой деятельности, о том, что я задался целью написать серию романов, (в семи книгах (томах), воспроизводящих столетнюю историю казахского народа за последний век т. е. с середины XIX столетия — до середины XX-го столетия. Это не декларация, а реальный, уже практически, и на деле, начатый мною путь. Двумя книгами романа „Абай“, уже известными читателям, я начал эту серию. В опубликованных двух книгах представлена действительность, приблизительно сорокалетнего периода прошлого века. Дальше я намерен написать 5 романов.

Первая книга из этих пяти (или третья из серии семи томов) будет повествовать еще об Абае — о нем, как поэте-мыслителе, главе поэтической школы, воспринявшего основные эстетические нормы русских революционных демократов 60-х годов. И в той же книге, (которая, кстати, не будет названа романом „Абай“ третьей частью, а явится самостоятельной книгой о последнем периоде жизни великого поэта), будет показана трагедия одиночества Абая в эпоху безвременья.

Дальше следует четвертая книга серии (или вторая, из ненаписанного еще пятитомника) события 1916-го, 1917-го и 1921 годов. Здесь будут показаны и представлены два лагеря — националисты — алашординцы до их ликвидации, и лагерь казахской бедноты, пролетариата, установивших при помощи русского пролетариата советскую власть в Казахстане. Тот класс, показанный частично во второй книге



„Абай“ — в лице жатаков — в этой книге станет „классом для себя“.

Пятая книга серии (или третья книга будущих романов) осветит 1927, 1928-1934 годы т. е. передела сенокосных угодий, конфискации баев-полуфеодалов, годы сплошной коллективизации в Казахстане, конкретно в Семипалатинской области, иначе победа колхозного строя в деревне. Здесь же будут развенчаны идеологи байства в районе и в области, где недавно жил Абай. Все его исторические прогрессивные идеи, наследие пойдут на пользу социалистического преобразования истории советского казахского народа. А отщепенцы от идеи Абая, враги революции, тоже будут развенчаны до конца в этой книге.

Шестая книга серии (или четвертая книга будущих романов) будет посвящена 1937, 1938-1941 годам до начала Великой Отечественной войны. Здесь события романов перенесутся на весь Советский Казахстан.

А седьмая книга серии (или пятая книга будущих романов) будет посвящена годам Отечественной войны и завершению четвертой пятилетки в 1949 году.

Каждая книга этой серии будет самостоятельным романом. Но из книги в книгу будет переходить часть действующих лиц или их дети — люди новых поколений... Вкратце, намеченная мною на предстоящие годы (на ближайшие 5-6 лет) моя жизненная задача...

1948, март.

### 3. ЭКСКУРСИЯ В „ЯСНУЮ ПОЛЯНУ“

Ясная поляна 10<sup>30</sup> м. 28.V.49 г.

Хаджи Мурат на коне (портрет...)  
Утро 29-го...

**Ойлар...** Лев Николаевич пішен шауып қайтып келгенде Долгополов жолда отырса. Абай жәйі. Өйткені не жақсы ойы бар еді? көлеңке туралы — Толстой ұнатады. Шекспир көлеңке туралы айтқан, бірақ мынанікі артық десе...

#### 4. ОҚЫТУШЫ — 1932 Ж.

1. Оқытушы — 1932— жылдан фольклор, Абаеведение КазПИ-ден, КазГУ — 1942— жылдан Абаеведение, СССР халықтар әдебиеті, МГУ — 52—53-ж. кафедра народов СССР.
2. Камали хазреттен Риза хазрет оқыған. Қасымбек, Василий. Ив. Попов — учитель лит-ры архив. Шекспирді оқып шығу...
5. „Абай“ Грузиядан басқа елдің бәрінде жарияланды. Шетте: болгар, неміс, поляк, словак, румын, венгер, Луй Арагон — французша шығармақ, 25 тілге.
6. Шеттен хаттар —
9. Алда: а. пьеса „Досым“—50 жасқа келген адамның өмірі,  
б. 4 кітап Адам өмірі — 17—55 жылдар.

Абай үшін тартыс, Дәрмен.

#### 5. К БЕСЕДЕ [О РОМАНЕ „АБАЙ“] („АБАЙ“ РОМАНЫ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕГЕ)

1. Роман — две части, теперь справедливо воспринимался как одна книга.
2. Формирование личности, становление поэта — задача двух книг.
3. Роман и исследование, есть ли принципиальная разница? Нет. Познавательны. Дополняют друг друга взаимно, но по-разному.
4. Исходя из этих задач роман должен быть каким? Биографическим или романом о творческой личности.
5. Биография его не ясна — это раз. Второе, не важен его точный путь — календарный со всеми годами, деталями. Это ли делает ценным Абая для нас? Он ценен творениями. Он ценен не биографией в целом, а тем, что звучит для нас, для грядущего в его биографии.
6. Значит, всю биографию писать не надо. Значит, это не биографический роман.
7. Нужен роман о творческой личности... Два их вида — на Западе и у нас. Это жанр новый.
8. Советский роман — [это] роман о творческой личности, — в этом смысл.

9. Гоняюсь ли за нарочитым сюжетом, картиной? Нет... Не нужно искусственных приемов. Близок путям русской литературы — классической, современной.

10. О первой книге немного, — по части ее критики. Критерии. Выход к русскому читателю. На русском: „Новый мир“, № 2—48 г. „Звезда“, № 9—46 г. „Новый мир“ — за 46 г.; „Литгазета“, „Известия“, „Большевик Казахстана“, „Со[ветский] Казахстан“.

11. Абай рос медленно — нельзя перестроить жизнь его. Отбирать из его [жизни] факты только можем.

12. Русская культура, классовое сознание.

## Вторая книга

... Жизнь народа — процесс распада феодализма... и русская культура. На это нацелена вся книга... не хотел давать разменно, в первой.

13. Вторая книга — две линии (еки линия бойында да ақын көрінеді. Қияспай, Айгерім), общественное — личное, как поэтически личное...

14. Линия Кияспая Даркембая до конца книги...

15. Линия вторая тоже.

16. И они переплетаются, Оралбай, Амир, Абай — это проявление борьбы против устоев феодализма.

17. Стихи Абая. Творческая психология... Много стихов о любви. Татьяна — утверждение независимого, свободного чувства. Это был тоже акт общ[ественной] борьбы.

18. Входило в эстетику Абая, часть его программы. Личная любовь. Тогжан, Айгерим.

19. [Кияспай, Базаралы... джатаки].

20. Борьба за них, против феодалов — прогрессивно. Значит, он слил свою судьбу с будущим, с теми, кому принадлежит будущее. И так до конца романа...

21. Русские — не только Пушкин — Лермонтов, но эстетика Черн[ышевского], Добролюбова, Салтыкова-Щедрина.

22. Конец жизни — другой роман. Будет разочарование.

23. Пять романов...

## 6. К ВЫСТУПЛЕНИЮ О РОМАНЕ

1. Роман об Абае как об истор[ической] личности переходит из личности самого Абая.

2. Как оценивается сейчас (Фадеев...)? Как воспринимает наше поколение Абая?

3. Правда, это не Амангельды... И среда его — среда социальных верхов. Но он пришел к народу... Его жизненный путь, борьба и судьба его — есть путь, запечатленный в его творчестве...

4. Мы пишем роман о творческой личности, а не биографич[еский] роман... Это новый жанр.

6. Какими материалами я располагаю? Мало биографич[еских] данных... Нет письменных источников.

7. Метод моего творчества — метод социалистич[еского] реализма... Диалектическое отрицание, отец и сын — два поколения. Это смена исторических перспектив.

8. Правда, классовая борьба в феодальном обществе. Феодальный гнет среди родов. Убийство Кодара — джут... одна цель. Это изболитительная линия романа. Осуждение реакционных феодальных устоев прошлого. Отрицает это Абай.

9. Становление нового через него... Пробуждение соц[иально]го классового сознания... Поиски путей для народа. Ориентация на русскую культуру.

10. Это в первой книге дано как начало... нового, не сказанного в нац[иональной] лит[ератур]е времени...

11. Упреки... Идеализация — ошибка. Увлечение показом быта байского аула — правильно. Абай еще недостаточно показан — неправильно — он в этом возрасте только так должен быть показан. Он поэт-борец... накапливает для будущего все впечат[ления]. Отсюда роман психологичен. Здесь вопрос психологии творчества... И все, что способствует обогащению его эмоциональной природы, важно в ближайшей и дальней перспективе романа.

### Вторая книга

1. Ее главы.

2. Что учтено из критики?

3. Чем заканчивается?

4. Главная цель — духовное, интеллектуальное обогащение Абая — и через него всей культуры каз[ахского] народа — благодатно приобщение к русск[ой] культуре...

Второе — тема дружбы наших народов... Из прошлого народов это то, что живет, действует и сегодня...

Дорога память о тех, кто соединил духовное оружие народов в прошлом. Тема об Абае и прошлое и настоящее (Абовян, Хетагуров, Ахундов).

5. Тема дружбы советских народов — моя коренная тема и сейчас... „Толеген“, „Асыл нәсілдер“... Здесь же выход из замкнутой темы — казахи пишут о казахах...

## **7. К ЛЕКЦИИ ОБ „АБАЕ“ И „ПУТИ АБАЯ“**

1. Несколько слов об общих чертах, идеях и задачах романов... об авторском задании.

2. Роман исторический, но о творческой личности.

3. Как историч[еский] роман [он] отражает эпоху, повествует о народе... Освещает соц[иально]-экономич[еские] условия той эпохи с позиции нашего матер[иалистического], марксистско-ленинского понимания всякого историч[еского] процесса.

4. Но это отражение жизни народа через данного деятеля имеет свою специфику, огромное своеобразие. Это не госуд[арственный] деятель типа Петра... преобразователя и не борец типа Разина, Пугачева...

5. Истори[я] народа, эпох[а] и все передовое и реакционное в жизни народа должн[ы] быть [через] него изображен[ы] в особом плане...

6. Изображать идеи, действительность реальной жизни — через него... через его чувства, мысли и дела. А затем, главным образом, через дела — его творчество.

7. Психология творчества.

8. Знающий творчество Абая должен узнавать из романа биографич[еские], жизненные исторические события его среды, эпохи и т. д.

9. Должен в этом же ряду указать опять как на общие для всех книг черты, [так и] на особенности материала и на условия их собирания, изучения и использования мною.

10. Нет записанного...

11. Воспоминания... потускневшие... противоречия... множество вариантов... Друзья-недрузи... лицо Айгерим...

[1]. Действительный материал. Роды, люди, урочища. О детстве Абая — учился... отрывочные воспоминания, очень скудные... 13 лет... взято... от детства к отрочеству... Пуля в сердце... [рана] на всю жизнь... Бабушка — воспоминания Абая... мать... полигамная семья, их гуманизм из отрицания законов, насилия Кунанбая, тип — прототипы. Кунанбай... легенда о Кодаре... Мое раскрытие, развенчание легенды... Первые поручения Абаю, спорит внутренне...

2. Вначале он видит, слушает, чувствует, мыслит наедине... разрывает[ся] [в противоречиях], протест...

3. Личная жизнь, любовь к Тогжан... Сватовство... Дильда, воспоминан[ие]. На м[огил]е Камчат это было...

4. Вражда с жигитеками, было избиение Божея, я связал с казнью Кодара...

5. Джуты... не точно, но бывали...

6. Спор с отцом в эти годы... Здесь Абай раскрылся в основном...

7. В целом [том] I — книга формирования личности, II — становление поэта, III — путь ставшего.

8. В первой больше романтики отрочества и ранней юности, добро и зло резко ощущаются в [контрастах]. Родина, аул, быт аула — все ему представляется романтично... но постепенно раскрываются глаза... однако до критики всего он еще не дорос... Другое во II книге...

## Вторая книга романа

Главы: 1. Перед бродом — Айгерим. 2. На жайляу — Оралбай. 3. Взгорьями — жатаки. 4. По рытвинам — Амир, Кунанбай. 5. На перевале — буран — Тогжан, Михайлов, дети, учеба, жатаки. 6. На распутье — Балкибек, враги Абая — родные, бывш[ие] друзья. 7. На вершине — Татьяна — день с Пушкиным. Эпилог — песня в народ.

1. Роман в этой части — роман о становлении поэта. Это длительный процесс. Данный положительный герой взят в движении, он растет, меняется...

2. Процесс двухсторонний: [Абай] растет, меняется как личность, растет, меняется как поэт.

3. Название глав — [обобщенно] воспроизводит этот процесс движения, изменений. Образная аналогия взята географически, касательно рельефа, пейзажа...

4. Как во всей книге, так и в каждой главе опять даются жизненные, реалистические основы, жизненные истоки его творчества. Есть биографически точные и дополненные воображением.

5. Эти жизненные предпосылки распадаются на факты: 1) строго личные, интимные; 2) на семейные; 3) на общественные... 4) на народные, иначе, исторические события...

6. Часто они же даются в переплетении, как и должно быть в любом произведении, и в реалистическом романе... Пример первой главы — Кунанбай, Абай и тут же Даркембай, Кияспай — "Я в долгу..." семейные, общественные и исторические...

7. В первой же главе интимно — свои мечты, своя тоска о Тогжан переходит в семейное... Дальше переходит к встрече с Айгерим... Здесь дана индивидуальная психология поэта в моем условном понимании ее у Абая... Сон, песня... рядом песня, что услышана во сне... там пела Тогжан, а здесь поет девушка ту же песню, и была очень похожа на Тогжан... Происходит смятение. Усталость в пути... неровный сон. Здесь нет мистики... и в этом смятении воспаленной душ[и] [воспламененной души] Абай принимает решение... жениться. В этом же смятении он творит — личные, семейные, общественно-исторические [дела].

8. Много любовных песен у Абая... Здесь даны их жизненные истоки. Но „Жарк етпес“ особого значения... В моем понимании такая песня „Исповедь“ может быть сказана не вообще... а конкретно обращена к своему постоянному и одному адресату... Это, по-моему, к той, к которой на всю жизнь сбережена, и через всю жизнь про[несена] большая любовь, любовь с такой чистой правдой и жертвенност[ью]...

9. „На жайляу“ — Оралбай, песня — это не любование — это островок среди темного моря мутных вод... Это молодежь — как возможность эпохи, народа... талантлива, увлечена искусством... Абай и Биржан — тому причина, раскрываясь для песен, искусства — их души раскрылись и для любви... Но это дано в возможности, а не в проявлении ее. И они гибнут, как нетронутый цветок под холодным дуновением смерти...

Это все также истоки песен Абая... Дальше „Взгорьями“ жатаки... народ... за него... в столкновении со степными воротилами и царскими сатрапами.

10. Психологически подготовлен Абай через личные страдания людей на протест против степных волчьих зако-

нов. А тут народ... жатаки, и он несет знамя борьбы на время... О зле волостных, чиновников, баев, о страдании бедноты — опять истоки его стихов. Песни протеста социального, песни осуждения, борьбы.

11. „По рытвинам“ — об Амуре, Кунанбае... Возврат к личному конфликту с отцом против законов... за законы... обновления — здесь и семейное, и личное, и исторически обществен[ное]...

12. *Конец охоты, встреча с Тогжан — личное горе... на охоте стихи... Зерно стиха.*

13. „На перевале“ — Михайлов, дети, учеба, жатаки. — Светлое, программное... Истоки оптимистического зовущего вперед...

14. „На распутии“ — Балкибек — враги, из родных и бывш[их] друзей. Салиха — стихи, стихи о волостных.

15. „На вершине“ — Пушкин, Татьяна... Молодежь... Она была, но это не ученики... Моя ошибка, справедливая критика...

16. Эпилог — образ корабля.

### „Путь Абая“

1. Абай-ага. 2. Мечь. 3. „Черные сборы“ — Абиш. 4. „Горечь“ — Оспан — Оразбай. 5. „Схватка“ — жатаки. 6. В кольцо — наследство, губернатор...

1. Общая идея данного романа определяется идеей всей серии романов через Абая показать полувековую жизнь казахс[кого] народа, показать **через передовое** и через его борьбу со всем косным, реакционным...

2. Потому в романе этом выделены не частные стороны жизни Абая, а отобрано соц[иально]-значительное — связь с народом, борьба за народ, столкновения его с насильниками народа...

3. Тут главным образом он сталкивается со своими родными, бывшими друзьями [из] феодал[альной] среды. Отсюда его отход от своего класса.

Там, где у себя и у других исследователей М. Габдуллин скромно обнаруживает ошибки, там у меня он находит злонамеренное протаскивание буржуазно-националистической контрабанды. М. Габдуллин доходит до того, что обвиняет меня в допущении к работе над первым томом истории казахской литературы ныне разоблаченных буржуазных националистов Исмаилова и Джумалиева, в то время как в период этой работы оба занимали видное положение в Институте языка и литературы, готовившем этот том, причем сам же М. Габдуллин был директором этого института.

М. Габдуллин специально оговаривает в своем выступлении на дискуссии, что он не будет говорить об Ауэзове-писателе. А ведь именно, как писатель, драматург, творчески перерабатывая для театра мотивы эпоса, я во многом исправлял свои ошибки ученого. Есть, конечно, ошибки, которые нельзя и не надо прикрывать какими-бы то ни было большими делами. Но есть так же и дела, которые нельзя, невозможно и несправедливо перечеркивать ошибками.

Я признавался и признаюсь в своих ошибках, но могу признаться в том, в чем я повинен и в этой мере, в какой я повинен. И я не могу признаваться в приписываемых мне несправедливых обвинениях. Исходя из неодинаковой, а из пристрастной, необъективной позиции ко мне М. Габдуллин сделал выводы обо мне такие, что будто я остался на неприемлемых, осужденных мною самим, убеждениях ранних лет. Нельзя не протестовать с глубоким возмущением, против подобных попыток, огульно охаявая мою работу, насильственно привязывать меня к тому периоду моей жизни и деятельности, к тем заблуждениям, освобо-

даться от которых мне помогла наша партия и вся советская общественность. Категорически осудив свое прошлое, я искренне стремился все последующие годы, сегодня и в будущем, быть полезным советскому народу своим творческим трудом. Доказательством тому являются мои общественные труды — плоды многих лет исканий.

Основное русло моих творческих устремлений за минувшее десятилетие и на ближайшие годы определилось моими романами о столетнем периоде жизни казахского народа. Полвека дореволюционного прошлого из этой истории я связываю с именем поэта-классика Абая. Через его личность и общественные идеалы, через длительную его борьбу со старым миром, и судьбу его, я стремлюсь образно выразить глубоко ответственный процесс переосмысления истории своего народа с позиции социализма. Изображая процесс постепенного роста Абая от 13-летнего, отзывчивого и чуткого к чужому горю мальчика, до мыслителя-поэта и борца за счастливое грядущее своего народа, в союзе со всем передовым и великим в России, я пересматриваю множество сложнейших социальных явлений патриархально-феодальной идеологии, законы старого быта, религиозные исламистские установления, реакционные позиции национализма и многое другое. В этом смысле я не только пересматриваю свои прежние ошибочные позиции, но вместе с Абаем, как зорким духовным оком народа, осуждаю все косное, отсталое, реакционное в подлитических, бытовых идеологических воззрениях различных слоев казахского общества за полвека. Этому длительному полувековому периоду и посвящены два романа „Абай“ и „Путь Абая“. Каждая из этих книг состоит из двух томов. В текущем году заканчиваю вторую книгу „Путь Абая“ и тем завершаю дореволюционный цикл.

А дальше перехожу к новому циклу из четырех романов, посвященных истории казахского народа в эпоху социализма. Общность с Абаем здесь будет выражена в эпичности биографии, судеб героев. Мальчик-подросток байского стада в начале революции в первой книге становится выдающимся деятелем науки в четвертой книге. Девочка-рабыня становится известным политическим деятелем. Молодой рабочий-шахтер становится крупным инженером-строителем, академиком и т. д.

В судьбе этих героев я хочу отразить становление казахской ... нации, отразить исторический путь казахского народа, ... путь от азиатского средневековья ... совершае-

мый за полувековую или сороколетнюю жизнь людей одного поколения.

Абай — поэт и великий сын своего народа — будет незримо, но явственно ощутимо жить с этими новыми людьми его народа, к которым он обращал слова приветия из своего безвременья.

И живой связью от века Абая к нашим дням, по всем четырем книгам романов о советском периоде пройдет стареющий, но юный душой акын народа Дармен, любимый младший друг Абая, озорнейший поэт его воспитания. Унаследовав при смерти Абая его песни, он пронесет их через годы мрака до революции, до советского народа.

Таким образом, Дармен — девяностолетний старик — завершит последние страницы последнего романа о столетней жизни казахского народа, величественными песнями, утвержденными и незыблемыми счастьем братских народов Союза после победы Великой Отечественной войны.

Романы о прошлом, начатые повешением бедняка Кодара на горбе верблюда, совершенным по воле отца Абая, завершаются в первом цикле приятием поэтического наследия Абая поэтом Дарменом, племянником безвинно казненного Кодара. А второй цикл романов заканчивает песня всенародного счастья, песня, в которой Абай, как и все гении братских народов Союза, будет жить бессмертным, высокочтимым предшественником из минувшего, и весь столетний цикл будет отражать стержневую линию романов о песне-поэзии рождающейся и растущей для высоких народных идеалов.

Сейчас на переходном моменте от первого цикла по второму, работая над вторым томом „Путь Абая“, я разрабатываю образ одной из героинь будущих романов, казахской женщины, проходящей от начала революции до наших дней крупнейший исторический путь от дикости степного патриархально-феодалного быта, до партийного деятеля, ученого, разоблачающего буржуазной национализм в исторической науке в наши дни. Ее большая судьба, естественно, будет переплетаться со многими важнейшими этапными событиями в Казахстане. Как творческую разведку, пробу на эпическую биографию героев нашей революционной истории я беру пока в основном лишь ее жизнь. А в цикле романов эта героиня будет участвовать в числе других героев разных возрастов и различной социальной среды.

Таковы мои дела и замыслы, определяющие основную сущность моей творческой жизни, магистральную линию моих жизненных задач.

Те, кто не желает учитывать моих искренних намерений напряженным творческим трудом служить своему народу и стремиться сбросить со счетов все мои трудовые достижения — по моему глубокому убеждению — оказывают плохую услугу не только мне, а кое-чему большему, что должно быть неприкосновенным и превыше всех наших низменных полемических статей.

*Мухтар Ауэзов.*

*1958 г. 18 мая*

*Москва. Архив СП СССР  
Ф. Секретариат, оп. 26, ег. хр. 21, л. 67—77.*

## IX. ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР КОММЕНТАРИИ

---

---

### АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

**М**ұхтар Әуезов ғұмыр бойына қазақ ақындарының ғылыми өмірбаянын жазуға айрықша мән бере қарауы себепті, Абайдың ғылыми өмірбаянын төрт рет қайтара жазып, олардың өзін оқтын-оқтын жаңадан редакциялап, жетілдіріп отырған.

Абайдың өмірбаянының алғашқы нұсқасын 1924—1927 жылдар ішінде жазып аяқтап, ұлы ақынның қайтыс болуына отыз жыл толу қарсаңына орай 1933 жылы тұңғыш рет жариялайды. Абай мұрасын тереңдеп білуден қойған сайын ұлы ақынның өмірбаянына қатысы бар-ау деген деректерді мысқалдап жинастырып, осының негізінде өз ұғым-танымын үнемі жаңғыртып үстемелеп отырған. Мұнысы тіпті Абайдың тұңғыш, толық жинағы үстінен қайта қарап түбірлі өзгерістер ендіріп, көптеген қосымшалар мен толықтырулар бергенін дәлелдейді.

Осылайша біртіндеп толықтырып қорландыруды өнегесі ретінде күрделі еңбектенуінің бір үлгісін архив сөресінен алып (Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы, іс № 1913) „Абайдың өмірбаяны“ деген тақырыпты ұсынып отырмыз.

**Абай Кунанбаев (1845—1904) статья написана в 1954 г. в связи со 100-летием со дня рождения Абая. Архив ЛММА, папка № 218.**

Орыс тілінде жазылған Абайдың қысқаша өмірбаяны. Мақала сарынына қарағанда Абайдың жүз жылдық юбилей мерекесіне дейін жазылғаны байқалады.

Алғаш рет жарық көріп отырған бұл мақала да ЛММА архивінің № 218 папкідегі қолжазба нұсқасы негізінде берілді.

**Кунанбаев Абай (Ибраһим) статья написана в связи с 30-летием со дня смерти Абая (1934 г.). Есть пометки автора — для словаря. Архив ЛММА, папка № 239, с. 54—59.**

Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толуына орай жазылған бұл мақала (ЛММА архиві, папка № 239, 54—59-бет) кезінде орталықтан шығатын бір сөздікке байланысты даярланған сияқты. Өйткені қолжазбада „для словаря“ деген автор тарапынан қойылған белгі бар.

Абайдың өмірбаяны мен творчестволық болмысын жалпы баяндалуы себепті, бұл мақаланы „Абайдың өмірбаяны“ деген бөлімге ендіріп, М. Әуезовтің әдеби-мемориалды музейінде сақталған жазушы архивінен алынып берілді.

### **Вставка к стр. 13—14**

ЛММА архивінің № 540 — папкісінде (28—29 бет) сақталып қалған „Вставка к стр. 13-14“ деген үзік пікірі ғалымның Абай өмірбаянына орай деректерді Көктума, Қарамола, Балқыбекте өткен шербашнай съезд туралы ізденістерін байқатады.

Бұл — „Вставка к стр. 13—14“ деп аталатын шашпа пікір жазушы архивіндегі қолжазба нұсқасы негізіндегі қалпында өзгеріссіз жіберілді.

### **Абайдың өмірі**

М. Әуезов Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу жолында оны толықтырып, түзетіп отыру үшін, әр қилы салада ізденіп өз танымын қағазға түсіріп, не оқулық арқылы да насихаттап отырған. Бұл деректерден тіпті, ғалымның ой танымындағы өзгерістерді, оның өзгеру себептерін де аңғарса болады. Осы іспеттес дерек-мағлұматтың бір көзі — „Абайдың өмірі“ деген ізденісі 1933 жылғы басылым көрген „XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы“ (7-жыл үшін) деген кітаптан (79—84 беттер) алынып, сол нұсқа негізінде өзгеріссіз жіберілді.

### **Медетбайдың Қиясбайға айтқаны**

М. Әуезовтің Абай өмірбаяны мен „Абай жолы“ эпопеясын жазу үстінде Қиясбай туралы дерек-мағлұматтар іздестіріп, қолға түскендерін творчестволық тұрғыдан пайдаланып отырған.

„Медетбайдың Қиясбайға айтқан“ деп аталатын өлеңмен жазылған бұл деректі жазушыға сол тұстағы С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің сту-

денті Есенгелді Мұбаракұлы Жақыпов (қазір Қазақ ССР Ғылым Академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты) ел ішінен жазып ұсынған.

„Медетбайдың Қиясбайға айтқаны“ ЛММА архивінің № 490-папкідегі (5-бет) түпнұсқа негізінде аздаған қысқартумен беріліп отыр.

### **Тұрысбек (1882 жылы туған)**

Бұл аталып отырған қолжазбадағы (ЛММА архиві, № 398-папкі, 22—23-б.) ең басты мәнді нәрсе — Ыстамбектің баласы Әбсәмет жәйлі деректер негізінде жатыр. М. Әуезов Әбсәмет туралы деректер көзін „Абай жолы“ эпопеясының ең соңғы кітабын жазу үстінде толығырақ пайдалану мақсатымен көбірек іздестірген.

Әбсәмет жөніндегі мағлұматпен жазушы балалық шағында-ақ хабардар болғанға ұқсайды. Бірақ Әбсәмет туралы жан-жақты білу талабы, әсіресе, өзінің көп томды эпопеясын ақтау жолдарында алға қойылып, ол жайлы деректер көзін қайта іздестіргені жазушының „Тұрысбек 1882 жылы туған“ деп аталатын қолжазбасынан-ақ белгілі болып тұр.

М. Әуезов Әбсәмет туралы деректі 1933 жылы жарияланған Абайдың тұңғыш толық жинағына һашия ретінде „Әбдірахман науқастанып жатқанда“ деген өлеңіндегі:

Жарасыз біреуі  
Неліктен ұйқы ашты,—

деген өлең жолында арнайы түрде берген түсініктемесінде: „Бұл сөздер Алматы қаласында Әбдірахманның қасында соның науқасын күтіп жатқан Мағауияға арналған өлеңдер“, — деп біздерге беймәлім көп нәрсе жайынан хабар беріп отыр. Ал осы өлеңдегі „Әбсәмет жиенің“ деген өлең жолындағы Әбсәмет туралы алғаш рет дерек бере жазған түсініктемесінде: „Әбсәмет Алматының адамы. Мағауия соның үйінде жатып, күтіміне, көмегіне қатты риза боп Абайға хат жазған“ жинақ 1933, 169—170-б.), — деп Әбсәмет жайында эпопеяның соңғы кітабында суреттелген оқиғалардың түп төркіні қайдан алынғаны әйгіленіп тұр.

Абай 1894 жылы Алматыдан жазылған Мағауияның хатын алған соң өзінің өлеңмен жазылған „Я, құдай, бере гөр“, — деп басталатын өлеңінде:



Әбсәмет жиенің,  
Ол — сенің біреуің.  
Достықты достықпен  
Өтемек тілеуің,—

деп ұлы ақын туыс тартып, достық ниетпен тілге алып отырған дерекке М. Әуезовтің ерекше назар аударуының екі түрлі себебі барға ұқсайды. Мұндағы себептің бірі — жазушыға Әбсәметтің кім екендігін анықтауда жатыр. Өйткені романда ол туралы суреттегенде нақтылы болып өткен деректі оқиғаларды негізге алуды мақсат еткен. Әрі Әбсәмет Құнанбайдың інісі Жақыптың қызынан туғанын Ахмет Әуезовтен Әрхам Ысқақов естеліктерінде де айтып өтетіні бар.

Екінші жағынан Әбсәмет — Мұхтар Әуезовтің туған нағашы атасы, Әбсәметтің қызы Нұржамалға Омархан үйленеді. Мұхтар осы Нұржамалдан туған.

Мұхтар Әуезов ең алғаш Жетісуға „Қилы заман“, „Қараш-Қараш“ повестерін жазуға дерек іздеп, оқиғалар болып өткен жерлерді аралап танысу үстінде де іздестірген болса керек. Ол туралы жазушының жұбайы Валентина Әуезованың „Алғашқы жылдар“ деп аталған естелігінде („Біздің Мұхтар“, Алматы, 1976, 379-б.) тамаша айтылған. Бұл естелікте Мұхтар Әуезовтің нағашыларын іздеп барып танысуы оның Алматыға алғаш рет келген жылдарында болды деп көрсетілген.

Міне, Әбсәмет жайлы деректерді көп іздестіріп, зерттеп білудің нәтижесінде „Абай жолы“ эпопеясының соңғы кітабындағы „Қапада“ деп аталатын тарауында молынан қамтылып суреттелетін Әбсәмет және оның үйінде науқастанып жатқан Әбіш, оны күтуге келген Мағауия нақтылы тарихи деректерге негізделіп берілген шындықтар (Қараңыз: М. Мырзахметов. „Әбсәмет жиенің“. Қазақстан мұғалімі. 1979, 9 февраль, Лениншіл жас. 1981. 1 июль).

### **Соображения по поводу подготовки к 100-летию юбилею Абая Кунанбаева**

Написана совместно с А. Тажибаевым в связи с предстоящим празднованием 100-летия со дня рождения Абая. Архив ЛММА, л. 29—34.

1940 жылы Абайдың туғанына 95 жыл толу мерекесі республика бойынша кең түрде атап өтілді. Алда ұлы ақынның 100 жылдық айтулы юбилей күні де жақындап

келе жатты. Ұзақ жылдар бойы Абай шығармаларын жинау үстінде тынымсыз еңбектеніп, ол мұраны жан-жақты зерттеуде Мұхтар Әуезовтің алдында елеулі міндеттер тұрды. 1939—1940 жылдар Абай шығармаларының екі томдық толық жинағын ғылыми түсініктермен, жаңа өмірбаяндық деректермен молықтырып жариялады. Әрі Абай туралы романдар циклін жазуға кірісіп кеткен шағы болатын-ды. Енді өз тарапынан Абайдың 100 жылдық юбилейіне даярлықты күшейтумен қатар ғылыми, әдеби жұртшылық тарапынан атқарылар ғылыми-творчестволық ұйымдастырушылық жұмыстардың келешекте істелер жобасын анықтауды да өзіне азаматтық борышым деп таныды. Абайдың 100 жылдық юбилейіне алдын ала даярлану жөніндегі ойлары мен ұсыныстарын оқып, Әбділда Тәжібаевпен бірге ресми орынға тапсыру үшін даярлаған.

М. Әуезовтің әдеби-мемориалды музейінде сақталған бұл қолжазбада (№ 239-папкі, 29—34-б. автограф) ұлы ақынның жүз жылдық юбилейіне байланысты атқарылар қыруар жұмыстарды үш салаға бөле отырып, әсіресе Абайдың Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты тарапынан алғаш рет даярланып, басылуға тиісті академиялық толық жинағына ерекше көңіл бөлген. Осы жинақта жарияланар Абай шығармаларының текстологиялық жағына әрі әр жылдарда жарияланған ақын мұрасының басылымдарына, ондағы деректер көзіне үңіле отырып: „Жүз жылдық юбилейге байланысты барлық басылымдарға даярлығы мол ғылыми редакциясы ұйымдастырылуы қажет“,— деп жазуында Абай шығармаларының жинаушысы мен айтулы текстологы болған іздемпаз ғалым ойларының көптеген желісі жатыр.

Бұл төлнұсқа қолжазба да ЛММА архиві, № 239-папкінің 29—34-беттеріндегі нұсқасы негізінде өзгеріссіз сол қалпында жіберілді.

### **Қартайсаң, қайғы ойлайсың, ұйқы сергек**

М. Әуезов Абай шығармаларының ел ішінде ауызша таралу жолдарына көңіл бөлумен қатар осы ауызша айтылу түрінен тікелей баспасөз беттерінде жарияланған нұсқаларына да назар салып отырған. Осы ерекшеліктерге мән бере қараған зерттеуші, тіпті, осы іспеттес өлеңдердің кейбір үлгісін Абай шығармаларының толық жинағына ендіруге де әрекет еткен. Мысалы, 1945 жылы Абайдың

академиялық толық жинағына ел ішінде ауызша таралудан баспасөзге түскен „Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек“ өлеңін 1909 жылы Уфада Зейнелғабиден ибн-Әмре әл-Жауһари әл-Омыскәуидің „Насихат — қазақия“ рисаласынан алып ұсынған. Зейнелғабиденнің кітабында „Тобықты Ыбырай марқұмның өлеңдерінен“ деген тақырыппен Абайдың бірнеше өлеңдері жарияланған болатын. Осы өлеңдердің ішінен М. Әуезов „Қартайсаң, қайғы ойлайсың, ұйқың сергек“ деп аталатын (23 жол) өлеңі өз қолымен көшіріп алып ұсынған. Бірақ неге екені белгісіз М. Әуезов „Насихат — қазақиядағы“ Абайдың: 1) „Қартайсаң, қайғы ойлайсың, ұйқың сергек“; 2) „Бай алады кезінде көп берем деп“; 3) „Ал енді жақсы дейміз кімді қалап“, — деген тақырыптарға бөліп берген үш өлеңінің әр жерін алып, бір өлең ретінде ұсынған. Бірақ бұл өлең белгісіз бір себептерге байланысты 1945 жылғы Абайдың академиялық толық жинағына енбей қалған. Тіпті М. Әуезовтің ұлы ақынның осы арнаулы мерекелі жинағына арнайы қайта жазған Абайдың ғылыми өмірбаянының үшінші нұсқасы бас редакторы академик Н. Сауранбаев тарапынан басылсын деп рұқсат еткенімен жарияланбай қалғаны бар.

Зейнелғабиден кітабындағы „Тобықты Ыбырай марқұмның өлеңдерінен“ деген атпен жарияланған „Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек“ деген екі шумақ өлеңі „Қазақстан мұғалімі“ газетінің 1971 жылғы 12 маыдағы санында жарияланды.

### **Қазақтың көркем әдебиет баспасының бас редакторы Ж[олдас] Ғ. Ормановқа**

М. Әуезов өзінің тікелей қатынасуымен жарияланған бүкіл Абай басылымдарын текстологиялық жағынан мүмкіндігінше асыл төлнұсқа қалпында беруге үлкен жауапкершілікпен қараған. Уақыт өткен сайын жаңаша танып, тосын сырын ұққан көптеген сөздер мен кейбір өлең жолдарын түзеп, жаңартып отырудан тартынбаған. Мысалы, 1939—1940 жылғы Абайдың екі томдық толық жинағына ендірмек болған көптеген текстологиялық өзгерістер мен қосымша өмірбаяндық деректерді әлі күнге дейін Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталып қалған көлемді қолжазбадан да көруге болады (ЦНБ АН Каз ССР, дело № 594).

Дәл осы іспеттес әрекетті Қазақтың көркем әдебиет баспасында жарияланатын Абай шығармаларының қолжазбасына 1952 жылы 27 майда (ЛММА архиві, № 394-папкі, 1—3-б.) жазылған көлденең пікірінен де ұшыратамыз. Мұнда М. Әуезов өз тарапынан соңғы жылдары танып анықтаған Абайдың 14 сөзін түзеп, өзгеріс ендірген.

Бұрынғы басылымдарда Пушкиннен аударылған „Қатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін“ өлеңінің орны ауысып жүргенін анықтап, бұл өлеңді „Таңғажайып бұл қалай хат“ өлеңінен соң тұруы керектігін ескертеді. Соңғы жылдардағы Абай басылымдарының бәріңде де осы пікір ескеріліп, Пушкиннің „Қатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін“ өлеңі өзінің заңды орнына орналасып, өз қалпына келтірілді.

### **Абайдың басылымдары жайында**

Абайдың басылымдары жәйіндеағы Мұхтар Әуезовтің бұл шашпа пікірлерін қағаз бетіне түсіруге түрткі болған нәрсе — С. Нұрышевтың „Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысына (1953, № 4) жарияланған “До конца искоренить буржуазно-националистические извращения в изучении творчество Абая” деген мақаласы болатын-ды. Ол соңыра „Лениншіл жас“ газетінде де ықшамдалып қайта басылды.

Бұл мақала 50-жылдары Қазақстанда қоғамдық ой-пікірде ауажайылушылықтың өрлеп тұрған кезінде жарияланған көптеген ұрда-жық мақалалардың бірі еді. Мақаланың негізгі мақсаты абайтану саласында ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізген Мұхтар Әуезовтің:

1) Абай шығармаларын толықтыру, түпнұсқа қалпына келтіру жолындағы текстологиялық еңбегін;

2) Абайдың шығысқа қатысы жөніндегі зерттеушілік ойларын;

3) Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтаған еңбегін терістеп, айыптауға арналды. Яғни бұл мақала М. Әуезовтің абайтанудың негізін салудағы көп жылдық зерттеушілік ойларының елеулі желілерін „дәлелсіз құр қараборандатумен, дәрменсіз шалағай шабуылмен, дау емес далбаймен жойып тастауды“ көздеген, сол тұстың ең кеселді демогикалық ой-пікірдің бір көрінісі ғана болып қалды.

С. Нұрышовтың қоса айыптаушы сарындағы мақаласы жарияланған соң, М. Әуезов жазғалы отырған өз ойларының желісін нақты дәлелдермен көрсетіп, ғылыми тұрғыдан оппонентінің дәлелсіз деклоративті түрде айтылған айыптау пікірін жоққа шығару үшін алдын ала даярланып, айтылар ойларының қысқаша тұжырымын, тезис түріндегі жоспарын жасайды. Осы тезистері дәлелдерінің негізінде М. Әуезовтің абайтану саласындағы пікір таласының үлгі-өнегесі болған „Абай мұралары жайында“ деген мақаласы жазылып жарияланды.

С. Нұрышов мақаласында Абайдың жастық шағындағы өлеңдерін 84-ақ жол деп көрсетіп, оларды Абай басылымдарынан алып тастап, зерттеу нысанасынан тыс қалдыруды талап етеді. М. Әуезов осы қыңыр ойдың жеміссіз нәрсіздігін дәлелдеу мақсатында өзінің шашпа пікірлерінде (ЛММА архиві, № 493-папкі, 1—8-б.) „Абайдың басылымдары жөнінде“, „Дәлелдері“, „Справкалар“ деген атпен қағаз бетіне түсірілген өзінің нақтылы дәлелдерін ұсынады. Абайдың жастық шағындағы өлеңдері 84 жол емес, 112 жолдан тұратынын, 1909 жылғы Абай жинағындағы 5399 жолға М. Әуезов Абай шәкірттері Мағауия, Ақылбай, Кәкітай, Көкбай т. б. арқылы 1086 өлең жолын тыңнан қосқанын яғни ақын мұрасының үштен бірі сол Нұрышев айыптап отырған кәриелер арқылы байи түскенін айғақты дәлел ретінде келтірген. М. Әуезов „Жастық өлеңдер, Нұрышовтың ең өші әсіресе, үлкен дәлелді Шығыс арқылы айыптау, жалалау сарынымен келгені аңқып тұр“, — деп бұл салада да Абайдың Шығыс классиктеріне бой ұрып ақындық өнер жарыстыруын ақынның ұтысы деп көрсетеді. Әсіресе, шашпа пікірлерінің „План“ деп аталатын бөлігінде мейлінше мол әрі тегеурінді дәлелдер негізіне сүйене отырып, теріс дегенде „Құрғақ күдік ғылымды өсірмейді, ол дәнсіз гүлдей өмірі жоқ, нәсілі жоқ гүл болатынын“, — атап көрсетеді.

Әуезовтей заңғар ғалымның өзі әрбір еңбегін жазу үстінде құрғақ деклоративті пікірден қашып алдын ала нақтылы көл-көсір деректер негізінде даярлық жасап айтылар ойын осы фактыларға сүйене отырып жоспарлап, пікір желісін анықтаған. Осыдан кейін ғана мақаланы жазуға кірісетін ғалым лабораториясын таныту мақсатында М. Әуезовтің шашпа пікірі арнайы ұсынылып отыр.

## Абай сөзі дейді

Абай өлеңінің ел арасында көп таралған түрінің бірі — ауызша — жатқа айтылуында жатыр. Ауызша таралуы себепті Абай өлеңіндегі кейбір сөздер, өлең жолдары, тіпті өлең шумақтарында да әрқилы текстологиялық өзгерістер ұшырасып отырады. Мұндай өлеңдерге М. Әуезов ерте баста-ақ жіті көңіл бөліп, назар аударғанын „Абай сөзі дейді“ (ЛММА архиві, папка № 402, 309-бет.) деген қолжазбасын мысал ретінде алуға болады. Абайдағы жылы белгісіз өлеңдерінің бірі „Ойландың да толғандың“ өлеңінің ауызша нұсқасын Мұхтар Әуезов Алматы қаласының тұрғыны Бекжан төреден (адресі Өзбек көшесі, 144-үй.) әңгімелесу үстінде жазып алған. Сергек зерттеуші тіпті өмірінің соңғы жылдарына дейін ауызша таралған Абай өлеңдерінің тағдырына, ондағы текстологиялық өзгерістердің себебі мен сырына үңіліп, бұларды жинастырып отыруға ерекше мән берген.

1945 жылдан кейінгі Абай басылымдарында „Соңғы жылдарда табылған өлеңдер“ дейтін айдармен беріліп келе жатқан өлеңдер тобындағы „Ойға түстім, толғандым“ (көлемі 32 жол) өлеңі ел ішінде „Ойландым да құр қалдым“ (көлемі 10 жол) деген атпен таралып жүргені М. Әуезовті ойға қалдырған. Бұл өлеңнің ел ішінде соңғы кезге дейін ауызша таралып жүрген нұсқасындағы текстологиялық өзгерістердің табиғатына үңіліп сырын аңдайды. Әсіресе осы нұсқасындағы:

Ойландым да құр қалдым...  
Айнадайын таза емес...  
Сен жақсысың дегенге,  
Ісіпін де кеуіпін.—

деген өлең жолдарының түгелдей әртүрлі текстологиялық өзгерістерге түсіп ауытқуының себебін білуге, сырын ұғынуға ден қояды. Өйткені Абай шығармаларындағы мұндай текстологиялық құбылыстар бұрын да ұшырасатын-ды. Мысалы, ауызша айтылудан хатқа түскен „Хикаят“ („Аттың сыны“, „Қансонарда бүркітші шығады аңға“), немесе 1897 жылы Уфада жарияланған „Кінәз білән Зағифа“, 1909 жылғы „Насихат қазақиядағы“ Абай өлеңдері т. б.

М. Әуезов келешекте Абай шығармаларының түсінікті тұрақты конондық тексін жасау жолында Абай өлеңдерінің ел ішінде ауызша таралу жолына да аса

қажетті деректердің бір көзі ретінде қарайтыны байқалып тұр.

### „Онегин“

М. Әуезов Абай өлеңдерінің жазылу мерзіміне, әсіресе, әр жылдар тұсында дүниеге келген өлеңдердің негізгі ой сарындарына айрықша көңіл бөліп отырған. „Онегин“ деп аталатын 1949 жылы 16 апрельде жазылған шашпа пікірінде де (ЛММА архиві, № 541-папка, 23—24-б.) зерттеуші Абай өлеңдерінің жазылу мерзімі мен өлеңдегі ой-сарындарын анықтауға ерекше ден қойған танымын аңғартады. Осы себепті алдымен 41 шығарманы олардың жазылу мерзімдеріне қарай топтастырады. Екінші жағынан, ол өлеңдерінің негізгі тақырыптары мен ой сарындарына қарай өзінше таныған қадау-қадау пікірлері байқалып тұр. Мысалы, 1890 жылы жазылған „Көзінен басқа ойы жоқ“—надан молда, қарасөз+[бен] тақырыптас,—деп ескертуінде Абайдың өлеңдері мен қарасөздеріндегі ортақ ой желілеріне назар аударып, ондағы ой сарындарының да бір-бірімен ұштасып жату ерекшелігін іздестіреді. Кейінірек осы ойларының желісі өзінің жарияланған еңбектерінде тереңдей түсіп, таратылатын жақтары да бар. Немесе 1895 жылы жазылған „Лай суға [май бітпес қой өткенге]“,—деп 1902 жылғы „Алланың өзі де рас [сөзі де рас],—деп пікір білдіруінен де осы аталып отырған екі өлеңнің де дін тақырыбына арналып, ортақ сарындастығына назар аударып отырғаны көрініп тұр.

„2. „Келдік талай жерге енді“—түр [жағынан] шебер“ немесе „5. „Ақылбайға“—алты жол [өлең]“ [жағынан шебер],—деп ескертпе жасауында Абайдың өлең құрылысына ендірген сонылығын, жаңа түрлер табиғатын жіті саралап білуге ұмтылған әрекет байқалады. Ал 1888 жылы жазылды деп жүрген „Желсіз түнде жарық ай“ өлеңін 1898 жылға жылжытады. Бұлардың бәрі де автордың „Абай жолы“ эпопеясын 3—4 кітаптарын жазуға даярлану тұсында қарастырғаны ерекше көңіл бөлуді керек етеді.

### Поэзия

Абай туралы зерттеулерінің біріне қажет болғандықтан алдын ала даярлық жасау ниетінде жазылған шашпа пікірге ұқсайды (ЛММА архиві, № 531-папка, 7-б.). Бұл қолжазбада М. Әуезов Абай

шығармаларының жанрлық жағынан үш салаға: 1. Поэзиясы; 2. Аудармалары; 3. Қарасөздері,— деп жіктейді. Абай поэзиясының тақырыптық жағынан жеті бөлікке жіктейді де, Абайдың философиялық лирикасынан, элеуметтік, ағартушылық пікірдегі өлеңдерінен үзінділер келтіреді (барлығы 18 жол).

Абайды шаруалардың мүддесін қорғап, мұңын білдіруші ретінде танытады да, осыған орай Чернышевскийдің „Оқыған басыбайлылар” туралы сыншыл пікіріне іліктестікті білдіргендей ойға меңзейді.

### **Замечание к анализу**

Осылайша аталатын шашпа пікірінде (ЛММА архиві, № 493-папкі 1-б.). Мұхтар Әуезов абайтану саласында жазылған қолжазба еңбектердің бірін оқу үстінде туған пікірлерін 13 үзік пікір ретінде қағазға түсірген. Бірақ кімнің жазғаны, қандай еңбек екені әзірше беймәлім күйде қалып отыр.

Абайдың „Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” өлеңі туралы пікір жүргізгенде зерттеуші осы өлеңді дербес екі шығарма ретінде танып, алғаш рет соны пікір айтқан. 1977 жылы „Ғылым” баспасында жарияланған Абай шығармаларының екі томдық толық жинағында осы өлең М. Әуезов ескертпесіне сүйене отырып, дербес екі шығарма ретінде жарияланды.

12-ші ескертпесінде „Назамиден аударған әдісі Пушкинге қолданылады” деген пікірінде соны таным, жаңа ой желісі жатыр. Бұндай тың пікір бастамасы М. Әуезов тарапынан ерте кезде-ақ айтылған. Бірақ, бұл таным ғалым еңбектерінде көп таратылмай, әрі зерттеушілер жағынан ерте танылып тереңірек талданбай келеді. М. Әуезов өзінің Пушкин жөніндегі мақалаларында Шығыс классиктерінде мол орын алған нәзірәгөйлік дәстүрді Абайдың алғаш рет орыс әдебиеті классигі Пушкин шығармасын аудару үстінде қолданғаны жайлы ойларын қысқаша тұжырымдаған еді (Қараңыз: „Жетісу”. 1979. 18 октябрь).

### **Түйе қуған қатын ("Шәріпке")**

Осылай аталатын ғалым автографы 1952 жылы 25 майда баспаның бас редакторы Ғали Ормановқа жолданған көлденең пікірді жазуға алдын ала даярлық жүргізгенде айтылар ойының өзекті желісін тезис ретінде қағаз бетіне



түсірген оқшау-оқшау пікірлері сияқты. Тезис ретіндегі пікірлерінің өзі екі нұсқадан тұрады: Алғашқы нұсқасы „Түйе қуған қатын (“Шәріпке”) деп аталады (ЛММА архиві, № 532-папкі, 13-б.). Мұнда М. Әуезов тарапынан түзетілген Абай өлеңдеріндегі 14 сөз рет санымен тізіліп берілген. Ал, Абай шығармаларының қолжазба нұсқасындағы 88, 90-беттердегі үш өлеңге сұрақ белгісі қойылса, 35-бетте өлең жолы тасталғанын ескертеді. 63-беттегі мысал өлеңдерге күмәнданған белгісін қояды. М. Әуезов бұл мысал өлеңдер бөгде кісілер тарапынан аударылып, Мүрсейіт қолжазбаларында былықпады ма екен деген күмәнданған пікірін Абай туралы монографиясында да қайталайтыны бар.

Автографтың екінші нұсқасы „Түйе қуған қатынға“ (“Шәріпке”) деп аталып (ЛММА архиві, № 532-папкі, 14-б.) өзгеріс енген 14 сөз қолжазбаның қай беттерінде екені көрсетілуімен ерекшеленеді. Бұған қоса қолжазбадағы Абай өлеңдерін 9-беттен басталатын 1886 жылы жазылған өлеңдерді тақырып жағынан үш жікке бөліп көрсеткен. М. Әуезовтің басылғалы отырған Абай шығармаларының қолжазба нұсқасына жазылған шашпа пікірі ретіндегі бұл екі автографы Абай шығармаларының текстологиясын зерттеушілерге тікелей көмек етуімен бірге ұлы ақын өлеңдерінің бір жыл ішінде жазылған шығармаларының тақырып жағынан салалану жүйесін де анықтап беретін пайдалы пікір.

### **Поэтическое окружение Абая**

Русский перевод автора статьи „Поэтическое окружение Абая“, опубликованной в журнале „Эдебиет майданы“, 1934, № 11-12. Архив ЛММА, папка № 199, с. 1—23.

М. Әуезов Абай мұрасын жинастырып, толық басылманың алғашқы нұсқасын 1924 жылы құрастырып даярлаған кезінен бергі жылдар ішінде сараптаған ой-пікірлерінің желісі және де келешекте зерттелер ғылыми меже айрықтары баяндалған мақаласы алғаш рет 1934 жылы „Эдебиет майданы“ журналында „Абай ақындығының айналасы“ деген атпен жарық көрді. Автор осы мақалада айтылған көптен бері екшей келіп тұжырымдалған танымына ерекше мән бере қарауы себепті, оны орыс тіліне өзі аударып ұсынбақ ойда болған. Бірақ ол мақалада көтерілген М. Әуезовтің Абай мұрасының

Шығысқа қатысы мен Абайдың ақын шәкірттері жайлы ой-толғаныстары әдеби сында дау-дамай туғызып, сыналып жатқан соң аударманы жариялаудың сәті түспеді.

Аудармасында негізгі ойлары толық берілсе де, үзінді ретінде келтірілетін өлең үзкітерінің аудармасы берілмей, олардың орнын тастап отырған. Бұл жолғы басылымында сол түпнұсқада берілген өлең үзінділерін қазақша жазылған мақаласы негізінде бердік.

Мақаланың машинкада басылған, бірақ автор тарапынан әлі де түзетіліп жөнделмеген нұсқасы негізінде (ЛММА архиві, № 199-папкі, 1—23-б.) өзгеріссіз, қысқартусыз ұсынылды.

Москва қаласында 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің декадасы өтіп жатқан тұста М. Әуезовтің қазақ әдебиеті классигі Абай Құнанбаев жөнінде жазған хатынан үзінді сақталып қалған.

Хаттың толық тексті табылмауы себепті ЛММА архивінің № 237 папкі, 37-бетте сақталған үзінді нұсқасын сол қалпында жіберіп отырмыз.

### **Кем был Абай?**

М. Әуезовтің „Кем был Абай?“ деп аталатын атақты тезисі Абайдың жүзжылдық мерекесі қарсаңында жазылған. Өзінің ұлы ақын мұрасы жөніндегі көп жылы ой-толғанысы мен танымының буынды-буынды тұстарын тезис ретінде жүйеге түсіреді.

Бұл абайтану саласындағы М. Әуезов тезистерінің ең көлемді әрі ең көрнектісі десе болғандай. Мұнда ғалымның Абай мұрасы туралы танымының тереңдеп, мүлде жаңа ой пікірлердің қорланып сонылық танытқан сапалық дәрежесі анық танылады.

Абайтану саласындағы зерттеушілерге бұл тезис әлі де зор тірек, бағыт бағдар берерлік нысана танытады.

„Кем был Абай?“ тезисі ЛММА архивінің № 224-папкіде сақталған түпнұсқа негізінде өзгеріссіз жіберілді.

### **Абай — казахский классик**

В статье нашли отражение оценки творчества Абая, характерные для начала 30-х годов.

Архив ЛММА, папка № 239, с. 60—69.

## Абай

Начало 50-х годов, основополагающие тезисы для исследования творчества Абая, лекций, выступлений, посвященных 100-летию со дня рождения Абая Кунанбаева.

### Великий поэт-просветитель Абай Кунанбаев

Популярная статья в связи с празднованием 100-летия со дня рождения Абая.

Архив ЛММА, папка № 200, с. 83—87.

М. Әуезов Абайдың өмірі мен творчествосын қалың оқырман қауымға тезірек танытып, насихаттау жолында көпшілікке арналған ғылыми-насихаттық сипаттағы мақалаларды да жиі жазып отырған. Әрі олар қазақ, орыс тілінде қатар жазылып, одақтық, республикалық баспасөздерде жарияланып келді. Кейбірі жарық көрмей жазушы архивінде жатып қала берген.

М. Әуезовтің „Великий поэт-просветитель Абай Кунанбаев“ деген мақаласы ақынның жүз жылдық мерекесі қарсаңында жазылып, белгісіз себептермен жарық көре алмай қалған. Мақала ЛММА архивінің № 200-папкіде (83—87-б.) сақталған қолжазба нұсқасы негізінде жарияланып отыр.

### План биографического тезиса о гениальном казахском поэте — осноположнике казахской письменной литературы Абае Кунанбаеве

План изучения биографии Абая Кунанбаева составлялся в связи с 95-летием со дня рождения поэта, являясь основой для написания его научной биографии для „Собрания сочинений“ в двух томах (1936—1937 гг.) и романа об Абае Кунанбаеве под первоначальным названием „Телькара“. Архив ЛММА, папка № 391, л. 10—13.

М. Әуезов 1936 жылы Абай туралы жинап, топтастырған қолда бар мол деректерін қайтара қарап сұрыптап, ұлы ақын жайлы „Телғара“ деп аталатын романын жазу мен Абайдың екі томдық толық шығармалар жинағын жариялауға даярлана бастады. Әрі Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институты мен С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде әдебиет тарихынан сабақ бере жүріп, келешек абайтанудан оқытылатын арнайы курс пен семинар сабақтарының жүйесін де ойластырып жүрген кезең еді.

Міне, осы алдын ала даярлық негізіне сүйене отырып әрі Абайдың туғанына 95 жыл толу қарсаңында және де жүз жылдық дүбірлі юбилейді алдын ала қарсы алуға даярлық жасау мақсатымен Абай мұрасын жан-жақты қамтып, тереңдете зерттеуге бағытталған қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы — қазақтың данышпан ақыны Абай Құнанбаев туралы биографиялық тезистік жоспарын жасаған.

Кейінгі кезде осы жоспарда қамтылып, арнайы көрсетілген күрделі проблемалар мен тақырыптар М. Әуезовтің абайтанудан жазылған көп салалы еңбектеріне негіз болып, бағыт, бағдар бергенін сезінеміз.

М. Әуезовтің жазушылық, ғалымдық ізденістерінің лабораториясына үңілсек, үнемі зерттеулік мақсатты алдына қойғанда міндетті түрде тезистік жоспар жасап, көңілге түйген ой-пікірлерінің ең буынды тұстарының сығындысын жоспар-тезис ретінде қағазға түсіріп отыратын машығы болатын-ды. Мысалы, „Абай жолы“, „Намыс гвардиясы“ т. б.

„План...“ деп аталатын биографиялық тезисі де осы мақсат тұрғысында жасалып, келешек ғылыми-творчестволық зерттеулерінде еске алып, сүйеніп отырған қалпын көреміз. М. Әуезов жасаған бұл жоспар-тезис 1936—1937 жылдар аралығында жасалып, жазушы архивінде сақталып қалған. Қазіргі басылымы да ЛММА архивінің № 391-папкісіндегі (10—13-б.) қолжазба нұсқасы негізінде толық түрде жіберілді.

### **Отдел изучения творчества Абая**

М. Әуезов 1942 жылдан бастап С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде абайтанудан тұңғыш рет арнаулы курс пен семинар сабақтарын өткізіп, Абайға арналып жазылған ұлы эпопеясының алғашқы кітаптарын ұсына бастады.

Мұхтар Әуезовтің арнайы мәселе көтеруімен 1940 жылы Абай әдеби-мемориалды музейі ашылып, данышпан ақынның жүз жылдық мерекесі қарсаңында Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтында „Абай творчествосын зерттеу“ бөлімі ұйымдастырылып, оған М. Әуезов жетекшілік етті.

Бөлім құрылып, ақын мұрасын зерттеушілер тобы жасақталған соң, бөлімнің ғылыми зерттеу жоспарын жасау мәселесі алға қойылғанда, төрт түрлі салада күрделі ғылыми зерттеулердің тақырыбы анықталды. Кейіннен бөлім жоспарлаған осы тақырыптар өз жемісін берді де.

Мысалы, абайтанудың советтік дәуірдегі алғашқы қадамын жасаушылардың бірі проф. Ғабдрахман Сағди „Әлішер Науаи және Абай“ деп аталатын қолжазба еңбек берсе, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі М. С. Сильченко „Абайдың өнерпаздық өмірбаяны“ мен жазушы С. Мұқанов „Жарқын жұлдыздар“ деп аталатын монографияларын жариялады.

„Отдел изучения творчества Абая“ деп аталатын жоспардың қолжазбасы да ЛММА архивінің № 391 папкісіндегі нұсқаның негізінде жіберілді.

### **Абай Құнанбаев (1845—1904)**

Жазушының архив сөресінде сақталған „Абай Құнанбаев (1845—1904)“ деп аталатын қолжазбасы Абай өмірбаянына қысқаша тоқталғанымен негізгі ой-танымының желісінде Абайдың ақындық кітапханасы туралы мәселеге басымрақ тоқталады. Әсіресе, Абай мұрасының рухани нәр алған арналары жайында пікір білдіргенде Шығыстың рухани қазына көздеріне молырақ аялдап пікір білдіреді. Қолжазба шамасы Абайдың жүз жылдық мерей тойына орай жазылғаны байқалады.

Қолжазба алғаш рет (ЛММА архиві, № 255 папкі) басылым көріп отыр.

### **Тезисы доклада „О поэтической школе Абая“**

Доложены на совещании в Казахском педагогическом институте 8 июня 1943 г., посвященном подготовке к 100-летию со дня рождения Абая Кунанбаева.

Архив ЛММА, папка № 253, л. 1 и 1 об.

1943 жылы 8 июльде Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының дирекциясында Абайдың жүз жылдық мерекесіне даярлық мәселесі туралы кеңес шақырылып, мәжіліс өтті (Архив КазПИ, опись I-Л., связка 63, личное дело № 402).

Кеңесте Қазақ КСР Ғылым академиясына қарасты Тіл және әдебиет институты мен КазПИ-де Абай мұрасын зерттеуге арналған сессияның тақырыбы туралы Мұхтар Әуезовтің арнаулы хабарламасы тыңдалды (Қараңыз: „Мұхтар Әуезов КазПИ-де“. Жетісу, 1978, 13 октябрь).

М. Әуезовтің ұсынысы бойынша сессияда бес кісі: С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Т. Тәжібаев, М. С. Сильченко және М. Әуезовтің өзі баяндама жасауға белгіленді.

Өйткені М. Әуезовтің „...бұл сессия Абай мұрасын мейлінше байсалды түрде ғылыми тұрғыдан келешекте жүргізілер зерттеу жұмыстарының бағдарын айқындауы тиіс“, — деп арнайы түрде атап өтуінің өзі-ақ бұл мәселеге ерекше көңіл бөлгені байқалып тұр.

Мұхтар Әуезовтің өзі осы ғылыми сессияда „Абайдың әдеби мектебі“ деген тақырыпта баяндама жасауға алдын ала даярлану үстінде айтылатын ой-пікірлері мен танымының желісін тезис түрінде қағазға түсіріп, тұжырымдаған (ЛММА архиві, № 253-папкі, 1-б.).

Өтілуге тиісті баяндаманың тексі „Абайдың ақындық мектебі туралы“ деген атпен 1944 жылы 24 ноябрьде жазылған болатын-ды.

Мұхтар Әуезов творчествосында соңғы жылдары мейлінше кең сөз болатын Абай ақындығының айналасы, Абай тұсындағы ақындар, Абайдың әдеби ортасы, Абайдың ақын шәкірттері, Абайдың ақындық дәстүрі деп салаланып жіктелетін ойларының желі тартар негіздері осы атақты тезисінде толық қамтылған.

Бұл аталып отырған тезис те, ЛММА архивінде сақталған қолжазба нұсқасы негізінде жіберіліп отыр.

### **Көкбай Жанатайұлы (1861—1927)**

Бұл тақырып, шамасы Мұхтар Әуезовтің абайтанудан оқыған арнайы курсына тыңдаушыларына Көкбай жайында берілген қысқаша жоспар-хабарлама ретінде айтылған ойының қағазға түсірілген нұсқасына ұқсайды. Өйткені ғалымның: „Әзірше айтарымыз Абай енді өз маңына жиналған жас ақын өнерпаздарға анық ұстаздық, басшылық ете бастап еді“, — деп ескертетіні бар.

„Көкбай Жанатайұлы (1861—1927)“ деп аталатын бұл тақырып ЛММА архивінің № 194 папкісіндегі төл нұсқасы негізінде өзгеріссіз беріліп отыр.

### **Литература XIX века**

Бұл қолжазба (ЛММА архиві, № 244-папкі, 5—11 бет) 1934—1940 жылдар аралығында М. Әуезовтің абайтану саласындағы ой-танымының эволюциялық даму процесін аңғартады. Өйткені 1934 жылы „Әдебиет майданы“ журналының 12 саны тұтастай Абайдың өмірі мен творчествосы жайында жазылған мақалалар мен зерттеулер жарияланған да олардың бағыт бағдары, тақырыбы, Абай

мұрасын бағалау мен әлеуметтік тұрғысынан айқындау төңірегінде әртүрлі таным бой көрсетіп жатты.

М. Әуезов осында жарияланған „Абай ақындығының айналасы“ деген аса күрделі әрі келешек зерттеушілерге ой саларлық желісі тартылған проблемалы зерттеу мақаласында Абайды феодалдық-рулық аристократияның либералдық тобының өкілі ретінде қарастыратын танымы да болатын-ды. Ал орыс тілінде жазылған „Литература XIX века“ (ЛММА архиві, № 244-папкі, 5—11 бет) деп аталатын бұл қолжазба да Абайды осы таным тұрғысынан қарап бағалаудың ізі жатыр. Әрине, бұл танымды бір кезде еліміздің әдебиеті мен тарихында орын алған тұрпайы социологиялық танымның сілемі жатуымен бірге зерттеуші басынан өткен Абай мұрасын танудағы ой-танымының эволюциялық даму жолында сол кезеңнің еріксіз таңған келеңсіз жағдайын да қоса аңғартатыны бар.

Бұл қолжазбада да автор Абайдың ақындық мектебінің ақын өмір кешкен әлеуметтік ортада бірге жасаған өкілдері Көкбай, Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия туралы тоқталып, Абай ақындығының айналасы жөніндегі пікірін білдірген. Мақала жазушы архивінде сақталған (ЛММА архиві, папкі № 241, 5—11 бет) қолжазба нұсқаның негізінде сол қалпында өзгеріссіз жіберілді.

## ВЫСТУПЛЕНИЯ

1951 жылы жаз айында Қазақстан Жазушылар Одағы мен Қазақ ССР Ғылым Академиясы бірігіп Абай мұрасы жөнінде өткізген пікір таласында Мұхтар Әуезов „Абай мұрасының зерттелу жолындағы жетістіктеріміз бен кемшіліктеріміз“ деген тақырыпта баяндама жасап, өз танымын, көтеріп жүрген проблемалары жайындағы пікірін ортаға салады. Дискуссияда бұдан өзге баяндамалар да тыңдалып, қызу пікір таласының өріс алуына орай Мұхтар Әуезов, әсіресе, Абайдың ақын шәкірттері немесе кең тұрғыдан алғанда Абайдың ақындық дәстүрі, оның ұлы ақыннан соң жалғастық табуы жөнінде екінші рет пікір таласына араласады (ЛММА архиві, № 190 папкі 57—59 бет).

Абайдың ақындық мектебі жайындағы танымды Көкбай Жанатайұлының шығармасына бола („Сабалақ“ дастаны) Кенесары Қасымов бастаған қозғалыспен байланыстыра қарастырудың біржақты ұшқары таным екенін

дәлелдеп, өткір сын айтады. Өйткені шәкірт ақындардан Мағауия „Шамиль“, „Көкбай“, „Сабалақ“ дастанына бола, үлкен де айтулы ақындық дәстүрін қалыптастырған ұлы ақынның жаңа бағыттағы ақындық өнердегі жасампаз дәстүрін жалаң терістеу болатынын әрі бұл пікірдің шын мәніндегі ғылыми танымға қайшы келетінін қатты ескертті.

Бұл жолғы дискуссияда екінші рет сөйлеген М. Әуезов сөзі ЛММА архиві, № 190-папкі, 57—59 бетте сақталған стенограммалық текс негізінде берілді.

### Традиции русской литературы

Бұл тезис М. Әуезовтің, әсіресе, 1951 жылы Қазақстанның қоғамдық пікірінде ауа жайылудың өрістеген шағында жазықсыз жапа шегіп іштей қиналудан туған жан күйін толық ашатын ішкі сыры десе болғандай. Өйткені М. Әуезов творчествосы жөнінде қазақ әдебиеті оқулықтарында Одақтағы атақты орыс қаламгерлерінің берген бағасы, пікірі ілтифатқа алынбай, көбінесе, үндемеу, тіс жармау тәсіліне түсуі, немесе әшкереленген кісілер қатарында бағалап, пікір білдіруі күйіндірген.

Бұлар М. Әуезовті дәл осы тұста айыптап, сілкілеп алуға ілікті Абайдың ақындық мектебі жөнінде айтылған пікірінен іздестірді. Осы тұста өткізілген абайтану саласындағы пікір таласын кейбір күдікті деген кісілердің ішкі сырын сыртқа шығарудың тәсілі ретінде пайдаланып қалуға тырысты. Осыны көріп біліп, сезінген М. Әуезов төніп келе жатқан қатерлі қауіптің төркіні қайда жатқанын ескерте келіп: „Муканов готовит расправу, хочет навести критику на уничтожение“, — деп жазуында белгілі себеп те бар болатынды. Әсіресе С. Мұқановтың сол жылғы „Әдебиет және искусство“ журналының 7-санында жарияланған „Абайдың ақын шәкірттері туралы“ деген мақаласындағы сын осы себептің басты сарынын анық байқатқан да болатын.

Осы тұстағы Қазақстанның қоғамдық ойындағы асыра сілтеу мен ауа жайылудың салдары тіпті ақыры келіп М. Әуезовтің туған республикасынан тайдыруға шейін алып келгендігі баспасөз бетінде аталып көрсетілді де.

„Традиции русской литературы“ деген тақырыппен беріліп отырған тезиске келесі беттегі „Теоретический уровень писателей“ деген тезис соның жалғасы ретінде беріліп отыр.



Мұхтар Әуезовтің он төрт пункттен тұратын танымдық мән-мағынасы терең тезисін де ЛММА архиві, № 390 папкі, 4—9 беттегі төл нұсқа негізінде жіберілді.

Ғалым Абай туралы монографиялық еңбегін аяқтасымен-ақ машинкаға бастырып, қалың том етіп түптеттірген де болатын. Бірақ бұл қолжазба осы қалпында баспаға ұсынылмайтынын білген соң, оның кей тарауларын жыртып алып, қайта жазып редакциялап, көп жерлерін қысқартып сол тұстың талабына сай қысқартып отырған. Бұлай етудің белгілі себептері де бартұғын. Өйткені осы кезеңде абайтану саласында Абайдың Шығысқа қатысы мен ақын шәкірттері жөнінде туындаған дау-дамайдың кең өріс алуына қарай қолжазбадағы Абай мектебінің ақындары туралы бөлімге көп өзгерістер ендіріп, әрі өзі жазған еңбектерін жорта сынай отыруға да мәжбүр болған.

Міне, осы мақсат тұрғысынан сол тұстағы әдеби атмосфераны ескере отырып, „23-бетке қосымша“ (ЛММА архиві, № 194-папкі, 66-б) деген пікірін ендіргенге ұқсайды. Бұл қосымша әсіресе осы жағдайды пайдаланып, желбуаз демогогикалық айқай сүреңнің отына май құюшылар Мұхтар Әуезовтің абайтану саласындағы еңбегін екі жақты сынға алып, сарапқа салып жатты. Бірінші жағынан, зерттеушінің Абай мұрасының Шығысқа қатысы туралы ой-пікірлерін нысанаға алса, екінші жағынан, Абайдың ақын шәкірттері немесе Абай мектебі жайлы танымын дәлелсіз жалаң түрде ғылыми негізсіз терістеп жатуы — сол кезеңдегі әдеби атмосфераның ауа жайылуға бой алдыруынан туған құбылыс еді.

„23-бетке қосымша“ деп аталатын ғалымның шашпа пікірі жазушы архивінде сақталған қолжазба нұсқасы негізінде өзгеріссіз ендіріліп отыр.

### Қазақ әдебиетінің тарихы

Бұл қолжазбадағы тақырыптар: „Абай Құнанбаев (1845—1904)“, „Абайдың шәкірттері“, „Ақылбай (1861—1904)“, Мағауия (1870—1904)“, „Көкбай Жанатайұлы (1861—1927)“ деген атпен жіктелгенін көреміз. Бұл о баста Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында даярланған „Қазақ әдебиетінің тарихы“ XVIII—XIX ғасыр әдебиетін қамтитынын екінші томға жазылатын монографиялық еңбегінің тезис жоспа-

ры ретінде ұсынылған болатын (ЛММА архиві, № 212 папкі, 12—17-б.).

Автор осы тезис жоспары негізінде көлемді ғылыми монографиялық еңбегінің алғашқы нұсқасы жазылып бітсе де, оны сол қалпында ұсына алмаған. Бұған себеп: 1951 жылы абайтану саласында өткізілген пікір таласынан кейін жалпы әдебиет пен тарих саласындағы ауа жайылушылықтың өріс алуына орай автор даярлаған қолжазбасына елеулі өзгерістер енгізген. Бірақ автор о баста мақсат еткен тақырыбына орай жазғандарын толық-тұтас күйінде бермей, елеулі өзгерістер, қысқартулар жасап барып жөндегені байқалады.

„Абай шәкірттері“ деген тақырып та молынан жазылса да екінші томға толық түрінде енбей қалған. Бір жақсысы бұлар толық күйінде болмаса да негізгілері жазушы архивінде сақталып қалған (ЛММА архиві, № 194-папкі, 35—66-б.) қолжазба нұсқасы негізінде толық түрде беріліп отыр.

### **Абай мектебінің ақындары**

Абай туралы Мұхтар Әуезов жазған ғылыми монографиялық еңбектің сегізінші бөлімі тұтастай Абай мектебінің елеулі салмағы бар, творчестволық ерекшелігімен көз тартатын ақындарына арналғанын көреміз. Бірақ бұл бөлім материалдары тұтас сақталмаған... Түптелген қолжазбадан жыртылып алынған жерлері жоғалған, бірлі-жарымды беттері аралас-құралас түрінде жетіп отыр.

„VIII. Абай мектебінің ақындары“ (ЛММА архиві, № 194-папкі, 318—319-б.) деген тақырыптағы көлемі екі-ақ бет қолжазба Абайдың ақын шәкірттері творчествосы мен өмірін талдауға арналған тарауға шолу ретінде жазылған кіріспе сөзге ұқсайды. Бірақ кіріспе сөз де түтел сақталмай соңғы жағы жоғалған қалпында жетіп отыр. Өйткені ең соңғы сөйлемі: „Абайдың көзі тірісінде оның айналасына жиналған талап...“ деген жерде үзіліп қалуы да аңғартып тұр. Шолу ретінде берілген бұл кіріспе сөзді қаншалықты іздестірсек те жазушы архивінен табылмады. Қолда бар қолжазба нұсқасы бойынша берілді.

### **Көкбайдың ақындығы**

„Көкбайдың ақындығы“ деген бөлімше М. Әуезовтің Абай туралы монографиясының түптелген қолжазбасы

арқылы жетіп отыр. Мұның өзі де түптелген қолжазбадан жыртылып алынған қалпында жүр. „Көкбайдың ақындығы“ деп аталатын бұл қолжазба Көкбай Жанатайұлының (1861—1927) өмірі мен творчествосына қысқаша түрде тұжыра баяндалса да, Көкбай ақын туралы ең алғаш жазылған толық дерек десе болғандай. Бұл М. Әуезовтің 1934 жылғы „Абай ақындығының айналасы“ деген мақаласында Абайдың тікелей маңындағы төрт ақын шәкіртінің бірі Көкбайға арналғандықтан, ЛММА архивінің № 194-папкі, 149-беттегі қолжазба нұсқаның негізінде берілді.

### **Стихи Кокбая (в самом конце сценария)**

Абайдың жүз жылдық юбилейлік мерекесін өткізу қарсаңында Мұхтар Әуезов ұлы ақын өмірінің соңғы он жылдық кезеңін әсіресе оның ақындар ағасына айналып, ақындық дәстүрін қалыптастырған тұсындағы Абай ақындығының айналасына орай пьеса, либретто, киносценарии жазуға кіріседі.

„Абай“ деп аталатын киносценарийін жазып, артынша онысын өзі орыс тіліне аудару үстінде осы кинодраманың соңында берілуге тиісті Көкбай ақын өлеңін („Сабалақ“ дастанынан үзінді) орысшаға аударып, сценарийінің соңынан бермек болған.

„Абай“ кинодрамасының қазақша нұсқасы тұңғыш рет жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының он бірінші томында (Алматы, 1982, 329—396 бет; түсінігі 420—422 бет) жарық көрді. Ал „Абай“ кинодрамасының қолжазбасы ЛММА архивінің № 145 папкісінде „Абай-литературный сценарий“, (көлемі 91 бет) деген атпен сақталуда.

„Стихи Кокбая“ деген аударма өлең ЛММА архивінің № 532 папкі, 7-бетіндегі түпнұсқа негізінде өзгеріссіз өз қалпында жіберіліп отыр.

### **Из выступления на общегородском собрании интеллигенции 27 апреля 1951 г.**

Архив ЛММА, папка № 190, л. 71—80.

1951 жылы Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ ССР Ғылым академиясы бірігіп Абай мұрасы жөнінде өткізген пікір таласында Мұхтар Әуезов „Абай мұрасының зерттелу жолындағы жетістіктеріміз бен кемшіліктеріміз“

деген тақырыпта баяндама жасап, өз танымын, көтеріп жүрген проблемалары жайындағы пікірін ортаға салады. Дискуссияда бұдан өзге баяндамалар да тыңдалып, қызу пікір таласының өріс алуына орай Мұхтар Әуезов, әсіресе, Абайдың ақын шәкірттері, немесе кең тұрғыдан алғанда Абайдың ақындық дәстүрі, оның ұлы ақыннан соң жалғастық табуы жөнінде екінші рет пікір таласына араласады (ЛММА архиві, № 190-папкі, 57—59-б.).

Абайдың ақындық мектебі жайындағы танымды Көкбай Жанатайұлының шығармасына бола ("Сабалақ" дастаны) Кенесары Қасымов бастаған қозғалыспен байланыстыра қарастырудың біржақты ұшқары таным екенін дәлелдеп, өткір сын айтады. Өйткені шәкірт ақындардан Мағауия „Шамиль“, Көкбай „Сабалақ“ дастанына бола, үлкен де айтулы ақындық дәстүрін қалыптастырған ұлы ақынның жаңа бағыттағы ақындық өнердегі жасампаз дәстүрін жалаң терістеу болатынын әрі бұл пікірдің шын мәніндегі ғылыми танымға қайшы келетінін қатты ескертеді.

Бұл жолғы дискуссияда екінші рет сөйлеген М. Әуезов сөзі ЛММА архиві, № 190-папкі, 57—59-бетте сақталған стенограммалық текс негізінде берілді.

### **Достижения и недостатки в изучении наследия Абая**

Доклад на дискуссии по литературному наследию Абая Кунанбаева, организованной Союзом писателей Казахской ССР и Президиумом АН КазССР в 1951 г. Архив ЛММА, папка № 199, л. 135—173.

Өз баяндамасында М. Әуезов ұлы ақын мұрасын зерттеу саласындағы сегіз түрлі өзекті де буынды мәселеге жеке дара тоқталып, ол жөніндегі танымын, не істеу керектігі жайындағы ой-пікірлерін ортаға тастайды.

Абайтану жөніндегі пікір таласында өте өткір қойылып, қызу талас тудырған әрі субъективті пікірдің өріс алуына жол ашқан нәрсе, негізінен, Абайдың ақын шәкірттеріне байланысты туындады. М. Әуезов баяндамасында және осы пікір жарысында екінші рет жарыс сөзге шығып, пікір сайысына түсуінде (ЛММА архиві, № 190-папкі, 57—59-б.) осы күрделі де қиын мейлінше аз зерттелген мәселеге көбірек тоқталып, Абайдың ақын шәкірттері, Абайдың ақындық мектебі, Абай тұсындағы ақындар, Абайдың әдеби ортасы, Абайдың ақындық дәстүрі деп сан саққа жүгіртіп таласқа түсіріп жүрген мәселенің бәрі де

негізінен, Абайдың ақындық дәстүріне келіп тірелетінін тиянақтайды. Мұның өзі Абай тұсындағы әрі Абайдан соңғы және де әсіресе қазақ совет әдебиетіндегі Абайдың ақындық дәстүрінің жалғастық табуы мен үдере дамуы туралы аса күрделі мәселенің тұтас қойылуы себепті, қазір де тіпті келешек зерттеу жұмыстарында да алға қойылмай тұрмайтын міндетке айналарын көрсетеді.

„Достижение и недостатки в изучении наследства Абая“ деп аталатын баяндама тексінің көптеген нұсқалары (ЛММА архиві) № 220, 452, 453-папкілер” жазушы архивінде сақтаулы жатыр.

Бұл жолғы нұсқасы 1951 жылы абайтанудағы пікір таласында жасаған баяндамасының қолжазба түпнұсқасы негізінде (ЛММА архиві, № 199-папкі, 135—173-б.) өзгеріссіз толық түрінде жіберілді.

### **Замечания к статье в газете „Казахстанская правда“ „По поводу романа М. Ауэзова “Абай””**

Замечания М. Ауэзова к редакционной статье „По поводу романа М. Ауэзова “Абай””, опубликованной в газете „Казахстанская правда“ 2 июня 1953 г. Архив ЛММА, папка № 462, л. 9—18.

1953 жылы 2 июльде „Казахстанская правда“ газетінде „По поводу романа М. Ауэзова “Абай” деген атпен редакциялық мақала жарияланып, жазушының „Абай“ романы негізсіз сыналды. Сынның негізгі сарыны: а. роман ескілікті дәріптейді; б. жазушы Абайдың ақындық мектебі туралы қате танымын суреттеп насихаттайды дегенге тірелді.

Міне, республиканың аға газеті — „Казахстанская правданың“ дерексіз, негізсіз желбуаз сынға сүйеніп, әділетсіз пікір айтуына қарсы 1953 жылы 5 июль күні „Замечания к статье газеты “Казахстанская правда” от 2 июля 1953 г. под заголовком: „По поводу романа М. Ауэзова “Абай” деген мақаласын жазады. Бірақ әділетті үн көтерген жазушының мақаласы дәл осы тұста жарық көруінің мүмкіндігі жоқ еді. Ол мақаланы алса да „Казахстанская правда“ газеті баса алмады.

Архив сөресінде жатып қалған бұл мақала (ЛММА архиві, № 462 папкі, 9—18-б.) машинкаға басылып, жазушы қол қойған нұсқасының негізінде түтелдей жіберіліп отыр.

## Мои объяснения к статье Нурушева

Филология ғылымдарының кандидаты Сәбит Нұрышевтің 1953 жылы № 4 „Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысында“ М. Әуезовтің текстологиялық ізденістері мен Абай мұрасының Шығысқа қатысы және де ақын өлеңдерінің жазылу мерзімі, жастық шақтағы өлеңдері туралы ұзақ жылғы еңбегін жоққа шығаруға, қаралап айып тағуға құрылған „До конца искоренить буржуазно-националистические извращения в изучении творчества Абая“ деген аты шулы желбуаз мақаласы жарияланды.

Қараборандатып шабуылға шыққан осы жалалы мақалаға қарсы М. Әуезов „Лениншіл жас“ газетінде мақала жариялап әрі өзін жаладан арашалау мақсатымен „Мои объяснения к статье Нурушева“ деп аталатын түсініктемесін қоса даярлаған. Орынсыз жаланы жазушы өзіне тән білгірлікпен шебер әшкерелеген болатын. Бір қызығы Мұхтар Әуезов қайтыс болып кеткен соң Украина мен қазақ әдебиетінің байланысымен қызығып деректер жинастырған украиндық қарапайым қатардағы агроном Григорьи Лукьянович Шербах осы желбуаз жалалы сынға қайта оралып өзінің адал пікірін білдіреді. XX ғасырдың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовке жағылған орынсыз жаланың орын алуын кекей отырып, былай деп жазған еді: „Вестник Академии наук Казахской ССР“ за 1953 год напечатана на стр. 1—13 и прислана в библиотеку АН УССР статью некоего кандидата филологических наук С. Н. Нурушева „До конца искоренить...“ где „напечатано“. Была осуждена... концепция М. Ауэзова... Клевета на Абая...“ Что на ниве абаеведения после 1953 года совершил канд. фил. наук С. Н. Нурушев? Чем обогатил он советскую науку? (письмо 1977 г. 5 октября).

Бұл түсініктеме де (ЛММА архиві, № 510-папкі, 79—83 б) қолжазба нұсқасы бойынша жіберілді.

## Абайтану (лекция)

Мұхтар Әуезов Қазақстанның жоғары оқу орындарында 1942 жылдан бастап абайтанудың арнаулы курсы жүргізіп келді. Абай мұрасын ұзақ жылдар бойы зерттеп, жинастырған деректері мен ой толғаныстарын жыл өткен сайын қорландырып, тыңдаушыларының санасына құйып отырды. Лектор жыл өткен сайын ізденіп, ой дәрежесінің

биіктеуімен бірге тыңдаушыларын да таным жағынан өсіріп отырды.

Алдынан жиырма буын жас түлектерді өткізіп, оларға осы жылдар ішінде абайтанудан оқыған дәрістерінен-ақ лектордың эволюциялық ой танымының өсу дәрежесін аңғарғандаймыз. Өзі оқыған дәрістің сапалық, мазмұндық жағын оқтын-оқтын шәкірттерінің конспектісі арқылы тексеріп отыратын машығы да болған. Мысалы, 1945—1946 оқу жылында КазГУ-дің 3-курс студенті Рәзия Рүстембекованың (қазір жазушы, филология ғылымдарының кандидаты) абайтанудан жазған конспектісін тексеріп, оқып белгілер қойған қолтаңбасы жазушы музейінде сақталуда (ЛММА архиві, № 331-папкі, 1—72-б.).

Бұл арқылы екі түрлі мақсат көздегені байқалады: а. Дәріс үстінде айтылған ой желісін шәкірттер қай дәрежеде қабылдап түсіне алғанын аңдау; б. Р. Рүстембекованың айтуынша, М. Әуезов: „Адам сөйлеп тұрғанда кейбір қағазға түспейтін ойлар, сөздер келіп отырады“,— деп сабақ үстінде айтылған ойлары мен сөздерін қадағалап қарауды машығына айналдырған.

„Абайтанудан (лекция)“— М. Әуезовтің 1945—1946 оқу жылында КазГУ-де оқыған лекциясының конспектісі. Ең алғаш 1942 жылы абайтанудан жүргізген дәрісінің конспектісі әзірше қолға түспеуі себепті Абайдың жүз жылдығы мен әрі 1945—1946 жылдары оқылған лекциясының мазмұн дәрежесін, қамтылған деректерінің көлемін байқау мақсатында беріп отырмыз.

### Заманы — Горький — Абай өлеңдері

М. Әуезов лекцияны көбінесе тезистік жоспар арқылы өткізуге машықтанған болатын. Мұның өзі ғалым-педагогтың ғұмыр бойы ізденіп, жыл өткен сайын тың дерек, соны ойларға толысып қорлануы себепті айтар пікрінің желісін ойында пісіріп жетілдіруінде жатса керек.

„Заманы — Горький — Абай өлеңдері...“ деген тақырыппен берілген түпнұсқа қолжазбада абайтанудан алғаш рет жүргізе бастаған кіріспе лекциясының тезистік жоспары екендігі сезіліп тұр.

Ғалым Абай өмір кешкен ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы саяси-әлеуметтік мәселелерді толық қамтып, Абай шығармаларындағы басты ой сарынның туу, пайда болу себептерін тыңдаушыларына кең тұрғыдан таныстыра

отырып, 1868 жылғы „Жаңа низам“ ережесінен соңғы қазақ даласының әкімшілік-территориялық бөлінісі мен соның нәтижесі тудырған билік атауларына, осы билік атауына ие болған атқамінерлердің Абай өлеңдерінде суреттелген образдарына ерекше көңіл бөлген. Тезисте ғалымның он үш мәселе төңірегінде ой жүгіртіп, қазақ халқының өміріне байланысты туындаған соны саяси-әлеуметтік мәселелерге терең де білгірлікпен талдаулар бергені көрініп тұр.

„Заманы — Горький — Абайдың өлеңдері...“ деп аталатын абайтанудан алғаш рет оқылған кіріспе дәріс түпнұсқа қолжазбаның негізінде (ЛММА архиві, № 496-папкі) толық күйінде ешқандай өзгеріссіз қаз қалпында жіберілді.

## ДЕРЕКТЕР

„Деректер де“ — абайтанудан оқылатын дәрістің кіріспе сабағына арналған тезистік жоспар. „Заманы Горький Абай өлеңдері“ деп аталған тезистік жоспармен желісі бір болып келсе де, көлемі мен қамтыр мәселесінің шеңбері мол пішіліп жасалған. Тоғыз бөліктен тұратын бұл тезис лекцияның сөз етер мәселелері күрделі таным мен тарихи оқиғалар желісіне құралған. Әсіресе лектордың өзіне тән танымдары бесінші, жетінші бөлімдерде айқын сезіледі.

Кіріспе сабақтан соң өтілуге тиісті тақырып „Абайтану тарихы“ деп аталады. Бұл екінші сабақтың желісі екендігінен хабар беріп тұр. Мұндағы „І. Кәкітай, Мурсейіт — көбі жарияланбаған“, — деп көрсету арқылы М. Әуезов 1909 жылы Санкт-Петербургта жарияланған тұңғыш жинақтың басылу тарихы мен оған кірмей қалған Абай шығармалары, оның себептерін сөз етпек болған. Өйткені ол жинаққа Абайдың небәрі 5399 өлең жолы ғана енген болатын-ды. Оған Мурсейіт қолжазбасындағы Абайдың көптеген шығармалары еңбей қалған еді. Бірақ Абайдың ақын шәкірттерінің көмегімен тіпті Мурсейіт қолжазбасында жоқ 45 өлеңнің ену тарихын еске алады.

„Деректердің“ өзі-ақ абайтанудан оқылатын кіріспе дәрістің қаншалықты дәрежеде көлемі ұлғайып, көтерер мәселелердің күрделене түскенін аңғартып тұр. Бұл тақырып та ЛММА архиві, № 418-папкі, 11-беттегі түпнұсқаның негізінде толық қалпында жіберілді.



## Вводные лекции по спецкурсу „Абай“

Абайтанудан 1946 жылы 8 желтоқсан күні оқылған кіріспе сабақ ретіндегі лекция алдыңғы жылдарда оқылып келген лекциядан желі тартса да, соны деректер мен тың ойларды қамтуымен бірге тың дерек — мағлұматтарды пайдалану жағы басым жатыр. Лекция тезистік көлемнен әде қайда көлемді, қамту ауқымы кең.

Мұнда Абай заманындағы классикалық орыс әдебиеті мен олардың Абай творчествосына әсері жайлы мәселеге көбірек тоқталған. Осы жылдары Пушкин, Шевченко, Достоевскийлердің қазақ өміріне жіті көңіл бөлгені жайлы деректерге тоқталады. Пушкиннің „Ескерткіш“ өлеңіндегі Тунгус и друг степей калмықтың” бұрынғы қолжазба нұсқасында „...черкес, киргизец и калмык“ боп жазылғанын мысалға келтіріп талдаған.

Қазақ ағартушылары Шоқан мен Алтынсаринге арнайы тоқталып, олардың орыс әдебиетіндегі демократиялық қанатымен байланысы, творчествосындағы заман лебі тудырған жаңа сарынды молырақ сөз етеді.

Абай жасаған дәуірдің алдындағы қазақ ағартушылары мен олар байланысқан демократиялық Россия өкілдерінің әсері, революцияшыл көзқарастағы орыстың алдыңғы қатарлы жер аударылған зиялыларының Абайға еткен ізгі ықпалын желілеп танытқан.

„Вводный лекции по спецкурсу“ тақырыбы да ЛММА архивінің № 249 папкі, 38—41 беттегі түпнұсқа негізінде өзгеріссіз қалпында жіберілді.

Осымен бірге Р. Рүстембекованың осы лекцияның жазылу тарихын әңгімелейтін қысқаша естелігін де бере кетуді жөн көрдік (Құрастырушы М. М.)

„Мұхтар Әуезов бізге ауыз әдебиеті, Орта Азия әдебиеті, абайтанудан лекция оқыды. Ол кісінің лекциясы өте әсерлі болатын. Түйдек-түйдек, үстемелеп келетін бейнелі сөз өрнектері терең мазмұнмен ұштасқанда ерекше тартымды еді. Бірақ жазуға қиын еді. Сондықтан да болар, студенттердің көпшілігі жазбай, тек тыңдап отыратын. Ол кезде оқу құралы жоқ, шығып жатқан ғылыми еңбектер де жоқ. Сол себепті мен, өз басым, жазып отыруға тырысатын едім. Абайтану лекциясын бізде, үшінші курста 1945—46 оқу жылында жүрді. Бір күні үзіліс кезінде Мұқаң мені шақырып алып: „Менің лекцияларымды жазып жүргенің дұрыс, кейін дәптеріңді мен алармын. Адам сөйлеп отырғанда кейбір қағазға түспейтін ойлар, сөздер келіп отырады“ — деді. Шындығында, ол кісінің аузынан

шыққан сөзді түгел жазып қағазға түсіру мүмкін емес еді. Абай туралы айтып отырып оның өнеге алған мектебін шығыс, батыс, орыс әдебиетінің классиктері хақында оймен шарлап көсіліп айтатын. Сондықтан ой жүйесі болмаса дәлме-дәл түсіріп отырамын деп ойлаған жоқпын. Жоғарыдағы Мұқаңның сөзінен кейін, әрине, мен тырысып-ақ бақтым. Бірақ көп жерде үлгірмей, кейде, тіпті, ой жүйесінен де айрылып қалып отырдым. Курсты аяқтағаннан кейін, дәптерлерімді табыс еткенде өзімнің ойымды білдіріп: „Стенографистка алмасаңыз, қағазға түгел түсіру қиын“ дедім. Біраз уақыт өткеннен кейін, Мұхтар аға күліп тұрып: „Бәле, Разия, сен менің ойымды кейбір жерде теріс жазып қойыпсың“— деді. Бұл дәптерлердің тарихы осындай.

23/V—87 ж.

### **Абайтанудың арнаулы курсы**

Мұхтар Әуезовтің абайтанудан әр жылдар оқыған дәрісінің мазмұны, деректер көзі өзгеріп, жаңа сапа танытып отырады. Осы ерекшелікті аңдау үшін лектордың 1950 жылы март, апрель, май айлары ішінде оқылған лекциясын ұсынып отырмыз. Бұл лекцияны конспектілеген КазГу-дің 3 курс студенті Әуезхан Қанафин (қазіргі Қазақ ССР Оқу министрінің орынбасары). Лекция 30 сағат көлемінде және де абайтанудан жасалған арнаулы курстың программасы негізінде өткізілген.

М. Әуезовтің 1945 жылы абайтанудан оқыған дәрісі мен 1950 жылы оқыған дәрісінің арасында мазмұны мен Абай мұрасын тануы арасында елеулі сапалы айырмашылықтың барлығын көреміз.

Бұл ерекшелік әсіресе дәрістің тақырыптарға салалануында, ұлы ақын мұрасы жайында жаңа ой-толғаныстар мен соны деректердің молырақ қамтылуы, Абай дүниетанымын жаңаша өзінше аша түсуінде анық байқалады.

„Абайтанудың арнаулы курсы“ деп аталатын Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі М. Әуезов тарапынан 1950 жылы март, апрель, май айларында оқылған дәрісінің конспектісі сол кездің 3 курс студенті Әуезхан Қанафин жазып алып сақтаған қолжазбасының негізінде берілді.

## 2-лекция. Абайдың басылулары

Бұл лекцияда Абай мұрасының революцияға дейінгі және советтік дәуірдегі зерттелу тарихына арналған. Бұрынғы тезистік жоспардан бұл лекция тексінің ерекшелігі — сабақтың екі желіге бөлініп, айтылуға тиісті деректер көзінің молдығында жатыр.

Абай шығармаларының революцияға дейін үш түрлі жолмен таралу тарихын бір бөліп алады да, соның баспасөз арқылы таралу тарихына кеңірек тоқталады (1—8-бөлік).

Екінші желіде негізінен Абай мұрасының зерттелу тарихындағы буынды кезеңдері қамтылған (13-бөлік). Ғалым ойының көп нәрсені жинақтап, ретіне қарай салалап жүйелеген әрекеті белгі беріп тұр. Бұлары, әсіресе 2, 3, 8-бөліктерде ерекше сезіледі. Лектор ойының жыл сайын қорланып толығып өскені осы желіде қамтылған мәселелер құрамынан да байқалып тұр. Мысалға алар болсақ, екінші бөліктегі: „1922—1924 ж. тұсында Абай керексіз деушілер...“,— деп ақын мұрасын тануда 20—30 жылдардағы, аяғы соңғы күндерге дейін созылған тұрпайы социологиялық теріс танымның абайтану саласында көбірек аялдаған зарарлы әсеріне тоқталса, 3-бөліктегі: „1924 жылдың нәтижесі — 1933 жылғы толық жинақ... 1927 ж. өмірбаяны“,— деуінде үлкен сыр жатыр. Өйткені абайтанудың негізін тұңғыш толық жинақ пен Абайдың ғылыми өмірбаянының жариялану жылынан басталады деп жүрміз. Ал М. Әуезов Абайдың тұңғыш толық жинағының алғашқы нұсқасы 1924 жылы, ал Абай өмірбаяны 1924—1927 жылдар аралығында жазылып біткенін хабарлап отыр. Семей облыстық өлкетану музейі архивінің хабарлауынша (Семей өлкетану музейі, 8-папкі, № 3 протокол, 1924 ж. 21 октяб.) Абайдың тұңғыш толық жинағы ақынның қайтыс болуына жиырма жыл толуына байланысты 1924 жылы Мұхтар Әуезов тарапынан баспаға ұсынылған болатын-ды. Осымен бірге Абайдың өмірі мен творчествосы туралы құрастырылмақшы ғылыми жинаққа да кірісіп кетеді. Ал Абай өмірбаяны осы жылы жазылып, 1927 жылға дейін өңделіп, толықтырылып келгенін хабарлайды.

Абайдың толық жинағы 1924 жылы даярланғанын тіпті абайтанудан оқылған арнайы курсты тыңдаушы 1946 жылдағы үшінші курс студенті Рәзия Рүстембекованың жазушы архивінде сақталған конспектісінде: „1924 жыл жиырма жылдығына байланысты шамадан келгенше

„Абайдың толық жинағы” деген жинақ болды. Бұл жинақ 1924, 1925, 1927 жылдары жиналды. Жинаған адамдардың көбі Абай маңында болған „Көкбай, Кәкітай...” (ЛММА архиві, № 331-папкі, 152-б.),— деп жазылу дерегінен де аңғарамыз.

Ал 8-бөліктегі: „Абай — педагог”, „Абай — психолог, Абай — философ” деп тақырыпқа бөліп жазуынан енді 1945 жылы ұлы ақынның жүз жылдық мерекесі қарсаңында Абай мұрасының әр түрлі қоғамдық ғылымдар салаларында да зерттеле бастаған әрекетті көреміз.

„Біз қалай тексереміз” деген 11—12-бөлікте Мұхтар Әуезов өзінің Абай мұрасын зерттеу жолында ұстанған басты принципі: „Біздің ұсынатын, қолданатын әдісіміз барлық дүние классиктерін зерттеудегі дағдылы әдіс өмірімен, өсу, даму жылдарымен, ақындық эволюциясымен (творчестволық эволюция) жыл жылдап тексеру”,— деп атап көрсетуінің ғылыми мән-мағынасы зор пікір. Өйткені М. Әуезов ұлы ақын мұрасын ізерлей қарастырған ғылыми зерттеулері мен басты шығармасы „Абай жолы” эпопеясында да осы әдісті басты бағыт-бағдар ретінде ұстанғанынан хабар береді. Тіпті, Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтау жолындағы ізденістерінде де, анықтау тарихына да осы жолы арнайы тоқталғанын көрсе болады.

Жазушы жалпы өзінің творчестволық әрі ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі нысанасы болған Абай шығармаларын зерттеу барысы екі түрлі жолмен жүргізілсе де, олары бірін бірі толықтырып, бір мақсатқа қызмет еткенін: „...Мен шама келгенше ғылым жолымен өмірін, ақындығын зерттемекпін. Ал шығармалық еңбектерімнен пьеса, роман туралы да өз ойым ақынды ғылымдық зерттеумен негізі бір деймін”,— деп өзінің ғұмыр бойы ұстанған басты әдісінің біріне айналғанын алғаш рет мәлімдейді.

Осы ойын өзінің шашпа пікірлерінде де әрі „Абай жолының” жазылу тарихы жөніндегі еңбектерінде де арнайы атап көрсетуі жазушының бұл мәселеге аса зор мән бергендігін аңдатады.

„2-лекция. Абай басылулары” да ЛММА архиві, № 249-папкідегі түпнұсқа негізінде өзгеріссіз түрде толық қалпында ұсынылып отыр.

## Абай жөніндегі тақырыптар

Абай шығармаларын жоғары оқу орындарында оқытуға байланысты Мұхтар Әуезов мұнда да отыз түрлі тақырыпты ұсынғанда бұларды негізінен арнаулы семинар сабақтарын өткізгенде көбірек қолданып отырғаны байқалады. Ғалымның Абай жөніндегі тақырыптарды студенттердің Абай мұрасын жан-жақты танып, толық қамтылуын ескеріп барып жасағаны сезіліп тұр.

„Абай жөніндегі тақырыптар“ ұлы ақын мұрасын танып білуде студенттер үшін даяр ұсыныс екендігін ескере отырып, бұл да ЛММА архиві, № 339 папкі, 9—10-беттегі қолжазба нұсқаның негізінде жіберілді.

### Абайды тану жөніндегі зерттеулік мәселелер

М. Әуезов ұсынған бұл зерттеулік проблемалық мәні бар тақырыптар көбінесе Абай мұрасын біршама жақсы танып, ол жайлы кейбір тақырыптарды өз бетімен танып барып пікір айтатын, ой толғарлықтай даярлығы бар шәкірттерге ұсынатын болған.

Бұл тақырыптар әсіресе студенттердің ғылыми қоғамында баяндама жасау, диплом жұмыстарын жазуға пайдаланған.

„Абайды тану жөніндегі зерттеулік мәселелер“ де ЛММА архиві, № 532-папкі, 5—7-беттегі түпнұсқа негізінде берілді.

### „35 сөз“

М. Әуезов зерттеулерінде, көбінесе, Абай өлеңдеріне сүйенумен бірге қарасөздері де қоса қарастырылып отырған. Абай өлеңі мен қарасөзі арасындағы тақырып пен пікірдегі сабақтастықты да алғаш рет сараптап пікір көтерді. Абай туралы көлемді ғылыми монографиясын жазу үстінде „Абайдың қарасөздері“ деген тарауды жазу үшін қарасөздерді идеялық-тақырыптық жүйемен жіктеп беруді мақұл көрген. Осы себепті Абай қарасөздерін қайтара оқып талдау үстінде әрбір қарасөздің тақырыбын анықтап, он екі жікке бөледі.

Әрбір қарасөзді өз ретімен қоя отырып, әрқайсысының тұсына жақша ішінде тақырыбын білдіретін цифрлық белгілер қойып отырған. Кейіннен қарасөздің тақырыптық жігін сол цифрлық белгілер

арқылы анықтап отырған тәсілін көреміз. Мысалы, Абайдың бірінші қарасөзі осы жанрдағы қағазға түскен ойларының не себепті жазылғанын көрсетсе, 10 жікке жататын: 13, 15, 17, 18, 19, 21, 25, 28, 30, 36, 44 сөздердің бәрі де бір тақырып көлемінде қарастырылған. Басқа қарасөздерді де осындай тәсілмен жіктеп топтастыруға тырысқан.

„35 сөз“ тақырыбы да ЛММА архиві, № 403-папкі, 3—5-беттегі түпнұсқа негізінде жіберілді.

### **Абайды тану курсының программалары**

Қазақ әдебиетін жоғары оқу орындарында оқытылу тарихында зерттеушілік ойдың саны молығып, сапасы көтерілуіне байланысты С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде тұңғыш рет арнайы курс пен семинар сабағының өтілуі де 1942 жылы М. Әуезов абайтанудан жүргізе бастады.

Абайтанудан оқыған дәрістерінде М. Әуезов өзінің ұлы ақын мұрасы туралы ізденістері мен зерттеулерін бір ізге түсіріп, жүйелеуге әрекет етті. Әр жылы өткізген сабақтарының студенттер жазған конспектісін оқтын-оқтын қайта қарап қадағалап, жыл өткен сайын ойына ой қосып, қосарландырып, байытып отырған.

Кейіннен өзі оқыған лекцияны жүйелі түрде студенттер толық түрде лекцияға түсіре алмауы себепті, стенографист арқылы жаздырып, қайтадан сын көзімен қарап толықтырған тұстары да бар. Оқыған лекцияларын осындай тәсілмен жетілдіре отырып, соны деректер қосып ширатқан. Осылайша көлемді ғылыми монографиялық еңбегінің негізін қалайды.

Жоғарыда айтылған абайтану туралы арнайы курстың программасының үш түрлі нұсқасын жасайды. Бұл үшеуінің де мазмұны монографиялық еңбектің желісіне сай құрылған ерекшелікті көреміз.

Бұл аталған абайтанудың арнайы курсына құрылған программалардың 1951 жылы жазылуының да өзіндік себептері бар. Өйткені бұл қазақ әдебиетін оқыту жөніндегі алғашқы арнайы курсқа арналған программа болуымен де ерекшеленетін. Әрі оның жазылу жағдайы сол тұста абайтанудан өткен пікір таласының өткір қойылуына байланысты М. Әуезовтен өзі оқып жүрген арнайы курсының программасы талап етіле бастады. Осы себепке байланысты М. Әуезов абайтанудан өтілетін арнайы курстың про-

граммасын алғаш рет 1951 жылы 8 февральда жазып бітірді. Бұл нұсқада М. Әуезовтің Абайдың ақын шәкірттері туралы танымы толығырақ, нақтырақ берілді.

1951 жылы июль айында өткен абайтану саласындағы дискуссиядан кейін программа қайта жазылып, Абайдың ақындық мектебі немесе ақын шәкірттері туралы деректер алынып тасталды. Бұл нұсқасы 1951 жылы 15 ноябрьде даяр болды. Дәл осы жылы ғалым жазып жүрген монографиялық еңбек те жазылып бітті. Бірақ сол тұстағы әдебиеттегі ауа жайылушылыққа орай, бұл еңбектен де „Абайдың әдеби мектебі“ деген тарау алынып тасталды. Яғни жаңа программа талабына қарай, монографиялық еңбекте де өзгерістер орын алды.

Абайтанудың арнайы курсына арналып жазылған программалардың екі нұсқасы да ЛММА архиві, № 257-папкі, 7—10, 11—15-беттердегі нұсқасы бойынша екі программа да қатар жіберілді.

## **ПРОГРАММА СПЕЦКУРСА ПО АБАЕВЕДЕНИЮ**

Бұл арнайы курс ретінде университет қабырғасында өтіле бастаған абайтанудың программасын орыс тілінде жазуға кіріскен қолжазбасының нұсқасы. Бірақ орыс тілінде жазыла бастаған арнайы курстың программасы белгісіз бір себептермен аяқталмай қалған. Программда Абай творчествосындағы Шығысқа қатысынан Абайдың орыс классиктеріне ден қоя бастаған жерінде программа күрт үзілген.

„Программа спецкурса по абаеведению“ нұсқасы да ЛММА архиві, № 532-папкі, 6-бетте сақталған қолжазба негізінде кіргізіліп отыр.

### **Абай Құнанбаев (1845—1904)**

#### **М а з м ұ н ы**

М. Әуезовтің көп жыл бойы оқыған лекцияларының әрі ұзақ жылдар бойы ақын мұрасын зерттеуден туған ойтанымдарын бір жерге сарқып қорытындылаған ғылыми монографиясының мазмұны берілген.

Мазмұндағы тақырыптардың көрсетуінше монография он екі бөлімге жіктеліп, көлемі 351 беттен тұрған. Бірақ монографияның алғашқы басылған нұсқаларында осы еңбектің аса қажетті 9-бөліміндегі „Абай мектебінің

ақындары" мен „Көкбайдың ақындығы" деген тақырыптар түсіріліп қалған. Мұның себебі де 1951 жылы абайтанудан өткен пікір таласы мен осы тұстағы қоғамдық ойдағы ауа жайылушылықтың әсеріне тікелей байланысты болатынды.

„Абай Құнанбаев" деп аталатын осы ғылыми монографиясының жазылу тарихына тоқтала келіп М. Әуезов: „С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде бірнеше жыл бойында мен оқыған "Абайды тану" атты курстан құралып келген көлемді монография болатын. Ол Абайдың өмірін, дәуірін, шығармалық мұраларын зерттейтін еңбек" (М. Әуезов. Редакция сұрауларына орай. Екпінді, 1954, 27 август.),— деп ескертуінде де бұл еңбек мазмұны біршама өзгерістерге түскенін сезінеміз.

Бұл аталған тақырып та ЛММА архиві, № 191-папкі, 1-беттегі қолжазбаның негізінде беріліп отыр.

## **Абайтану**

Абайтанудан өте бастаған арнаулы лекциялық курстың сағат көлемін өтілетін тақырыптардың аумағына қарай 30 сағат деп мөлшерлеп бөлген.

Өтілетін тақырыптарды саралап әрі олардың әр қайсысына неше сағаттан қойылатынын жоспарлаған нұсқасы да ЛММА архиві, № 191-папкідегі қолжазба нұсқасы негізінде берілді.

## **Тақырыптар**

Мұхтар Әуезов абайтанудан өтілетін арнайы курстың лекциясын өмірінің соңғы күндеріне дейін қол үзбей жалғастырып келді. Өзінің ұзақ жылдық педагогтық қызметінде М. Әуезов ұстанған дағдылы машықтың бірі — өзінен дәріс тыңдаған шәкірттерінің тізімін арнаулы курс пен семинар сабағынан алған бағасын, реферат жазып, баяндама жасаған студент туралы өз пікірін ерінбей жалақыпай қағазға түсіріп отырудан тартынбаған. Тіпті, өзі үміт артқан зерделі шәкірттерінің келешегінен үлкен үміт күткендеріне арнайы белгі қойып отыруды да ұмытпай жүйелі түрде жүргізіп отырған әрекетін көреміз (Қараңыз: „Ұстаздық еткен жалықпас". Қазақстан мұғалімі", 1977, 6 май.)

М. Әуезов сабақ үстінде жүргізген, баға, белгі қойған қағаздары мен ведомостылары түгелдей жазушы архивінде



сақтаулы тұр. Олардың бәрін тұтас күйінде жариялауға кітаптың көлемі көтере алмауы себепті де, Абай мұрасын танып білуге сілтеме бағыт-бағдар беретін М. Әуезов ұстанған зерттеушілік тақырыптар мен кейбір арнаулы семинар сабақтарында шәкірттеріне разы болған немесе білімсіздігіне ренжіген пікірлерін жазып отырған нұсқаларын ғана беруді мақұл таптық.

Осы тұрғыдан қарағанда 1952 жылы ноябрь, декабрь айларында өтілетін „Тақырыптар“ деп аталатын қолжазба нұсқасы аса қызықты әрі зерттеуші атаулыға берер дерегі мол. Аталған тақырыптарды өтуге атсалысқан студенттер Тасболатов Қ. (қазір педагогика ғылымдарының кандидаты, Жамбыл қаласындағы педагогикалық институтының доценті), Аханов (филология ғылымының докторы, профессор) Жолдасбеков М. (филология ғылымының докторы), Жүнісов С. (белгілі жазушы) Әлішеров („Қазақстан“ баспасының бөлім меңгерушісі), Хасанов Б. (филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ КСР ҒА тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері), Нұрғалиев Р. (филология ғылымының докторы) т. б. республикамыздың көрнекті ғылым қайраткерлеріне айналып отыр.

М. Әуезов саралаған абайтану саласындағы тақырыптар мен арнаулы курс сабақтары түрі жағынан қарағанда әртүрлі әдіс тәсілдермен өткізілгенін байқаймыз:

1. Арнаулы курс лекциясы;
2. Арнаулы семинар сабақтары;
3. Студенттердің Абай шығармаларының тексін меңгеру, өзінше тану, жатқа алу дәрежесін сынап білу үшін өткізілетін коллеквиумдар;
4. Курс жұмыстарын жаздыру;
5. Даярлығы жақсы курс жұмыстарын студенттердің ғылыми қоғамында баяндама жасауға ұсыну;
6. Өзінше ойлап талдауға қаблеті барларға диплом жұмысын жаздыру;
7. Диплом жұмысында үздік шыққандарды Абай мұрасынан тақырып беріп, аспирантурада қалуға араласу. Мысалы, (Рүстембеков Р., Тілешова С., Жүнісов С. т. б.)
8. Студенттерге реферат жаздырып, оны талдауға арналған практикалық тәжірибе сабақтарын өткізіп отыру тәрізді сабақ формаларын пайдалануға ерекше мән берген.

„Тақырыптар“ да ЛММА архиві, № 391-папкі, 6-беттегі түпнұсқа негізінде өзгеріссіз беріліп отыр.

## **Абай шығармалары жөніндегі авторефераттар тақырыбы**

М. Әуезов абайтану саласында жүргізген сабақтарында шәкірт студенттердің білім дәрежесіне, жас ерекшелігіне, даярлығына қарай және де өзі өткізетін сабағының түріне орай Абай мұрасынан ұсынылатын тақырыптарды жіктеп, саралап екшеп отырған.

„Абай шығармалары жөніндегі авторефераттық тақырыптар“ негізінен Мұхтар Әуезов өткізген тәжірибе сабақтарға байланысты ұсынылатынын байқаймыз. Бұл тақырыптардың тізімі де ЛММА архиві, № 339-папкі, 8-беттегі қолжазба нұсқаның негізінде жіберілді.

### **Спецсеминар 12.07.1952 ж.**

1952 жылы 12 июльде өткен арнаулы семинар сабағында М. Әуезов үш шәкіртінің баяндамасын талқыға салып, оларға бағаны студенттердің өзіне қойдырады. Бұл сирек болса да ғалымның сабақ түрін түрлендіріп отырудағы бір тәсілі болатын-ды.

„Спецсеминар 12.07.52“ деген тақырыппен аталатын арнаулы сабақтың өту процесі де ЛММА архиві, № 516-папкі, 22-беттегі сақталған түпнұсқа негізінде өзгеріссіз жіберілді.

### **Спецсеминар 14.07.1952 ж.**

Абайтанудың арнаулы семинарында баяндама жасаған алты шәкірттің еңбегі талқыға түсіп, ол туралы сөйлеген студенттер айтқан сын пікірлер мен М. Әуезовтің өз пікірі тұқыл түрде өте қысқа формада берілсе де олардан көп дерек-мағлұмат алып, ой түюге негіз береді. Мысалы, студент Көбей Сейдаханов (қазір Қаз. ССР ҒА М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының жетекші ғалымы, филология ғылымдарының кандидаты) туралы ұстаз пікірі шәкіртіне деген, оның білік дәрежесіне деген ырзалығын танытады.

„Спецсеминар 14.07.1952 ж.“ деп аталатын сабақ мазмұны да ЛММА архиві, № 516-папкі, 22-беттегі түпнұсқа қолжазбаның негізінде беріліп отыр.

#### IV КУРС

М. Әуезов 1958 жылы 4 желтоқсанда реферат жаздырып, талқыға салатын тәжірибе сабақ деп аталатын үлгісін танытады.

Тәжірибе сабақта студенттер Мырзатай Серғалиев (Қазір әл-Фараби атындағы ҚазГУ-дің профессоры, сыншы); Зікрин Мақпоз (ЖенПИ-дің аға оқытушысы, белгілі әдебиетші), Хабиболла Сыдықов (қазір Қазақ КСР ҒА М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының әдебиет тарихы бөлімінің аға ғылыми қызметкері) жазған рефераттары тәжірибе сабақ үстінде талқыға түсіп, оннан астам шәкірт студенттер қызу айтысқа түсіп сын пікірлерін ортаға салып, бағаларын қойған ерекшелікті көреміз.

„IV курс“ деп аталатын тақырыпта ЛММА архивінің № 563-папкідегі 33-38 бетте сақталған түпнұсқа негізінде өзгеріссіз қалпында жіберілді.

#### Абайдың өмірі мен еңбегі

*(Ақынның 100 жылдық юбилейінде Қазақстан  
Жазушылар одағының мерекелі пленумында жасаған  
баяндама)*

Абайдың қайтыс болғанына 95 жыл толу (1940 ж.) мерекесінен кейін, Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында Жеңіс күніне сеніммен қараған совет халқы ұлы ақынның 100 жылдық юбилейіне алдын ала даярлана бастады. Бұл тұста М. Әуезов абайтану саласындағы ғылыми жұмыстарына қызу кірісіп, Абайдың ғылыми өмірбаянына тиісті нұсқасын жазуға кірісіп, Абай туралы драмалық жанрдың әр түріндегі көркем туындылар мен көлемді романдары шықты. Әрі Абайдың жүз жылдық мерекесін өткізуге даярлану жолында үкімет комиссиясының мүшесі ретінде ұйымдастыру жұмыстарымен де қызу араласты. Қазақстан Жазушылар одағының мерекелік пленумында „Абайдың өмірі мен еңбегі“ туралы баяндама жасау абайтанудың бірегей білгірі ретінде М. Әуезовке тапсыруы кездейсоқ нәрсе емес-ті. Мерекеге баяндама М. Әуезовке сеніп тапсырудың толық негізі бар еді. Өйткені ұлы жазушы өзінің творчестволық өмірінің осы тұстағы кезеңін түгелдей Абай мұрасын зерттеу мен насихаттауға арнаған. Абай туралы ғылыми мақалалары, Абай өмірбаяны және Абай романы

жөніндегі әдеби сценарий, кинодрама, опералық либретто-лар бәрі де осы тұста жазылды.

Міне осындай жан-жақты творчестволық даярлықпен келген М. Әуезов Қазақстан Жазушылар одағының пленумында Абайдың өмірі мен еңбегі жайлы баяндамасында көпшіліктің назарын өз ойында көп жыл еңбектену процесінен кейін туған ақын мұрасының басты-басты ерекшеліктері мен Абай өлеңінің басты сарыны өзі жасаған саяси әлеуметтік өмірден туындағаны заңдылық. Ақын мұрасының нәр алған рухани көздеріне аударды. Абайдың композиторлық өнері де алғаш рет осы баяндамада өз көрінісін тапты.

М. Әуезов ұлы ақынның жүз жылдық салтанатты юбилейінде баяндама жасауға алдын ала даярлық жүргізеді. Осында айтылар ойы мен танымының негізіне арқау болар ой желілеріне Абай шығармаларынан нақтылы өлең үзіктерін іздестірген. Мысалы, ақын творчествосының рухани нәр алған түп-төркіндерін, өзгеге берген өзекті ойлар желісін аңғартар өлең үзіктерін тереді. Оларды рет-ретімен қағазға көшіріп, таратар ойларының желісін құрған, онда айтылар ой-пікір нысаналарын алдын ала анықтап, белгі соғуымен де ерекшеленеді.

Мысалы: „...келешек... неге өлең жазамын, ойдан қайғылымын, ақын оптимист, ел бұзарлар кім?, бастаймын ер, елім, шынды айт ақын, эпиграф, арманды келешек, ақын шабыты... заманға көнбе, қарсы бол“ (ЛММА архиві, № 539-папкі, 27—31-б.), — деп әрбір таңдап алынған өлең үзіктерінің тұсына һашия ретінде таратылар ой-пікірлерінің түйінін қадау-қадау жазып отырған. Осындағы ойлар желісі кейінірек Қазақстан Жазушылар одағының Абай мерекесіне арналған салтанатты пленумында жасаған баяндамасында қаншалықты дәрежеде ашылып таратылғанын осы тезис пен баяндаманы қатар алып салыстырғанда ерекше байқалады.

М. Әуезовтің ғылыми-творчестволық лабораториясының ішіне кіріп, ерекшелігін танып білуде белгілі бір дәрежеде ғылыми, мән-мағынасы болуы себепті осы баяндамаға даярлану үстінде алдын ала жасаған ой жоспарын да (ЛММА архиві, № 539-папкі, 27—31-б.) оқушыларға ұсынып отырмыз. Өйткені ұлы Әуезовтің ғылыми творчестволық лабораториясының сырын ұғынуға мұның қажеті бар.

„Абайдың өмірі мен еңбегі“ деген тақырыпқа арналған баяндама (Қазақстан Жазушылар ұйымының юбилей пленумына).

## Келешек:

Сеніскен досым да жоқ асылын да,  
Ақыры өлең қылдым жасыдым да.  
Көрмеген көп дүние көл көрінді  
Кірлемеген көңілдің ашығында.

## Елбүлдіргіштері:

Сабырсыз, арсыз, еріншек  
Көрсө қызар жалмауыз.  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан ала ауыз.  
Қылып жүрген өнері  
Харекеті — әрекет...  
Өзі оңбаған ант ұрған  
Кімге ойлайды берекет...

## Неге өлең жазамын:

Ескі бише отырман бос мақалдап.  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяңдап.  
Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпақ.  
Үлгі аласын деймін ойлы жас жігіттер  
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ...

## ойдан қайғылымын:

Ауырмай тәнім,  
Ауырды жаным,  
Қаңғыртты, қысты басымды.  
Тарылды көкірек,  
Қысылды жүрек,  
Ағызды сығып жасымды.  
Сүйеніп күлкі, тоқтыққа,  
Тартымды өнер жоқтыққа.

## Әрекетшілер:

Ел керексіп,  
Сөзге емексіп,  
Не болады мақтаның.  
Бейілі шикі,  
Ақылы күйкі,  
Осы жұрт па тапқаның?

## Ақын-оптимист:

Қайғы шығып иыққа,

## Аспанға қамшылану:

Қамалтпасын түйыққа.  
Сергі көңілім, сергі енді...

Балапан құстай оңдалып,  
Қанатыңды қомданып,  
Жатпа ұяда қорғанып,  
Үш, көңілім, көкке кергі енді (1890).

### Молда жалмауыз:

Кітапты молда теріс оқыр,  
Даңғарадай боп сәдесі.  
Мал құмар көңілі бек соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі.

Ел жуандары: ("Қайғы шығар ілімнен" деген өлеңде)

Ел жайын біліп, қансаңыз  
Айтайын, құлақ салсаңыз.  
Кейбіреуі дүрсіп жүр  
Жер тәңірісіп кер мағыз.  
Кейбіреуі зақуншік  
Оңдырмасқа берсе аңыз  
Кейбірі пірге қол берген.

### Жуандар, бұзарлар кімдер?

Іші залым, сырты абыз  
Кейбірі хажға барып жүр  
Болмаса да қаж парыз.  
„Қайтсе жеңіл болады жұрт  
билемек" (сатира)  
Тұрлаусыздың қолынан не келеді,  
Ынтықсыз қайтып өнер үйренеді.  
Еңбегі жоқ ешпенен мал табам деп  
Сендіре алмай, сене алмай сенделеді.

### Бастаймын, ер елім:

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,  
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.  
Ыржаңдамай тындасаң нең кетеді,  
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.  
Адасып алаңдама жол таба алмай,  
Берірек түзу жолға шық қамалмай.  
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ  
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.

### Малқорда бай:

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа  
Аларында шара жоқ алдамасқа.  
Мал жияды мақтанып білдірмекке,  
Көзге шұқып малменен күйдірмекке  
Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар,  
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке.

## Әйелқор, кәрібай құзғын:

Есерлер жас қатынды тұтады екен  
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.  
Ортасында бұлардың махаббат жоқ  
Тұсап қойып, қашырар бұқа ма екен.  
Бай қартайса малына берер шылбыр,  
Мал өмірді жаңғыртпас құдай ұрғыр.  
Біреудің қызын алып малға сатып,  
Баяғыны іздеген қандай құрғыр.

## Ән — әсем сый, оны сүй:

Ән ... көңіл құсы...  
Ұйқтап жатқан жүректі ән оятар,  
Оның тәтті оралған мәні оятар.  
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап  
Жас балаша көңілді жақсы уатар.  
Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән менен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар  
Әнді сүйсең менше сүй...

## Немді аядым.

Ортаға көп салдым  
Өзімде барымды.  
Япырм-ау, ненді алдым  
Сау қоймай арымды?

## Шынды айт, ақын:

Ет жүрексіз еріннің айтпа сөзін,  
Тіл үйірген нәпсінің қу мінезін.  
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма  
Шымылдық боп көрсетпес шыңның жүзін.

## Эпиграф

Жүрегіңнің түбіне терең бойла  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім  
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма.  
Чтоб милосердным быть, настез открой  
Кто я, предок твой? тайна я, не забудь.  
Путь я отдал, ддя тебя, знай, потомок мой  
Тысячи раз в бой шел я, не обессудь. (1898).

## Арман, намыс арманы:

Атымды адам қойған соң  
Қайтіп надан болайын.  
Халқым надан болған соң  
Қайда барып оңайын?

Үміт алда,  
арманды келешек  
ақын шабыты сонда:

Көк қанат бейіс құсындай  
Қу ағашқа қонақтап.  
Ол бұтақтан қозғалмас  
Өкіріп дауыл соқса жел.  
Өзгеге бола жырламас  
Ыстық күнді жоқтар ол.  
Жанымның жарық жұлдызы  
Жамандық күнде жарымсын.  
Сөз болсын ескі әр сөзі  
Кейінгіге қалынсын.

(1900).

Қой артық, жылқыны қой:

Жуасты мін де айран іш  
Жоқ немеге шатылма.  
Ұры, залым, қуларға  
Нысанаға шаншылма.

Заманға көнбе, қарсы бас:

Әр кімді заман сүйремек  
Заманды қай жан билемек?  
Заманға жаман күйлемек  
Замана оны илемек.

27—31-бет.

Осы [жасалған] баяндамада айтылған М. Әуезов ойларының басты-басты желілері кейіннен Абай мұрасы жөнінде әр түрлі жанрда жазылған көркем шығармалары мен абайтану саласындағы зерттеулерінде әрқилы жолдармен таратылса да, өз алдына дербес күйінде жарияланбай келді.

„Абайдың өмірі мен еңбегі“ деген баяндамасы жазушы архивінде сақталған қолтаңба негізінде (ЛММА архиві, № 411-папкі, 1—24-б.) алғаш рет жарияланып отыр. Осымен бірге, бұл баяндаманың ғалым тарапынан орыс тіліне өзі аударған түпнұсқасы да (ЛММА архиві, № 200-папкі, 117—131-б.) бірге ұсынылды.

### Жизнь и творчество Абая

Доклад М. Ауэзова на юбилейном пленуме СП Казахстана, посвященном столетию со дня рождения Абая Кунанбаева в 1945 г. Текст доклада на казахском языке издавался, на русском языке публикуется впервые. Архив ЛММА, папка № 200, л. 117—131.



**Выписка из стенограммы выступления М. О. Ауэзова на заседании Ученого совета Казахского государственного университета**

Выписка из стенограммы выступления М. О. Ауэзова 20 декабря 1946 г. на заседании Ученого совета Казахского государственного университета по защите кандидатской диссертации А. Жиренчиным на тему: „Абай и его русские друзья“. Архив ЛММА, л. 4—8.

1946 жылы 28 декабрь күні Әбіш Жиреншин КазГУ-дің Ғылыми кеңесінде тарих ғылымының кандидаты атағын алу үшін „Абай және оның орыс достары“ деген кандидаттық диссертациясын қорғайды. Диссертанттың ресми оппоненттерінен кейін Мұхтар Әуезов Ә. Жиреншиннің зерттеу еңбегі жөнінде өз пікірін білдіріп, кей жерлерін сынға да алады. М. Әуезовтің осы жолғы сөйлеген сөзі стенограммаға түсіп, бір данасы жазушы архивінде сақталып қалады.

М. Әуезовтің Ғылыми кеңесте сөйлеген сөзі оқырман қауымға ЛММА архиві, № 440-папкі, 4—8-беттегі қолжазба нұсқасы негізінде өзгеріссіз ұсынылды.

**К лекции „Абай — великий казахский поэт“**

М. Әуезов 1948 жылы 15 мартта өткізілген республикалық басшы қызметкерлердің семинарында „Абай Құнанбаев — қазақ әдебиетінің классигі“ (ЛММА архиві, № 539-папкі, 35—44-б.) деген тақырыпта лекция оқуға шақырылды. Міне, осындай аса жауапты лекцияға Абай мұрасын қаншалықты терең білсе де алдын ала даярланып, лекцияда айтылар ойларының негізгі желісін тезис ретінде қағазға түсіреді. Мұндай кездегі жазушының лекторлық қызметінде қалыптасқан машығы екенін, оның абайтанудан оқыған лекцияларының жүйесінен де көреміз. Онда да М. Әуезов айтар ойының басты желілерін өте ұтқыр сөйлемдер арқылы оқитын лекциясының жоспары ретінде қағазға түсіріп қоятын да, лекция үстінде оны жан-жақты толықтырып тереңдей баяндайтын. Онысы негізінде сөйлегенде өте жүйелі, алдын ала жазып даярлаған лекция желісіндей өте жатық шығатын. Осы машығын М. Әуезов өте жауапты басшы қызметкерлердің республикалық семинарында оқыған бір сағаттық лекциясында да қолданған. Мұндағы ерекшелік — лектор Абай дүниетанымы, көзқарасы жайлы алғаш рет арнайы тоқталып, өзінің осы саладағы танымын топшылай отырып ашып бергендей.

Әсіресе, алға қойған мақсаты екінші бапта (тарауда) айқын сезіліп тұр. Яғни өз ойының түйінді желілерін ХІХ ғасырдағы Қазақстанның қоғамдық ойдың даму тарихы мен бірлікте ала отырып, кең ауқымда ашып береді.

Лектор ретінде лекция желісінде мысалға алынатын өлең үзіктеріне дейін алдын ала даярлап, қазақ тілінде көшіріп қойып, сөйлеу үстінде мағынасын тікелей орысша түсіндіріп отырған.

1948 жылы 15 мартта осы тезис арқылы оқыған лекциясы стенограммаға түсірілген қалпы жазушы архивінде сақталып қалған, бірақ қатесі көп, біршама сөздер, сөйлемдер түсіп қалып, әрі кісі аттары бұрмаланған. Сонда да тезисі мен стенограмманы салыстырғанда лекция қағазға жазылып оқылғандай өте жүйелі әрі жатық шыққаны көрініп тұр.

Лекторлық өмірінде қалыптасқан іс-тәжірибесі, ысылған дағдысы бұл жолы да өз нәтижесін берген. Бұл өзі өте сирек ұшырасатын қасиет. Ауызша сөйлеген сөздері алдын ала ойланып қағазға жазылған лекциядай стильдік жағынан жұп-жұмыр келген жазба текстің табиғатын танытатын лекторлық талант тыңдаушысын қатты баурап, ұйытатын шешендік өнердің үлгі-өнегесі ретінде ұсынарлықтай қуатқа ие.

Бұл тезис ретіндегі ойлар желісі болғанымен ұлы ақынның дүниетанымын танып білуде ғалым тарапынан айтылған келелі ойлардың абайтану тарихы саласынан жүргізілер келешек ғылыми-зерттеу жұмыстарына адастырмас бағыт-бағдар сілтеуімен де бұл тезистің мән-мағынасы бөлекше жатыр.

Тезис (ЛММА архиві, № 539-папкі, 35—44-б.) жазушы архивінде сақталған қолтаңбасы негізінде ешқандай өзгеріссіз сол бастапқы қалпында жіберілді.

**Тезисы лекции, прочитанной 15 мартта 1948 г. на республиканском семинаре руководящих работников.**

Архив ЛММА, папка № 539, л. 35—44.

### **Стенограмма лекции**

**„Абай Кунанбаев — казахский поэт“.**

Стенограмма лекции, прочитанной 15 марта 1948 г. в г. Алматы на республиканском семинаре руководящих работников. Архив ЛММА, папка № 443.

Бұл лекция 1948 жылы 15 мартта жауапты қызметкерлердің республикалық семинарында „Абай —

казахский классик" деген тақырыпта оқыған лекциясының стенограммаға түскен тексі негізінде оқырман назарына ұсынылып отыр. Бірақ стенограммадағы кісі аттары, кейбір ұғымдар немесе басқадай шығарма аттары қате берілсе, лекция үстінде қазақ тілінде мысал ретінде келтірген өлең үзіктері мен кейбір цитаталар түспей қалған. Бұлардың орнын осы лекцияға даярлану үстінде бір жүйеге түсіріп, оқылар лекцияның жоспары ретінде айтылар ойының басты желілері мен онда келтірер өлең үзінділерін қысқақысқа тезис-жоспар ретінде қағазға түсірген шашпа пікірі негізінде (Қараңыз: ЛММА архиві, № 539-папкі, 35—44-б.) толықтырып, қалпына келтіріп отырдық.

Лекцияның басталу алдында лектордың „Абай" романының авторы ретінде сөйлемей, қайта Абай мұрасының зерттеушісі болып сөйлейтінін ескерткен. Осы себепті лектор алдына қойған мақсаты тұрғысынан Абайдың XIX ғасырдағы қоғамдық ой-пікірдің даму жолындағы орны мен сол тұстағы саяси-әлеуметтік құбылыстың даму тарихында қай жаға, қай бағытты ұстанған бағдарына молырақ тоқталып шала әңгімелейді. Абай осы тұста өзінің творчестволық ой-пікір, соны танымымен жалпы Шығыстағы соны құбылыс екенін, сонымен қатар орыстың классикалық әдебиетімен терең туысып, өнердегі жаңалықтарын терең талдап түсіндіреді.

Абайдың Толстойға қатысты өте күрделі жақтарын абайтануда ол үстірт танылып келген еді. Бұл жөнінде М. Әуезов өзі ұстанып келген танымының бетін ашады. Кейбір тезистерінде мұны анық білдірген де болатын. Эпопея мен ақын мұрасын зерттеулерінде осы тезисте айтылған ойдың бағыт-бағдарын берік ұстағанын көрсетеді. Өз тезисі негізінде М. Әуезов Абайдың халықшылдарға қатысы мен Толстойдың қарым-қатынасы арасындағы елеулі ерекшелікті баса айтады. Осы тұрғыдан қарағанда, Абай Толстойдың кертартпа ілімі мен жазушылық өнеріндегі ерекшелікті жіті танып, білгендіктен де М. Әуезов: „...толстойшылықтың емес, Толстойдың реализмін қабылдайды", — деп ой қорытады.

Лекцияда айтылған ойдың жаңа бір желісі — камили инсани (высоконравственная личность) мәселесі төңірегіне топталған. Бұл, әсіресе, Абайдың „Сәулең болса кеудеңде" өлеңіндегі ноль, единица туралы ойларымен байланысты қарастырылған.

Лекцияда Абайдың дүниетанымындағы затшылық, санашылдық танымдарымен бірге онда дуализм, дін және

этикалық, эстетикалық көзқарасы алғаш рет нақтылы түрде әңгімеленеді.

М. Әуезов тарапынан айтылған бұл нақтылы пікірлер бұрын баспа бетінде мәлімденбеген болатын-ды. Осы себепті де лектор: "...біз бұған дейін жарияланған мақалалардағы ойды айтып отырған жоқпыз",— деп жайдан-жай ескертіп отырған жоқ.

Лекция үстінде М. Әуезов баяндаған ойлардың соны бір қыры әсіресе оның Абай мұрасында орын алған нәзира, нәзирагөйлік жөніндегі танымында жатыр. Абай тіпті шығыстағы нәзирагөйлік дәстүрді дастандарында қолданумен шектелмей, оны Пушкин, Лермонтов шығармаларын аудару үстінде ой, сарын жарыстыру түрінде пайдалана білгендігін ескертеді.

Лекцияда айтылған әрі бұрын баспасөз бетіне түспеген соны таным, жаңа ой-толғаныстары абайтану саласында жазылар келешек ғылыми-зерттеулер үшін бағыт-бағдар берер қуаты әлі де биік дәрежеде тұрған туынды деп қарау ләзім.

Бұл лекция тексі де ЛММА архиві, № 443-папкіде сақталған қолжазба нұсқа негізінде жіберілді.

#### **ВЫСТУПЛЕНИЕ АУЭЗОВА МУХТАРА**

„Абай“ романының бірінші кітабы жарияланып, екінші кітабынан алғашқы бастама тараулары журналда жариялана бастаған тұста М. Әуезовтің бұл туындыларына баспасөзде сын пікірлер айтыла бастады.

1946 жылғы ВКП(б) Орталық Комитетінің „Звезда“, „Ленинград“ туралы қаулысын Алматы қалалық жиналысында кейбір жазушылар мен партия-совет қызметкерлері тарапынан сын пікірлер айтылды. Осының артынша-ақ Қазақ ССР тарихы туралы ККП(б) Орталық Комитетінің қаулысында да „Абай“ романына сын пікірлер болды.

Жазушы осы сын-пікірлерді ескере отырып, қалалық мәжілісте өз ойларын ортаға салады, сын-пікірлерден қорытынды шығарып, роман ақауларын түзеу жолындағы ойына тоқталады. Екінші томның бірінші тарауындағы орын алған кемшін жайларды жөндегенін хабарлайды.

Мұхтар Әуезовтің 1947 жылғы Алматы қалалық жиналыста сөйлеген сөзі біршама қысқартылған түрде ЛММА архиві, № 465 папкідегі түпнұсқа негізінде жарияланып отыр.

**Выступление в Колонном зале Дома Союзов 24 сентября 1954 г. в Москве на торжественном заседании, посвященном 50-летию со дня смерти Абая Кунанбаева. Архив ЛММА, папка № 199, л. 174—176.**

1954 жылы 24 сентябрьде Абайдың қайтыс болуына орай Москвада Советтер үйінің залында өткен салтанатты мәжілісте сөйлеген Мұхтар Әуезовтің сөзі ЛММА архиві, № 199-папкі, 174—176-бетінде сақталған қолжазба нұсқасының негізінде жіберілді.

### **О значении русского языка.**

Отрывок из выступления на республиканском совещании учителей, посвященному изучению русского языка. Архив ЛММА, папка № 225, л. 14—16.

### **Халықтың қадырдан ұлы.**

Абайға республика астанасы төрінде монументальды ескерткіш орнату мәселесі ұлы ақынның жүз жылдық юбилейіне даярлық тұсында-ақ Мұхтар Әуезов тарапынан қойылған болатын-ды. Осы талабы екінші рет 1948 жылы 29 февральда ҚКП ОК-і мен Қазақ КСР Ғылым академиясының Президиумына жолдаған хатында қайталанды.

Осындай ізгі мақсат ақыры кеп 1960 жылы ноябрь айында жүзеге асып, ұлы ақынға арналған көрнекті ескерткіш — астананың Абай проспектісіндегі биік тұғырға орнатылды.

Мүсінші Наурызбаев жасаған Абай көрсеткішін ашу, арнайы сөз сөйлеу құрметі абайтанудың бірегей білгірі Мұхтар Әуезовке тапсырылды. Абай ескерткішін ашудағы М. Әуезов сөзі орыс тіліндегісімен қоса (ЛММА архиві, № 255-папкі, 70—72-б.) өзгеріссіз сол қалпында ұсынылып отыр.

**Выступление на открытии памятника Абаю Кунанбаеву.**

Выступление на митинге, посвященном открытию памятника Абаю Кунанбаеву в г. Алматы 12 ноября 1960 г. Архив ЛММА, папка № 465.

**Сәбит Мұқановтың „Абай Құнанбаев“ атты монографиясы туралы**

Абайдың жүз жылдық мерекесі қарсаңында жазылған жазушы С. Мұқановтың „Абай Құнанбаев“ деп аталатын

көлемді қолжазбасына Мұхтар Әуезов тарапынан жазылған көлденең пікір болатын (ЛММА архиві, № 39-папкі, 10—29-б.).

Бұл монографиялық қолжазба М. Әуезов тарапынан айтылған кемшін жайлары жөнделмеуі себепті, көп жылдар бойы жарық көрмей жатып қалды. М. Әуезов сын айтқан қолжазбаның бір данасы Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітапханасында сақталып келеді.

С. Мұқановтың осы қолжазбасы ешқандай өзгеріссіз сол қалпында 1964 жылы „Мектеп“ баспасында „Жарық жұлдыздар“ деген атпен жарияланды. Кейіннен жазушының он алты томдық шығармалары басылғанда Абай туралы монографиясы екінші рет қайталанып жарық көрді. Жазушының 16-томына енген ұлы ақын мұрасы туралы қолжазба нұсқасына көлденең пікір (рецензия) жазылып, елеулі кемшіліктері көрсетілді. Қолжазбаға арнаулы редакция жүргізіліп, оларға түсініктеме беру арқылы жариялау қажеттілігі ескертілсе де, тағы да сол қалпында өзгеріссіз басылып кетті. Тек үзінді ретінде келтірілген Абай өлеңдері қайта қарастырылып, бір ізге түсірілді.

### **Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің агитация-пропаганда бөліміне, ...Қазақ КСР Ғылым академиясының Президиумына**

Мұхтар Әуезов 1948 жылы Қазақстанда әдебиет, көркемөнер, ғылымды көркейту, дамыту жайлы ойларын, кейбір ұсыныстарын Қазақстан Орталық партия Комитеті мен Қазақ КСР Ғылым академиясының Президиумына хат арқылы жолдаған болатын-ды. Онда, әсіресе, Абай, Жамбыл музейінің ескерусіз қалып, өркендеп дами алмау жөнінде аса күрделі де өзекті мәселе көтереді (қараңыз: Данадан қалған бір арман. Қазақстан мұғалімі, 1977, 19 август).

Ұлы жазушының бұл хаты да ЛММА архиві, № 509-папкіде сақталған қолжазба нұсқасының негізінде біршама қысқартулармен ұсынылды.

### **Қазақ ССР Оқу министрлігіне**

Бұл арада М. Әуезовтің Қазақ КСР Оқу министрі Әди Шәріповтың тікелей тапсыруы бойынша қазақ әдебиеті оқу программаларына жазған көлденең пікірлерінен тек

Абай мұрасына қатысты жерлері ғана беріліп отыр (ЛММА архиві, № 211-папкі, 40—50-б.).

Көлденең пікір 1951 жылы 26 июньде жазылып, программада айтылған Абай мұрасы жайындағы төрт түрлі мәселеге ерекше көңіл бөлген: 1. Абай мұрасы қазақ әдебиеті программасында бүкіл Россия тарихымен тікелей жалғас туған рухани құбылыс ретінде таныту қажет. 2. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуде кейбір демогогтық әрекеттен көпке дейін Абай мұрасының шығысқа қатысы көп уақытқа дейін айыпталуы себепті, М. Әуезов Абай мұрасының рухани нәр алған кездерін Советтік шығыс классиктері шеңберінде ғана қарауды ұсынуы сол кезеңнің әдеби атмосферасындағы уақытша жағдайға байланысты айтылған еді. 3. Программада Абайдың жастық шағындағы өлеңдері заңды орын алуы керек. Бұл жөнінде осы тұста ақын мұрасының алғашқы кезеңін терістеу сияқты қияс пікірдің орын алғанын да атап өтудің орны бар деп біледі. 4. Өзінің абайтану саласында жазылған басты еңбектерін программа мен оқулықтарда пайдаланудың реті бар деп қараған.

### ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ОҚУ ҚҰРАЛЫ ТУРАЛЫ

М. Әуезовтің қазақ мектептерінің VIII—IX кластарына арналып жазылған Қ. Жұмалиев пен Қ. Бекқожиннің оқулықтарына арналып жазылған сын-пікірі Қазақ ССР Оқу министрлігіне жіберілген. Өйткені оқулықтарды алдын ала әдебиетшілер ортасында талқыға салмай, автор қолынан шыққан қалпында бастыра салуы себепті, көптеген қателер жібергені талданады. Осымен бірге бұл нұсқа сол тұстағы Қазақстандағы әдеби атмосферадағы кикіл-жіңді де аңғартады.

„Қазақ әдебиетінің оқу құралы туралы“ М. Әуезов сын-пікірінің тек Абай мұрасы туралы айтылған жерлері алынды да, басқа жағы қысқартылып берілді.

**Ә. Жиреншиннің „Абай Құнанбаев“ деген кітабы туралы пікір**

Әбіш Жиреншиннің „Абай Құнанбаев“ деген кітабы автордың кандидаттық диссертациясы негізінде 1949 жылы „Абай и его русские друзья“ деген атпен жарияланған еңбегінің біршама толықтырылып қазақшаланған нұсқасы

болатын. Ә. Жиреншиннің 1946 жылы Қазақ университетінің Ғылыми кеңесінде тарих ғылымының кандидаттық ғылыми атағын алу үшін қорғаған диссертациялық еңбегіне де М. Әуезов сын пікір айтқан еді.

Ә. Жиреншиннің „Абай Құнанбаев” деп аталатын еңбегі 1951 жылы жарияланып, сигналный экземпляры шыққанда, баспа орны белгісіз бір себептермен абайтанудың бірегей білгірі М. Әуезовтен көлденең пікір айтуды өтінуі бойынша осы реценция жазылады (ЛММА архиві, № 213-папкі, 13—17-б.).

М. Әуезов бұл кітапты әлі де болса көптен орын алып отырған ғылымдық, тарихтық, немесе фактылардың өңін айналдырып бұрмалай көрсету тәрізді қателіктерден арылып барып шығаруды ұсынады. Сол мақсат тұрғысынан рецензент кітапта орын алған қате пікірлер мен бұрыс көрсетілген деректер көзіне арнайы түрде көптеген сын-ескертпелер айтады. Әсіресе еңбектегі танымдық пікірлерге сын-ескертпелер қаттырақ айтылған. Мысалы, кітаптың 95-беттегі автордың үзілді-кесілді негізсіз пікіріне „95-бетте Абайдың көзқарасы материалистік көзқарас деп кесіп шешу ұшқары”, — деп ескертеді. Немесе автордың Сұлтанмахмұтты Абайдың айқын шәкірттеріне қосуын орынсыз деп табады. Себебі М. Әуезов көптен бері зерттеп келе жатқан Абай ақындығының айналасы деген танымының тұрғысынан Сұлтанмахмұтты т. б. ақындық майданына Абайдан кейін шыққан ақындарды Абайға шәкірт ақын ретінде қарамай, қайта оларды Абайдың ақындық дәстүрін дамытушылар тобына қосатын танымы белгі беріп тұр.

М. Әуезов көбінесе кітап беттеріндегі жеке ұшқары фактілік қателерді теріп көрсетуінің де оқырмандарды адастырмау үшін мәні бар нәрселер. Мысалы, 27 қарасөздегі Аристодим мен Сократ хақимді автордың Сократ пен Аристотель деп жаңсақ көрсетуін ашады. Немесе Ақылбай қалада оқыды, Михаэлис Абай аулында болды, Ізғұттыны Құнанбайдың баласы деп баяндауында фактыларды негізсіз бұрмалап көрсетуін сынға алады.

Ә. Жиреншин кітабы М. Әуезов тарапынан айтылған әділ, сын-ескертпелері түзетілмей сол қалпында жарияланып кетуі себепті, оқырмандар үшін М. Әуезовтің арнайы жазған пікірінің абайтану тарихында ғылыми мәнін әлі де сақтауда.



**Краткий предварительный отзыв о диссертационной работе М. С. Сильченко на тему „Русское литературное влияние в стихах и песнях Абая“**

М. Әуезов доцент М. С. Сильченконың докторлық диссертацияның қолжазбасына алдын ала білдірген бұл пікір 1951 жылы 29 январьда жазылған болатын (ЛММА архиві, № 561-папкі, 10—12-б.). Автордың пайымдауынша, М. С. Сильченко зерттеуінің мәні — Абайдың халық ауыз әдебиетімен творчестволық байланысы және орыс классиктерінің Абай лирикасына еткен ықпалы нақтылы деректі салыстырулар жасауында жатыр. М. Әуезовтің нашія түрінде қолжазбаның әрбір бетінде белгі қойған жазбаша пікірлері де жиі ұшырасады.

М. С. Сильченко М. Әуезов жазған сын пікірлермен қатты санаса отырып қолжазбаны қайта өңдеу арқылы жөндегені 1956 жылы „Творческая биография Абая“ деген атпен жарық көрген монографиясында айқын аңғарылып тұр.

Краткий предварительный отзыв о докторской диссертации М. С. Сильченко на тему „Русское литературное влияние в стихах и песнях Абая“, датированный 29 января 1951 г.

Архив ЛММА, папка № 561, л. 10—12.

**Отзыв о статье тов. Тажибаева Т. Т. на тему „Психологические взгляды Абая Кунанбаева“**

Профессор Төлеген Тәжібаевтің „Абай Құнанбаевтың психологиялық көзқарасы“ деген мақаласының қолжазбасы М. Әуезовтің көлденең пікірінен кейін кемшіліктерінен арылып Қазақ мемлекеттік университетінің ғылыми еңбегінде алғаш рет жарияланды. Тәжібаевтің бұл зерттеуін М. Әуезов абайтанудағы басқа ғылым саласында жаңа таным тұрғысынан қосылған тырнақалды еңбек деп аса жоғары бағалаған М. Әуезов айтқан сын-ескертпелерді автор соңғы жылдарда жүргізген Абайдың психологиялық көзқарасын зерттеу үстінде ескере отырып жазған „Философско-психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева“ деп аталатын ғылыми еңбегін 1954 жылы кітап етіп шығарды.

М. Әуезовтің проф. Т. Тәжібаевтің „Абай Құнанбаевтың психологиялық көзқарасы“ деген қолжазбасына жазылған көлденең пікірін КазГУ-дің профессоры Құбығұл Жарықбаев архивтен тауып, жазушының әдеби музей

үйіне тапсырған нұсқасы негізінде ешқандай өзгеріссіз сол қалпында жіберілді.

Рукопись отзыва хранится в архиве Казахского государственного университета Датирована 1959 г.

**С. М. атындағы (Қазақ) Мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті Есбаев Құлмағамбеттің дипломдық жұмысы туралы пікір.**

Студент Есбаев Құлмағамбеттің „Абай поэзиясының халықтығы“ деп аталатын дипломдық жұмысына М. Әуезов жетекшілік еткен. Дипломдық жұмыстың аяқталуы себепті оны қорғау үшін жетекші өз пікірін жазып (19.04.1956 ж.), бағасын қойып қорғауға даярлаған қолжазбасы жазушы архивінен алынып қаз қалпында басылымға жіберіліп отыр.

**Әрхам Ысқақовтың „Абай өмірі“ деген атпен жазылған қолжазбасы жөнінде пікір.**

Абайдың туысы Ысқақтың баласы Әрхамның „Абай өмірі“ деген қолжазба еңбегінің бір данасы басылымға жіберілетіні себепті М. Әуезовтің төрелігіне пікір айту үшін беріледі. М. Әуезов бұл қолжазбаны оқып, әр бетіне өз ескертулерін жазып, белгі қойып отырған нұсқасы жазушы архивінде сақталып қалған. Бұл қолжазбаға өз қарым-қатынасын ашық білдірген ғалым арнайы түрде 1960 жылы 4 қазанда сын-пікір жазып, бір данасын өзіне қалдырған. Бұл басылымға осы сын-пікірде өзгеріссіз бас-тапқы қалпында жіберіп отырмыз.

## ТЕЗИСТЕР

Мұхтар Әуезовтің „Тезистер“ деп аталатын шашпа пікірі атақты эпопеяны жазудың кезеңінде жазылған десе болғаңдай. Өйткені мұнда автор ұстанған идея, романның композициялық құрылысы, ондағы образдар жүйесі, романның жанры және де ондағы басты ерекшелік — творчестволық психология мәселесі алға қойылған. Осыдан соң „Алдағы план“ деп көрсетіп, оны ары қарай таратқанда романның басты кейіпкері Абай мұрасының аса буыңды тұстары, алдымен еске алынар мәселелер тобы шоғырланады.

Жазушы романды жазу үстінде үнемі тезисте айтылған басты ой тұжырымдарына бағыт-бағдар ретінде сүйеніп отырғаны анық сезіледі. Осы себепті де эпопеяның жазылу тарихымен айналысатындар бұл тезисті аттап өте алмайды, қайта романның жазылу тарихындағы кейбір күрделі мәселелерді тереңірек түсініп, зерттей жазуға бағдар алады.

„Тезистер“ де ЛММА архиві, № 398-папкіде сақталған түпнұсқа негізінде өзгеріссіз түрде беріліп отыр.

Выступление Мухтара Ауэзова на совещании в ЦК КП(б)К (по вопросу о казахской литературе).

М. Әуезовтің 1948 жылы март айында Қазақстан Орталық, Комитетінде өткізілген қазақ әдебиетінің мәселесі жайында болған мәжілісте сөйлеген сөзі (ЛММА архиві, папка № 242, 13—15 бет) „Абай жолы“ эпопеясының жазылу тарихын танып білуде елеулі мәні бар дерек. Өйткені жазушы о баста ұлы ақын туралы романын „Телғара“ (1936 ж) деп атаса, кейіннен жазыла келе оның алғашқы екі кітабын „Абай“ деп атайды. Ал романның үшінші кітабын „Ақын аға“ деген атпен жарияласа, соңыра бұл үшінші кітабын жазып, өңдегенде оны „Абай жолы“ деп өзгертіп атаған.

Міне, осы ұлы эпопеяның о бастағы жоба жоспары бойынша жеті кітаптан тұратындығынан нақтылы хабар береді.

Төрт кітаппен аяқталған „Абай жолы“ эпопеясы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің жарты ғасырлық өмірін қамтыған. Жазушының хабарлауынша, бұл романдар циклі қазақ елінің бір ғасырлық өмірін суреттеуі керек еді. Мүмкін жазушының бітпей қалған „Өскен өркен“ романы қазақ елінің революциядан кейінгі жарты ғасырлық социалистік дәуірін суреттеуге арналған шығар. Өйткені М. Әуезовтің жазушылық тәжірибесінде шығарманы әуелі аяғынан бастап жазатын тәсілі де барлығы жұртшылыққа белгілі ғой.

### Экскурсия в „Ясную поляну“

М. Әуезов 1949 жылы 28—29 майда Л. Н. Толстойдың атамекені „Ясная полянаны“ арнайы барып аралаған. „Абай жолы“ эпопеясында берілетін Долгополовтың образын сомдау үстінде экскурсия үстінде пайда болған ой-толғаныстарын қойын дәптеріне жазып отырған.

М. Әуезовтің „Экскурция в Ясную поляну“ деген шашпа пікірі де ЛММА архиві, № 485-папкі, 13-бетте сақталған түпнұсқа негізінде берілді.

### 1. Оқытушы — 1932 жылдан...

М. Әуезовтің педагогтық жолы мен творчествосы туралы қысқаша мағлұмат беретін деректер қамтылған бұл шашпа пікір де үңіле қараған кісіге көп ой салатын ерекшелігі бар дүние. Мысалы, „Шекспирді оқып шығу“ деген бір сөйлемнің астарында Қазақ ССР ҒА мүше-коор. Ы. Т. Дүйсенбаевтің жазушының өз аузынан есіткен естелігі М. Әуезов өміріндегі аса бір қысыл таян тұстағы творчестволық істен қол үзіп барып, Шекспир шығармаларын толық түрде оқуға оралған жолын білдіретін бимағлұм дерек жатыр. Яғни жазушының Шекспир шығармаларын оқуы 1930—1932 жылдар аралығында жатқанын аңғарамыз.

Немесе „Алуа: а) пьеса „Досым“ — елу жасқа келген адамның өмірі“, — деген деректен М. Әуезовтің өз өмір жолына терең үңіліп барып, творчестволық ой қорыту әрекетінен туған атақты „Дос — Бедел дос“ пьесасының жазылу тарихынан хабар аламыз.

„1. Оқытушы — 1932 жылдан“ деп аталатын қысқаша шашпа пікір ЛММА архиві, № 497-папкі, 27-беттегі түпнұсқа негізінде жіберіліп отыр.

### К беседе („Абай“ романы туралы әңгіме)

М. Әуезовтің „К беседе“ (ЛММА архиві, № 540-папкі, 41—45-б.); „К выступлению о романе“ (ЛММА архиві, № 540-папкі, 68—72-б.); „К лекции об „Абае“ и „Путь Абая“ (ЛММА архиві, № 529-папкі); „Абай докладына“ (ЛММА архиві, № 539, № 51—69-б.) деп аталатын шашпа пікірлер циклі жазушының көп ойланып толғандықтан кейін „Абай жолы“ эпопеясының жазылу тарихы туралы мақала жазуға алдын ала қаншалықты даярлықпен келгендігін байқатады. Жазушыға тән дағдылы машығы — күрделі бір тақырып төңірегінде ойланып ой қорытқанда өзі келген ой тұжырымын қысқа-қысқа тезис іспеттес қалыпта қағазға түсіріп отыратын дағдысы болатын-ды.

1959 жылы жарияланған („Моя работа над романами об Абае“. Вопросы литературы, 1959, № 6, с. 104—154; „Как я работал над романами „Абай“ и „Путь Абая“. В кн.: Абай Құнанбаев. Алматы, 1967, 357—376-б.) және бүкілодақтық радиодан сөйлеген сөзінде өзінің көптен бері даярланып келген „Абай жолы“ эпопеясының жазылу

тарихына орай арнайы түрде жазған өзінің жазушылық лабораториясының сырын ашуға арналған зерттеушілік характердегі мақаласы еді.

Жоғарыда аталған шашпа пікірлер циклінде тезис ретінде жазылған ой-толғаныстарын оқтын-оқтын қағаз бетіне түсіріп, ой сараптап, жұртшылыққа айтпақ ойының негізгі желілері жатыр. Егер осыларды бойлай зерттеп, жан-жақты талдайтын болсақ, „Абай жолы“ эпопеясының жазылу тарихы мен жазушы лабораториясының ғажайып сырларына бойлай еніп, көп құбылыстардың мән-мағынасын танып-білуге жазушының өзі көмекке келерін сезінеміз. Бұлар келешек жас зерттеушілерге іздесе таптырмас даяр тұрған мол деректер көзіне айналары хақ. Осыған мысал ретінде алар болсақ, жазушының „К выступлению о романе“ деген пірінде ұшырасатын „Что учтено из критики?“ деген тезисіне ой жүгіртіп байқайықшы. Бұл тезистің төркінін тереңдеп ашу өз алдына бір мәселе. Ал „Абай“, „Абай жолы“ романдары жөнінде әдеби сында көптеп айтылған сын пікірлерді жазушы қабылдай бермеген, бірақ ақылға қонатын, дәлелді дегендерінен бойын аулақ ұстамаған да. Мысалы, „Знамя“ журналында „Абай жолының“ үшінші, төртінші кітаптарын жариялау үстінде, журнал редколегиясының: „XIX ғасырдың аяғындағы қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуін неғұрлым анығырақ көрсету керек. Сіз қазақ кедейлерінің жергілікті феодалдар тарапынан тағылықпен қаналуын сенімді түрде көрсете алғансыз, бірақ Сіз қазақ халқының патша өкіметі тарапынан отар ретінде қаналуын әлі де жеткілікті көрсете алмағаныңыз айқын...

...Қазақ кедейлерін екі жақты қанау тақырыбы романда мейлінше айқын, ашық көрсетілуі тиіс" (Кітапта: Л. М. Әуезова. М. О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары", Алматы, 1977, 23-б.), — деген сын пікірінен кейін романның „Қақтығыста“ деген тарауын (бұл тарау „Ақын аға“ романында бұрын „Қазада“ деп аталатын) қайтадан жазып, көптеген тарихи деректер негізінде толықтыра түседі. Мұны тіпті соңғы кезде архив сөресінен табылған СССР Жазушылар одағының секретариатында 1952 жылы 15 январьда өткізілген „Знамя“ журналының авторлармен жұмыс істеуі жайлы арнаулы мәжілісінің материалдарынан да көреміз. „Обсуждение работы журнала „Знамя“ (Архив СП СССР, ф. секретариата, оп. 25, ед. хр. 60, л. 16) деп аталатын материалда осы мәжілісте сөйлеген журнал редакторы В. Кожевников:

„...Характерна работа, которую редакция проделала вместе с Ауэзовым, мы два раза его вызывали и длительное время продолжалась работа над его книгой. Вот перечень на четырех страницах той работы, которую проделала редакция над книгой Ауэзова, пришлось поднять огромный исторический материал и изучить его, прочесть классиков, найти в архивах массу исторических материалов о влиянии русских демократов и русской культуры на движение казахского народа. Это была огромная кропотливая работа, мы подготовили весь материал для Ауэзова и сцены потравы, когда приезжают русские переселенцы — мы достали целые кипы материалов из разных учреждений, из архивов, организовали представление о том, как они ехали, как их встречали...”, — деп романның „Қақтығыста“ деген тарауында суреттелген деректердің төркінін ашып беріп отыр.

Жоғарыда аты аталған нақтылы шашпа пікірлердің бәрі де жазушы архивінде сақталған түпнұсқалар негізінде өз қалпында беріліп отыр.

„К беседе“, „К выступлению о романе“, „К лекции об „Абае“ и „Пути Абая“.

Планы к беседам, выступлениям, лекциям о работе, истории создания эпопеи „Путь Абая“.

Архив ЛММА, папка № 540, л. 41—45; папка — 540, л. 68—72; папка — № 529.

## АБАЙ ДОКЛАДЫНА

Мұхтар Әуезов өзінің ұлы туындысы көп томды „Абай жолы“ эпопеясын жазып, бүкіл әлем оқырмандарының ықласына бөленген соң, енді эпопеяның жазылу тарихы мен өзінің жазушылық лабораториясының сырын оқырмандармен бөлісу қажеттігін сезінген.

„Как я работал над романом „Абай“ деген атпен бүкілодақтық радио арқылы сөйлеген сөзі алдын ала осындай зор даярлықтан соң келіп туған еді. Міне, өте жауапты осы сөзіне алдын ала даярлық жүргізгенде өз ойларының басты желісін іздену үстінде тезис түрінде қағазға түсірген болатын-ды. Осындай ғылыми-творчестволық сарыла ізденістен келіп „Абай докладына“ деген өз ой толғаныстарының желісі өте асығыс тезис түрінде тұқылдана жазылып қалған қолтаңбасы жазушы архивінен алынып, оқырмандарға тұңғыш рет ұсынылып

отыр. Өйткені 1988 жылы „Ғылым“ баспасынан басылым көрген „Абайтанудан жарияланбаған материалдар“ деген кітапта осы іспеттес дерек — мағлұматтардың бәрі де берілген болатын-ды. Бірақ редакцияда отырған „қырағы“ редакция меңгерушісінің кесірінен сол кітапта кетіп бара жатқан дерек-мағлұматтардың көпшілігі алынып қалды, ал көпшілігі жұлмаланып шықты. Сол алынып қалған, не жұлмалауға түскен дерек-мағлұматтар енді ғана толықтырылып бастапқы қалпында басылым көріп отыр.

### **Как я работал над романом „Абай“.**

Текст выступления „Как я работал над романом „Абай“ был подготовлен для участия в съёмке кинохроники. Текст был использован впервые в кадрах документального фильма „Мухтар-ага“, созданного на киностудии „Казахфильм“.

### **Абай и его друзья (статья Акермана)**

„Абай жолы“ эпопеясында Абайдың орыс достарының жиынтық көркем образын жасау мақсатында олар туралы жазылған ірілі-ұсақты деректердің бәрін де іздестіріп, жан-жақты зерттеген. Осы мақсат тұрғысының Акерманның „Абай и его друзья“ деген қолжазбасына шейін қалдырмай қарап, ондағы Михаэлис, Гросс, Леонтьев туралы ұшырасатын деректерді де жинастырып назарда тұтқан.

„Абай и его друзья“ деп аталатын М. Әуезовтің шашпа пікірлері мен деректері де ЛММА архиві, № 539-папкі, 86—87-беттегі қолжазба нұсқаның негізінде жіберілді.

### **МИХАЭЛИС**

Зерттеуші ғалым ретінде М. Әуезов Абайдың орыс достары жайлы деректерді тіпті ұсақ мағлұматтарға дейін жинастырып, оларды қағаз бетіне түсіріп отырудан жалықпаған.

„Михаэлис“ деп аталатын өзі жиган қолжазбасында Абаймен қарым-қатынаста болған Михаэлис жөнінде нақтылы дерек беретін Шелгунов, Пантелеев пікірлерін және де жас кезінде студент Михаэлис жазды делінетін „К молодому поколению“ деп аталатын үндеуден үзінділер де жазып алған.

Долгополов, Гросс, Леонтьев, Коншин жөніндегі қысқаша мағлұматтарды да жинастырған.

Бұл айтылған деректер көзі „Михаэлис“ деп аталатын тақырыппен ЛММА архиві, № 539 папкідегі қолжазба нұсқаның негізінде жіберілді.

### **Мать Михаэлиса**

„Абай жолының“ үшінші кітабын жазу алдында ұлы ақын мұрасының рухани нәр алған өнікті көздерінің бірі — орыс мәдениеті мен оның озық ойлы алдыңғы саптағы интеллектуалды өкілдеріне ерекше назар аударып, олар жөнінде көптен бері жинастырып бір ізге түсіріп жүйелеуге төтенше мән береді.

„Мать Михаэлиса“ деп аталатын шашпа пікірінде қолда бар дерек-мағлұматтарды саралап, аса көңіл бөлер тұстарына „NB“ белгісін қойып отырған. Мысалға алар болсақ, 7—8 қатардағы тақырыпты бөле қарап белгілеуі осы ерекшелікті көрсетеді. Мұхтар Әуезов, әсіресе Михайлов тарихына, Болодарскийдің Серго Соловьевич туралы айтылған пікіріне ден қояды. Өйткені Михаэлистің прототипі Михайловтың жиынтық образын сомдау үшін, жазушының нақтылы тарихи мағлұматтар мен архив деректерін түгел сүзіп, ізденудің қай дәрежеде болғандығын аңғартады.

„Мать Михаэлиса“ да эпопеяның жазылу тарихы мен жазушы лабораториясын танып білуде зерттеуші атаулыға аса құнды деректер көзін беріп, алға жетелейді.

М. Әуезовтің „Мать Михаэлиса“ деген қолжазбасы да ЛММА архиві, № 395-папкіде 7—8 беттегі сақталған нұсқасы негізінде берілді.

### **Вольтер „Философские письма“**

М. Әуезов „Абай жолы“ эпопеясын жазу алдында және де оны жазу үстінде ұлы ақын мұрасының нәр алған рухани көздері жайында көп ізденген. Абай дүниетанымындағы кейбір құбылыстардың сырын танып білу мақсатымен батыс, шығыс ой алыптарының еңбегіне үңілген. Жазушының творчестволық ізденістерінің бір көрінісі ретінде Вольтер, Герцен еңбектерін қайтара сүзіп оқығанда Абай танымына үндесетін тұстарына шұқшия қарап, оларды ой таразысынан өткізе отырып белгі қойған тұстары бар.

„Абай докладына“ деген шашпа пікірінде (ЛММА архиві, № 563 папкі, 40—50 бет); „Вольтер-основной теоретический аргумент о сущности... (о причинной связи)“,—



деп жазуынан М. Әуезовтің „Абай жолы“ эпопеясының жазылу тарихын баяндауға алдын ала даярлық жүргізгенде өз пікіріне сүйеніш еткен қалпын көреміз.

Вольтер „философские письма“ деген тақырыптағы М. Әуезов пікірі де ЛММА архиві, № 563-папкі, 40—50 бетте сақталған түпнұсқа негізінде жіберілді.

## ПОЛИБИНА

Н. А. Полибина 1951 жылы „Абай и Лермонтов“ деген тақырыпта Алматыда кандидаттық диссертация қорғаған болатын-ды. Абайтану саласында жазылған еңбектер мен мақалаларға жете көңіл бөлетін М. Әуезов сол диссертацияның қолжазбасын алып, бастан аяқ зейін қоя оқып шығып, өз ой-пікірлерін қағазға түсіреді.

Еңбектің табысы мен кемшіл жағын әділ таразылай отырып, диссертанттың мүлт кеткен тұстарын да көрсетіп еңбектің әрбір бетіне жеке тоқталып (56 рет) пікір білдіруі — үлкен ғалымның жұмыс стилін аңдатады. Абайтану саласындағы жас талап іздеушіге ғалымның ғылыми-творчестволық лабораториясына еніп, көп сыр ұғынуына, мол тәлім-тәрбие алуына да көмектеседі.

Полибина диссертациясын оқу үстінде қағаз бетіне түсірілген ғалым ойлары басылым үшін жазылмаған, сол еңбекті танып біліп қою үшін тезис түрінде қағаз бетіне түсірілген. Осы тезистерді сол қалпында өзгеріссіз беріп отырмыз.

### Как я работал над романом „Абай“

„Абай“ романы орыс тіліне аударылып, жарық көрісімен-ақ бүкіл Совет елінің түпкір-түпкірінен Мұхтар Әуезовке, оның жазушылық өнеріне риза болған сезімге толы хаттар легі ағытыла бастады. Ол хаттардың негізгі мазмұны: жазушының романды қалай жазғаны, тарихи деректер көзі қандай жолдармен жинастырылғаны, романның прототиптері, романдағы халық даналығы т. б. сұрастырылып жатты. Хаттарда қойылған әр қилы сұраулардың, қызықты пікірлердің желісі ойына қозғау салған жазушы өзі жазған ұлы эпопеяның жазылу, тарихынан оқырмандарымен іштей сырласуға кіріседі. Олармен сырласа отырып, романның жазылу тарихынан сыр шертіп, жазушылық лабораториясының да табиғатын аша түсуге

ұзақ уақыттар бойы даярланғанын жазушының архивінде сақталған шашпа пікірлерінен ("Абай" романы туралы әңгіме, "К выступлению о романе", "К лекции об "Абае", "и "Путь Абая", "Абай доклады") көреміз.

Осы іспеттес ұзақ толғанып, жан-жақты даярланып ой қорытудан кейін жазушы "Как я работал над романом "Абай" деген белгілі мақаласын жазуға кіріседі. Мұның көпшілік тыңдаушыларға арналған алғашқы қысқаша нұсқасын Москвадан радио арқылы өзі оқиды.

Радио арқылы Москвадан сөйлеген М. Әуезовтің сөзін тыңдаған қарапайым жұмысшы әйел Раиса Хахлова өзінің жан тебіренісін хат арқылы баяндай келіп: "...Радиодан Сіздің сөзіңізді екі рет тыңдадым. Меніңше, Сіз байдың баласысыз. Сіз Москвадан сөйлегенде бойымда болған жан тебіренісімді қағазға түсіру арқылы жеткізе алмаймын. Менің көз алдымда Абай тағы да қайталанбас талантымен ұлы да нәзік жаңды қалпымен тұрып алды...

...Мен дәл Сізге маған ақылды, талантты қазақ халқын сүюге үйреткеніңіз үшін, орыстың қастерлеп айтатын зор рахметін жолдаймын. Сіз жазған және де келешек жазылатын шығармалардың бәрі де түгелдей орыс тіліне басылуын шын жүректен тілер едім", — деп жазуында үлкен мән мағына жатыр.

"Как я работал над романом "Абай" деп аталатын М. Әуезовтің Москвадан радио арқылы сөйлеген сөзі жазушы архивінде сақталған нұсқасы негізінде (ЛММА архиві, № 564, 598-папкі, 29—30 бет) қаз қалпында басылып отыр.

### **Открытое письмо в редакцию "Литературной газеты"**

1953 жылы "Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы" журналының төртінші санындағы Сәбит Нұрышовтың қараборандатқан "До конца искоренить буржуазно-националистические извращения в изучении творчества Абая" деген басмақала жарияланған болатын.

Басмақалада М. Әуезовтің Абайдың әдеби мұрасы жайында жазылған ғылыми зерттеулері біржақты қиястықпен терістелуі — әрине, сол тұстағы әдеби ортадағы ауа жайылушылықтың кең өріс алуына орай туындаған құбылыс екендігі жұртшылыққа мәлім нәрсе. Осы жалалы да зиянды мақаланың дауынан өзін ақтап қорғау үшін Мұқаң "Литературная газетаға" ашық хат жазып, қоғамдық пікірдің ара түсуіне мұқтаж болған.

1953 жылы 18 майда „Литературная газетаға“ жазылған ашық хаты көп ұзамай 1953 жылы 2 июньде СССР Жазушылар одағының Секретариатында арнайы қаралады. Секретариат мәжілісінде М. Әуезов хаты бойынша тағайындалған комиссия мүшелері: К. Симонов, Н. Тихонов, В. Кожевниковтердің ұсынысы тыңдалып, арнайы қаулы алады. Осы қаулының мазмұны оқырмандарға түсінікті болу үшін, музейдің ғылыми қызметкері Ерлан Тәжібаев тауып әкелген архив сөресінде сақталған мәжіліс стенограммасынан үзінді келтіре кетейік:

„Стенограмма заседания Секретариата Правления. г. Москва, 2 июня 1953 г.

Председатель — Симонов К. М. Слушали: 1. О заявлении т. Ауэзова.

Симонов К. М. По поручению Секретариата, комиссия в составе Тихонова, Кожевникова и меня ознакомилась со всем материалом по письму т. Ауэзова, разговаривала с Ауэзовым, привлекла к этому делу т. Джаймурзина и пришла к тому предложению, которое мы единодушно выносили на Секретариат (читает предложение).

т. Ауэзов: Ваше решение самое взыскательное, мудрое и справедливое, и я его принимаю. Эта беспринципная группировка, так признано партийной организацией. Мы оба ответственные и достаточно сознательные люди. Надо, чтобы и Муканову эта была товарищески внушительно сказано.

Симонов К. М.— Мы можем вызвать т. Муканова и поговорить с ним.

Постановили:

1. Поручить „Литературной газете“ напечатать статью о неправильном выступлении С. Нурушева в „Вестнике Академии наук Казахской ССР“, № 4, за 1953 г. в которой автор вместо деловой критики писателя М. Ауэзова о творчестве Абая, предпринял попытку политической дискриминации М. Ауэзова, как советского писателя.

2. Рекомендовать т. Ауэзову и Муканову выступить в республиканской печати с совместным письмом, до конца раскрыв в этом письме вредное значение для развития казахской литературы и для их собственного творчества сложившихся между ними нездоровых, непринципиальных отношений, ведущих и групповщине (Архив СП СССР ф. секретариата, оп. 26, ед. хр. 22, л.:— 2).

Мұхтар Әуезовтің „Литературная газетаға“ жазған ашық хатының тексі СССР Жазушылар одағының архивінде сақталған нұсқасы негізінде (Архив СП СССР, ф. секретариат, оп. 26, ед. хр. 21, л. 66—67) біршама қысқартулар арқылы жіберілді.

Публикуется отрывок, касающийся проблемы абаеведения.

Из открытого письма в „Литературную газету“, 1953 г. Архив ЛММА, папка № 570.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
----------------	---

### I. Абай өмірбаяны

1. Абайдың өмірбаяны .....	10
2. Абай Құнанбаев (1845—1904) .....	12
3. (Құнанбаев Абай (Ибрагим)) .....	14
4. Вставка к стр. 13—14 .....	19
5. Абайдың өмірі .....	20
6. Медетбайдың Қияспайға айтқаны .....	27

### II. Абай шығармаларының текстологиясы

1. Абайдың тұңғыш толық жинағы .....	28
2. Тұрысбек (1882 жылы туған) .....	42
3. Қартайсаң қайғы ойлайсын, ұйқың сергек .....	—
4. Соображения по поводу подготовки к 100-летнему юбилею Абая Құнанбаева .....	43
5. Қазақтың көркем әдебиет баспасының бас редакторы жолдас Ғ. Ормановқа .....	47
6. Абайдың басылымдары жайында .....	48
7. Абай сөзі дейді .....	54
8. „Онегин“ .....	—
9. Поэзия .....	56
10. Замечание к анализу .....	57
11. Түйе қуған қатын (Шәріпке) .....	—

### III. Абай мұрасының рухани көздері

1. Поэтическое окружение Абая .....	59
2. Дорогой Алексей Максимович .....	72
3. Абай — казахский классик .....	73
4. Абай .....	80
5. Кем был Абай? .....	81

6. Великий поэт-просветитель Абай Кунанбаев . . . . .	84
7. План биографического тезиса о гениальном казахском поэте-основоположнике казахской письменной литературы Абае Кунанбаеве . . . . .	87
8. Отдел изучения творчества Абая . . . . .	90
9. Абай Кунанбаев (1845—1904) . . . . .	—

#### IV. Абайдың ақындық дәстүрі

1. Тезисы доклада на тему „О поэтической школе Абая“	98
2. Литература XIX века . . . . .	100
3. Выступление . . . . .	101
4. Теоретический уровень писателей . . . . .	103
5. Қазақ әдебиетінің тарихы . . . . .	104
6. Көкбай Жанатайұлы (1861—1927) . . . . .	106
7. Абай мектебінің ақындары . . . . .	107
8. Көкбайдың ақындығы . . . . .	109
9. Стихи Кокбая . . . . .	118
10. Из выступления на общегородском собрании интеллигенции 27 апреля 1951 г. . . . .	119
11. Достижение и недостатки в изучении наследия Абая	120
12. Замечания к статье газеты „Казахстанская правда“ от 2 июня 1953 г. под заголовком „По поводу романа М. Ауэзова „Абай““ . . . . .	132
13. Мои объяснения к статье Нурушева . . . . .	139

#### V. Абайтанудың арнаулы курсы

1. Заманы — Горький — Абай өлеңдері . . . . .	143
2. Деректер (лекцияға кіріспеге) . . . . .	—
3. К вводной лекции по спецкурсу „Абай“ . . . . .	144
4. Абайтану (лекция) . . . . .	146
5. Абайтанудың арнаулы курсы . . . . .	187
6. 2-лекция. Абайдың басылымдары . . . . .	215
7. Абай жөніндегі тақырыштар . . . . .	216
8. Абайды тану жөніндегі зерттеушілік мәселелер . . . . .	217
9. 35 сөз . . . . .	218
10. „Абайды тану“ атты арнаулы курстың С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің әдебиет факультетіне лайықталған программасы (8 февраль 1951 ж.) . . . . .	219
11. Программа „Абайтану“ атты арнаулы курстың С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің әдебиет факультетіне лайықталған программасы . . . . .	222

12. Програма спецкурса по абаеведению . . . . .	225
13. Абай Кунанбаев (1845—1904). Мазмұны . . . . .	226
14. Абайтану . . . . .	—
15. Тақырыптар . . . . .	—
16. Абай шығармалары жөніндегі авторефераттар тақырыбы . . . . .	227
17. Спецсеминар 12.07./19/52 . . . . .	—
18. Спецсеминар 14.07./19/52 . . . . .	228
19. Спецсеминар . . . . .	—
20. IV курс . . . . .	229

## VI. Баяндамалар, сөздер, пікірлер

1. Абайдың өмірі мен еңбегі . . . . .	231
2. Доклад на тему „Жизнь и творчество Абая“ . . . . .	250
3. Выписка из стенограммы выступления М. О. Ауэзова на заседании ученого Совета Казахского Государственного университета С. М. Кирова . . . . .	271
4. К лекции „Абай — великий казахский поэт“ . . . . .	274
5. Стенограмма лекции „Абай Кунанбаев — казахский поэт“ . . . . .	279
6. Выступление Ауэзова Мухтара . . . . .	297
7. Выступление в Колонном зале дома Союзов 24 сентября 1954 г. . . . .	298
8. О значении русского языка . . . . .	300
9. Халықтың қадырман ұлы . . . . .	301
10. Выступление на открытии памятника Абаю Кунан- баеву 12 ноября 1960 г. . . . .	303

## VII. Абайтану жайлы еңбектерге пікірлер

1. Сәбит Мұқанов „Абай Құнанбаев“ атты монографиясы туралы . . . . .	306
2. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Агита- ция - Пропаганда бөліміне, Қазақ КСР Ғылым акаде- миясының Президиумына . . . . .	317
3. Қазақ КСР Оқу Министрлігіне С. М. Киров атын- дағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының бастығына (мәлімет үшін) . . . . .	321
4. Қазақ әдебиетінің оқу құралы туралы . . . . .	—
5. Ә. Жиреншиннің „Абай Құнанбаев“ деген кітабы туралы пікір . . . . .	325
6. Краткий предварительный отзыв о диссертационной работе М. С. Сильченко на тему „Русское литератур- ное влияние в стихах и песнях „Абая“ . . . . .	329

7. ОтзЫв о статье тов. Т. Т. Тажибаева на тему „Психологические взгляды Абая Кунанбаева“ . . . . .	331
8. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің студенті Есбаев Құлмағамбеттің дипломдық жұмысы туралы пікір . . . . .	332
9. Әрхам Ысқақовтың „Абай өмірі“ деген атпен жазылған қолжазбасы жөнінде пікір . . . . .	333

### **VIII. „Абай жолы“ эпопеясының жазылу тарихынан**

1. Тезистер . . . . .	338
2. Выступление Мухтара Ауэзова . . . . .	339
3. Экскурсия в „Ясную поляну“ . . . . .	340
4 Оқытушы — 1932 ж. . . . .	341
5. К беседе (О романе „Абай“) . . . . .	—
6. К выступлению о романе . . . . .	343
7 К лекции об „Абае“ и „Пути Абая“ . . . . .	344
8. Абай докладына . . . . .	348
9. Абай и его друзья (Статья Акермана) . . . . .	353
10. Михаэлис . . . . .	—
11. Мать Михаэлиса . . . . .	357
12. Вольтер „Философские письма“ . . . . .	359
13. Полибина . . . . .	360
14. Как я работал над романом „Абай“ . . . . .	365
15. Открытое письмо в редакцию „Литературной газеты“ . . . . .	367

### **IX. Түсініктемелер. Комментарий**

**Абайдың өмірбаяны**



Учебное пособие

**АУЭЗОВ Мухтар**

## **АБАЕВЕДЕНИЕ**

*(на казахском и русском языках)*

Редакторы *М. Әкімханов, Д. Шуканова*

Көркемдеуші редакторы *Б. Ақанаев*

Техникалық редакторлары *Ф. Овчишникова, Ф. Илизова*

ИБ № 323

Теруге 12.03.97 жіберілді. Басуға қол қойылды 14.07.97. Пішімі 84×1081/32. Офсеттік басылыс. Баспаханалық № 1 қағаз. „Балтика“ гарнитурасы. Шартты баспа табағы 23,52. Есепті баспа табағы 24,78. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 344. Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі „Санат“ мемлекеттік баспасы. 480012, Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі 65 „А“.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Республикалық „Кітап“ өндірістік бірлестігі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

## **„САНАТ“ МЕМЛЕКЕТТІК БАСПАСЫ**

Республикадағы жоғары және орта арнаулы оқу орындары үшін қазақша, орысша, сондай-ақ әлем халықтарының тілдерінде оқулықтар, оқу құралдарын, әдістемелік, анықтамалық және танымдық әдебиеттер шығарады.

Баспа құрылған жылдан бері 300-ден астам кітап басып шығарды. „Санат“ баспасы жанынан „Оқулық“ кітап дүкені жұмыс істейді.

Мекен-жайымыз: Алматы қаласы, 480012, А. Байтұрсынұлы көшесі, 65 „А“ (Қабанбай батыр көшесімен қиылысы).

Телефондарымыз: 67-64-96, 67-20-27

## **ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО „САНАТ“**

„САНАТ“ является одним из ведущих специализированных издательств, выпускающих учебную, научную, учебно-методическую и другую специальную литературу для учебных заведений и учреждений образования Республики Казахстан.

За шесть лет своего существования издательство выпустило в свет более 300 названий учебной литературы: учебники, учебные пособия, справочники на 6 языках мира по 27 отраслям знаний.

Книги, выпущенные издательством „Санат“, разнообразны по жанру и тематике. За это время издательство приобрело популярность и нашло своих читателей — тех, в ком живет вкус к отличным знаниям во всех сферах деятельности и вкус к настоящей литературе.

При издательстве работает книжный магазин „Оқулық“. Наш адрес: г. Алматы, 480012, ул. А. Байтурсынулы, 65 „А“ (угол ул. Кабанбай батыра).

Телефоны: 67-64-96, 67-20-27

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢ!

„Санат“ баспасынан 1997 жылы М. Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына арналған мынадай кітаптар жарық көреді:

1. М. Әуезов. Әдебиет туралы. О литературе. Қазақ және орыс тілдерінде. Көлемі 20 б. т.

2. М. Әуезов. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. (Абайдың ғұмырнамасы). Көлемі 25 б. т. Құрастырған М. Мырзахметов.

3. М. Әуезов. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. Көлемі 30 б. т. Құрастырған М. Мырзахметов, Л. Әуезова.

4. М. Әуезов. Қилы заман. Роман. Француз тілінде. Аударған Ф. Мұқанов. Көлемі 15 б. т.

5. Әуезовтің беймәлім хаттары. Орыс тілінде. Көлемі 20 б. т.

6. Қабдолов З. Әуезов. Роман-эссе, әдеби зерттеу. Көлемі 25 б. т.

7. Р. Нұрғали. Әуезов және Алаш. Көлемі 25 б. т.

8. Л. Әуезова. Қазақстан тарихы М. Әуезов шығармашылығында. Орыс тілінде. Көлемі 20 б. т.

9. З. Ахметов. М. Әуезовтің роман-эпопеясы. Орыс тілінде. Көлемі 20 б. т.

## ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

К юбилею, посвященному 100-летию М. Ауэзова, Государственное издательство „Санат“ выпускает следующие книги:

1. М. Ауэзов. О литературе. На русском и казахском языках. Объем 20 п. л.

2. М. Ауэзов. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Составитель М. Мырзахметов. Объем 25 п. л.

3. М. Ауэзов. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. Составители М. Мырзахметов., Л. Ауэзова. Объем 30 п. л.

4. М. Ауэзов. Лихая година. Роман. На французском языке. (Перевод Г. Муканова). Объем 15 п. л.

5. Личные письма М. Ауэзова. На русском языке. Объем 20 п. л.

6. З. Кабдолов. Ауэзов. Роман-эссе. Объем 25 п. л.

7. Р. Нургали. Ауэзов и Алаш. Объем 25 п. л.

8. Л. Ауэзова. История Казахстана в творчестве М. Ауэзова. На русском языке. Объем 20 п. л.

9. З. Ахметов. Роман-эссе М. Ауэзова. На русском языке. Объем 20 п. л.